

81.632.4

Б 83

Әсет Болғанбайұлы  
Ғабдолла Қалиұлы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ  
ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ  
МЕН  
ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ



*Әсет Батағбайұлы  
Ғабдәлі Қалиұлы*

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ МЕН ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ

Жоғары оқу орындары филология  
факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы



АЛМАТЫ «САНАТ» 1997

ББК 81.2 Қаз я73  
Б 73

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ  
АКПАРАТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ  
МИНИСТРЛІГІ

Болғанбайұлы Ә., Калиұлы Ғ.  
Б 73 Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеоло-  
гиясы. Оқу құраты. — Алматы, «Санат», 1997 — 256 бет.  
ISBN 5 — 7090 — 0205 — 4

Оқу құралында қазақ тілінің сөздік құрамы мен фразеологиясы туралы  
лексика-семантикалық, функционалды-стилистикалық тұрғыда теория-  
лық мәліметтер берілген. Сонымен бірге кітапта қазақ тілінің даму  
кезеңдері мен зерттелу тарихы шолу түрінде баяндалады.

Кітап жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттері  
мен аспиранттарына, оқытушыларына арналады.

Б  $\frac{4602020400-011}{416(05) - 96}$  2-97

ISBN 5 — 7090 — 0205 — 4

ББК 81.2 Қаз я73

© Болғанбайұлы Әсет,  
Калиұлы Табдолла, 1997

---

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарында оқылатын «Қазіргі қазақ тілі» курсының лексикология бөлімі туралы ағдарламасына сәйкес жазылған, ол үш бөлімнен тұрады: кіріспе, лексика және фразеология.

«Қазіргі қазақ тілі» курсының бұрын-соңды бағдарламаларының «Кіріспе» бөлімінде курстың мақсат-міндеттерімен қатар, қазақ тілінің тарихы және оның зерттелуі жөнінде мәліметтер берілуі талап етілетін және қалыптасқан дәстүр бойынша ол лексикология бөлімінің алдында оқытылуы тиіс болатын. Бірақ бұрын шыққан оқу құралдарында студенттерге аса қажет бұл мәселелер туралы еш нәрсе айтылмайтын. Бұл кітапта авторлар осы олқылықтың орнын толтыруға назар аударды.

Қазақ тілінің тарихына байланысты теориялық материалдарға түркітану мен қазақ тілі біліміндегі зерттеулер негізінде шолу жасалды. Онда қамтылған мәселелердің бір тобы қазақ тілінің шығу тегі мен типологиялық белгілері, басқа түркі тілдерінен ерекшеліктері жайынан, енді бір тобы қазақтың халық тілі мен ұлт тілінің пайда болуы, әдеби тілі, оның нормалық белгілері, ауызекі сөйлеу тілі мен жергілікті диалектілерге (говорларға) қатынасы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі сияқты мәселелерден мәлімет береді. Бұл айтылғандардың бірқатары арнайы курстарда өтілетіні ескеріліп, мұнда тек шолу түрінде қарастырылды. «Кіріспенің» соңында қазақ тілі білімінің зерттелуі, ондағы негізгі кезеңдер сөз болады.

Оқу құралы негізінен «Қазіргі қазақ тілі» курсының басты саласының бірі — лексикология мәселелерін талдауға арналған, ол «Лексика» және «Фразеология» деп аталатын екі бөлімнен тұрады.

«Лексика» бөлімі үш тарауға бөлініп берілді. Бірінші тарау қазақ тілінің қазіргі лексикалық жүйесінің семасиологиялық сипатына арналған, онда сөз және ұғым, мағына, оның түрлері, сөз мағынасының даму жолдары, сөздің мағыналық өзгерістері сипатталады. Екінші тарауда қазақ тілінің лексика-семантика-

лық жүйесінің қалыптасуындағы негізгі тарихи арналары, жалпы түркілік лексика мен қазақтың төл лексикасы, сөздік құрамының толығу жолдары, онда кірме сөздердің алатын орны мен мәні баяндалады. Үшінші тарауда сөздердің тілде қолданылу сипатынан туатын ерекшеліктері, стильдік түрлері, экспрессивті-стилистикалық сипаты, сөздердің жиі қолданылатын (актив) немесе қолданысқа көп түспейтін (пассив) топтары туралы айтылады.

«Фразеология» бөлімінде фразеологизмдердің өзіндік сипаты, сөзбен, еркін тіркеспен байланысы, олардың шығу тегі, түрлері және құрылымдық, семантика-грамматикалық, стилистикалық сипаты қарастырылады. Сонымен бірге фразеологизмдік мағынаның сөз мағынасынан ерекшелігіне түсінік беріледі.

Қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесі туралы теориялық мәліметтер халық тілінен, әдеби тілден алынған мысалдар негізінде нақты талданады.

Кітапта қазақ тілінің лексикографиясы, негізгі тілдік сөздіктер жөнінде де мәліметтер бар. Кітаптың соңында көрнекті сөз шеберлері мен ғалымдардың ана тілі, оның қасиеті туралы айтқан пікірлері, қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаған Абай жайында айтқандары үзінді түрінде ұсынылып отыр.

### § 1. «Қазіргі қазақ тілі» курсының салалары және мақсаты мен міндеттері

«Қазіргі қазақ тілі» курсы — жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиетінен маман даярлайтын факультеттерінде оқылатын ғылыми-теориялық пән. Бұл пән қазақ тілінің шығу тегі, атқаратын қызметі, зерттелу дәрежесі жайында кіріспе бөлімнен басқа оның сөздік құрамы мен фразеологиясын зерттейтін лексика, дыбыс жүйесін зерттейтін фонетика, грамматикалық құрылысын зерттейтін морфология мен синтаксис бөлімдерінен құралады.

«Қазіргі қазақ тілі» курсының ең негізгі мақсаты — қазақ тіл білімінің осы күнгі қол жеткен табыстары негізінде тыңдаушыларға жоғарыда айтылған бөлімдер бойынша жүйелі теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтап, толықтырып бекітіп отыру. Бұл мақсаттың жүзеге асырылуында «Қазіргі қазақ тілі» курсынан бұрын өтілген «Тіл біліміне кіріспе», «Қазақ тілінің норматив курсы» пәндері бірқатар жеңілдік келтіреді. Біріншісі тыңдаушыларды тіл білімінің жалпы теориялық мәселелерімен алғаш рет таныстырып, тілдің өзіндік белгілері мен қасиеттері жайында мәлімет берсе, екіншісі тыңдаушылардың қазақ тілінен орта мектеп бағдарламасына сай алған білімдерін естеріне түсіріп, пысықтап, жетілдіріп отырады. Сөйтіп, бұл екі пән студенттерді ғылыми-теориялық «Қазіргі қазақ тілі» курсынан тыңдауға алдын ала даярлайды.

«Қазіргі қазақ тілі» жоғары оқу орындарында қазақ тілінен маман даярлаудағы негізгі курс болғандықтан, оның оқытылуында лектор әрқашанда ескеріп отыратын жәйттер бар.

Біріншіден, курс «Қазіргі қазақ тілі» деп аталғанымен, онда жалпы қазақ тілінің, яғни оның барлық тармақтарының құрылысы өтілуге тиіс емес. Бұл курс қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілердің, болмаса ауызекі сөйлеу тілінің құрылысы негізінде емес, жалпыхалықтық, біртұтас ұлттық сипаты бар

қазіргі қазақ әдеби тілінің құрылысы негізінде оқытылуы тиіс. Демек, бұл курсты жалпы қазақ тілінің емес, қазақтың осы күнгі ұлттық әдеби тілінің құрылысын зерттеп үйрететін курс деп тануға тура келеді.

Мәселен, қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы мен синтаксисі дегеніміз шын мәнісінде осы күнгі әдеби тіліміздің фонетикасы, морфологиясы мен синтаксисі болып табылады<sup>1</sup>.

Бұл арада тек «Қазіргі қазақ тілі» курсының бір саласы лексикологияның жайы басқашарак. Оның негізгі қарастыратыны осы күнгі әдеби тіл лексикасы болғанымен, өзгеріске неғұрлым бейім тұратын сала болғандықтан, жалпы халық тілі құрамындағы басқа лексикалық топтарды да белгілі дәрежеде қамтып отырады. Бұл айтылғандар тек қазақ тіліндегі жағдай емес, басқа тіл білімдерінің де көбінде осылай.

Қазақ әдеби тілінің дыбыстық құрылысы, сөздік құрамы, грамматикасы «Қазіргі қазақ тілі» курсына толық баяндалғандықтан, бұл мәселелер «Қазақ әдеби тілінің тарихы» курсына қайталанбайды, онда тек жалпыхалықтық тілдің әдеби тіл дәрежесіне көтерілу, оның тілдік, стильдік нормаларының қалыптасу тарихы, ондағы елеулі кезеңдер тұрғысынан сөз болады. Тілдік фактілер жаппай емес, соған лайық сұрыпталып талданады.

Екіншіден, қазіргі қазақ тілінің мәселелері баяндалғанда, олардың тек қазіргі жайы сөз болып қоймай, қажетті жерінде тарихи даму сипаты жайында мәлімет беріліп отырғаны жөн. Мұндай мәліметтер әрқашан тіліміздің өзінен табыла бермеуі мүмкін, сондықтан оларды басқа туыс түркі тілдерінен, тарихи жазба мұралардан іздестіруге тура келеді.

Үшіншіден, «Қазіргі қазақ тілі» курсының қалыптасуында ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы орыс түркітанушыларынан кейін қазақ тіл мамандарының бірнеше буыны еңбек етті. Демек, бұл курсты тұтас алғанда үлкен ұжымдық зерттеу жұмысының, ұзақ уақыт бойы бір-бірімен жалғасып отырған тіл туралы шығармашылық ой-пікірдің нәтижесі деп қарауға болады. Тіл категориялары туралы курста берілген ілім, теориялық тұжырымдар нақты зерттеулердің негізінде туғанын еске алсақ, олардың зерттелу жайы сөз болғанда, зерттеген ғалымдар, олардың еңбектері нақты көрсетіліп отырғаны жөн. Тілдік катего-

---

<sup>1</sup> Кейбір тілдердің осындай ғылыми курстарының әдеби тілге негізделгені олардың аталуынан-ақ байқалады. ср. А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М. -Л., 1960.

риялардың зерттелу дәрежесі біркелкі бола бермейді. Сондықтан белгілі бір категориялардың зерттелуіндегі әлі толық ашылмаған, теориялық пысықтауы пісіп жетілмеген жәйттерге тыңдаушылардың назарын аударып отыру қажет. Сөйтіп, курс тыңдаушыларға қазіргі қазақ тілі туралы ғылыми-теориялық білім беруді мақсат ете отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты тыңдаушыларды ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыруды өзінің міндеті деп санайды.

## **§ 2. Қазақ тілінің шыққан тегі мен даму кезеңдеріне, типологиялық белгілеріне қысқаша шолу**

Қазақ тілі шығу тегі және құрылымы жағынан түркі тілдері семьясына жатады, ол тілдерде сөйлейтін халықтар Дунайға дейінгі Еуразия далаларын, Орталық, Орта Азия, Сібір, Кавказ, Кіші Азия жерлерін мекен еткен. Басқа тілдер семьясымен салыстырғанда түркі тілдері грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамы жағынан бір-біріне өте жақын. Тілдерінде ортақ белгілер көп кездесетіндіктен, бірқатар түркі халықтарының өкілдері (қазақ, өзбек, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр, азербайжан т. б.) бір-бірімен түсінісе алады.

Түркі тілдерінің ішінде өзінің лексикалық, дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктерімен неғұрлым окшау тұратындары чуваш пен саха (якут) тілдері.

Түркі тілдерінің жақындығын оларға тән мынадай жалпы типологиялық белгілерден көруге болады:

— фонетика саласында: тілдің және еріннің қатысына қарай дауысты дыбыстарға езу үндестігі және ерін үндестігі, ал дауыссыз дыбыстарға олардың өзара үйлесіп отыруына байланысты ықпал үндестігі тән екендігі;

— морфология саласында: сөзжасам мен сөз түрлендіру тұлғалары сөздің түбірі мен негізіне қосымшалардың жалғануы арқылы жасалатыны, сол себепті түркі тілдері жалғамалы тілдер деп аталатыны, грамматикалық род категориясының болмайтыны, тәуелдеу категориясының арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатыны, предлогтардың қызметін септеулік шылаулар атқаратыны т. б.;

— синтаксис саласында: сөз тіркесі мен сөйлемде сөздердің өзіндік орын тәртібі қалыптасқаны, ол тәртіп бойынша анықтауыш анықтайтын сөзінің, толықтауыш толықтайтын сөзінің алдында орналасатыны, анықтауыш пен анықталушы сөздердің тұлға жағынан өзара қиыспайтыны; сабақтас құрмалас сөйлем-

дердің бағынышты сынарларының негізінен есімшелік, көсемшелік оралымдармен беріліп отыратыны т. б.

Жоғарыда айтылған типологиялық белгілер түркі тілдері кіретін Алтай семьясындағы тілдердің (монғол, тұңғыс-маньчжур) бәріне тән.

Жалпы типологиялық белгілермен бірге Алтай семьясындағы тілдердің жақындығы әсіресе түркі, монғол тілдерінің лексикасындағы көптеген есімдер мен егістік сөздердің олардың бәріне ортақтығынан, сөзжасам жүйесіндегі ұқсастықтан көрінеді.

Қазақ тілінің түркі тілдері ішінде алатын орнын, өзіне тән ерекшеліктерін анықтау мәселесіне түркітанушылық еңбектерде қашанда көңіл бөлініп отырған. Түркітанушылық жіктеулердің (классификациялар) құрылу принципіне байланысты қазақ тілі түркі тілдерінің әр түрлі тобында қарастырылып отырған. Мәселен, дыбыстық белгілерге негізделген В. В. Радловтың жіктеуінде түркі тілдерінің батыс тобына, дыбыстық-морфологиялық белгілері бойынша жасалған Ф. Е. Корштың жіктеуінде солтүстік түркі тілдері тобына, осы екі жіктеуді негізге ала отырып, оған тарихи сипат берген А. Н. Самойловичтің жіктеуінде қыпшақ, яғни солтүстік-батыс тобына, түркі халықтарының қоныстану жайына негізделген В. А. Богородицкийдің жіктеуінде ортаазиялық түркі тілдері тобына, көне тілдік белгілердің сақталу-сақталмауына қарай жасалған С. Е. Маловтың жіктеуінде ең жаңа түркі тілдері тобына жатқызылады. Осы сияқты түркітанушылық жіктеулердің қай-қасысында болсын қазақ тілінің негізгі белгілері, қандай тілдерге жақындығы, түркі тілдері ішінде алатын орны көрсетіліп отырған.

Қазақ тілінің шығу тегі мен даму кезеңдерін жалпы түркі тектес тілдердің даму дәуірлерімен бірлікте алып қарастырғанда ғана толық түсінуге болады. Қазақ тілінің түпкі шығу тегі түркі тілдері дамуындағы ең көне Алтай дәуірінен (хронологиялық шегі әлі анықталмаған), Хун дәуірінен (біздің заманымыздан бұрынғы IV — III ғасырлар мен біздің заманымыздың V ғасыры аралығы) және одан бергі көне түркі дәуірінен (біздің заманымыздың V — X ғасырлар аралығы) бастау алады<sup>1</sup>.

Алтай дәуірінде негізі бір ата тілден шыққан түркі және

---

<sup>1</sup> Түркі тілдерінің шыққан тегі, даму дәуірлері туралы түркологияда кенінен танылған пікір Н. А. Баскаковтікі. Сондықтан қазақ тілінің даму кезеңдерін түркі тілдерінің даму дәуірлерімен байланыстырып қарастыруда бұдан ары Н. А. Баскаковқа сүйенеміз. К. Н. А. Баскаков. Введение в изучение тюркских языков. М., 1962, стр. 106 — 175.

монғол, тұнғыс-маньчжур тілдері бір-бірінен ажырай бастаған. Алтай дәуіріндегі тіл құрылысын тек салыстырмалы тарихи әдіс негізінде ғана қалпына келтіріп (реконструкция) анықтауға болады.

Ал Хун дәуірінде монғол, тұнғыс-маньчжур тілдерінен түгелдей ажырап болған түркі тілдері өз ішінен шығыс түркі және батыс түркі тілдері, яғни шығыс хун және батыс хун тілдері болып, екі үлкен салаға бөліне бастаған. Қазақ тарихындағы алғашқы тайпалық одақтар (үйсін, қаңлы, алан т. б. б. з. шейінгі III ғасыр) осы Хун дәуірінен белгілі. Олардың қоғамдық құрылысы, мәдениеті, тілі жайында кейбір деректер: ру-тайпа, ұлыс атаулары, жер-су, кісі аттары т. б. қоне грек, қытай, парсы нұсқаларында сақталған.

✓ Қазақ тілі батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына енеді. Батыс түркі тілдеріне одан басқа бұлғар, оғыз, қарлық тобындағы тілдер жатады. Қыпшақ тобындағы тілдердің басқа топтардан негізгі тілдік ерекшеліктері төмендегідей:

— дыбыстық ерекшеліктері: а) сегіз не тоғыз дауысты дыбыстың болуы, ә) қосымшаларда қысан дауыстылардың еріндікке айналмауы (ср. оғыз, қарлық тілдерінде *йаруқ*, ал қазақ тілінде *жарық*), б) дауыстыларда ерін үндестігінің әлсіз болуы, в) созылғы дауыстылардың болмауы, г) дауысты және дауыссыз дыбыстардың қоне тіркестеріне жаңа тіркестердің сәйкес келуі: *аг>ав(ау)*, *ег>ий*, *өг>үй*, мысалы, *таг>тау*, *тег>тий*, *өгрен>үйрен*, д) сөз басында қатаң *т*, *к*, *қ* дыбыстарының қолданылуы (ср. *тіл*, *кел*, ал оғыз тілдерінде *дил*, *гэл*), сөйте тұра сөз басында ұяң *б* дыбысының айтылуы (*балта*), е) сөз басындағы *й-ж-дж* дыбыстарының тұрақсыздығы (*йақшы ~ жақсы ~ джақсы*), ж) дауысты дыбыстар арасында *п>б*, *қ>г*, *к>г* болып ұяндап кетуі (*қақ>қагу*, *көк>көгеру*, *тап>табу*) т. б.

✓ — морфологиялық ерекшеліктері: а) ілік (*-ның/-нің*), табыс (*-ны/-ні*), барыс (*-қа/-ке*, *-ға/-ге*) септік тұлғаларының қысқартылмай қолданылуы (ср. оғыз тілдерінде ілік *-ын/-ін*, *-ың/-ің*, табыс *-и*, барыс *-а* (мысалы, *адама*), ә) қалау райдың *-қы/-кі/-ғы/-гі* тұлғалар арқылы жасалуы, мысалы, *келгі(сі)*, оғыз тілдерінде *-асы/-еси*, мысалы, *келеси*, б) есімшенің *-ған/-ген* тұлғасы арқылы жасалуы, ср. оғыз тілдерінде *-мыш/-міш*; в) жинақтау сан есімнің *-ау/-еу* тұлғалары арқылы жасалуы, мысалы, *екеу*, ср. қарлық тілдерінде *-агу/-егу*, мысалы, *икәгу* т.б.;

— лексика саласында; а) негізі сөздік қордағы бірқатар сөздің оғыз тілдерімен салыстырғанда басқаша айтылуы. Мысалы, қыпшақ тілдерінде *маңдай /маңлай*, *бөрі*, *ит*, *қол*, оғыз

тілдерінде *алын, құрт, көпэк, эл, ә*) карлық тілдерімен салыстырғанда араб-иран элементтерінің азырақ кездесуі т. б.<sup>1</sup>

Көне түркі дәуірінде болашақ казак халқының негізін құраған тайпалар, тайпалық одақтар айқындала бастаған. VII—IX ғасырларда казактың ірі тайпалық одақтарының (жүздердің) негізі салынды деген пікір бар<sup>2</sup>. Жүздер тек ру-тайпалардың жалаң туыстық бірлестігі емес, олардың территориялық, қоғамдық-экономикалық жағынан бірлестігінің де нәтижесі болып табылады. «Жүз» деп әдетте казак халқына карасты және тарихи дәстүр арқылы белгіленген жалпы казак территориясының бір бөлігін мекендеген тайпалардың ірі бірлестіктерін (немесе одақтарын) атау қабылданған<sup>3</sup>.

Тіл жағынан алғанда казак жеріндегі тайпалардың бәрі де түркі негізес диалектілерде сөйлеген, сонымен бірге бұл дәуірде тайпалық одақтар тілі көне түркілік негіз-тілден бөліне бастаған еді. VII ғасырдан бастап ірі тайпалық одақтардың құрылуына байланысты олардың құрамына енген ру-тайпа тілдері жаңа сапаға ие бола бастаған. Бұрынғы ру-тайпалық сипаты бар диалектілердің орнына енді әрі тайпалық, әрі жергілікті сипаты бар диалектілер қалыптасады. Осылайша халық тілінің негізгі құрамды бөліктері болып табылатын жергілікті диалектілердің негізі салынды.

V-X ғасырлардағы көне түркі тілдері жайындағы мәліметтер Өрхон, Енисей, Селенге, Іле, Талас өзендері бойларынан табылған V-VII ғасырлардың жазба ескерткіштерінде, IX-X ғасырлардағы көне ұйғыр жазбаларында сақталған. Бұл ескерткіштер қазіргі түркі тілдерінің көбіне ортақ болуымен бірге казак тайпаларының көне замандағы тілі құрылымынан да мағлұмат береді.

Казак жеріндегі тайпалық тілдердің бұдан кейінгі дамуы түркі тілдерінің ортағасырлық дәуіріне (X-XV ғасырлар аралығы) сәйкес келеді. Бұл дәуір негізінен қыпшақ қауымы мен монғол үстемдігінің заманы болғаны белгілі. Түркі тілдерінің ортағасырлық дәуірінде казак жеріндегі тайпалық тілдер (диалектілер) жергілікті сипат алып, онан ары дамыды. Сонымен бірге олардың бәріне ортақ тілдік белгілер де жетіле түсті. Мұның өзі болашақ бірыңғай халық тілінің жасатуына бетбұрыс еді.

---

<sup>1</sup> Баскаков И. А. Введение в изучение тюркских языков, М., 1962, стр 203, 229, 257.

<sup>2</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959, с. 112.

<sup>3</sup> Казак ССР тарихы, 2-том, Алматы, 1983, 258-бет.

Қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің құрылымы туралы мәліметтер түркі тілдерінің ортағасырлық дәуірінен қалған тарихи шығармаларда сақталған. Мәселен, XI ғ. Қараханидтер мемлекеті кезіндегі Орта Азия елдерінің сөйлеу тілі мен кейбір тайпалық одақ тілдерінің сипатын білдіретін Махмуд Қашқаридың «Дивани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде (1073–74 жылдар) қыпшақ тобына, оның ішінде қыпшақ-ноғай тілдеріне тән белгілер аз емес. Бұдан басқа көне түркі әдеби тілінің дәстүрінде жазылған шығармалар да бар: Юсуф Батасағұнның «Құтадғу білігі» (1067–70 жылдар), Ахмед Иассауидың «Дивани хикметі» (XII ғ.), т. б. Тайпалық одақтар тілінің Алтын Орда кезіндегі кейбір көріністерін Джамал әд-дин Ибн Мұханның сөздігі (XIII ғ.), Күтбтың «Хусрау уа Шіріні» (XIV ғ.), «Кодекс Куманикус» (1303 ж.), «Оғыз наме» (XIV ғ.), «Мұхаббат наме» (1353 ж.), Абу Хайнанның сөздігі (1313 ж.), хандар жарлығы т. б. нұсқалардан байқауға болады. Әрине, аталған ескерткіштер қазақ тілінің сол кездегі қалпын толық көрсете алмайды. Бұл ескерткіштер тілінде сол замандағы жазба әдебиетінің дәстүрі бойынша шағатай, көне түркі кітаби элементтері де кездеседі. Сондықтан олар түркі тілдерінің ортағасырлық дәуіріндегі жазба әдеби тілінің үлгісі ретінде танылуға тиіс.

Түркі тілдері дамуының жана дәуірінде (XV—XIX ғасырлар аралығы) қазақтың тайпалық одақтары қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығып, өз алдына халық болып қалыптасу үстінде еді. Бұған қыпшақ қауымының ыдырап, монғол үстемдігінен қалған ордалар (Ақ Орда, Көк Орда) мен хандықтардың бірде бірігіп, бірде бөлініп отыруы, қалмақ хандықтарының жаугершілік саясаты себеп болды. Қазақ жерінде монғол басқыншылығынан кейін патриархтық-феодалдық қатынас қайтадан күшейіп, XV ғасырда алғашқы қазақ хандықтары пайда болды. Алтын Ордадан және бұрынғы мемлекеттік бірлестіктерден бұл хандықтардың айырмасы — олардың жаугершілік негізде емес, жергілікті экономикалық, этникалық жақындық негізінде пайда болғандығы еді. Мұның өзі бұдан бұрынғы дәуірде қалыптасқан тайпалық одақтардың енді халық болып бірігуіне мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, XV ғасырдың аяқ кезі мен XVI ғасырдың басында қазақ тайпалары халық болып бірікті.

Тайпалық одақтар тілінде олардың бәріне ортақ халықтық тіл белгілерінің басым болуы бірыңғай халық тілінің дамуына мүмкіндік берді. Мұның өзінде қазақ тілі қыпшақ тілдеріне, оның ішінде қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерге тән белгілерді сақтай отырып, өзінің ішкі даму заңымен жетіліп отырды. Бұл процесс, яғни қазақтың халық тілінің қалыптасуы, XV—XVI

ғасырлардан басталып, ХІХ ғасырдың 2-жартысына дейін созылды.

Қыпшақ тілдері өз ішінен үш топқа бөлінеді: қыпшақ-бұлғар тобы, қыпшақ-половец тобы, қыпшақ-ноғай тобы. Қазақ тілі қыпшақ-ноғай тобына кіреді. Оған қазақ тілінен басқа ноғай, қарақалпақ тілдері және өзбек тілінің қыпшақ диалектілері енеді. Бұл топтағы тілдердің қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец тілдерінен негізгі айырмашылығы мынадай:

а) ч дыбысының болмауы, оның орнына *ш* айтылуы, *ш* дыбысының орнына *с* дыбысы қолданылуы, мысалы, *қаш* ~ *қач*, *қыс* ~ *қыш*;

ә) көрші дауыссыз дыбыстардың әсерімен *м/б/п* дыбыстарының алмасып отыруы: *адаммен*, *өгізбен*, *атпен*;

б) дауыссыздардың әсерімен *н/д/т* дыбыстарының алмасып отыруы: *жаздың*, *баланың*, *аттың*.

Қыпшақ-ноғай тілдері ноғай, қарақалпақ және қазақ тілдері болып өз ішінен екіге бөлінеді. Қазақ тілінің ноғай, қарақалпақ тілдерінен негізгі айырмашылығы:

а) өзінің алдындағы дауыссыздардың әсерімен *л/д/т* дыбыстарының алмасып отыруы, мысалы, *таслар*, *қаздар*, *үйлер*, ал ноғай, қарақалпақ тілдерінде ондай алмасу жоқ: *таслар*, *қазлар*, *үйлер*;

ә) ноғай, қарақалпақ тілдерінде келер шақ есімшенің *-ад-жақ/-еджек* тұлғасы арқылы жасалуы, қазақ тілінде мұндай тұлғаның болмауы<sup>1</sup>.

Бұдан басқа қазақ тілінің өзіне тән мынадай белгілерін көрсетуге болады:

Фонетикада — 9 дауысты дыбыстың болуы; тілдің қатысына қарай тандай гармониясы болуы; дауысты дыбыстардың тұрақты түрде жуан-жіңішке болып бөлінуі; ерін үндестігінің сөздің екінші буынынан ары қарай аспауы.

Морфологияда — есімшенің және шақтық тұлғаның *-атың/-етін* қосымшасы арқылы жасалуы.

Синтаксис саласында — есімше және көсемше тұлғалары арқылы жасалған құрылымдардың кең қолданылатыны; жай және құрмалас сөйлем құрамында жалғаулық арқылы байланыстын шектеулі екендігі.

Лексикада — сөздердің жалпытүркілік негізгі қабаты сақталғандығы, араб-парсы кірме сөздерінің аздығы<sup>2</sup>.

ХV—ХІХ ғасырлардың арасындағы қазақ тілінің құрылы-

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков, стр. 250

<sup>2</sup> Лингвистический энциклопедический словарь, М., 1990, стр. 210.

сы жайындағы мәліметтер әр түрлі сипаттағы әдеби мұраларда беріліп отырған. Мәселен, XV—XVII ғасырларда қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрін бастап дамытқан, тарихи поэзияның өкілдері Шобан, Жиёмбет, Марқасқа жырлары; елдік ұғым мен халықтық сананың өрістеуінен туған көптеген тарихи эпостар (Алпамыс, Қамбар, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Қосай, Ер Көкше, Орақ т. б.); қазақ және ортаазиялық түркі әдеби тілі үлгісінде жазылған Қадырғали Жалаиридін «Шежірелер жинағы» (XVII ғ.), Абылғазының «Шежіре-и-түрки» (XVII ғ.) шығармалары туды.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың 1-жартысында кітаби тіл элементтерін сақтаған қисса-дастандар, Жонғар басқыншыларына қарсы күрескен Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Баян т. б. батырлар жайында жырлар; ауыз әдеби тілінің негізгі дәстүрін сақтай отырып жазба поэзияға тән кейбір үлгілерді қолданған акын-жыраулар Бұхар, Шал, Тәтікара, Ақтамберді, Жанак, Шөже, Орынбай, Махамбет, Шортанбай, Дулат т. б. шығармалары пайда болды.

XIX ғасырдың 2-жартысынан бері қарай түркі тілдес ұлттар пайда болды. Бұл түркі халықтары дамуындағы ең жаңа дәуір болып табылады. Қазақ тілінің ұлт тілі болып қалыптаса бастауы осы дәуірге сәйкес келеді. Мұның өзі қазақ халқының ұлт бола бастау процесімен байланысты еді. XIX ғасырдың 2-жартысында қазақ жері түгелдей Орыс мемлекетінің құрамына кіріп, онда капиталистік қатынастың кейбір элементтері орныға бастады. Мысалы, кейбір өндіріс орындарының ашылуы, тауар айналымының қажетімен туған жәрменкелер, ақшаның шығуы т. б. соған байланысты өкімшілік-басқару жүйесіндегі жаналықтар осының айғағы. Дегенмен, Қазақстанда капиталистік қоғам орнаған жоқ. Ол кезде Қазақстан өлі де феодалдық бытыранқылық, отаршылдық жағдайда болды. Буржуазиялық сипаттағы ішкі рыноктың нашар дамуы, халықтың өз ішіндегі саяси, экономикалық байланыстың әлсіздігі қазақ халқының ұлт болу процесінің дамуына қолайлы болмады.

Қазақ халқының ұлт, оның халық тілінің ұлт тілі болып қалыптасуы XX ғасырда, негізінен Кеңес өкіметі жылдарымен деңгейлес келеді. Бұл кезде ұлт болу үшін қажетті шарттардың бұрын негізі салынған: жер бірлігі, тіл бірлігі, мәдениет бірлігі сияқты түрлеріне қоса экономикалық бірлік нығая бастады. Кеңес дәуірінде тоталитарлық тәртіп орнауына байланысты Қазақстанда заңдылық бұзылып, жаппай жазалаушылық орын алғаны белгілі. Бірақ соған қарамастан республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени-шаруашылық өмірінде халық зор ынталылық, белсенділік көрсетті. Бұл жылдарда ірі

өндіріс орындары молайып, шоғырланған экономика жүйесі біршама жетілді; ұлттық баспасөз, ұлттық оқу-ағарту жүйесі, ғылым, өнер, мәдениет өріс алып, қанат жайды, ұлттық интеллигенция қалыптасты.

Сөйтіп, XIX ғасырдың 2-жартысында басталған қазақтың ұлт болу, тілінің ұлт тілі болу процесі XX ғасырда онан ары дамып жетілді. Ұлттық тілмен бірге ұлттық әдеби тіл қатар дамыды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы қабылданған декларация қазақ халқы тарихындағы жаңа бетбұрыс кезең болып табылады. Бұл кезеңде тіл туралы Заң қабылданып, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. Осылайша ұлттық тілдің нығайып өріс алуына, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің әр саласында оның қызметінің кеңеюіне зор мүмкіншілік туды.

Сөйтіп, жоғарыдағы шолудан көрінгендей, қазақтың халық тілі, одан кейін ұлт тілі болып қалыптасу кезеңдері өзіне тән ерекшеліктері бола тұра, түркі тілдері дамуындағы негізгі дәуірлердің шеңберінен шығып кетпеген, түркі тілдері арасындағы бір-бірімен іліктестік, туыстық сатылай байланыс қашанда сақталып отырған.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ — ҰЛТ ТІЛІ, ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ**

### **§ 3. Қазақтың ұлттық тілінің сипаттамасы**

Қазақтың ұлттық тілінің қалыптасуы жалпы қазақ тілі тарихындағы аса елеулі кезең болып табылады. Тіл тарихы тұрғысынан қарағанда ұлттық тіл сол тілде сөйлейтін халықтың ұлт болуымен бірге пайда болатын тіл дамуының жаңа сападағы көрінісі ретінде танылады. «Ұлт тілі — ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқарушы тілді білдіретін әлеуметтік-тарихи категория. Ұлт тілі ұлттың тууымен бірге қалыптасады да, әрі оның пайда болуымен өмір сүруінің алғы шарты, әрі өзі де сол процестің нәтижесі болып табылады»<sup>1</sup>.

Қазақтың ұлт тілі қазақтың ұлт болуымен байланысты XX

---

<sup>1</sup> Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990, стр. 325.

ғасырда қалыптасқан (ол жайында толығырақ өткен тақырыпта айтылған). Әрбір ұлт тілі өзіне тән дербес жолмен туып, қалыптасатыны белгілі. Тіл білімінде ұлттық тілдердің үш түрлі негізден туатыны көрсетілген: 1) тілдік белгілері бірыңғай, құрылымында айырмашылық жоқ бір диалект негізінде, 2) бірнеше диалектінің шоғырланып бірігуі негізінде, 3) диалектілердің ауыса отырып, өзара шоғырлануы негізінде. Қазақтың ұлт тілінің халықтық тегінде осы айтылғандардың екінші түрі, яғни қазақ жеріндегі өзара туыс бірнеше диалектінің шоғырланып бірігуі жатқан сияқты. Шоғырланған диалектілердің бірнеше ғасыр бойы дамуы нәтижесінде қазақтың халық тілі қалыптасқан. Осы күнгі қазақ тілінің сөздік құрамы мен дыбыстық, грамматикалық құрылысының қалыптасуы, тұрақтанып жалпы-халықтық сипатта дамуы осы кездің жемісі. Ал қазақтың ұлт тіліне келсек, ол халық тілінің тарихи жаңа дәуірдегі дамыған түрі болып табылады. Сол себепті ұлт тілінің құрылымдық негізі оның халық тілі болып дамыған дәуірінде салынған деп есептеледі. Ұлт тіліне дейінгі кезеңдерде бұлай болмаған. Мысалы, қазақтың халық тілі бір тайпаның иә бір тайпалық одақтың тілінен емес, бір тектес үш тайпалық одақ тілдерінің бірігуінен жасалған. Сол сияқты әрбір тайпа тілі бірнеше рулық тілдердің негізінде туып отырған.

Қазақтың ұлт тілі өзінің ішкі құрылымы жағынан қазақтың халық тілінің мұрагері болып табылады. Уақыт талабына сай өзгеріске түсе отырып, тілдің әр түрлі деңгейінде (лексика, фонетика, грамматика саласында) кейбір элементтерін жоғалтып немесе кейбір жаңа элементтерге ие болып отырғанымен, ұлт тілі халық тілінің бұрынғы қалпындағы тұрақтылығын белгілі дәрежеде сақтап отырады, ұрпақтан ұрпаққа мәдени-тарихи және басқа дәстүрлерді жеткізудегі өзінің негізгі мәнін жоғалтпайды. Қазақтың ұлт тілі халық тілінің мұрагері бола отырып, оның дәрежесінде қалған жоқ. Тілдің тарихи даму тұрғысынан қарағанда ұлт тілі тілдің бұрынғы типтік түрлерінен (ру, тайпа, халық тілдерінен) өзгеше жаңа сападағы тіл болып табылады.

Қазақтың ұлттық тілі деген өте кең ұғым, ол өзінің құрамы жағынан бірыңғай емес: оған бүкіл ұлтқа қызмет ететін баспасөз тілі — әдеби тіл де, ауызекі сөйлеу тілі де, ұлттық сипаты жоқ, тек жеке аймақтарға, аудандарға тән жергілікті диалектілер мен говорлар да, жеке кәсіби-мамандыққа тән сөздер де, жекелеген әлеуметтік топтар қолданатын ерекше жаргондық сөздер де жатады.

Бұлардың қоғамда алатын орны, маңызы, тілдік сипаты бірдей емес. Сол себепті оларды ұлттық тілдің жоғарғы және

төменгі формалары деп бөліп қарастыруға болады. Жоғарғы формасына — баспасөз арқылы дәстүрлі тіл мәдениеті негізінде жетілген әдеби тіл, ал төменгі формасына одан басқалары жатады.

Жоғарыдағы формалардың қоғамдық қызметінде, қолданылу аясында елеулі айырмашылықтар бар екеніне қарамастан, қазақтың ұлт тілі бүкіл қазақ ұлтына ортақ, біртұтас қарым-қатынас құралы болып табылады. Қарым-қатынас құралы ретіндегі мұндай біртұтастықтың негізі қазақтың халық болып қалыптасқан дәуірінде салынған. Тілдегі біртұтастық сөздік құрам мен дыбыстық, грамматикалық құрылыстың негізі жалпы-халықтық, қазақ тілінде сөйлеушілерге ортақ екеніне байланысты.

Бірақ тілдің біртұтастығы деген ұғымнан қашанда оның барлық элементтері сол тілде сөйлейтін жердің бәрінде бірдей болады деген түсінік шықпайды. Тілдегі заңдылықтардың бәрі бірдей емес, олардың ішінде тілдің бірлігі үшін маңыздылары, негізгілері бар да, сондай-ақ тіл тұтастығы үшін соншалық маңызды еместері де бар. Мәселен, аса қажетті заттық, сапалық, сындық, кимылдық т. б. ұғымдарды білдіретін сөздер, негізгі грамматикалық заңдылықтар, сөздердің өзгеру тәсілдері, сөз тіркесі мен сөйлем жүйесі, дыбыстық құрылыстың негізгі заңдары қазақ тілі тараған жердің бәріне тән, бұл сияқты негізгі заңдылықтар бүкіл халықтық әдеби тілде де, барлық жергілікті диалектілерде де бірыңғай сипатта. Сол себепті оларды бүкіл ұлт тілі құрылымындағы жалпыға бірдей ортақ белгілер, я заңдылықтар деп атауға болады.

Ал тек диалектілерде, болмаса говорларда кездесетін жергілікті ерекшеліктер ұлттық тілдің неғұрлым маңызы кем элементтері болып табылады және олар тұтас ұлттық сипат алмаған, шағын аймақтарда, жекелеген аудандарда ғана қолданылады. Сол себепті оларды ұлт тілі құрылымындағы жалпыға ортақ емес, жеке тіл элементтері деп атауға болады. Ұлт тілі құрылымында жалпыға бірдей, ортақ белгілер мен заңдылықтар әлдеқайда басым болғандықтан, олар тілдің негізін қалайды, олардан тілдің біртұтастығы көрінеді. Ал жалпыға ортақ емес жеке тіл элементтері алғашқымен салыстырғанда аз болғандықтан, тілдің біртұтастығына нұқсан келтіре алмайды.

Мәселен, етістік негізге жалғанып, қолданылу ыңғайына қарай бірде өткен шақ, бірде келер шақ мәнін білдіретін көсемшенің *-ғалы* (оның варианттары) жұрнағы қазіргі әдеби тілде нормалық сипаты бар тұлға болып табылады. Бұл тұлға жоғарыдағыдай мәнде ауызекі сөйлеу тілі мен жергілікті говорларға да тән. Демек, *-ғалы* жұрнағының жалпыға бірдей

ортақ, тұрақты сипаты бар. Ал Қазақстанның кейбір шығыс аудандарында жергілікті халық тілінде кездесетін осы тұлғаның *-ғайы* (варианттарымен) түрінде ондай жалпыхалықтық сипат жоқ. Ол белгілі бір жерде әдеби *-ғалы* тұлғасымен қатар қолданылатын, жеке элемент түрінде сақталған. Бұл сияқты мысалдар аз емес.

Ұлттық тілде жалпыға бірдей ортақ белгілер басым және оның негізіне жататындықтан, керісінше, ортақ емес, жеке тілдік белгілер одан аз және тілдің негізіне қатыссыз болатындықтан, әр аймақтың тұрғындары бір-бірімен еркін түсініседі. Мәселен, бір-бірінен қашық жатқан Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары әрқайсысы өз говорумен сөйлесе де, бір-бірімен оңай түсінісе алады. Мұның өзі, екінші жағынан, қаншама дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктер барлығына, әсіресе лексикалық ерекшеліктердің молдығына қарамастан, қазақ тіліндегі диалектілер мен говорлардың өзара жақын екендігін байқатады.

Тілдің ұлттық тіл дәрежесіне ие болуымен тіл құрылымындағы барлық элементтер жаңадан жасатмайды. Айтылуы, стильдік қолданылу аясы жалпыхалықтық сипатта тұрақталған сөздер, дыбыстық және грамматикалық тұлғалар, құрылымдар дайын қалпында ұлттық тілге ауысып отырады. Ұлттық тілдің халықтық негізі деген осыдан көрінеді. Күнделікті өмірде сөйлеген сайын сөзді, болмаса грамматикалық тұлғаны қалай қолданамыз деп ойланып жатпаймыз, оның бәрі өзінен-өзі тілге оралатын сияқты. Мысалы, *мен* деп басталатын сөйлемнің одан ары 1 жак тұлғасындағы сөзбен қиысып отыруы, болмаса ілік жалғаулы сөздің (*біздің ауыл* сияқты бірен-саран тіркесте болмаса) міндетті түрде тәуелді жалғаулы сөзбен тіркесу заңдылықтары келе-келе сөйлеу дағдысына айналған. Тілімізде әр тұліктің түр-түсіне байланысты ежелден қалыптасқан арнаулы сөздері бар. Жылқы малының түсіне қарай айтылатын сөздер сиыр малына, оған айтылатын сөздер басқа тұлікке айтылмайды, қазақ тілін білетін адам оны шатастырмайды. Жуас, момын мағынасындағы «қой аузынан шөп алмас» тұрақты тіркесін басқаша өзгертіп айту мүмкін емес, ол солай қалыптасқан, солай айтылуы міндетті. Сөзге, грамматикалық тұлғаларға қатысты бұл сияқты мыңдаған заңдылықтар нормаландыру мақсатында әдейі жасалмаған, тілдің ғасырлар бойы ішкі даму заңына сай табиғи туындаған. Оларды нормаландыру процесінде кейін жасалған *сая жол, бөлшек сауда, төлгер, жанкүйер, мамандандырылған шаруашылық, балмұздақ* сияқты сөздермен бір деңгейде қарастыруға болмайды. Тілдің табиғи дамуы нәтижесінде туған сөздер мен тұлғалардың, тұрақты сөз

тіркестерінің ішінде халықтың үнемі қолдану дағдысына айналғандары аз емес. Оларды ғылымда узус деп атайды. Оған бір қолданар тосын (окказионал) сөздер жатпайды. Мысалы, І. Жансүгіровтегі — *мұзақтау — мұздау, мұз қату* («Мұзактап самолеті сауыс болып»); *ұшқыр — ұшқыш* («Ұшқырлар кезек-кезек ұшқанда анық»); С. Сейфуллиндегі: *совстан, советстан* т. б. немесе жеке адамдар ғана қолданып, көпшілікке тарамаған сөздер: *әфсана — аңыз-ертегі, асқарпаз — альпинист, қау — машиненің қорабы* (кузовы), *кеніш — кен орны, рудник* т. б. тосын сөздер деп қарауға болады. Узус — әдеби тілдегідей норма емес, бір тілде сөйлейтін адамдар түгелдей қабылдаған сөйлеу үлгісі, сөз қолданудағы әдет-дағды. Ол — көне замандардан тілдің өзімен бірге жасасып келе жатқан құбылыс. Әдеби нормалар әр дәуір талабына сай тенденциялық бағытта өзгеріске түсіп отыруы мүмкін, ал узус тұрақты және оны бүкіл халық үнемі қолданады. Т. Қордабаев әдеби тіл нормасымен шатасырмау үшін оны тілдік дәстүр деп қарауды ұсынады<sup>1</sup>.

Бірақ ұлттық тіл халық тілінде айтылуы, қолданылуы әбден тұрақталған сөздер мен тұлғаларды дайын қалпында қабылдау дәрежесінде қалмайды. Ұлттық дәуір талабына сай жана деңгейде, яғни ұлттық тіл деңгейінде, тіл онан әрі дамып жетіліп отырады.

#### § 4. Ұлттық тілдің тармақтары

Қазақ тілі — түркі тілдері тобындағы бірішама жас тіл екеніне карамастан, дамудың күрделі процестерінен өткен, құрылымы әр түрлі тіл. Қазақ тілінің фактілері оның осы күнгі ұлттық дамуында үш негізгі тармақ бар екенін көрсетеді. Олар: 1) әр түрлі стильдік салада қолданылатын жазба және ауызша түрлері бар әдеби тіл, 2) жергілікті немесе әлеуметтік сипаты бар тіл ерекшеліктерінен тұратын диалектілер мен говорлар, 3) жалпыхалықтық сипаттағы ауызекі сөйлеу тілі.

Осы күнгі ұлт тілінің жоғарыда айтылған үш тармағын тек кейінгі заманда пайда болған деп қарауға болмайды. Оның негізі халық тілі қалыптасқан кезде салынған. XV—XVI ғасырлар мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы қазақтың халық тілі де үш тармақтан: 1) ауызша әдеби тілден, 2) жергілікті диалектілер мен говорлардан, 3) ауызекі сөйлеу тілінен тұратынын көреміз.

---

<sup>1</sup> Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары, Алматы, 1987, 114—115-беттер.

Бірақ халықтық және ұлттық тіл дәрежесі тұрғысынан қарағанда бұл тармақтарының мәні, сапасы, көлемі мен қызметі бірдей емес.

Біріншіден, халық тілі қалыптасқан дәуірдегі қазақтың ауызша әдеби тілі халықтың ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясына негізделгендіктен, оның стильдік жағынан саралануы мен нормалық белгілерінің сипаты сол өз негізіндегі деңгейден аса алмаған. Бірақ соған қарамастан ауызша әдеби тіл жазба тіл үшін негізгі арна болып қала береді. Жазба әдеби тіл ауызша әдеби тілдегі көркем тіл үлгілерінен, көркемдеу тәсілдерінен нәр алып отырады<sup>1</sup>. Қазақтың қазіргі көркем әдебиеті ауыз әдебиетінен, қазіргі жазба әдеби тіл ауызша әдеби тілден біржолата қол үзіп кеткен жоқ.

Ал ұлттық жазба әдеби тілге келсек, оның жағдайы басқаша. Қазақтың қазіргі ұлттық әдеби тілі баспасөзге, жазба әдебиет нұсқаларын ғылыми тұрғыда зерттеуге негізделген. Осы күнгі әдеби тілдің нормалық белгілері мен әр түрлі стильдік саталары бірден қалыптаспаған, олар ұлттық жазба әдеби тілдің негізі салына бастаған Абай, Ыбырай заманынан бергі қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-техникалық, мәдениет, өнер саласындағы әдебиеттердің тіл құрылымын, қолданылу ерекшеліктерін, стилін зерттеу нәтижесінде бірте-бірте пайда болған.

Екіншіден, қазақтың халық тілі мен ұлт тіліндегі жергілікті диалектілер мен говорлардың сипаты еш уақытта бірыңғай болған емес. Мәселен, диалектілер мен говорлардың шын мәнінде жергілікті сипатта дамыған уақыты қазақтың халық тілі қалыптасқан кезге сай келеді. Сол себепті Н. Т. Сауранбаев осы күнгі қазақ тіліндегі говорлардың пайда болу кезін XV—XVIII ғасырлар аралығына жатқызады<sup>2</sup>. Ал ұлттық тілде, керісінше, жазба әдеби тілдің әсері күшеюіне байланысты диалектілік ерекшеліктер азайып отырады. Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктер негізінен халық тілі кезінен сақталған қалдық ретінде танылады.

Бірақ ұлт тілі құрамындағы диалектілер мен говорларда дамудың кейбір элементтері жоқ емес. Мысалы, Кеңес өкіметі жылдарындағы қоғамдық-әлеуметтік жаңалықтарға байланысты неологизмдердің бірсыпырасы әдеби тілде де, говорларда да қатар туып отырғаны байқалады. Әдеби тілдегі *нұсқау* сөзі кейбір говорларда *көрсете*, *демалыс* — *житыскүн*, *тікелей басшылық* — *аяқтай басшылық*, *қабырға газеті* — *жар газеті*, *дуал*

<sup>1</sup> Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1993. 15–16-беттер.

<sup>2</sup> Сауранбаев Н. Т. Диалекты в современном казахском языке, Вопросы языкознания, 1955, №5, стр. 50.

*газеті, шара қолдану — шара көру, мәжіліс — шақырыспа, тексеру* (ревизия) — *барлау* т. б. түрінде айтылған<sup>1</sup>. Осылайша әдеби сөздердің жергілікті нұсқалары пайда болып отырған. Бірақ мұндай сөздер әдеби тілдің әсерімен говорларда тұрақты түрде қолданыла бермейді.

Ұлттық тілдегі диалектілерге қатысты тағы бір ескеретін жайт — бірқатар зерттеушілердің пікірінше, ұлттық әдеби тілдің негізі салынған кезде оған белгілі бір диалект арқау болып жетекші қызмет атқарған. Мысалы, С. Аманжоловтың пікірінше, ондай диалект — қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалекті<sup>2</sup>. Кейбір ғалымдар ұлттық әдеби тіл үшін тірек диалект орталық-солтүстік диалект деп қарайды<sup>3</sup>. Бірақ бұл мәселе әлі де жете зерттеуді қажет етеді.

Үшіншіден, жоғарыда айтылған ауызекі сөйлеу тілі халықтық ауызша әдеби тілдің де, ұлттық жазба әдеби тілдің де негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады. Әдеби тіл өзіне керектіні кашанда сөйлеу тілінің қорынан алып отырады. «Әдеби тіл сөйлеу тілінің негізінде туған, соның лексикалық, грамматикалық негізін пайдаланып қоймай, көркемдеу мүмкіндігіне де сүйенеді»<sup>4</sup>.

Зерттеушілердің пікірінше, қазақтың ауызекі сөйлеу тілінің төркіні арыда жатыр, ол қыпшақ қауымы заманындағы ауызекі сөйлеу тілінен бастау алады. Сол заманға төн XI—XIV ғасырлардан қалған Махмуд Кашқари сөздігі, «Кодекс Куманикус», «Түркіше-арабша тәржіма», Абу-Хайианның сөздігі т. б. тарихи жазба ескерткіштердің тілі қазақ әдеби тілінің негізгі арналарының бірі болған, қыпшақ заманындағы ауызекі сөйлеу тілінің сипатын білдіреді<sup>5</sup>.

Э. Р. Тенишевтің пікірінше, түркі тайпаларында диалектілер аясынан жоғары тұрған сөйлеу тілінің ортақ үлгісі руникалық жазуға дейін де болған. Онымен ауызекі поэзия үлгілерін жасауда, көпшілік алдында сөйлеуде, әдет-ғұрып парыздарын өтеу кезінде пайдаланатын болған. Ал «VII—VIII ғасырларда руникалық жазулар тілімен бірыңғай әдеби үлгі ретінде оғыз, ұйғыр

---

<sup>1</sup> *Калиев Г.* Қазақ говорларындағы диалектілік сөз гудыру. Алматы, 1985, 34-бет.

<sup>2</sup> *Аманжатов С.* Қазақтың әдеби тілі. Алматы, 1949. 9—13-беттер. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959, 169, 181 — 182-беттер.

<sup>3</sup> Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Жинақ. Алматы. 88-бет. (Қ. Ә. Нұрмағамбетовтің мақаласы)

<sup>4</sup> *Мицков Р.* Особенности синтаксиса казахской разговорной речи, А., 1972. стр. 3.

<sup>5</sup> *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы, 28—32-беттер.

кыргыз, кыпшак және баска да әр түрлі түркі тайпалары мен тайпалық одақтар пайдаланып отырды. Дегенмен, күнделікті қарым-қатынас үшін әр тайпа өзінің халықтық сөйлеу тілін қолданатын болған: бұл — оғыздар мен кыпшақтардағы *j* тілі (*aʃaq, qoʃ=*), ұйғырлардағы — *d* тілі (*adaq, qod=*), кыргыздардағы — *z* тілі (*azaq qoz=*) еді», — дейді<sup>1</sup>. Бұл пікір кыпшак және басқа тіл бірлестіктері заманындағы ауызекі сөйлеу тілінің негізі одан бұрынғы дәуірлермен сабақтасып жатқанын мензейді.

Ауызекі сөйлеу тілінің халықтық сипаты, онда неғұрлым әсерлі, бейнелі мәнерде сөйлеу мүмкіншілігінің молдығы, пікір алысудың тікелей ауызекі, диалогтық түрінің басымдылығы, қарапайым, тұрпайы сөз қолданыстары т. б. қасиеттері бұрынғы ауызша әдеби тіл кезінде де, қазіргі жазба әдеби тіл кезінде де сақталып отырған.

Бірақ сөйте тұра ауызекі сөйлеу тілі тарихи дамып отыратын құбылыс. Мәселен, ауызша әдеби тіл кезінде ауызекі сөйлеу тілі оған неғұрлым жақын болған. Бұл — халықтың сөз өнерінің негізі ауызша дамумен байланыстылығын көрсетеді. Сонымен бірге қазіргі кезде ауызекі сөйлеу тілі өз ішінен сараланып келеді. Ондағы қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөз қолданыстары әдеби тіл нормасына жатпайды. Ғ. Мұсабаевтың «Сөйлеу тілі мен қазақтың әдеби тілі қазіргі кезде бір-бірінен ажырай қалыптасу үстінде» деген пікірін осы мағынада түсінген жөн сияқты<sup>2</sup>.

Біртұтас халық тілінің құрамындағы жоғарыдағыдай функционалды-стильдік, болмаса функционалды-көлемдік тармақтары тарихи бір-бірімен байланысты болып, бір-біріне ықпал етіп отырған.

Мәселен, көптеген зерттеушілер ауызша әдеби тілдің негізі болып табылатын ауыз әдебиет тілі мен жергілікті диалектілердің табиғи байланыстылығын атап көрсетеді. Тарихи поэтиканың негізін қалаушы А. Н. Веселовский: ертегі белгілі бір диалектіде айтылады деген<sup>3</sup>. Орыс ауыз әдебиетін көп зерттеген И. А. Осовецкий: «Фольклор тілін оның негізгі тірегі болып табылатын халықтық говорлардан бөліп алуға болмайды, бірақ солай бола тұра олардың бір-бірінен айырмашылығын да көрмеуге болмайды», — дей отырып, фольклор тілінің

---

<sup>1</sup> Тенишев Э. Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников // TURGOLOGICA. К семидесятилетию академика А. Н. Кононова. Л., 1976, стр. 164–165.

<sup>2</sup> Кеңесбаев Ғ., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1975, 115-бет.

<sup>3</sup> Веселовский А. Н. Историческая поэтика. Л., 1940, стр. 358.

жүйелік сипаты барлық стильдерімен қоса алғанда, нақты говор аясынан әлдеқайда тыс жатыр деп қарайды<sup>1</sup>. Қазақ эпостарының тілін зерттеген Е. Жұбанов эпостын бастапқы арнасы бір диалектіге негізделгенімен, жалпыхалықтық мұраға айналар шақта, ол әлденеше диалектіні қамти отырады. Сөйтіп, оның сөз құрамы диалектаралық сипатқа көшетіндігін атап көрсетеді<sup>2</sup>.

Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары Қазақстанның қай өлкесінде пайда болса немесе қай жерінде сақталып қалса, сол жердегі говорлар мен ауызекі сөйлеу тілінің әсеріне ұшырап отырғаны белгілі. Мысалы, Н. И. Ильминский Орынбор манынан жинап бастырған ауыз әдебиет нұсқаларында Қазақстанның батыс облыстарына тән тіл ерекшеліктері сақталып қалған. «Қыз Жібек» жырындағы: *Бір ғашықтың зарпынан. Ат байлаған ақырды. Пұл жібердім қалаға. Қартайса да ілгері ілкі қыздан мүшесі. Бір көрмекке ынтық боп, Төлеген мырза шонықты* дегендегі *зарпынан* «салдарынан, зардабынан», *ақыр* «малға шөп салатын орын, оттық», *шонықты* «құмар болды», *пұл* «акша, қаражат», *ілкі* «әуелгі, алғашқы» оңтүстік-батыс говорларда қазір де айтылады. Мұндай жәйтті басқа түркітанушылар жинап бастырған ауыз әдебиет нұсқаларынан да, әр өлкедегі ауыз әдебиет өкілдерінің төл шығармаларынан да көреміз.

Осы күннің өзінде қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларының жалпыхалықтық түрлерімен бірге тек жергілікті жерде кездесетіндері аз емес. Оған жеке аймақтарда айтылатын ертегі-өнгімелер, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жергілікті ауыз әдебиет өкілдерінің шығармалары жатады. (Олардың бірқатары «Ел аузынан» айдарымен баспа бетінде жарияланып жүр). Ауыз әдебиетіндегі бұл сияқты нұсқалар әлі бүкіл халықтық дәрежеге көтерілген жоқ, тек аймақтық, болмаса одан да шағын көлемде орын алып отыр. Әдетте мұндай нұсқалардың тілінде диалектілік ерекшеліктер жиі кездеседі. Сондықтан бұларды ауыз әдебиетінің жергілікті түрлері деп атауға болады. Мысалы, мына сияқты мақал-мәтелдердің қолданылу өрісі жалпыхалықтық мақал-мәтелдерге қарағанда шағын екенін көреміз: *Қорыққанның көзі кәттә, ақымақтың сөзі кәттә. Қорыққан бұрын мүш көтерер. Әуеде бұлт болса, жерде*

---

<sup>1</sup> Осмон-қини И. А. О языке русского традиционного фольклора // Вопросы языкознания, 1975, № 5, стр. 70.

<sup>2</sup> Жұбанов Е. Эпос елінің өрнектері. Алматы, 1978. 94-бет.

*шерім етік ұртын татпайтады. Біреудің төсін жесең, өзіңнің ұшаңды сайла. Сыйда сықтамақ жоқ. Шалжима, шалжимасыз мал жима. Ас жақсысы — қазанжаппай, сөз жақсысы — ләппай. Тентекке жол берме, екі қолына бел берме т. б.* Бұлардың құрамындағы *кәттә* «үлкен», *мүш* «жұдырық», *шерім етік* «көн етік», *ұша* «екі жамбас үстіндегі қалбағай омыртқа», қырғызда— «арка, бел омыртқа», *сықтамақ* «қыстамақ, зорламақ», *шалжима* «қақпан», *қазанжаппай* «қазанға жауып пісірілген нан, карма», *ләппай* «мақұл, құп болады», *бел* «күрек, темір күрек» оңтүстік, оңтүстік-батыс аудандардың бірқатарында жергілікті ерекшеліктер ретінде қазір де айтылады.

Бірақ бұған қарап ауыз әдебиеті нұсқатарының тілі әрқашан диалектілік сипатта болады екен деп түсінбеу керек. Ауыз әдебиет тілінде қазіргі говорларға тән ерекшеліктермен бірге белгілі бір жерге тән деуге болмайтын сөз қолданыстар, көне тілдік белгілер де аз емес. Бұл — ауыз әдебиетінің жергілікті говорлар дәрежесінде қалмай, жалпыхалықтық сипат алуына байланысты. Мысалы, эпостық жырлардағы *Күшіктейін шыңғыртып. Жібек сынды жеңгемнен. Айтамын айт дегенде арма Жібек. Қарға жүнді қаттасым, Үйрек жүнді оттасым. Қыдыра жалды қыл құйрық. Кейін, балам, қайт сана, Анаң сырың айт сана. Атой беріп жүргенде. Басыр-басыр, басыр-ды, Аққа құлпы жасыл-ды т. б.* жолдардағы көне тұлғалар, идиомалық тіркестер бір кезде жергілікті сипатта болуы мүмкін, бірақ кейін одан айрылып, жалпыхалықтық ауыз әдебиетінің нормалық қолданысына айналған.

Ал ауызекі сөйлеу тіліне келсек, ол да құрамы жағынан бірыңғай емес. Оның кейбір түрі халықтың күнделікті қолданылуында әдеби тілдің ауызша түрімен ұштасып жатса, кейбір түрі жергілікті ерекшеліктермен байланысып жатыр. Мысалы, бірқатар сөзде *т* орнына *д* айтылуы ауызекі тілде де, говорларда да кездеседі, ср. ауызекі тілде: *дүз* «түз», *дізгін* «тізгін», *дүзу* «жүзу», батыс говорларда: *дым* «тым», *дермен* «тиірмен», *дұрбат* «тұрпат». Сөз ішінде *г*, *г* дыбыстарының сақталып қалуы, ср. ауызекі тілде: *сүгірет* «сурет», *жігірма* «жиырма», *құмған* «құман», ал кейбір оңтүстік-батыс говорларда: *егер* «ер» (атқа салатын), *бігіз* «біз», *еге* «ие», *шаңғирақ* «шанырақ» т. б. Батыс, шығыс, жатыс септіктерінің бір-бірімен ауысып айтылуы (*мұғалімге оқыды* — мұғалімнен оқыды, *осы айға қар жауды* — осы айда қар жауды) әрі говорларда, әрі ауызекі тілде кездесіп отырады. Осы тұста орыс диалектологиясын зерттеуге көп еңбек сіңірген акад. Ф. П. Филиннің облыстық (говорлық деген мағынада) және ауызекі қарапайым сөздердің шекарасы жылжымалы, уақыт өткен сайын өзгеріп отырады; тіпті қазіргі тіл

норматарынын тұрғысынан қарағанда облыстық немесе ауызекі қарапайым сөзді толық көз жеткізіп анықтау әрқашан мүмкін бола бермейді деген пікірі ойға оралады<sup>1</sup>. Қазақ тіліндегі бірқатар диалектілік сөздің оны зерттемеген адамдарға ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері болып көрінуі осыдан болса керек.

Ауызекі сөйлеу тілі осындай ерекшеліктерге ие бола отырып, ауыз әдебиет тіліне әсерін тигізіп отырған. Мысалы: *Қашан өлең адыра қалған менен, Білмейтін қандай жансың менің жайым. Күрметім мұндай мінекей, Бар дамбалым басыңа. Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау, Түс түлкінің бөкей дер, Әр неме деп келмеші-ау!* («Қыз Жібек») сияқты жолдарда ауызекі тілге тән қарапайым я тұрпайы сөздер аралас жүр. Ауыз әдебиетінің өзіне тән тілдік ерекшелігі ондағы не түрлі айшықты сөз үлгілерінен ғана емес, қарапайым, дөрекі сөздердің араласып отыратынынан да айқын байқалады. Ауызша шығарылып, ауызша тараған, нормалануы баспа жүзінде емес, табиғи талғам түрінде болып отырған ауыз әдебиетінде ауызекі сөйлеу тілінің элементтері кездесіп отыруы заңды құбылыс. Сөйтіп, бұл айтылғандардың халық тілінің тармақтары болып табылатын ауызша әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер өздерінің шығу тегінде де, одан кейінгі даму тарихында да бір-бірімен үнемі байланыста болғанын және бұл байланыстың халық тілі дамыған дәуірде неғұрлым айқын болғандығын көреміз.

Ұлт тіліндегі жоғарыда айтылған тармақтар шығу тегі жағынан халық тіліндегі тармақтармен бір негіздес, олардың өзара сабақтастығы еш уақытта үзілмеген. Мәселен, осы күнгі әдеби тілдің негізгі саласы көркем әдебиет тілінің бастау көзі ауыз әдебиет тілінде жатқаны белгілі. Сол сияқты қазіргі тілдегі диалектілік сөздер мен ауызекі сөйлеу тілі де бүтіндей жанадан пайда болған құбылыстар емес, бұрынғының сілемі ретінде әдеби тілмен қатар өмір сүріп отыр.

Ал ұлттық тіл тармақтарының өзара қарым-қатынасына келсек, оның халық тілінің тармақтарына қарағанда басқашарак қатынаста екенін байқаймыз. Нормалық белгілері баспа бетінде сұрыптауға негізделген ұлттық әдеби тіл диалектілік сөздер мен сөйлеу тіліне тән сөздерді қатай болса солай қабылдай бермейді. Әдеби тілдің нормалық принциптері тұрғысынан алғанда, диалектизмдер әдеби тілге енуге тиіс емес, себебі олар-

---

<sup>1</sup> Фисин Ф. И. Об областном словаре русского языка // Лексикографический сборник. Вып. II, М., 1957, стр. 5.

дың әдеби тілде жалпыға бірдей түсінікті баламалары бар (*жарын* — келер жыл, *ашық-машық* — есіктің топсасы, *жуалдыз* — тебен ине, *шану* — сену, *ату* — мәсі, *сиықты* — сияқты т. б.). Дегенмен, диалектизмдердің әдеби тілде қолданылатын кездері де болады. Бұл — екі жағдайда іске асады. Біріншіден, белгілі бір ұғымдарды білдіретін сөздер әдеби тілде болмаса, сондай жағдайда оларды говорлардан алып тұрақтандыруға болады. Мысалы, қазіргі қазақ әдеби тілінде мал (көбінесе қой-ешкі) екі төл туса, *егіз* дейміз, ал үш-төрт төл туса, оларды әдеби тілде нақты жеке сөздермен білдіре алмаймыз. Ал Ақтөбе т. б. кейбір облыстарда оларды *үшең/үшем*, *төртең* деп атайды. Бұл сөздер қазір мал шаруашылығына байланысты әдебиеттерде орнығып келеді. Әдеби тілдегі *зембіл*, *арасан*, *жейде*, *атыз*, *жүйек*, *жылым* (аудың бір түрі), ресми тілде жиі қолданылатын *бойынша* (аудан бойынша, облыс бойынша), *егемен*, *ұжым* сияқты сөздердің жайы да осындай. Әдеби тілде жоқ ұғымды білдіретін, лексиканы байытатын кәсіби-диалектілік сөздер қазақ тілінде мол кездеседі. Екіншіден, акын-жазушылар кейде кейіпкерлерін өзіне тән ерекшеліктерімен толық көрсету мақсатында диалектизмдерді әдейі қолданады. Мұның өзі шығарманың тілдік бояуын (колоритін) күшейтудегі тиімді тәсілдердің бірі ретінде қабылданып жүр.

Тіл мәдениеті статусына ие болған әдеби тілге ауызекі тілге тән қарапайым, тұрпайы сөздер де кіруге тиіс емес. Дегенмен, көркем шығармаларда кейіпкер тілінде олар да аз қолданылмайды.

Қорыта айтқанда, қазақтың халық тілі мен ауызша әдеби тілінің, ұлт тілі мен ұлттық әдеби тілінің негізі де, даму сипаты да әуел бастан-ақ демократиялық бағытта болды. Түркі (қазақ) тілдерінің орта ғасырлардағы жазба нұсқаларында араб-парсы үлгілері үстемдік еткенімен, қазақтың ауызша әдеби тілі мен ұлттық жазба әдеби тілінің халықтық қасиетін өзгертіп жіберетіндей, зорлықпен таңылған басқа әдеби тіл үлгісі бізде болған жоқ. Ұлттық тіл дамуындағы демократиялық бағыт осы күнде де оның әлеуметтік негізінің кенеюіне мүмкіндік тудырып отыр.

## §5. Ұлттық әдеби тілдің сипаттамасы

Ұлттық әдеби тіл жоғарыда көрсетілгендей осы күнгі ұлттық тілдің жоғарғы формасы болып табылады. Оның себебі, біріншіден, ұлттық әдеби тіл жазба әдебиеттің негізінде қалыптасқан, сондықтан ол қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі деп аталады. Бұл әдеби тілдің негізі XIX ғасырдың 2-жартысында

баспасөз, жазба әдебиет дами бастаған кезде салынған. Ал оған дейінгі қазақ әдеби тілі жыраулар поэзиясы, халықтық ауыз әдебиеті мен ауызекі сөйлеу тілінің негізінде ауызша дамығандықтан, қазақтың ауызша әдеби тілі деп аталады.

Әдеби тілдің дамып қалыптасуы халық тарихындағы, қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланысты. Мәселен, қазақ әдеби тілінің дамуына өте-мөте әсер еткен тарихи факторлар ретінде қазақтың ұлт болуы, ұлт тілінің қалыптасуы, мемлекеттік жүйе мен экономиканың, оқу-ағарту, ғылым-өнер, баспасөздің дамуы, соның нәтижесінде жалпы халық мәдениетінің, ұлттық сананың көтерілуі т. б. көрсетуге болады.

Әдеби тіл дегеніміз белгілі мөлшерде сұрыпталып, тілдік нормалық бағыты анықталған, қолданылу қызметі әр алуан, стиль жағынан саралануға бейім, тілдің диалектілер мен қарапайым сөйлеу тілінен жоғары тұрған түрі<sup>1</sup>.

Әдеби тілдің негізінде сөз шеберлерінің жөндеуінен, елегінен өткен, солар шығармашылық жолмен дамытқан жалпыхалықтық тіл жатыр. Әдеби тілді жалпыхалықтық тілге бүтіндей қарама-қарсы қоюға болмайды. Әдеби тіл халық тілінің негізінде жасалады. Ол халықтың сөйлеу мәдениетінің зор табысы ретінде қаралады. «Әдеби тіл» мен «Көркем әдебиет тілі» деген ұғымдар бір емес. Әдеби тіл тек көркем әдебиет тілін емес, ғылым, өнер, публицистика, мемлекеттік басқару орындары саласындағы әдебиеттердің жазбаша және ауызша түрлерін түгелдей қамтиды. Сол себепті сөз шеберлері деп тек көркем сөз шеберлері — ақын, жазушыларды ғана түсінбеу керек, оған ғылым, өнер, саяси, қоғам, баспасөз қайраткерлері де жатады. Сөз шеберлерінің басты міндеті халық тілін әдебилендіру процесін басқарып, бағыт беріп отыратындығында. Осы тұрғыдан қарағанда көркем сөз шеберлерінің (жазушылар, ақындар) басқаларға қарағанда көрнекті орын алатыны белгілі.

Өзінен бұрынғы тіл қазынасын сол қалпында пайдаланып қоймай, сұрыптап, тандап, талғап қолдану әсіресе Абай шығармаларында айқын байқалады. Абай сөз қолданудың сөз мағынасын жанғыртудың, жаңа сөз тіркестерін жасаудың тамаша үлгілерін берді. Сөйтіп, Абай ұлттық жазба әдеби тілді нормаландырудың негізін салды. Абай үлгілері одан кейін, әсіресе кенес өкіметі жылдарында, тек көркем әдебиетте емес, қоғамдық өмірдің әр саласына қатысты қазақ баспасөзінде өрістеп, қанат жайып отырды. Бұл процесс әлі жүріп жатыр,

---

<sup>1</sup> Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990, стр. 270.

ешуақытта тоқтаған емес. Қазақ әдеби тілі тарихында Абайдың алатын орны ерекше бағаланатыны осыдан.

Сөз шеберлерінің халық тілін жөндеп сұрыптауы негізінен екі бағытта жүргізіледі.

1. Тілдің ғасырлар бойы табиғи даму процесінде оның ішкі даму заңдылықтары арқылы қалыптасқан жүйелілігіне сүйену. Сөйтіп, жалпыхалықтық сипат алған, өмірге аса қажетті, неғұрлым айқын сөз үлгілерін сұрыптап алу. Оған, мысалы, айтылуы, қолданылуы әбден тұрақты қалыпқа түскен сөздер, фразеологизмдер, жалғаулар мен сөзжасам жүйесі, сөздердің тіркесі, сөйлем құрау жүйесі, үндестік заңы, ықпал заңдары сияқты тұрақтанған жүздеген тіл құбылыстарын жатқызуға болады.

2. Халықтық тіл дәстүрлерін бекіте отырып, сұрыпталып алынған сөз үлгілерін ары қарай жетілдіру, сөйлеудегі, сөз қолданыстағы шашыранқылықты, ретсіздікті жою. Бұл — тілдің әр түрлі деңгейінде жүзеге асырылып отырады.

Мәселен, бірқатар сөз ежелден белгілі халықтық мағыналарында ғана айтылып қоймай, үстеме мағыналарға ие болып, жанарып, жанғырып отырады. Осы күнгі ғылымда, қоғамдық-әлеуметтік өмірде жиі қолданылатын әдеби *түбір*, *шама*, *қун*, *шылау*, *талқылау*, *мүше*, *төңкеріс*, *айдар* (рубрика — баспа термині), *жанкүйер* (спорт термині), *одағай* т. б. сөздерінің мағыналары олардың халық тілінде бұрыннан белгілі мағыналарының негізінде туған, бірқатар сөздің мағынасы халық тілінде нақты шектелмей, жалпылама қолданылып келсе, қазіргі әдеби тілде кейбір дыбыстарын өзгерту арқылы олардың мағыналары дәл бір ұғымға сай нақтыланған: *оқимет* — *үкімет*, *ресми* — *рәсім*, *ғылым* — *білім* — *ілім* т. б.

Сөзжасамның халық тілінде белгілі үлгілері (модельдері) негізінде ұлттық әдеби тіл бірқатар жаңа сөз, сөз тіркесімен толықтырылды: *тәлімгер*, *иегер*, *дәмхана*, *есімнама*, *саяжай*, *көкөніс*, *жергіліктендіру*, *мұздатқыш*, *жолшы*, *баяндаушы* т. б. Бұл сияқты сөздердің құрамын жасап тұрған түбір я негіз, қосымшаларды жеке алып қарасақ, халық тілінде бұрыннан белгілі, олар арқылы жасалған туынды сөздер аз емес, бірақ жоғарыдағыдай сөздер дәл осы құрамда халық тілінде бұрын не өте сирек кездескен, болмаса тіпті қолданылмаған. Мысалы, *дәм* сөзі бұрыннан белгілі, басқа да сөздердің тууына негіз болған: *дәмді*, *дәмсіз*, *дәмдену*, *дәмтүз*, *дәм атқыр* т. б. бірақ = *хана* қосымшасы арқылы одан туған *дәмхана* сөзі қолданылмаған.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі *немқұрайдылық*, *көзбояушылық*, *өзін-өзі басқару*, *өкілетті елші*, *мамандандырылған шаруашылық*,

*ештен де кеш жақсы, балықшы балықшыны алыстан көреді* сияқты аударма тұрақты тіркестер мен мақалдар да хатықтық сөзжасам үлгілері негізінде жасалған.

Әбден көнеріп, халық тілінде өте сирек айтылатын кейбір сөздер: *ғарыш, қалтаурын (қолтырауын)* (крокодил), *кібісе жыл* (высокосный год), *мұшайра, жәдігер (жәдігерлік)* (ертеден қалған мұра, ескерткіш) т.б., болмаса жергілікті жерде қолданылып келген *егемен, кеден, кешен, мөлтек, ұжым, шит, қоза* т.б. сөздер қайтадан жанғыртылып, ұлттық әдеби тіл лексикасына еніп отырады.

Сөйтіп, ұлттық әдеби тілдің қалыптасу процесінде қалай болса солай айтылып, ретсіз қолданылып жүрген сөздердің айтылу нормалары бір қалыпқа түсіріледі. Әдеби тілдің лексикалық нормасына жаппайтын сөз тобы анықталады. Олардың қатарында ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым, тұрпайы, дөрекі сөздерді, әдеби баламалары белгілі диалектілік сөздерді, жаргондық элементтерді, тек белгілі кәсіп-мамандықтарға байланысты тар көлемде қолданылатын жергілікті кәсіби сөздерді көрсетуге болады. Бірақ мұндай сөздердің көркем әдебиетте, әсіресе кейіпкер бейнесін суреттеуде қолданылуы мүмкін. Көркем әдебиет үшін ол суреттеу тәсілдерінің бір түрі болып табылады. Бірақ оған қарап ондай сөздерді әдеби тіл нормасына жатады деп ойламау керек. Ал диалектизмдер мен кәсіби сөздерге келсек, оларды, бұдан бұрын айтылғандай, белгілі бір ұғымның атауы әдеби тілде болмаған жағдайда пайдалануға болады.

Дыбыстық, грамматикалық тұлғалар да тұрақтандырып отыруды, бірізділікті талап етеді. Мысалы, дыбыстық құрамында ерекшелік бар *ұнжырға — онжырға, құдағи — құдағай, бәйге — бәйгі, егер — әгер, ерегес — ерегес, жұдырық — жұмырық, сурет — сүгірет, жиырма — жігірма, айқара — айқыра, дөп — топ* т.б. жарыспа сөздердің алғашқы сынарлары әдеби норма ретінде қабылданды. Әдеби тіл грамматикасында, мысалы, кез келген етістік өздік етіс тұлғасында қолданыла бермейді: *киіну, сүйіну, салыну, тарау* т.б. деуге болады, бірақ кейбір говорлардағыдай *оқыну, болыну, шығыну, келіну* деп айтылмайды. Көмектес септігінің жергілікті-*мынан/-бынан/-пынан*, оның қысқарған түрі *-ман/-бан/-пан* тұлғалары, ертеректегі жазба нұсқаларда қолданылған *бірлән, бірлә, билә* тұлғалары, ауызекі сөйлеу тіліндегі *-менен/-бенен/-нен* тұлғалары орнына қазіргі әдеби тілде норма болып *-мен/-бен/-пен* тұлғалары орныққан. Әдеби варианттары анықталған бұл сияқты тұлғалар қазақ тілінде аз емес.

Қазақтың ұлттық тілі мен ұлттық әдеби тілінің қалыптасу кезені мезгілдес болғандықтан, ұлт тілінің дамып жетілуі, сай-

ып келгенде, ұлттық әдеби тілді, оның нормалық белгілерін, стильдерін жетілдіріп саралау болып табылады. Бұл процесс тілдің үлкенді-кішілі категорияларының бәріне де қатысты. Сөзжасам арқылы сөздік құрамды жаңа сөздермен үнемі толықтырып отыру, терминдерді қалыптастыру, кірме сөздердің қолданылуын реттеу, жазу мен сөйлеу мәдениетін көтеру, әр түрлі айтылып жүрген сөздер мен сөз тіркестерін бір қалыпқа келтіру — бәрі де әдеби тіл нормаларын жетілдіруде маңызды мәселелер болып табылады.

Сөйтіп, тіл нормасы деп тіл элементтерінің қоғамдық жұртшылық тарапынан қолдау тауып, саналы түрде реттелуі нәтижесінде бірізді, тұрақты сипатқа ие болатын, қолдануға ықшам ережелерінің жиынтығын айтамыз.

Сөздің айтылу, жазылу, қолданылу жағынан нормалануы әдеби тілдің жеке деңгейлерінде, соларға қатысты тіл заңдылықтарының зерттелуі мен реттелуінің нәтижесі болып табылады. Мысалы, ойымызды қағаз бетіне түсіруде сөзді дұрыс жазудың нормалық белгілері қазақ тілінің емле ережелерінде көрсетілген; сөзді дұрыс, орнымен қолданудың нормалық көрсеткіштері белгілі дәрежеде — түсіндірме, орфоэпиялық, фразеологиялық, аударма, терминология, синонимдік т.б. сөздіктерде берілген; сөз тұлғаларының, сөз тіркестері мен сөйлем жүйесінің нақты нормалық үлгілерін нормативтік грамматиканың морфология, синтаксис бөлімдерінен көруге болады. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде әр сөздің тура және ауыс мағыналары, тұрақты сөз тіркестерін жасаудағы қызметі ашып көрсетілген және ол жазба нұсқалардан алынған мысалдармен дәлелденіп отырған. Сөздің осылайша жан-жақты талдануын тек оған берілген түсінік деп қарамай, әрі сөздің қолданылу нормасы ретінде тану қажет. Тағы бір мысал. Қазақ тілі грамматикаларында көсемше және оны жасайтын жұрнақтардың үш түрлі (-а, -е-й, -ып-іп-п, -ғалы-гелі) екені жайында айтылғандарға тек грамматикалық категорияға берілген ереже-я түсінік тұрғысында қарамай, әрі осы категорияның қазіргі әдеби тілдегі нормалық қалпын танытатын көрсеткіштер ретінде қарау керек. Өйткені, тіл тарихында көсемшені жасайтын басқа да тұлғалар болған /-у/-ү/-ы, -паң/-пен, -ыбан/-ібен, -мадың/-мазың/-майың, -ғайы/-гейі т. б.), бірақ бұлар қазіргі қазақ әдеби тіліне, оның нормалық қолданысына тән емес. Сөйтіп, ірілі-уақты категориялар жайында осы күнгі грамматикаларда берілген түсініктер, ережелер әрі солардың қазіргі қолданудағы нормалық қалпын білдіреді.

Қазіргі әдеби тілдің қоғамдық қызметінің артып, қолданылу аясының кеңеюіне байланысты көркем әдебиет стилі, ғылы-

ми стиль. публицистикалық стиль, ресми-іс қағаздарының стилі қалыптасты. Техникалық әдебиеттер стилі туып келе жатыр.

Сөйтіп, әдеби тілдің нормалану процесі, оның дыбыс жүйесімен, лексикасындағы, стилистикасы мен грамматикасындағы категориялар мен құрылымдардың қалыптасуындағы тұрақтылықпен, бірізділікпен байланысты, яғни нормалық белгілер дыбыстық құрылыстан бастап күрделі сөйлемдік құрылымға дейін қамтиды. Әдеби тілдің нормалану процесін толық аяқталды деуге болмайды, ол әлі толығы, жетілу үстінде. Әдеби тілдің қалыптасқан нормаларының болуы оның халықтық ауызекі сөйлеу тілінен, диалектілерден айырмасын көрсетеді. Бұған қарап халықтың қарапайым тілінде, диалектілерде ешқандай қалыптасқан сөз үлгілері болмайды екен деп ұқпау керек. Тіл қандай дәрежеде, қандай күйде болса да, белгілі нормаға, тілдік дәстүрге, заңдылыққа ие болатыны белгілі. Бірінші айырмасы — бұл нормалар мен тілдік үлгілердің қалай қалыптасатындығында. Әдеби тіл нормалары болса, сөзді, грамматикалық тұлғаларды сөз шеберлерінің саналы түрде сұрыптауының, өз елегінен өткізіп жөндеуінің нәтижесінде қалыптасады. Сол себепті әдеби тілдің дамуындағы елеулі кезеңдер, бетбұрыстар көркем сөз шеберлерінің есімімен, белгілі дәуірде баспасөздің дамуымен байланыстырылады. Ал халықтың қарапайым тіліндегі, диалектілердегі сөз үлгілерін алсақ, ол — саналы түрде сұрыптаудың, жөндеудің негізінде емес, тілдің ішкі заңының ғасырлар бойы өз дамуы нәтижесінде қалыптасқан. Әрине, бұған қарап, әдеби тіл нормалары тілдің ішкі даму заңына байланыссыз, одан тыс құбылыс деп ойлауға болмайды. Әдеби тілдің негізін салушылар, сондай-ақ оны дамытушы сөз шеберлері — жазушылар, ғылым, өнер, қоғам қайраткерлері — әдеби тілді қалыптастырғанда тілдің ішкі даму заңын, дәстүрін негізге алады, оның жалпыхалықтық болуын көздейді.

Әдеби тіл нормаларының ауызекі сөйлеу тілі мен диалектілік сөз үлгілерінен екінші айырмасы — әдеби тіл нормаларының тұрақтылығына байланысты, ол — нормалық тіл элементтерінің айтуда, жазуда қатаң сақталуын талап етеді. Ал сөйлеу тіліндегі, диалектілердегі сөз үлгілері берік сақталынбайды, оларда дыбыстық, лексикалық, грамматикалық ауытқулар кездесе береді. Мысалы, әдеби тілдегі *және, балалар, жүз* деген сөздер ауызекі сөйлеуде — *жана, жәнәненші, жәки, балдар, баллар, баладар, дүз* болып айтылады.

Әдеби тілдегі *шылапшын//леген* сөздерінің қазақ тілі говорларындағы айтылуында тұрақтылық жоқ, әр жерде әр түрлі айтылады: *жам, кірлен, ләгән, шылаушын, шіләужін, чылау-*

*жын, чіләужін, шылауыш, дас, дағара.* Ср. әдеби *инағаш* — говорларда *суағаш, мойынағаш, әпкіш, күйенте, құрамыс* т.б.

Әдеби тіл нормалары қатып қалған, өзгермейтін, дамымайтын құбылыс емес. Ол үнемі дамып, жетіліп отырады. Бұған мысал ретінде қазақтың қазіргі әдеби тіліне дейін өзіндік нормалары бар ауызша әдеби тілі, жазба әдеби тілдің ертеректегі нұсқалары (кітаби тіл) болғанын айтса да жеткілікті. Тіпті қазіргі қазақ әдеби тілі нормаларының қалыптасуына көз жіберейік. Көркем әдебиет негізгі арқауы болған қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары Абай заманынан бері қарай қаншама жетіліп сұрыптатудан, екшелеуден өтті. Мысалы, *үшін* деген шылау сөзбен тіркесетін сөздердің Абай заманындағы қолданылуы қазіргімен бірдей емес: *«Жауып тұрсын үшін қабақ беріпті... қаға берсін балсын үшін кірпік беріпті»*. *«Ықыласпен оқып ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың толады»* деген сөйлемдердегі қарайтытып берілген тіркестер Абай заманындағы баспасөз үшін нормалық белгі болғанымен, қазіргі кезде әдеби тіл нормасына жатпайды.

Әдеби тілді дамытудағы, жетілдірудегі жаңалықтар ең алдымен тіл дамуының ішкі заңына сай болуы керек, сонда ғана олар жалпыхалықтық бола алады. Мысалы, *әдеби, мәдени, саяси* сөздерінің үлгісімен туған *аспани* (әлем), *сыни* (енбек), *адами* (ақ жүрек) сөздері әдеби тілде қалыптаса алмады. *Берермен, аларман* үлгісімен туған сөздерден *көрермен, оқырман* әдеби тілге қабылданды да, *сынарман, жазарман, жүрермен* т.б. кіріге алмады.

Әдеби тіл нормаларының қалыптасу жолын, тарихын білудің мектеп мұғалімдері үшін практикалық маңызы бар. Оқушылардың тіл мәдениетін арттыру — мектептің оқу-тәрбие ісіндегі мәні зор игілікті істердің бірі. Ал тіл мәдениетін арттыру дегеніміз әдеби тіл нормаларын сақтаумен, яғни сөйлеу, жазу үстінде сөздерді, грамматикалық тұлғаларды, сөйлемдерді жалпыхалықтық үлгіде дұрыс қолдана білумен байланысты. Бұл іске — тек тіл, әдебиет мұғалімдері емес, бүкіл мектеп ұжымы болып, ат салысуы қажет.

## § 6. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл

Қазақ тілі Қазан төңкерісіне дейін тек халықтың ауыз әдебиетінде, тұрмыс және от басында ауызекі тіл дәрежесінде кең қолданылғаны болмаса, оның мемлекеттік тұрғыдан алғандағы қызметі жоқтың қасы болды, баспасөз бетіндегі өрісі де өте тар болғаны белгілі. ХІХ ғ. 2-жартысы мен ХХ ғ. басындағы көркем әдебиет өкілдерінің аздаған шығармалары

болмаса, патшалық Ресейдің отаршылдық заманында мемлекеттік заң, құжаттар қазақ тілінде жазылмайтын. Ол кезде мемлекеттік мәні бар мәселелер ортаазиялық түркі жазба дәстүріндегі қазақтың ескі жазба әдеби тілінде (татар тілінің ықпалы тиген шағатай тілі, жазба тіл болғандықтан зерттеушілердің бірқатары оны «кітаби тіл» деп те атайды) жазылатын. Бірақ оның қолданылу аясы кең болмады, тек жеңіл-желпі іс қағаздарында, ел билеушілердің өзара немесе патша әкімдерімен жазысқан хаттарында, оларға жазған арыз-хабарламаларында, өткен ғасырдың 2-жартысы мен үстіміздегі ғасырдың басындағы баспасөзде, кейбір көркем әдебиет өкілдерінің («кітаби ақындар») шығармаларында қолданылды.

Қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беру туралы мәселе Кеңес өкіметі жылдарында бірнеше рет көтерілгені белгілі. Бірақ бұл мәселе жайында әр кезеңде әр түрлі көзқарас болды. 1920 ж. Қазақ АССР-і кеңестерінің бірінші құрылтай съезінде республикадағы әр ұлт барлық мекемелер мен мектептерде ана тілін қолдануда тең құқылы деген шешім қабылданды. Оның қазақ тіліне де қатысы бар еді. 1924 ж. Қазақстанның бірінші Конституциясында қазақ және орыс тілдері республикада мемлекеттік тіл болып танылды. 1938 және 1978 жылдарда қабылданған Қазақстан Конституцияларында мемлекеттік тіл жайында ашып еш нәрсе айтылмаған. Тек 1989 ж. қабылданған Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңында, одан кейін Қазақстан Республикасының 1993 және 1995 жылдарда қабылданған жаңа Конституциясында қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді. Сонымен бірге Тіл заңында қазақ тілі мемлекеттік қамқорлыққа алынатыны атап көрсетілді.

Қазақ тілінің мемлекеттік статусқа ие болуының және оның іс жүзіне асуының ең басты кепілі — Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде өзіндік тіл саясатын жүргізуіне мүмкіндік алуы болып табылады. Тіліміздің мемлекеттік дәрежеге ие болуы — тәуелсіздігіміздің басты нәтижесі, оны қоғамның рухани жанаруына, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру талабына сай өмірдің өзі туғызды. Бұл туралы 1990 жылғы мемлекеттік бағдарламада былай делінген: «ССРО-дағы басқа да көптеген ұлт тілдері сияқты қазақ тілі сонғы ондаған жылдар ішінде қазақ халқының тарихи Отаны болып табылатын республика территориясында іс жүзінде толық праволы тіл болудан қалды. Оның азып-тозуының және бірте-бірте жойылуының, сонымен бірге халықтың ұлттық мәдениетінің жойылуының нақты қатері туды.

Жеткіншек ұрпақ, интеллигенция арасында қазақтың ана тілін елеуі кеңінен таралды, оны өмірдің әр түрлі салаларын-

да пайдалану жөніндегі қажеттілік төмендеді, мұның бәрі тілдік ортаның жойылуына, халықтың адамгершілік дәстүрлерінің бұзылуына, ана тілін білмейтін, рухани қазыналардан шеттетілген жаңа ұрпақтардың пайда болуына, қазақ жастарының бір бөлігінің өзін кемшін сезінуіне апарып соқтырды»<sup>1</sup>.

Шынында қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеге ие болуы республикада оны білудің қажеттілігінен туатын объективті жағдайларға барып тіреледі. Әлеуметтік тіл білімінің белгілі зерттеушісі Б. Хасановтың пікірінше, ондай қажеттілікті туғызып отырған себептер мынадай: 1) қазақтардың республикада үлес салмағының басым болуы және оның соңғы жылдарда үздіксіз өсіп отыруы. Мысалы, 1959 ж. қазақ халқы республика тұрғындарының 30 проценті болса, 1992 ж. 42 процентін құрап отыр; 2) республиканың барлық жерінде азды-көпті қазақ тілді ортаның қалыптасуы; 3) көп ұлтты ауыл-село тұрғындарының тең жартысынан астамы қазақтар болғандықтан, қазақ тілінің ұлтаралық қатынаста жұмсалуды; 4) қазақтардың ТМД республикаларында көп екені, ондағы жүзден астам ұлт пен ұлыс ішінде бесінші орын алатыны (қазақ тілі кіретін түркі тілдері ТМД республикаларында славян тілдерінен кейінгі екінші орында); 5) қазақ тілі ғылыми тұрғыда зерттелген, сөйлеушісі көп тілдердің бірі екендігі. Қазір дүние жүзінде 5651 тіл болса, қазақ тілі соның ішінде сөйлеушісінің саны жағынан алғашқы 70 тілдің санатында екені<sup>2</sup>; 6) қазақ тілін білу қазақтар саны жағынан басым көп ұлтты аймақтарда өзге ұлт өкілдері үшін аса қажет екендігі; 7) қазақ тілінің қоғамдық қызметінің ауқымы уақыт талабына сай кеңейіп бара жатқандығы. Сонымен бірге қазақ тілін білу қажеттілігінің себептерін өлі де нақтылау керектігі ескертіледі<sup>3</sup>.

Қазақ тілін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі деп конституциялық дәрежеде тану оның мемлекеттік орындарда, қоғамдық орындарда, ғылым, білім, мәдениет, денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету салаларында, радио, теледидар, мерзімді баспасөз сияқты бұқаралық құралдарда кеңінен қолданылуын талап етеді.

Қазіргі кезде қазақ тілі азды-көпті қолданылатын мынадай

---

<sup>1</sup> Қазақ тілі және Қазақ ССР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Ана тілі, 1990, шілденің 5-і, № 16.

<sup>2</sup> Демограф-ғалым Макаш Тәтімовтың мәліметі бойынша 1994 жылдың аяғында Қазақстан Республикасында мекендеген қазақтың саны 7.777.774 адам болмақ. Ал әлемдегі барша қазақтың саны 1994 жылдың ортасында 11,5 миллионға толмақшы. — «Ана тілі» газеті, 1994, 5-мамыр, № 18.

<sup>3</sup> Хасанов Б. Ана тілі — ата мұра. Алматы, 1992. 203—204-беттер.

салатарды көрсетуге болады: қоғамдық саяси өмір (мемлекеттік басқару жүйесі, заң орындары т. б.), кәсіподақ, халық ағарту (бала бакша, мектеп, жоғары оқу орындарының кейбір факультеттері мен бөлімдері т. б.), ғылым (қоғамдық ғылымдар), көркем әдебиет, мәдениет (театр, кино, саз, көркем өнер ұжымдары т. б.), бұқаралық қатынастар (радио, теледидар т. б.), мерзімді баспасөз, ақпарат (жарнама, хабарландыру т. б.), ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, өндіріс орындары, құрылыс, байланыс, транспорттың жекелеген салалары, тұтынуға байланысты қызмет ету, дін, тұрмыс және отбасы.

Ал қазақ тілі мына сияқты салаларда қолданыс таппай келеді: сыртқы қатынас, табиғи және техникалық ғылымдар, өнеркәсіп, өндіріс орындарының көптеген салалары, қарулы күштер, ғарышкерлік, медицина, фармацевтика т. б. Қазіргі кезде осы салалардың бірқатарында оның қолданылу мүмкіндігі бар екені байқалып отыр. Мысалы, табиғи, техникалық, медициналық ғылымдарда аударма әдебиеттермен бірге төл туындылар пайда бола бастады.

Бірақ қазақ тілінің қоғамдық қызметінің көлемі толық анықталған жоқ. Қазақстан үкіметінің 1990 жылы қабылдаған бағдарламалық құжатында: «Қазіргі кезде кез келген тілдің қалыпты қолданылуы үшін қажетті 50 әлеуметтік функциядан қазақ тілі іс жүзінде тек 10-ға жуық функцияны ғана іске асыруда», — деп көрсетілген<sup>1</sup>. Б. Хасанов қазақ тілі Қазақстанда қоғамдық-әлеуметтік өмірдің 15 негізгі саласында және 57 қосалқы саласында небәрі 72 салада қолданылатынын, бірақ әр саладағы қолданылу дәрежесі әр түрлі екенін айтады<sup>2</sup>.

Қазақстанның жана Конституциясының 7-бабында мемлекеттік мекемелер мен өзін-өзі басқаратын жергілікті ұйымдарда орыс тілі қазақ тілімен бірдей қолданылатыны, сонымен бірге Қазақстан халықтары тілдерін үйрену және оларды дамыту үшін жағдай жасауға мемлекет қамқорлық ететіні ашып айтылған<sup>3</sup>.

Тіл туралы Заңның, әсіресе қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесінің іс жүзінде көтерілуіне кедергі келтіретін қиындықтар аз емес. Сол себепті Тіл туралы Заңды күшіне келтіру туралы Қазақстан үкіметінің Мемлекеттік бағдарламасы толық орындалмай келеді. Тіл Заңын жүзеге асыру үшін 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамы, 1993 жылы Қазақстан үкіметі жанынан Тіл комитеті құрылды.

<sup>1</sup> Қ : Мемлекеттік бағдарлама // Ана тілі, 1990, шілденің 5-і, № 16.

<sup>2</sup> Хасанов Б. Ана тілі — ата мұра, 177-бет.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995.

## § 7. Қазақ тіл білімінің зерттелу тарихына шолу<sup>1</sup>

Қазақ тілінің зерттелу тарихы жалпы түркі тілдерінің зерттелуімен байтанысты. Түркі тілдерінің зерттелуі нәтижесінде түркітану ғылымы пайда болды. Қазақ тіл білімі түркітану ғылымының бір саласы болып табылады. Түркітану түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, этнографиясын зерттейтін гуманитарлық ғылымдардың жиынтығы болып табылады<sup>2</sup>. Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың басым көпшілігі бір кездегі Ресей империясына қарағандықтан, түркітанудың алғаш пайда болған жері, Отаны Ресей болып табылады. Ал жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан кезі ХІХ ғасырдың 2-жартысы. Қазіргі кезде түркітану негізінен түркі тілдері мен әдебиетін зерттейтін филологиялық ғылым ретінде сараланды.

Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің аса маңызды көздері — Орхон-Енисей, көне ұйғыр жазба ескерткіштері, орта-ғасырлық араб, парсы, түркі ғалымдарының еңбектері және ХVІІІ ғасырдан бергі Батыс Еуропа мен орыс ғалымдарының зерттеулері болып табылады. ХІХ ғ. дейінгі еңбектерде түркі тілдері даралана зерттелуден гөрі жалпы түркі тілдерімен немесе оның жеке топтарымен (оғыз, қыпшақ, қарлық т. б.) практикалық түрде танысу негізінде оларға тән заңдылықтарды анықтау, салыстырмалы сөздіктер жасау, шағын грамматикалық очерктер жазу дәрежесінде болды. Сөйтіп, ХVІІІ ғ. 2-жартысында Ресейде түркітану ғылымының негізі салынды. Бұл кезде Мәскеу, Петербург, Қазан қалаларында оның ірі орталықтары қалыптасып, А. Қазамбек, О. Бётлинг, И. Н. Березин, Л. З. Будагов, Н. И. Ильминский сияқты түркітанушылар түркі тілдерін теориялық тұрғыда зерттеуге ден қойды.

ХІХ ғ. 60-жылдарынан бастап түркі тілдерінің қай-қайсысы болсын зерттеу объектісіне айналумен бірге, бір-бірімен жүйелі түрде салыстырылып отырды. Көне және орта түркі жазба ескерткіштерінің түркі тілдеріне генетикалық, құрылымдық қатысы анықталып, түркі тілдерін жіктеуге зор мән берілді.

---

<sup>1</sup> Бұл тақырыпқа шолу А. Н. Кононовтың «История изучения тюркских языков в России». Дооктябрьский период. Изд. второе, дополненное и исправленное. Ленинград, «Наука», 1982; Н. А. Баскаковтың «Введение в изучение тюркских языков», М., 1962; «Қазақ совет тіл білімінің дамуы», Алматы, «Ғылым», 1981; Т. Қорлабаевтың «Түркология ғылымының даму тарихына оқу құралы», Қарағанды, 1985; соңікі. «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары», Алматы, «Мектеп», 1987; Ш. Ш. Сарыбаевтың «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші», Алматы, «Ғылым», 1—6 бөлімдер деп аталатын еңбектеріндегі материалдар негізінде жазылды.

<sup>2</sup> Лингвистический энциклопедический словарь, М. 1990, стр. 525.

Сөйтіп, XIX ғ. 60-жылдарынан бастап түркітану жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Оған сол кездегі Петербург мектебінің көрнекті өкілдері В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский т. б., XX ғ. басындағы Мәскеу, Казан мектептерінің көрнекті өкілдері В. А. Гордлевский, А. Н. Самойлович, С. Е. Матов, Н. Ф. Катанов, Н. И. Ашмарин, В. А. Богородицкий т. б. зор үлес қосты. Олар бірқатар жалпытүркілік сөздіктер мен күрделі зерттеулер қалдырды.

XVIII—XIX ғғ. Орал-Алтай тіл білімінің дамуына байланысты түркітанушылық проблемалар Батыс Еуропа ғалымдары Т. Страленберг, В. Шотт, И. А. Кастрен, Г. И. Рамstedт, В. Томсен т. б. еңбектерінде зерттелді.

XX ғасырда бұрынғы КСРО-дағы түркі тілді республикалар мен облыстарда шығыстану ғылымының озық дәстүрлерін сақтай отырып, түркітануды дамыпқан ғылыми орталықтар пайда болды. Олардың шетелдік түркітанушылармен халықаралық байланысы күшейді. Кеңес дәуірінде КСРО-дағы түркі халықтары тілдерінің алғашқы ғылыми грамматикалары, әр түрлі сөздіктері шықты. Барлық түркі тілдерінің диалектілері мен говорлары зерттеліп, олардың тілдік ерекшеліктері сипатталды.

Түркі тілдерінің зерттелуіне байланысты жоғарыдағы шолуда айтылғандардың қазақ тілінің зерттелу тарихына тікелей қатысы бар. Сол себепті қазақ тілінің зерттелуі төмендегідей үш сатада қаралады:

1. Орта ғасырлардағы араб ғалымдарының зерттеулері.
2. Ресей және Батыс Еуропа түркітанушыларының зерттеулері.
3. Қазақ тіл білімінің Кеңес дәуірінде зерттелуі.

## **§ 8. Орта ғасырлардағы араб ғалымдарының зерттеулеріне шолу**

VII—VIII ғғ. бастап арабтар Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік аудандарын жаулап алғаны тарихтан белгілі. Арабтар өздері жаулап алған түркі халықтары арасына X ғ. ислам дінін таратып, олардың тарихын, тілін зерттей бастаған. Зерттеушілердің ішінде араб ғалымдарынан басқа Аравияда білім алған түркі нәсілді атакты ғалымдар да аз болмаған. Араб ғалымдарының түркі тілдері жайындағы еңбектері XI—XV ғғ. арасында шыққан.

Ол еңбектер негізінен түркі тілдерінің салыстырмалы сөздіктері, шағын грамматикалық очерктер түрінде жарық көрген. Олардың бірқатары қазақ тілі кіретін қыпшақ тобындағы тілдер жайында болды.

Орта ғасырлардағы түркі халықтары және олардың тілдері жайында аса бағалы мағлұматтар Қашқарда туған, түркі нәсілдес Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) деп аталатын еңбегінде (1073–74) берілген. Сөздікте сол кездегі көптеген түркі халықтары мен тайпаларының тарихы, әдебиеті, әдет-ғұрпы, тілі, қоныстануы жайында құнды мәліметтер берілген. Сөздікте түркі тілдерінің 31 бұтағынан (диалектілерінен) он мыңға жуық сөз, сөз тіркестері арабшаға аударылып, жан-жақты талданған, 300-ге жуық ауыз әдебиет үлгілері, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер берілген.

Автор түркі тектес тілдердің туыстығын анықтап, оларды салыстырмалы әдіс негізінде генеологиялық тұрғыда жіктеудің алғашқы үлгісін жасаған. Қыпшақ, оғыз т. б. тілдердің дыбыстық құрамын салыстыра отырып, негізгі ерекшеліктерін, сәйкестіктерін, алмасу заңдылықтарын ашқан. Мысалы, оғыз және қыпшақ тілдерінде сөз басында *й~дж*, *м~б*, *т~д*, басқа орындарда *к~х* алмасып келетінін, қыпшақ тілдерінде *ч* орнына осы күнгі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегідей *ш* айтылатынын көрсеткен<sup>1</sup>. Орта Азия, Қазақстан жеріндегі түркі тілдерінің тарихи диалектологиясы, сөйлеу тілі туралы құнды материал қалдырған. Сөзжасам, сөз түрлендіруші қосымшаларға байланысты қыпшақ тілінікі деп келтірілген морфологиялық тұлғалар қазақ тіліне де тән.

М. Қашқари сөздігінің үш томы — 1915—1917, 1939—1943 жылдары түрік тіліне, 1960—1963 жылдары өзбек тіліне, 1980 жылдардың басында ҚХР-да ұйғыр тіліне аударылып қайта басылған.

Қыпшақ-оғыз тілдеріне қатысты салыстырмалы сөздіктердің бірі — «Китаб тарджуман фарсы уа түрки уа моғоли» (Парсыша, түркіше және монғолша үйренуге жетекші құрал). Оның авторы (Стамбұл ғалымы Әдхем Хатиль-бейдің анықтауынша). Ибн аль-Муханна. Орыс түркітанушысы П. М. Мелиоранский бұл еңбекті алғаш зерттеп, ол туралы «Араб филолог о турецком языке» (СПб, 1910) деген еңбек жазған. Ибн Муханна сөздігінің жазылған жері, уақыты туралы нақты дерек жоқ. Автордың айтуынша, оның еңбегінде үш диалектінің — түркістан, түрікмен және «өз еліндегі түрік диалектісінің» ерекшеліктері камтылған. П. Мелиоранскийдің пайымдауынша, оның «өз еліндегі түрік диалектісі» деп отырғаны — көне азербайжан тілі. Ал Түркістан диалектісі деп Түркістан өлкесінде тұратын түркілердің тілін айтуы мүмкін. А. Кононов Ибн Муханнаның

---

<sup>1</sup> Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков, М., 1962, стр. 132.

сөздігін XIV ғ. қыпшақ-оғыз әдеби тілінің аралас түрін білдіреді деп есептейді<sup>1</sup>.

Араб тілінің белгілі маманы Абу Хайианның 1312 ж. Каирда шыққан «Китаб-ал-идрак-ли-л-исан ал-атрак» (Түркі тілдерінің түсіндірме кітабы) еңбегінің түркі тілдерін зерттеуде алатын орны ерекше. Автор араб тілінің үлгісіне сай түркі тілдерінің лексикасын, морфологиясы мен синтаксисін жан-жақты қарастырған. Ол үшін түрікмен тілі мен қыпшақ тілдерінің материалдарын салыстырып отырған. Енбектің сөздік бөлімінде 3000-нан аса қыпшақ сөзі берілген. Абу Хайиан жазбасын зерттеген М. Мәженованың пікірінше, ол сөздердің басым көпшілігі дыбыстық құрамы жағынан да, мағынасы жағынан да қазақ тілі сөздеріне өте жақын. Фонетика саласында түркі тілдеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарға, олардың қолданылу заңдылықтарына тоқтаған. Енбектің морфология бөлімінде есімдер мен етістіктер, сөз мағынасының жасалу жолдары, түбір мен қосымшалар, олардың түрлері, қызметі жайында түсінік беріледі. Т. Қордабаев Абу Хайиан зерттеуін «өз заманындағы түркітанушылық еңбектердің қай-қайсысынан болса да көп ілгері кеткен, араб үлгісіне сүйене отырып, түркі тілдерінің біртұтас грамматикалық жүйесін жасауға тапталған елеулі еңбек», — деп бағалайды<sup>2</sup>.

Қыпшақ тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) тарихына катысты ескерткіштер ретінде көне Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хикмет» (Даналық нақылдар жинағы — XII ғ.), «Мухаддимат ал-адаб» (Әдебиетке кіріспе — XII ғ.), Ибн Муханнаның жоғарыда айтылған еңбегі т. б. шығармаларды; Алтын Орда дәуірінде жазылған «Хусрау уа Шірін» (XIV ғ.), «Неһжул-ферадис» (XIV ғ.), «Гүлістан» (XIV ғ.), «Мухаббатнама» (Махаббат жыры — XIV ғ.) т. б. шығармаларды айтуға болады.

Бұл ескерткіштер оғыз, қыпшақ аралас тілдерде жазылған. Олар пайда болған жеріне қарай бірде оғыз тілінің, бірде қыпшақ тілінің негізінде жазылатын болған. Мәселен, оғыз-қыпшақ аралас тілде жазылған деп саналатын «Хусрау уа Шірін» поэмасын А. Ибатов морфологиялық жағынан зерттей келе, онда қыпшақтық тіл негізі басым екенін көрсетеді<sup>3</sup>.

---

<sup>1</sup> Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Ленинград, 1982, стр. 217.

<sup>2</sup> Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму тарихы. Алматы, 1987, 15-бет.

<sup>3</sup> Ибатов А. Күтбін «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғ.). Алматы, 1974, 17—18-беттер.

Сөйтіп, бұл шолудан орта ғасырлардағы араб дәстүрінде жазылған түркітанушылық ескерткіштерде қыпшақ тілдері туралы құнды дерек сақталғанын, олардың қазақ тілінің тарихына тіліне тікелей қатысы бар екенін байқаймыз.

### § 9. Ресей және Батыс Еуропа түркітанушыларының зерттеулеріне шолу

Қазақ тілі кіретін қыпшақ тобындағы түркі тілдері жайында материалдар, мәліметтер орыс тарихында көне замандардан-ақ белгілі. А. Н. Кононов ескі қолжазбаларда көп кездесетін кірме сөздерге орысша түсініктер беріліп отырғанына қарап, сөздік жасау тәжірибесі орыста ХІ ғасырдан бұрын болған деген пікірді қостайды. Осындай лексикографиялық тәжірибенің алғашқы үлгілері ретінде «Се татарский язык» және «Толкование языка половецкого» деп аталатын екі сөздікше болғанын көрсетеді<sup>1</sup>.

Шығыс славяндардың қыпшақтармен қарым-қатынасы ХІІІ—ХV ғасырларда монғол үстемдігі және Алтын Орда заманында бұрынғыдан да күшейе бастады. Бұған орыс патшасы мен Алтын Орда хандарының өзара жазысқан хаттары, дипломатиялық қатынастарда аудармашы-тілмәштері болғаны дәлел бола алады.

Бірінші Петр заманында Сібірді, ондағы түркі халықтарының тілдерін зерттеу жолға қойыла бастады. 1725 ж. Петербург Ғылым академиясы құрылған соң, бұл бастама жүйелі сипат алды, Еділ, Каспий бойындағы, Орал, Сібір, Орта Азиядағы түркі халықтарының тарихын, қоныс, тұрмыс жайын, тілі мен әдебиетін зерттейтін арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. 1787 ж. академик П. С. Палластың (1711—1811) басқаруымен «Барлық тілдер мен наречиялардың салыстырма сөздігі» деп аталатын 4 томдық еңбек (1790—91) шыққан. Онда 19 түркі тілі мен наречіесінен лексикалық материал қамтылған. А. Н. Кононов осы сөздікте қазақ сөздері берілгеніне қарап, басқа көптеген түркі тілдері сияқты қазақ тілінің зерттеу объектісіне айналуы ХVІІІ ғ. ІІ-жартысынан басталады деп есептейді<sup>2</sup>.

Палластың сөздігіне кірген қазақ тілінің сөздері одан бұрын жиналған материалдардан алынған. Олар 1774 ж. жасалған «Орысша-қыргызша (қазақша — Ғ. Қ.) сөздік», 84 беттік қол-

<sup>1</sup> Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Ленинград, 1982, стр. 22—27.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, стр. 270.

жазба; 1780 ж. Омскіде Лютер жазған «Орысша-қырғызша (қазақша — F. K.) сөздік»; 1780—1781 ж. М. Бекчурин құрастырған «Орысша-арабша-парсыша-мишерше-қырғызша (қазақша — F. K.)-хиуа-бұқарша глоссарий» т. б.<sup>1</sup> А. Н. Кононов қазақ тілі туралы XVIII ғ. соңғы кезінде жиналған бірқатар қолжазба материал Ф. П. Аделунгтың (1768—1843, белгілі неміс ғалымы И. Х. Аделунгтың жиені) архивінде сақталғанын көрсетеді<sup>2</sup>.

Көне қыпшақ (половец) тілін зерттеудегі көрнекті ескерткіш «Кодекс куманикус» (Құмандардың кітабы) болып табылады. Оны 1294—1295 жылдары Италиядан Қырымға қоныс аударған келімсектер жасаған. Сөздікті итальяндық көпестер мен католик миссионерлер өз мақсаттары үшін пайдаланған. Сөздік 1303 ж. Еділдің төменгі бойындағы Сарай қаласындағы католиктер монастрінде қайта көшіріліп жарық көрген, екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімі — латынша-парсыша-құманша сөздіктен, екінші бөлімі — діни уағыздамалардан, інжіл үзінділерінен тұрады.

«Кодекс куманикустың» тілі жайында әр түрлі пікір болды. Кейбір ғалымдар оны Қырым мен Солтүстік Кавказдағы жаңа қыпшақ тілдерінің (Қырым татарлары, караим, құмық, карашай-балқар) тегіне жатқан тілді білдіреді деп қараса, біреулер оны Еділ бойындағы татар тілінің диалектілерімен байланыстырады. Бірқатар зерттеушілер, оның ішінде қазақ тілінің тарихын зерттеушілер, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің орта ғасырдағы табиғи қалпын көрсететін ескерткіш деп қарайды. Бұл көзқарас негізсіз емес, «Кодекс куманикусте» қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін танытатын дыбыстық, грамматикалық құбылыстар баршылық. Мысалы, бірқатар сөз әрі оғыз, әрі қыпшақ тұлғаларында беріліп отырғанымен (*тағ//тау, бөхун//буун*), ескі түркі тілдеріндегі *г* орнына *у* айтылуы (*қадағ-қадау*), сөз ортасында *г*-ның түсіп қалуы (*йығын-ййин*), *й* орнына *ж* (*йеміш-жеміс, йыл-жыл*) қолданылуы басым екені; ілік жалғауы өзі жалғанатын түбір сөздің соңғы дыбысының әуеніне бағынбай *-ның/-нің* түрінде ғана келуі (*сөзнің, атның*) немесе осы жалғаудың оғыз тілдеріне *тән -ың/-ін/-үң/-үң* вариантының сирек қолданылатыны т. б.

Қазақ тілі лексикасын алғаш салыстырып зерттеген ғалымдардың бірі — көрнекті неміс ғалымы Г. Ю. Клапрот (1783—1835). Оның 1825 ж. жазылған еңбегінде алдымен қазақ

<sup>1</sup> Гаскаков И. А. Введение в изучение тюркских языков. 1962, стр. 21—22.

<sup>2</sup> Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. 1982, стр. 270.

халқы туралы қысқаша тарихи анықтама, одан соң түрік, казан татары, тобыл татары және монғол тілдерінің сөздерімен салыстыра отырып жасаған французша-қазақша сөздікше берілген.

Қазақ тілінің материалы 1806—1817 ж. Берлинде И. Х. Аделунг (1732—1806) шығарған «Митридат» деп аталатын 4 томдық салыстырмалы грамматикада берілген.

XIX ғ. 20-30 ж. аралығында Орынбор шекаралық комиссиясында қызмет еткен А. И. Левшин (1799—1879) «Описание киргиз-казахских или киргиз-кайсацких орд и степей» (СПб, 1832) деп аталатын, қазақ тарихы мен этнографиясын зерттеуге елеулі із қалдырған еңбегінде қазақ тіліне, әсіресе оның фонетикасы мен лексикасына, едәуір көңіл бөлген. Мысалы, басқа түркі тілдеріндегі *ш* орнына қазақ тілінде *с*, *и* орнына *ж* айтылатынын көрсеткен. (Бұл кітап 1996 ж. «Санат» баспасынан қайта басылып шықты.)

Орыс түркітанушылары мен миссионер-ғалымдарының қазақ тілін практикалық мақсатта жүйелі түрде даралай зерттеулері XIX ғ. орта шенінен басталады. Ол еңбектердің бірқатарында тек практикалық емес, ғылыми талдаулар да жасалып отырды. Солардың ең алғашқысы — белгілі шығыс зерттеушісі, ғалым-миссионер, профессор Н. И. Ильминскийдің (1822—1891) 1860-1861 ж. Казанда шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» деп аталатын белгілі еңбегі.

Шын мәнісінде, бұл — миссионерлік мақсаттан туған еңбек еді, **сөйте** тұра ол қазақ тілінің грамматикалық жүйесін зерттеуге арналған алғашқы еңбек болып табылады. Кезінде бұл еңбек қазақ тілін үйренушілер үшін аса бағалы құрал болған. Оның қазақ тілі үшін тарихи мәні осында.

Н. И. Ильминскийдің «Материалдары...» үш бөлімнен (кіріспе, дыбыс бөлімі, грамматика бөлімі және сөздіктен) тұрады. Кіріспесінде қырғыз наречіесінің (қазақ тілінің — *Ғ. К.*) түркі тектес тілдердің солтүстік диалектілері тобына жататыны, онда шағатай нұсқаларына тән көне грамматикалық тұлғалардың, көне түркі, монғол сөздерінің көп кездесетіні; сөйлеу тілі мен ауыз әдебиеті көркем, мәнерлі екені, сонымен бірге оның жазба нұсқаларында татар тілінің әсері күшті екені атап көрсетіледі. Бүкіл қазақ арасында таза қазақ тілінде жазылған бірде-бір қағаз, болмаса хат кездестіру қиын дейді.

Еңбекте қазақ тілінің дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы жайында бірқатар мәлімет берілген. Әсіресе автордың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды жіктеуі, олардың жасалу жолдарын талдауы, буын үндестігі, екпін туралы айтқандары осы күнгі түсінікке жақын. Автор қазақ тілінің татар тілінен ең басты айырмасы фонетикасында деп есептейді,

араб графикасы қазақ дыбыстары, әсіресе дауыстыларды, дәл білдіре алмайды деді. Грамматика бөлімінде кейбір сөз таптары, біраз сөзжасам жұрнақтары, күрделі және қос сөздер талданған. Сөздік бөлімінде қазақ сөздері орыс тіліне аударылып, сөз мағыналарын кең түсіндіруге мән берген. П. М. Мелиоранский сөздіктің шағындығына қарамастан, оны өте жоғары бағалаған. Бұл сөздікті қазақша-орысша алғашқы сөздіктердің бірі деп қарауға болады.

Н. И. Ильминскийдің бұл еңбегі туралы айтылғанда мынадай жайттар есте болуы керек. Біріншіден, автор қазақ тілін жеке тіл ретінде емес, наречие деп зерттеген. Мұнын себебі түркі тілдерінің шыққан тегі жағынан бір-біріне жақындығына карап, ол кезде олардың бәрі түркі тілінің наречиелері (диалектілері) деген қозқарас орын алған. В. В. Радлов, Л. З. Будагов т. б. түркологтар да осындай пікірде болған.

Екіншіден, Н. И. Ильминский өзінің еңбегін қырғыз наречиеcін (қазақ тілін) зерттеу материалдары деп атағанымен, оларды, өзі атап көрсеткендей, «жартылай Орынбордан, жартылай Орал даласының батыс жағынан және жетірулықтар мен байұлықтар қоныстанған жерлерден жинадым», — деуі тегін емес<sup>1</sup>. Бұл материалдардың жалпы қазақ тіліне тәндігінен гөрі белгілі аймақтық сипаты басым екені байқалады. Сол себепті Н. И. Ильминский жинап бастырған материалдарды С. Аманжолов қазақ тілінің батыс диалектісін зерттеу үшін құнды еңбек деп бағалайды<sup>2</sup>.

Н. И. Ильминский 1869 ж. Қазанда шыққан атакты «Алтай тілі грамматикасы» авторларының бірі. А. Н. Кононов — бұл еңбектің көпке дейін түркі тілдері грамматикасын жазуда үлгі болғанын атап көрсетеді<sup>3</sup>.

Шыққан мерзімі жағынан ендігі аталатын — М. А. Терентьевтің (1837—1909) «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (СПб, 1875), «Хрестоматия турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (СПб, 1876) деген еңбектері. М. Терентьев еңбегінің алғы сөзінде өзі Түркістан қазақтарының сөйлеу мәнерін құптайтынын және грамматикасының қазақ тіліне қатысты бөлімін Н. И. Ильминскийдің «Материалдарына...» сүйеніп жазғанын, кейін оны сұлтан Жәңгір Бөкеев

---

<sup>1</sup> Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, стр. 6.

<sup>2</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алатау, 1959, стр. 130.

<sup>3</sup> Кононов А. И. История изучения тюркских языков в России. Ленинград, 1982, стр. 291-292.

пен Г. Ибрагимовтың қарап шыққанын ескертеді<sup>1</sup>. Еңбек негізінде қазақ тілінің морфологиясына арналған, онда зат есім, сын есім, есімдік, жалғаулық, септеулік, демеулік, үстеу, одағай, етістік, көсемше, есімше, жіктеу, сөзжасам, күрделі сөздер жайында бірқатар талдау жасалған.

П. М. Мелиоранскийдің пікірінше, бұл грамматика — жүйесіз жазылған, сонымен бірге кітаби тіл мен сөйлеу тіліне тән тұлғаларды бір-бірімен шатастырып жіберген<sup>2</sup>. Мысалы, зат есімнің көпше түрінің септелуі: *аталар, аталарның, аталарға, аталарны*; етістіктің өздік етіс тұлғасы — *жазылмақ*, ортақ етіс тұлғасы — *жазышмақ*, болымсыз етістік тұлғасы — *жазбамақ*, *жазмамақ* сияқты мысалдар түрінде талданған.

Келтірілген тұлғалардың кейбірі түрік тіліне жақын (мысалы, *ультырмаын* — *өлтіремін*), кейбіреулері татар тіліне жақын (*көрселер екен* — *көрсек екен*, *бұйдакның аклы* — *икы күз* — *бойдақтың ақылы екі көзінде*). Қазақ тіліне тән емес мұндай тұлғалар еңбекте аз емес.

Ірі шығыс зерттеушісі И. Н. Березин (1818—1896) түркі диалектологиясын, Алтын Орда хандарының жарлықтарын («Токтамыс ханның Яғайтоға жарлығы». І. Қазан, 1850, т.б.) зерттеуде көп еңбек сіңірді. Оның «Турецкая хрестоматия» (Казань, 1876, СПб, 1890) деп аталатын еңбегінің ІІІ томында қазақтың кітаби тіл үлгілері берілген.

Қазақ тілінің зерттеу тарихында түркітанудың негізін қалаушылардың бірі академик В. В. Радлов (1837—1918) еңбектері ерекше орын алады. Өзінің алпыс жылдық ғылыми қызметінде ол түркітанудың барлық саласында дерлік еңбек етті. Атап айтқанда, түркі тілдерінің лексикографиясы мен лексикологиясы, салыстырмалы және тарихи фонетикасы мен грамматикасы, текстологиясы мен көне түркі, көне ұйғыр және араб жазуындағы ескерткіштер, түркі ауыз әдебиеті мен этнографиясы, тарихы мен археологиясында өте мол материал, түбегейлі зерттеулер қалдырды.

В. Радлов зерттеулері қазақ тіліне тікелей меншіктеліп аталмағанымен, оларда түркітанудың жоғарыда айтылған салалары бойынша қазақ тіліне қатысты және оны зерттеуге зор ықпалын тигізген материалдар мен теориялық тұжырымдар аз емес.

---

<sup>1</sup> Терентьев М. А. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская, СПб, 1875, стр. 119.

<sup>2</sup> Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. І. СПб, 1894, стр. 5.

Солардың бірі — оның неміс тілінде шыққан «Солтүстік түркі наречиелерінің фонетикасы» (Лейпциг, 1882—1883) деп аталатын еңбегі. Онда түркі фонетикасы жөнінде сол кездегі лингвистикалық озық пікірлер онан ары дамытылып тереңдетілген. Бұл еңбек түркі тілдерінің дыбыстық құрылымын салыстырып зерттеуде түркітанудағы алғашқы елеулі зерттеу ретінде айрықша бағаланады. Автор бұл еңбегінде солтүстік түркі тілдеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен салыстыра жіктеп, жасату жолдарына жан-жақты талдау жасаған. Мысалы, дауыстылардың 9 түрін өзі жасаған транскрипциямен таңбалап, олардың айтылу, жасату ерекшеліктері, сингармонизм заңдылығының пайда болуы жайындағы тұжырымдары негізінен қазақ тілі дауыстыларының табиғатына сай келеді.

В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен» деп аталатын көлемді еңбегінің III томында («Киргизское наречие», СПб, 1870) қазақ ауыз әдебиеті үшін аса бай материал берілген. «Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Сайын батыр», «Козы Көрпеш» т.б. нұсқалары осында жарияланған.

В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (СПб, 1888—1911, 4 томға біріктірілген 24 басылымнан тұрады, 1963—64 ж. қайта басылып шықты) атты көлемді сөздігі түркі тілдерінің лексикологиясы мен лексикографиясын зерттеу тарихында елеулі орын алады. Сөздіктің құрастырылу техникасы өте күрделі: реестрде алдымен түркі сөздері авторлық транскрипциямен берілген. Одан соң ол сөздердің көне ұйғыр, араб, еврей, армян, грек, кейде латын әріптерімен жазылған нұсқаларда қалай таңбаланғаны, сөздердің қай түркі тілінен алынғаны көрсетіліп, мағыналары орыс тілінде түсіндіріліп отырған. Әр сөзге түркі халықтарының ауыз әдебиетінен не сөйлеу тілінен мысал келтіріп, олар орыс және неміс тілдеріне аударылып түсіндіріліп отырған. Сөздікте реестрге енгізіліп талданған, болмаса салыстыру ретінде қамтылған қазақ сөздері аз емес.

Түркі тілдерінің құрылымын терең түсіну мақсатында В. Радлов түркі жазба ескерткіштерін зерттеуге ден қойған. Соның нәтижесінде «Ярлыки Тохтамыша и Тимур-Кутлуга», «Несторианско-тюркские надписи в Семиречье», «Кодекс куманикус», «Кутадгу билиг» т. б. тілі туралы зерттеулерін шығарды. В. Радловтың руникалық жазуларды оқып зерттеу, оларды бастырып жариялау ісіндегі еңбегі түркітануда айрықша бағаланып, оның есімі В. Томсенмен қатар бірінші орында аталады. Ол Орхон жазбаларының сырын ашуда үлкен білгірлік көрсетті.

Қазақ тіл білімінің зерттелуінде Петербург университетінің профессоры, көрнекті түрколог П. М. Мелиоранскийдің

(1868—1906) «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (I бөлімі, фонетика және морфология. СПб, 1894; II бөлімі, синтаксис. СПб, 1897) деп аталатын 2 бөлімнен тұратын еңбегі ерекше орын алады. П. М. Мелиоранский түркі тілдерінің сипаттама грамматикасын жасаудың теориялық шарттарын ұсынды. А. Н. Кононовтың пікірінше, бұл еңбек кезінде осы сияқты кейінгі зерттеулерге үлгі болған<sup>1</sup>.

Енбектің фонетика мен морфологияға арналған бірінші бөлімінің кіріспесінде автор казак халқының құрамындағы ірі тайпалық одақтар және казак тілі жайында қысқаша мәлімет бере отырып: «Қырғыз (казак — Г. К.) тілі, зерттеушілердің барлығының да айтатынындай, түркі тілдері ішіндегі ең таза, ең бай наречиелер тобына жатады», — дейді<sup>2</sup>.

Енбектің фонетикаға арналған тарауы дауысты дыбыстар фонетикасы, дауыссыз дыбыстар фонетикасы деген екі бөлімнен тұрады. Дауысты дыбыстардың 9 түрі көрсетіледі: *а, о, у, ы, і, е* (бұлар орыс дыбыстарындай делінген), *ә, ү, ө*. Бұдан басқа казак тілінде 11 косарлы дауысты дыбыс бар деп қарайды, олар: *ай, ау, ей, еу, ой, өй, оу, уө, уа*. Дауысты дыбыстарды жуан, жінішке және ашық, қысаң деп бөледі. Олардың жасалу жолдары мен өзара үндесіп отыратынына кең тоқтаған. Кейде сөз басындағы *е*-нің алдында *й* дыбысы, *о, ө* дыбыстарының алдында қысқа *у, ү, й* дыбыстары естіліп *йе, уө, үө* болып айтылатынын байқаған.

Дауыссыз дыбыстардың көпшілігі орыс тіліндегідей айтылатынын ескертіп, казак тілінің өзіне тән біраз дыбыстарды өзінше танбалап берген (*ң, б, к, т, б.*). Дауыссыз дыбыстардың жасалуы, бір-бірімен үндестігі жағынан түрік, шағатай тілдерімен салыстырып қарайды.

Автор дыбыстардың жасау жолдары мен өзара үндесуінен туатын заңдылықтарға кең талдау жасаған. Мысалы, сөзге не түбірге бірнеше қосымша қосылғанда, ондағы соңғы дауысты дыбыстың өзінен кейінгі екі қосымшаға әсер ететіні, ол одан кейінгі буындарға тек *а, ы, е, і* әсер ететіні, *о, ө, ү*-ден кейінгі үшінші буында *ы, і* естілуі мүмкін екенін (*көп-үс-түр-діңіз*) көрсеткен. Енбекте дауыстылардың сөз арасында түсіп қалуы (*құла ат — құлат*), соңғы сөздегі дауыстының алдыңғы сөздегі дауыстыны өзгертіп жіберуі (*бұ күн — бүгін*), сол сияқты дауыстылар арасындағы дауыссыздардың ауысуы (*қап-қабым*),

<sup>1</sup> Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Ленинград, стр. 272.

<sup>2</sup> Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I, 1894, стр. 3.

қосымшаның басқы дыбысының әсерімен сөз соңындағы дауыссыздың ауысуы (*жаз-шы — жашишы*) сияқты заңдылықтары білгірлікпен баяндалған.

П. М. Мелиоранский — қазақ тіліндегі дыбыстар жайында Н. Ильминский мен В. Радловтан соң жан-жақты зерттеп, пікір айтқан ғалымдардың бірі. Бірақ кейінгі зерттеулер тұрғысынан қарағанда онда қате түсіндірілген жәйттер жоқ емес. Мысалы, автордың қазақ тіліндегі қосарлы дауыстылар бар деген пікірін қазіргі зерттеушілер қолдамайды. Сол сияқты *о* фонемасын *а* мен *е*-нің аралығындағы дыбыс деуі, сонор *л* дыбысын бірде жуан, бірде жінішке айтылатын екі түрлі фонема деп қарауы, *дж* (*ж*-ның аффрикат түрі) айрықша дыбыс деп түсінуі, диалектілік сөздерде *ш* орнына айтылатын *ч* дыбысын жалпы қазақ тіліне тән деп қарауы, *ң* дыбысын мұрын арқылы шығатын *н* деп түсінуі т.б. қате екендігі кеңес дәуіріндегі фонетикаға байланысты еңбектерде көрсетілген<sup>1</sup>.

П. Мелиоранский қазақ тілінің морфологиялық құрылысын талдай келе, онда есім, есімдік, етістік, сан есім, үстеу, жалғаулық, септеулік, демеулік сияқты 8 сөз табы бар деп есептейді. Олардың ішінде толығырақ талданғаны есім мен етістік. Зат есімнің негізгі, туынды түрлері, туынды зат есім жасайтын басты жұрнақтар, зат есімнің жекеше, көпше түрлері, 7 септік жалғауы бар екені, бөлек сөз табы ретінде қаралмағанымен, сын есім жасайтын біраз жұрнақтар, оның шырайлары көрсетілген. Етістікке байланысты оның негізгі, туынды түрлері, оны жасайтын жұрнақтар, етіс жұрнақтары, етістіктің жіктелу жүйесі, рай түрлері, етістік негізді есімдер талданған. Көсемше, есімше категорияларының шактық түрлерін талдауында ерекшелік бар. мысалы, көсемшені совершенное (*барын*), несовершенное (*бара*), достигательное (*барғалы*) деп үшке, есімшені — қазіргі өткен шактық, келер шактық деп екі түрге бөлген. Автордың сын есімдерді жеке сөз табы деп бөлмей, зат есіммен бірге қарауын, *-дай/-дей* жұрнағын салыстырмалы септік жалғауы деп түсіндіруін, жалғаулық, септеулік, демеулікті жеке-жеке сөз таптары ретінде қарауын қазіргі кезде қабылдауға болмайды.

П. Мелиоранскийдің екінші кітабы — қазақ тілінің синтаксисіне арналған. Кіріспе бөлімінде бұл еңбекті жазуда оған «Алтай тілінің грамматикасы» (1869) үлгі болғанын, қажетті мысалдарды көбінесе В. Радловтың түркі тайпаларының халықтық әдебиеті үлгілеріне арналған еңбегінің III томынан, біразын

---

<sup>1</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1975, 229-230, 241-242, 246-беттер.

Н. Ильминскийдің еңбегінен алғанын айтады. Автор түркі тілдерінің синтаксистік құрылысы олардың барлығында бірдей деп түсіндіреді.

Еңбектің «Жай сөйлем» тарауында сөйлемнің бастауыш пен баяндауыштан құралатыны, өзара жактық, сан-мөлшерлік жактан киыса байланысатыны, анықтауышты сипаттай келе, оның қандай сөз таптарынан болатыны айтылады. Бұдан ары I бөлімде негізінен көптеген синтаксистік категориялардың жасалу жолдары, қолданылу жайы сөз болған. Мысалы, зат есімнің көпше түрі, септік жалғаулары, етістік тұлғалар, жалғаулықтар мен демеуліктер қолданылуы тұрғысынан талданған. Қазіргі тұрғыдан карағанда мұның бәрі морфологияның қарайтыны болмақ.

П. Мелиоранский бұл еңбегінде сөздердің орын тәртібіне көңіл бөлген. Сөздердің орын тәртібін белгілі бір ережеге сай, дәл сақтау мүмкін бола бермейтінін, оның тұрақсыздығын ескерте отырып, «орыс тілімен салыстырғанда, бірқатар жағдайда казак сөздерінің орын тәртібі неғұрлым айқын және сонымен бірге өзіндік ерекшелігі мол екенін көреміз», — дейді<sup>1</sup>. П. Мелиоранскийдің бұл еңбегін Т. Қордабаев: «Қазақ тілі синтаксисіне арналған тұңғыш еңбек деуге болады, өйткені бұдан бұрынғы еңбектердің ешқайсысында синтаксис мәселелері сөз болған жоқ», — дейді<sup>2</sup>.

Сөйтіп, П. М. Мелиоранскийді қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ғылыми негізде тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеген ғалым деуге болады.

П. М. Мелиоранский түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасауға көңіл бөлді. Ол тарихи-этнографиялық, лингвистикалық түсінік бере отырып, оннан астам ескерткіштерді зерттеп жариялады. Оның «Памятник в честь Кюльтегина» (1899), «Араб филолог о турецком языке» (1900), Рабғузидің «Қысас ал-анбиясы» туралы зерттеулері — түркологияның негізгі қорына енген еңбектер.

Қазақ тілі жайында зерттеулерімен белгілі түркологтардың бірі — көп уақыт бойы Орынбор округінде татар, башқұрт, қазақ мектептері жөніндегі округтік инспектор болып істеген В. В. Катаринский (1846—1902). Оның «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис» (Оренбург, 1897) деп аталатын еңбегінде бірқатар мәселе бұрынғы зертте-

---

<sup>1</sup> Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. II, 1897, стр. 67.

<sup>2</sup> Қордабаев Т. Түркітану ғылымының даму тарихына оқу құралы. Қарағанды, 1985, 25-бет.

улерге карағанда толықтырылып, баскаша қаралған. Жалпы бұл еңбекте қазақ тілінің заңдылықтары дұрыс көрсетілген. Фонетика бөлімінде дыбыстардың өзара үндесу, алмасулары, түсіп қалуы толығырақ баяндалған. Этимология (морфология) бөлімінде сын есім, одағай жеке сөз таптары ретінде қаралған, демеулік жеке сөз табы ретінде берілмеген. Зат есімнің жеті септік жалғауы бар екені, сын есім сапалық, катыстық болып бөлінетіні, оның үш шырайы (жай, салыстырмалы, күшейтпелі) болатыны осы күнгідей талданып көрсетілген. Етістік саласын қарастыруда біраз өзгешелік бар. Мысалы, көсемшені осы шактық (*бара*), өткен шактық (*барып*), тіркес көсемше (последовательное — *өсе келе*), бөлуші (разделительное — *биле тұра*); шекті келер шактық (предел в будущем — *барғанша*), шекті өткен шактық (предел в прошедшем — *барғалы*), болжалды келер шактық (предварительное — *сатып алған соң*) көсемшелер деп жіктейді. Көсемшенің қазіргі жіктелуі баскаша екені белгілі.

Еңбектің синтаксис бөліміндегі ең басты өзгешелігі — бірінші рет құрмалас сөйлемді жеке алып қарауында. Бұдан бұрынғы еңбектерде құрмалас сөйлем жайында ешнәрсе айтылмайтын. Бірақ автор қазақ тілі құрмалас сөйлемінің түрлерін, жасалу жолдарын жете талдай алмаған. Автордың түсіндіруінше, құрмалас сөйлем — алдыңғысы көсемше тұлғасында келетін екі не бірнеше етістіктің тіркесіп келуі. Оған: *Ол — әкесінің соңынан тұра жүзірді* сияқты мысалдар келтірген.

В. Катаринский қазақша-орысша сөздік жасаумен де шұғылданған. Ол жасаған «Киргизско-русский словарь» (Оренбург, 1897) сол кездегі көлемді сөздіктің бірі болды, онда 10.000-ға жуық сөз қамтылған. Қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыруда елеулі еңбек етті. В. Катаринский қазақтарға орыс тілін үйрету мақсатында «Букварь для киргиз» (1892), «Первоначальный учебник русского языка для киргиз» (1909) т.б. оқу құралдарын жазды.

Бұл айтылғандардан басқа қазақ тіл білімі тарихына қатысты орыс түркологтарының бірқатар грамматикалық, лексикографиялық, хрестоматиялық еңбектері жарық көрді.

Грамматикалық еңбектер: И. Лаптевтің «Краткий грамматический очерк казак-киргизского языка» деген еңбегі 1900 ж. «Труды по востоковедению» атты жинақта жарияланған. Онда шағын грамматикалық очерк, қазақша-орысша сөздік, ауыз әдебиетінің үлгілері берілген. Н. Созонтовтың «Записки по грамматике киргизского языка» (Ташкент, 1912) деген шағын еңбегі т. б.

Лексикографиялық еңбектер: И. Букиннің «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь» (Ташкент, 1883), И. Лап-

тевтін «Киргизско-русский словарь» (1900) сөздіктері т. б. Жалпы Казан революциясына дейін 20 шақты казакша-орысша, орысша-казакша сөздік жарық көрген.

Хрестоматиялық еңбектері: И.Н.Березин «Турецкая хрестоматия» (Казань, 1876; СПб, 1890), оның III томында казак тілінің арабша жазылған кітаби үлгілері берілген. Я. Лютиш «Киргизская хрестоматия» (Ташкент, 1883), онда орыс графикасымен тек тексттік материал берілген. А. Алекторов «Киргизская хрестоматия» (Оренбург, 1898). А. А. Диваев (1855-1933) «Памятники киргизского творчества. Киргизская былина о Бекет Батыре». Казань, 1897; «Этнографические материалы, сказки, басни, загадки, приметы и былины туземного населения Сыр-Дарьинской области». Ташкент, 1895. Н. Н. Пантусов «Материалы к изучению казак-киргизского наречия». Казань, 7 выпусков 1899-1904. И. В. Аничков. «Памятники киргизского народного творчества. Киргизская былина о героях Ирназаре и Бикете». Казань, 1896. А. В. Васильев. «Образцы киргизской народной словесности». Вып. I, Оренбург, 1900 т. б.

Ауыз әдебиет үлгілерін жинап бастыруда, тарихи нұсқаларды зерттеуде казак арасынан шыққан ағартушы-ғалымдардың еңбегі зор. Ы.Алтынсариннің (1841-1889) «Киргизская хрестоматиясында» (Оренбург, 1879) өзі шығарған өлендер, әңгімелер, ауыз әдебиет нұсқалары берілген. Оның «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» (Оренбург, 1879) оқу құралы орыс әліппесі негізінде жасаған жаңа әліппемен казак тілінде басылған. Мұнда бірқатар казак сөзін орыс тіліне аударып, сөз таптарына жіктеп талдаған, олардың грамматикалық сипатына тоқтаған.

Ш.Уәлиханов (1835-1865) түркі тілдерінің (казак тілінің) орта ғасырдағы құнды ескерткіштерінің бірі Кадырғали Жалаирдің «Жәми-ат-тауарих» («Шежірелер жинағы» — XVI ғ. аяғы мен XVII ғ. басы) атты шығармасын зерттеп, оның өзіне тән тілдік ерекшелігін алғаш рет көрсеткен. Қазак ауыз әдебиетіндегі тарихи жырлардың шығу тегін зерттеп, ноғайлы заманының туындылары (Едіге, Токтамыс т.б. жырлар) XIV-XVI ғасырларға жататынын анықтаған.

XX ғасырдың басындағы патшалық Ресей заманында казак тіл білімінің дамуы казак халқының абзал-ұлдарының бірі Ахмет Байтұрсыновтың (1873-1937) есімімен тығыз байланысты<sup>1</sup>. А.Байтұрсыновтың казак тілін зерттеу ісімен шұғылданыуы оның

---

<sup>1</sup> А. Байтұрсынов және оның еңбектері туралы толық мағұлмат Р. Сыздықованың «Ахмет Байтұрсынов» (Алматы, 1990) атты кітапшасында берілген.

туған халқына оқу-білім таратудағы ағартушылық қызметімен ұштасып жатыр.

1895-1909 жылдарда өзі мектепте бала оқытқан кезде қазақ балаларының сауатын ашуға қажетті жазу таңбасының, ана тілінен жүйелі білім беруге арналған оқу құралдарының жоқтығын көрген ағартушы-ғалым енді осыларды өзі жасауға тікелей белсене кіріседі. Сөйтіп, ол 1910 жылдардан бастап қазақтың жазу таңбасын ретке келтірумен шұғылданады. Бұрынғы араб жазуын сол калпында қолданудың қолайсыздығын ескеріп, енді оны қазақ тіліне икемдеп жөндей бастайды. Қазақ дыбыстарының табиғатын терең зерттей отырып, оларды білдірмейтін араб таңбаларын алмау, *ы, е, и, о, ұ, ү* дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін (*к, г* дыбыстарынан басқа дыбыстар арқылы жасалған сөздерде) сөздің алдынан дәйекше қою қажеттігін дәлелдейді. Араб жазуын қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына сай осылайша реформалау нәтижесінде «Жана емле» деп аталатын қазақтың әліпбиі (алфавит) пайда болды. Әліпби мен оған лайықталған жазу жүйесі 1924 ж. Орынбор қаласында өткен қазақ оқығандарының тұңғыш съезінде қабылданды. Бұл әліппені қазақ халқы 1929 ж. латын әліппесіне көшкенге дейін пайдаланды. «А. Байтұрсынов реформалаған араб жазуы өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды»<sup>1</sup>.

Қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына үлкен мән беріп, көп күш жұмсаған А. Байтұрсынов 1912 ж. «Оқу құралы» деген атпен қазақша тұңғыш әліппе шығарады. Онда барлық әріптерді үйретіп сауат ашумен бірге балаларға дүние танымдық мәні бар материалдар (ай, күн, жыл аттары, туыстық атаулар, шағын мақал-мәтелдер, ұсақ әңгімелер т.б.) қоса берілген.

А. Байтұрсынов бұдан кейін бастауыш мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрету мақсатында «Тіл — құрал» деп аталатын қазақ тілінің тұңғыш оқулығын жазған. Оқулық үш бөлімнен тұрады: қазақ тілінің морфологиясына арналған бөлімі — 1914 ж., фонетикаға арналған бөлімі — 1915 ж. синтаксиске арналған бөлімі — 1916 жылы жарық көріп, кейін бірнеше рет қайта басылған. Автор бұл еңбегінде қазақ тілінің дыбыстық құрамын, сөз таптары мен сөз тұлғаларын, сөйлем жүйелерін үйретуді мақсат етіп қойған.

---

<sup>1</sup> *Сыздықова Р.* Ахмет Байтұрсынов. Алматы, 1990. 26-бет.

А. Байтұрсынов 1920 ж. қазақ тілін оқыту әдістемесіне арнап, «Баяншы» дейтін еңбегін, 1928 ж. тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне арнап, «Тіл жұмсар» атты еңбегін жазды.

Бұлардың қай-қайсысы болсын осы аталған салаларға байланысты ана тілінде жазылған алғашқы оқулық, оқу құралдары болумен бірге, «қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық (морфологиялық-синтаксистік) құрылысын талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы»<sup>1</sup>. А. Байтұрсынов бұдан басқа қазақ тілін оқыту әдістемесіне, жазу, емле, терминология мәселелеріне арнап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» және басқа газеттерде мақалалар жариялады. Ғалым өз зерттеулерінде қазақ тілінің типологиялық ерекшелігін үнемі ескеріп отырған. Мәселен, араб жазуын реформалап қазақша дұрыс жазу емлесін жасауда фонетикалық принципке, дыбыс үндестігі заңдылықтарына сүйенген. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы, сөз таптары, сөйлем түрлері тіліміздің типологиялық ерекшелігі тұрғысынан талданып жіктеледі.

А. Байтұрсынов қазақ тілінің құрылысына тән категорияларды зерттеу үстінде оларға қазақша терминдер ұсынып отырған. Қазіргі қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылып жүрген: буын, дыбыс, түбір, сөз, туынды сөз, қос сөз, жұрнақ, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер, одағай, сөйлем, сөйлеу, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, болымды, болымсыз сөйлем, жалаң, жайылма сөйлем, құрмалас сөйлем т.б. көптеген терминдерді жасап, кіріктіріп кеткен А. Байтұрсынов.

Қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылысын талдауда болсын, әліппе, емле ережелерін түзіп, термин жасауда болсын А. Байтұрсынов өзінен бұрынғы зерттеушілердің ізімен кетпей, жанаша бағыт ұстанған. Ол — қазақ тіл білімін ана тілінде дамыту бағыты. Оның ана тілінде жазған зерттеу еңбектері, оқулықтары, ана тілінде ұсынған терминдері — бұл айтылғанның нақты айғағы болып табылады.

А. Байтұрсыновқа дейінгі қазақ тілінің құрылысы туралы орыс түркітанушыларының еңбектерінде қазақ тілі ғылыми негізде алғаш зерттелгенімен, бірақ олар орыс тілінде жазылып, түркі тілдерін зерттеушілерге арналған. Оларды мектепке, қалың көпшілікке арналған оқулық деуге болмайды, оларда қазақша тіл терминдері жасалған жоқ. Сол себепті А. Байтұрсынов XX ғ. басында ана тілінде ұлттық тіл білімінің негізін қалаған қазақтың тұңғыш ғалымы ретінде танылады.

<sup>1</sup> Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. 32-33-беттер.

А. Байтұрсынов — әдебиеттану саласында да айрықша еңбек еткен адам. Телжан Шонановпен бірге мектепке арнап көркем әдебиет текстерінен хрестоматия шығарды. Оның «Әдебиет танытқыш» (1926 ж.) деп аталатын көлемді еңбегі әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұнғыш зерттеу болып табылады. Онда автор әдебиет теориясының мәселелерін талдаумен бірге, оның терминдерін жасаған.

## §10. Қазақ тіл білімінің Кеңес дәуірінде зерттелуіне шолу

Кеңес дәуірінде Қазақстан тоталитарлық тәртіп жағдайында өмір сүргенімен, онда ұлт мәдениетін, ғылым мен өнерді дамытуға, оқу-ағарту, баспасөз жүйелерін кеңейтуге, ұлттық жазбаны жүйеге келтіріп, әдеби тілді қалыптастыруға объективті мүмкіншіліктер туды. Қазақ тіл білімінің жан-жақты зерттеліп, дербес ғылым саласына айналуы осы Кеңес дәуірімен деңгейлес келеді.

Бірақ Кеңес өкіметі жылдарындағы қазақ тіл білімінің зерттелу дәрежесі іштей біркелкі емес. Сол себепті оны бірнеше кезенге бөліп қарастыру қажеттігі туады.

**1920 жылдардағы қазақ тіл білімі.** Қазан революциясына дейін мектептерде қазақ тілі оқытылмағаны белгілі. Халық арасында сауатсыздық басым болды. Осындай жағдайда ашылған мектеп, техникум және басқа оқу орындары үшін оқулық, оқу құралдарын жасау, жазу жүйесін ретке келтіру, терминдерді қалыптастыру мақсатындағы алғашқы шараларды жүзеге асыру — 1920 жылдардағы қазақ тіл білімінің ең басты міндеті болды. Бұл міндетті жүзеге асыруда қазақтың ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсыновтың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз екені бұдан бұрын айтылды. Ол ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан араб жазуын қазақ тілінің дыбыс заңына икемдеп, оның емлесін жасады. Мектепке арнап жазған оқулықтары мен оқу құралдарында қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының терминін жасады.

Жаппай сауат ашуға қажетті әліппе, шағын анықтама, грамматикалық, әдістемелік құралдар, сөздіктер жасауға, тіл мәселелерін зерттеуге Халел Досмұхамедов, Телжан Шонанов, Жүсіпбек Аймауытов, Қошке Кеменгеров, Әбдірахман Байдилин, Нәзір Төрехұлов т.б. қазақ зиялылары ат салысып отырды.

1926 ж. Бакуде латын жазуына көшу туралы шешім қабылдаған Бүкілодақтық түркологиялық I съезд өткізілді. Осыған байланысты республикада латын графикасына негізделген жазуға көшу мәселесі көтерілді. Латын жазуына көшудің ең

басты дәлелі ретінде араб жазуының дыбыс жүйесіне сәйкес келмейтіндігі, Еуропа мәдениетіне жақындасу мақсатында түркі халықтарының бүкіл одақ көлемінде латынға көшу талабы өрістеп отырғаны көрсетілді. Ал А. Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеп реформалауы — заман талабына сай келмейтін жазуды жамап-жасқау, прогреске қарсы керітартпа әрекет деп бағаланып, оның ақыры идеологиялық қарама-қарсылық тартысына айналып кетті.

Латынға көшу тураты шешім 1924 жылы қабылданғанымен, Қазақ өкіметінің «Қазақ жана емлесі тураты декреті» тек 1929 жылы ғана жарияланды. Бұл жазуды халық 1940 жылы орыс графикасына көшкенге дейін пайдаланды.

Сөйтіп, 20-жылдар, академик І. Кеңесбаевтың сөзімен айтқанда, «қазақ тіл білімі дамуының болашағын дайындаған, сонымен бірге ана тіліндегі ағарту ісін шын мәнінде дүниеге әкелген жылдар. Олай болатыны — халықтың сауатсыздығын жою, ұлттық терминологияны жасау, оқулықтар шығару, мемлекеттік істі ана тілінде жүргізу сияқты шараларды жүзеге асырудағы алғашқы адым осы жылдарда басталды»<sup>1</sup>.

**1930 жылдардағы тіл білімінің дамуына** 1933 ж. құрылған Қазақтың ұлт мәдениетін зерттеу институты, 1936 ж. құрылған КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы, 1928 ж. ашылған Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институты (қазір Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті) сияқты мекемелер мен жоғары оқу орындарының зор мәні болды.

1930 жылдарда қазақ тілінің ғылыми тұрғыда зерттеле бастауы қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі профессор Кұдайберген Қуанұлы Жұбановтың (1899-1938) есімімен байланысты. Оның қаламынан туған «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан», «Көмекші етістіктер», «Абай — қазақ әдебиетінің классигі», сонымен бірге қазақ тілі фонетикасының тарихы, буын, шылау, қос сөз, біріккен сөз т.б. жайындағы еңбектер күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Ғалым кезінде қазақтың латынға негізделген ұлттық жазуын, емлесін және терминологиясын жетілдіру ісіне, ана тілінің оқулығын жасауға белсене қатысқан. 1936 жылы ол жазған «Қазақ тілінің грамматикасында» (І бөлім, жалпы морфология, 5 класка арналған) сөздердің құрылымына, қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстарға байланысты негізгі мәселелер жүйелі баяндалған.

---

<sup>1</sup> Кеңесбаев І. Ұлы Октябрь және қазақ тіл білімі // Қазақстан коммунисті, 1967, №5, 73-бет.

1930 жылдарда мектепке арналған қазақ тілі оқулықтарын жазуда Сәрсен Аманжолов (1903-1958) нәтижелі еңбек етті. Ол 1932 ж. IV класқа арналған «Қазақ тілі грамматикасын», 1933-34 ж. VI-VII кластарға арналған қазақ тілінің бағдарламасы мен оқулығын, 1938 жылы «Қазақ тілі грамматикасының» I бөлімін (фонетика, морфология), 1939 ж. осы оқулықтың II бөлімі — синтаксисті жазды. Соңғы оқулық күні бүгінге дейін V-IX кластардың оқулығы ретінде үздіксіз пайдаланылып келеді.

Мектеп үшін қазақ тілі оқулықтарын жазуда I. Кенесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балакаев, ана тілін оқыту әдістемесін жасауда Х. Басымов, Ғ. Бегалиев, С. Жиенбаев, Ш. Х. Сарыбаев зор еңбек сіңірді. 1930 жылдардың аяғында латыннан орыс жазуына көшуге дайындық басталды.

Сөйтіп, 1930 жылдарда бастауыш, орта мектептер ана тілі оқулығымен қамтамасыз етілді. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі мамандарын даярлауға мүмкіндік туды. Дегенмен тіліміздің дыбыстық, грамматикалық құрылысы мектеп оқулықтары мен мақалалар көлемінде зерттелгені болмаса, олар жайында көлемді зерттеулер жоққа тән еді.

Кенес дәуірінің үшінші он жылдығы — 40 жылдардың ішінде қазақ тіл білімі онан ары даму үстінде болды. Бұл кездің басты жаңалығының бірі — орыс графикасына негізделген қазақ жазуын қабылдауға байланысты еді. Жаңа қазақ әліпписі 41 әріптен тұрады, оның 32-і орыс тілінікі, 9-ы қазақ тілінің ерекшелігін білдіретін танбалар. Орыс жазуына көшу идеясы латын жазуын қолданудағы қолайсыздықтан арыту (мәселен, халықаралық сөздерді жазудағы), қазақ халқын орыс мәдениетіне жақындастыру мақсатынан туған еді.

40-жылдардың екінші жаңалығы — қазақ тіл білімінің теориялық мәселелеріне көңіл бөлінгендігінде. Бұл жылдары фонетика саласында — I. Кенесбаевтың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстар, екіпін туралы ғылыми мақалалары; грамматика саласында Н. Сауранбаевтың қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесін (бұл тақырыпқа ол 1943 ж. докторлық диссертация қорғады), көсемшенің семантикасы мен қызметі, С. Аманжоловтың қазақ тілінің ғылыми синтаксисі, С. Жиенбаевтың синтаксис мәселелері, А. Ысқақовтың үстеу, Ғ. Мұсабаевтың сын есім, Ы. Мамановтың етістік, М. Балакаевтың жай сөйлем синтаксисі т. б. туралы зерттеулері жарық көрді.

Тіліміздің бұрын зерттелмей, ғылыми пән ретінде оқытылмай келген саласы лексика жайында алғашқы зерттеу еңбектер пайда болды. I. Кенесбаев қазақ тілінің тұрақты сөз тіркесі (бұл тақырыпқа ол 1944 ж. докторлық диссертация

корғады), С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, Қ. Шәріпов, Ә. Ермеков т.б. лексикология мәселелері жайында мақалалар жариялады. Осы кезеңде сөздік жасау ісі едәуір ілгеріледі. 40-жылдардың басында орысша-қазақша әскери сөздік (кұрастырғандар Ғ. Мұсабаев, Ю. Цунвазо, Қ. Адайханов, редакциясын басқарған С. Аманжолов), қазақша-орысша сөздік (кұрастырған Ғ. Бегатиев), 1946 ж. екі томдық орысша-қазақша сөздік (редакциясын басқарған М. Балақаев, С. Жиенбаев, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев), 1948, 1950 жылдары терминология сөздігі (І, ІІ кітаптар, жауапты редакторы Н. Сауранбаев) т. б. сөздіктер жасалды.

Бұл кезеңде көңіл бөлінген мәселенің бірі — қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы. С. Аманжолов тіл тарихымен байланысты қазақ диалектологиясының проблемаларын (бұл тақырыпқа ол 1948 ж. докторлық диссертация қорғады), Ж. Досқараев оңтүстік диалектісінің мәселелерін (бұл оның кандидаттық диссертациясы) зерттеді. С. Малов пен Н. Сауранбаевтың қазақ тілінің тарихы туралы мақалалары осы кезеңде пайда болды. Зерттеу жұмысының кенеюіне 1940 ж. құрылған Тіл және әдебиет институтының маңызды ықпалы тиді. Ұлттық кадрларды даярлау ісінде бұл кезде И.И. Мешанинов, С. Е. Малов, Н. К. Дмитриев сияқты көрнекті орыс тіл білімпаздары мен түркологтарының зор еңбек еткенін атап айту қажет.

Сөйтіп, 40-жылдары бірсыпыра өзекті мәселелерде күрделі зерттеулер жүргізілді, бірақ олардың мән-маңызы, нәтижесі ол кезде толық көріне қойған жоқ. Жоғары оқу орындары үшін жасалған қазақ тілі пәндерінің арнаулы оқулықтары болмады.

Қазақ тіл білімінің буыны қатып, бұғанасы бекіген, ірі табыстарға жеткен шағы **1950 жылдардан басталады**. Бұл кезеңде бұрынғы зерттеу ісіндегі жетістіктер мен тәжірибелер жинақталып, толықтырылып, қомақты еңбектер жарық көрді. Солардың алғашқысы 1954 ж. шыққан қазақ тілінің тұңғыш ғылыми курсы — «Қазіргі қазақ тілі» (лексика, фонетика, грамматика салаларынан тұрады, авторлары: М. Балақаев, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев). «Өз кезінде мерзімді баспасөз бетінде көрсетілген біраз кемшіліктеріне қарамастан, бұл еңбек қазақ тіл білімінің елеулі табысы, қазақ тіл мамандарының ұзақ жылдар бойы фонетика, лексикология, грамматика салаларынан жүргізген зерттеулері арқасында қол жеткен ғылыми табысы, солардың жиынтығы. Сондықтан да бұл еңбекті қазақ тіл білімінің 1954 жылға дейінгі ғылыми жұмыстарының қорытындысы деп түсінген мақұл»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> *Кердабаев Т.* Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары, Алматы, 1987, 63-бет.

Бұл кезеңде қазақ тіл білімінің жеке салаларына байланысты арнайы зерттеулер молайды. Мәселен, фонетика мәселелерін зерттеуге арналған І. Кенесбаев, Ж. Аралбаев, С. Таубаев, Ә. Жүнісбеков, А. Қошқаров т. б. ғалымдардың еңбектері жарық көрді. 1962 ж. І. Кенесбаев жоғары оқу орындары үшін фонетика курсының оқулығын жазды. Ол еңбектерде қазақ тілі дыбыстарының акустикалық, артикуляциялық, фонологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері анықталды.

Дегенмен, фонетика мамандарының алдында осы айтылған мәселелерді тереңдете түсумен бірге, тіліміздің эксперименттік, тарихи, салыстырма фонетика салаларын қалыптастыру проблемалары тұр.

Қазақ тіл білімінің кенжелеп қалған лексикология саласы 1950 жылдан бері жан-жақты зерттеле бастады. Қазақ лексикасының құрамын, тарихын, сөз мағынасының түрлерін, стилистикалық қызметін анықтап зерттеген қаншама ғылыми еңбек пайда болды. Бұл кезеңде лексикологияның жалпы мәселелеріне арналған Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ғ. Бегалиев, Ғ. Мұсабаев еңбектерінен басқа омонимдер туралы К. Ахановтың, синонимдер жайында Ә. Болғанбаевтың, сөз мағынасының өзге түрлері жайында Р. Барлыбаев, Б. Хасанов, Р. Садықовтың т.б. зерттеулері; лексикалық құрам саласында неологизмдер жайында Ш. Бәйткіова, көнерген сөздер жайында А. Махмұтов еңбектері; кірме сөздер жайында Н. Ондасынов, В. Исенғалиева, Л. Рүстемов, Е. Бекмұхамедов зерттеулері; терминдер жөнінде Ө. Айтбаев, А. Әбдірахманов т. б. еңбектері, ономастикаға байланысты А. Әбдірахманов, Ғ. Қонқашбаев, Т. Жанұзақов т. б. еңбектері; кәсіби-диалектілік лексикаға байланысты Т. Айдаров, К. Айтазин, А. Шамшатова, А. Айғабылов, С. Қасиманов зерттеулері; жеке лексикалық топтар жайында К. Құсайынов, Б. Қалиев еңбектері; фразеология саласында І. Кенесбаев, Р. Сәрсенбаев, Н. Төрекұлов, А. Байтелиев, Х. Қожахметова т. б. зерттеулері; лексиканың стилистикалық қызметіне арналған Р. Сыздыкова, Ф. Мұсабекова, Т. Қоныров, Б. Манасбаев т. б. еңбектері жарық көрді.

Қазақ тіл білімі 1950 жылдан бері лексикография саласында елеулі табыстарға жетті. Қазақ тіл білімінде болуға тиісті негізгі сөздіктердің біркатары осы кезеңде шықты. Олардың ішінде екі тілді аударма сөздіктер де, бір тілді сөздіктер де бар. Екі тілді сөздіктердің негізгілері: 50.000 сөз қамтыған «Орысша-қазақша сөздік» Мәскеуде 1954 ж. шықты (жалпы редакциясын басқарған Н. Т. Сауранбаев). Бұл сөздік кейін 2 том болып, 1978, 1981 жылдары қайта басылды. Х. Махмұдов, Ғ. Мұсабаев. Қазақша-орысша сөздік, 1954, 1987; Н. Ондасынов.

Арабша-қазақша түсіндірме сөздік, 1969, 1984. Н. Ондасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. 1974. Бұлардан басқа әр түрлі ғылым саласына байланысты орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер және ағылшынша-қазақша, немісше-қазақша, моңғолша-қазақша (және керісінше) бірнеше аударма сөздік басылып шықты.

Бір тілді сөздіктердің негізгілері: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I т., 1959, II т., 1961 (жалпы редакциясын басқарған І. Кенесбаев); Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I—10 т., 1974—1986 (жалпы редакциясын басқарған А. Ысқаков); Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі, 1969 ж. (құрастырған авторлар ұжымы); І. Кенесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, 1977; Абай тілінің сөздігі, 1968 (жалпы редакциясын басқарған А. Ысқаков); Ә. Болғанбаев. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі, 1962, 1975. Ж. Мусин. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі, 1984; Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, 1966 (құрастырған авторлар ұжымы); тарихи лексикаға байланысты: А. Құрышжанов, А. Жұбанов, А. Белботаев. Құманша-қазақша жиілік сөздігі, 1978; А. Ибатов. Құтбын «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі, 1974 т. б. шықты.

1950—90 жылдар арасында қазақ тіл білімінің морфология саласында бірқатар құнды еңбек пайда болды. Олардың бастылары: А. Ысқаковтың сөздердің морфологиялық құрылымы мен қазақ тіліндегі есім сөз таптары туралы зерттеуі, етістік категорияларын зерттеуге арналған Ы. Маманов, Т. Кордабаев, А. Қалыбаева, Н. Оралбаева, Т. Ерғалиев, И. Ұйықбаев, М. Оразов т. б. еңбектері, сын есім жайында Ғ. Мұсабаев, Ж. Шәкенов, Ә. Төлеуов, сан есім жайында Ә. Хасенов, одағай, еліктеуіш сөздер жайында Ш. Сарыбаев, Б. Катенбаева, есімдіктер жайында Ә. Ибатов, шылауларды зерттеген Р. Әміров т. б. еңбектері.

Монографиялық зерттеулердің негізінде Тіл білімі институты 1967 ж. «Қазақ тілінің грамматикасы. I. Морфология» (авторлар ұжымы), 1989 ж. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (авторлар ұжымы) деп аталатын академиялық еңбектер шығарды.

Қазақ тілінің синтаксистік құрылысы Қазан революциясына дейін Мелиоранский мен Катаринский грамматикаларында ғана сөз болғаны, 40-жылдардан бастап С. Аманжолов, С. Жиенбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев еңбектерінде зерттелгені бұдан бұрын айтылды. 1950 жылдан бері сөйлем құрылысын жан-жақты, тереңдете зерттеген бірқатар еңбек шықты. Жай сөйлем синтаксисін зерттеуге арналған М. Балақаев, Р. Әміров, О. Төлегенов, Ғ. Мадина, А. Әбілқиев т. б. еңбектері,

құрмалас сөйлем жүйесін зерттеуге арналған Т. Кордабаев, К. Есенов еңбектері жарық көрді. М. Балақаев, Ә. Аблақов, А. Ахманов, К. Бейсенбаева т. б. еңбектері арқылы сөз тіркестері синтаксистің негізгі бір объектісі ретінде қалыптасты.

Осындай зерттеулердің негізінде Тіл білімі институты 1967 жылы «Қазақ тілінің грамматикасы. II. Синтаксис» (авторлар ұжымы) деп аталатын академиялық еңбек шығарды. Бұл кезеңде жеке жанрлық салалар мен лексикалық категориялардың синтаксистің зерттеуде бірқатар жұмыс істелді. Бұл ретте Р. Сыздықованың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», М. Серғалиевтің «Синтаксистік синонимдер», С. Исаевтың мерзімді баспасөз тілінің синтаксисі т. б. атауға болады.

«Қазіргі қазақ тілі» курсы бойынша жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары жазылды. Оның фонетика бөлімін — І. Кенесбаев (1962) лексикология бөлімін — Ғ. Мұсабаев (1962), Ә. Болғанбаев (1979), морфология бөлімін — А. Ысқақов (1964), синтаксис бөлімін — М. Балақаев, Т. Кордабаев (1961), практикалық курстарын — Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқайыр (1964), Ғ. Қалиев, Н. Оралбаева, О. Төлегенов (1972), Ш. Бектұров, М. Серғалиев (1979) жазды. К. Аханов «Грамматика теориясының негіздері» (1972) оқу құралын шығарды. Бұлардан басқа жоғары оқу орындарының әр түрлі бөлімдерінде қазақ тілін оқып үйренуге байланысты және мектептер мен училищелерге т. б. арналған оқулықтар, сөздіктер жарық көрді.

Дегенмен, қазақ тіліндегі жанрлық салалар мен лексикалық категориялардың синтаксистік құрылысындағы ерекшеліктер толық зерттелді деуге болмайды. Сол сияқты қазақ сөйлемінің құрылымдық түрлерін анықтауда әлі әр түрлі айтылып жүрген пікірлер баршылық.

Жалпы грамматика саласындағы зерттеулердің кемшілігі туралы Т. Кордабаевтың мынадай пікірімен келіспеуге болмайды: «Кенейте, терендете зерттеуді қажет ететін мәселелер әлі де жеткілікті. Жалпы сөз болғанымен тіліміздің грамматикалық жүйесінің кеңес дәуірінде даму сипаты, оның қандай салаларының функциялық жағынан кеңейіп, қандайларының көнере бастағанын, ондай құбылыстардың себептерін ашу қолға алына қойған жоқ. Грамматикалық құрылысымыздың барлық салаларында да синхрондық зерттеулерге қарағанда диахрондық зерттеу артта қалып келеді»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Кордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары, 1987, 81–82-беттер.

1950 жылдан бергі кезеңде қазақ тілінің тарихын, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге көп көңіл бөлінді. Қазақ тілінің тарихына байланысты көлемді зерттеу С. Аманжоловтың 1959 ж. жарияланған «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» деген еңбегі. Автор бұл еңбегінде қазақ тілінің шығу тегі көне замандағы белгілі бір жеке тайпаның тілі негізінде емес, қазақ халқының құрамына енген барлық тайпалық одақтар тілінің шоғырланып бірігуі нәтижесінде қалыптасқанын айтты.

Бұл кезде қазақ тілінің тарихын жете түсіну үшін бұрыннан қалған ескерткіштерді зерттеуге көбірек мән берілді. Бұл жұмыс екі бағытта жүргізілді. Бірінші — қазақ тілінің тарихын көне түркі ескерткіштерімен байланыстыра, салыстыра зерттеу бағыты. Бұған С. Е. Маловтың 1951 ж. шыққан «Памятники древнетюркской письменности» деген еңбегі жетекші болды. Қазақ тіл білімінде Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілін, көне түркі жазуын зерттеген еңбектер пайда болды. VII ғасырдағы Орхон ескерткіштерінің тілі жайында Ғ. Айдаровтың, көне түркі жазбаларының шығу тарихы туралы А. Аманжоловтың, Қазақстан жеріндегі эпиграфикалық мұралар жайында Ғ. Мұсабаев пен А. Махмұтовтың, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар туралы А. Есенғұловтың т. б. еңбектері жарық көрді.

Екінші бағыт — қазақ тілінің тарихын ортағасырлық жазба түркі ескерткіштерімен байланыстыра зерттеу. Олардың көпшілігі қазақ тіліне тікелей қатысы болмағанымен, тіліміздің тарихи лексикологиясын, фонетикасын, грамматикасын жазуда тигізер пайдасы мол еді. Бұл ретте көне қыпшақ тілінің ескерткіші «Кодекс куманикустің» тілін зерттеген Ә. Құрышжановтың, XIV ғ. түркі ескерткіштерінің тілін зерттеген Ә. Нәжіп, А. Ибатов, М. Мәженова, Б. Сағындықовтың т. б., XVI ғ. соңы мен XVII ғ. басына тән Қ. Жалаирдің «Жәми ат-тауарих» шығармасының тілін зерттеген Р. Сыздықованың еңбектерін және басқа бірқатар мақала жарияланғанын айтуға болады.

Көне түркі және орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі туралы түркітанушылар мен қазақ ғалымдарының зерттеулері негізінде Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971), Т. Қордабаевтың «Тарихи синтаксис мәселелері» (XV—XVIII ғасырлар материалдары бойынша, 1964), М. Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы». Фонетика, морфология (1981) сияқты студенттерге арналған оқулық, оқу құралдары жарық көрді.

Бірқатар еңбектерде қазақ тілінің тарихына қатысты мәсе-

лелер түркітанушылық деңгейде зерттелді. Олар: Ә. Қайдаровтың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986), К. Мұсаевтың «Лексикология тюркских языков» (1984), А. Аманжоловтың «Материалы и исследования по истории древнетюркской письменности» (автореф. дис. докт. филол. наук. — 1975), В. А. Исенғалиеваның «Тюркские глаголы с основами, заимствованными из русского языка» (1966), А. Нұрмаханованың «Типы предложений по модальности и интонации в тюркских языках» (автореф. дис. докт. филол. наук — 1966), Е. Кажыбековтың «Семантика тюркского слова» (автореф. дис. докт. филол. наук — 1988) т. б. зерттеулер.

Қазақ тіл білімінің 1950 жылдан кейін туып қалыптасқан салаларының бірі — қазақ әдеби тілінің тарихы. Оның оқу орындарында арнайы пән ретінде оқытыла бастауы да осы кез. Әдеби тіл тарихының бұл кезде зерттеу объектісі болған мәселелерінің бір тобы: әдеби тіл деген не, оның статусы, өзіндік белгілері қандай, халықтық ауызекі тілден, ауыз әдебиеті тілінен қандай айырмасы бар дегенге саяды. Осы айтылғандардың анықталуына байланысты туатын мәселелердің екінші тобы: қазақ әдеби тілінің қай мезгілде қалыптаса бастағаны, оның даму тарихы қандай кезеңдерге бөлінетіні, әдеби тілдің нормалық белгілері, стильдік салалары, бұларды анықтау критерийлері қандай деген сауалдардың айналасында. Аталған мәселелердің ғылыми дәрежеде қойылып, жан-жақты талданып танылуында М. Әуезов, С. Мұқанов, Г. Мүсірепов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, І. Кенесбаев, Қ. Жұмалиев, А. Ысқақов, М. Балақаев, Т. Кордабаев, Р. Сыздықова, Ә. Қайдаров, Ә. Құрышжанов, Қ. Өмірәлиев, Ш. Сарыбаев, С. Исаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Әбілқасымов, Е. Жұбанов т. б. ғалымдар елеулі үлес қосты.

Сөйтіп, қазақ әдеби тілі тарихы жайындағы зерттеу еңбектерге шолу жасасак оның қазіргі кезде неғұрлым айқындалған мәселелері деп мыналарды айтуға болатын сияқты.

І. Қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу процесін қазақ халқының әлеуметтік тарихымен бірлікте алып қарау қажеттігі. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әдеби тілінің тарихына қазақтың халықтық дәуірінің де, ұлттық дәуірінің де тікелей қатысы бар екені дау тудырмаса керек. Бұдан әдеби тіл тарихын екі дәуірге бөліп қарау қажеттігі туады.

Бірінші, XVI-дан XIX ғ-дың 2 жартысына дейінгі халықтық дәуірдегі, қазақ халқының ұлт болып қалыптаса бастағанына дейінгі әдеби тілі. Оның негізіне жатқан — сол кездегі ақын-жыраулар шығармаларының тілі. Бұл әдеби тілді өзінің сипаты жағынан Р. Сыздықова «ауызша әдеби тіл» деп тануды ұсы-

нады<sup>1</sup>. Ауызша әдеби тілден басқа бұл кезде түркі, шағатай әдеби тіліне негізделген қазақтың ескі жазба әдеби тілі де болды. Бірақ қазақтың ұлттық әдеби тіліне дейінгі әдеби тілінің негізгі сипатын ауызша әдеби тіл танытады.

Екінші, XIX ғ. 2 жартысынан қазіргі кезге дейінгі, яғни қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан дәуіріндегі әдеби тілі. Бұл әдеби тілді ұлттық жаңа жазба әдеби тіл деп тануға (Н. Сауранбаев, С. Аманжолов т. б.) болады.

2. Жоғарыда айтылған дәуірлерде қазақ әдеби тілінің дамуы біркелкі болмағандықтан, әр дәуір өзіне тән негізгі сипатын (ауызша не жазба түрде дамығанын) сақтай отырып, бірнеше кезенге бөлінетіні. Мысалы, ұлттық дәуірге дейінгі әдеби тілді шартты түрде екі кезенге, ұлттық әдеби тілді екі-үш кезенге бөліп қарауға болатыны.

3. Қалыптасу тарихы жағынан қазақ әдеби тілін ауызша әдеби тіл және жазба әдеби тіл деп бөлуге байланысты «Әдеби тілдің» статусын, оның шартты белгілерін қайта қарастыру туралы көзқарастың өріс алып отырғандығы<sup>2</sup>. Әдеби тілге тән шартты белгілер оның барлық кезеңдерінде бірдей болуы мүмкін еместігі белгілі. Мысалы, оның ең басты белгісі — өңделіп, сұрыпталып бір жүйеге түскен тіл болуы — ауызша әдеби тілге де, жазба әдеби тілге де тән қасиет болса, ал бүкіл этнос мүшелерінің бәріне бірдей ортақ қызмет етуі, қоғамдық қызметінің кеңейіп, стильдік тармақтарының саралануы, міндетті түрде жазуға негізделуі — ұлттық әдеби тілге тән белгілер болып табылады.

4. Қазақ әдеби тілі тарихына қатысы жағынан әр түрлі бағаланып келген: ауыз әдебиетінің тілі, Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі, ортағасырлық түркі ескерткіштерінің тілі — қазақ әдеби тілінің тарихи арналары ретінде танылуы қажеттігі.

5. Қазіргі қазақ әдеби тілінде жалпы тілдік нормаға негізделген әдеби норма қалыптасқандығы, ол тіл құрылымының барлық деңгейінен (дыбыстық құрылымынан бастап күрделі сөйлем құрылысына дейін) көрінетіндігі.

6. Қазіргі қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызметінің аясы кенуіне байланысты 4—5 стильдік тармағы сараланып айқындалғаны.

Қазақ әдеби тілі туралы 1950 жылдан бергі зерттеулер негізінде жоғары оқу орындарына арналған М. Балақаев, Р. Сыздыкова, Е. Жанпейісовтардың «Қазақ әдеби тілінің тарихы»

---

<sup>1</sup> Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV — XIX ғасырлар). Алматы, 1993, 14-бет

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 5-17-беттер.

(1968), Р. Сыздықованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (XV—XIX ғғ., 1993), С. Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1989), М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы» (1974) оқулықтары жарық көрді. Бұдан басқа көрнекті жазушылардың не белгілі бір көркем туындылардың тілін талдауға арналған зерттеулер (Х. Кәрімов т. б.) пайда болды.

Бұл сатаның зерттелуіндегі негізгі кемістік — оның әр кезеңіндегі нормалық белгілерінің қалыптасу, стиль жағынан саралану дәрежесі, сайып келгенде, әр кезеңнің әдеби тіл тарихында алатын орны жете зерттеліп анықталмай отырғандығында.

1950 жылдан бергі уақытта қазақ диалектологиясы қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасты. Бұл кезде тіл ерекшеліктерін жинап зерттеу жұмысының көлемі әлдеқайда артты. Қазіргі кезде республиканың оңтүстік, батыс, шығыс аудандарындағы негізгі тіл ерекшеліктері анықталып зерттелді деуге болады. Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Монғолия, Ресейдің бірсыпыра аудандарындағы қазақтардың тілін зерттеуге де көңіл бөлінді. Сөйтіп, қазіргі кезде диалектілік ерекшеліктер мен кәсіби сөздердің мол қоры жиналды. Мұның өзі 1950 жылға дейін зерттелу дәрежесі мақалалар аясынан шыға алмай келген қазақ диалектологиясында көлемді монографиялар, сөздіктер, жинақтар шығаруға мүмкіндік берді.

Қазақ диалектологиясы кең көлемде С. Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959) монографиясында зерттелді. Автор бұл еңбегінде диалектология мәселелерін тіл тарихымен байланыста қарап, қазақ тілінің диалектілік құрамы, олардың негізгі белгілері, әдеби тілге қатынасы жайында соны пікірлер айтты. Қазақ тілінің диалектілік құрамы мен тарихы жайында Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев, Ш. Сарыбаев мақалалары осы кезде жарық көрді.

1950 жылдардан бастап тіл ерекшеліктерін диалектілік тұрғыда ғана емес, одан неғұрлым шағын говорлар дәрежесінде зерттеу қолға алынды. Осыған орай қазақ тілінің шығыс говорлар тобы, батыс говорлар тобы, оңтүстік говорлар тобы және оларға кіретін жеке говорлары зерттелді. Қазақ диалектологиясының проблемалық мәселелері жайында Ш.Сарыбаев, Т. Айдаров, С.Омарбеков, О. Нақысбеков, Ә.Нұрмағамбетов, Н.Жүнісов, Ғ.Қалиевтың монографиялық еңбектері жарияланды. Диалектілік лексикография саласында Ж.Досқараев, С. Аманжолов және Тіл институты арқылы авторлар ұжымы шығарған диалектологиялық сөздіктер шықты.

1950 жылдан бері қазақ диалектологиясы мен тіл тарихына

арналған жеті-сегіз жинақ жарық көрді. 1967 ж. Ғ.Қалиев пен Ш. Сарыбаев жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ диалектологиясы» оқулығын жазды.

Диалектологияның зерттелуіндегі кемшілік: солтүстік, орталық аудандардағы және Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақтардың тіл ерекшеліктері жете қамтылмауына, қазақ әдеби тіліне диалектілердің қатынасы анықталмауына және диалектілік ерекшеліктердің тарихи тұрғыда жеткіліксіз зерттелуіне байланысты.

1950 жылдан бергі кезеңде жоғары оқу орындарында «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі» курстары оқытыла бастауына байланысты К. Ахановтың «Тіл біліміне кіріспе» (1962), «Тіл білімінің негіздері» (1973), Т.Қордабаевтың «Жалпы тіл білімі» (1975) сияқты оқулық, оқу құралдары және Ә. Хасенов, Л. Рүстемов, Ф. Мұсабекованың еңбектері жарық көрді.

Қорыта келгенде, 50-жылдардан бергі кезеңде қазақ тіл білімі кемелденіп, өз алдына дербес ғылым дәрежесіне жетті. Бұл кезеңде қазақ тіліне байланысты 50-дей ғылым докторы, 300-дей ғылым кандидаты дайындалды.

Қазақстан тәуелсіздік алып, қазақ тілі мемлекеттік дәрежеге көтерілген жағдайда қазақ тіл білімі онан әрі даму үстінде болды. Енді оның алдында тұрған ең басты міндет қазақ тілін Қазақстан мемлекетінің бүкіл күнделікті және ресми өмірінде, қоғамдық тіршілігінің барлық саласында қолданылатын құрал ретінде өрісін кеңейтуге байланысты болып отыр. Қазір тіл мәселесінің осындай практикалық жағына қалың көпшіліктің назары аударылып отырған шақта тіліміздің қайта қарастыратын, әлі де жетілдіретін жақтары аз емес. Олар негізінен мына мәселелерге саятын сияқты:

- ғылым, өнер, техника, шаруашылық салаларына байланысты термин сөздерді әрі қарай жетілдіру, мүмкіндігінше олардың орысша қолданылып келген түрлеріне қазақша балама табу;

- лексикалық жана қолданыстарды өрістету. Ол үшін жалпыхалықтық тілдің қорымен бірге жергілікті кәсіби-диалектілік сөздерді пайдалану;

- кірме сөздердің, әсіресе орыс тілінен және ол арқылы басқа еуропалық тілдерден ауысқан сөздердің қолданылу принциптерін айқындау;

- сөзді айтуда, жазуда орын алып келе жатқан кемшіліктерді ретке келтіру, ол үшін емленің жетілдіретін тұстарына көңіл аударып, оны қолданудағы ала-құталыққа жол бермеу;

- жер-су, қала, көше атауларының, адамдардың аты-жөнінің айтылу, жазылуын ретке келтіру;

— қазақ тілінің халық, ұлт тілі, әдеби тілі болып қалыптасу тарихын әрі қарай тереңдете зерттеу, ол үшін тарихи жазба, мұраларды кенінен пайдалану;

— әдеби тілдің стильдік салаларын жетілдіріп отыру, оған әр салада қызмет ететін мамандарды тарту;

— барлық деңгейде қазақ тіл білімінің зерттелу дәрежесін арттырып отыру, сөйтіп, қазақ тілінің өз табиғатына жат, жүйесі бөлек тілдердің ықпалымен туып «зандастырылған» дыбыстық, лексикалық, грамматикалық түсініктерден, ережелерден тілді арылту.

Бұл айтылғандар қазақтың ұлттық тіл білімінің ғылыми-теориялық, қоғамдық-әлеуметтік негізінің нығайып кенекіні қамтамасыз ететін жайттар болып табылады.

## КАЗАК ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ

---

### § 11. Лексикологияның мақсаты мен зерттеу объектісі

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика (гр.*lexikos* — сөздік) немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің лексикалық жүйеде алатын орнын, шығу төркінін, қолданылу қабілеттілігін, күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, сан қилы стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылымды лексикология (гректің *lexikos* — сөздік+*logos* — ілім сөздерінен) дейді. Қазақ тілінің лексикологиясы — қазақ тілінің сөздік құрамын (лексикасын) тексеретін ғылым. Бүгінгі қазақ тілі сөз байлығы жағынан дамыған тілдердің қатарына жатады. Қазақ тілінің сөздік құрамы халқымыздың басынан кешірген бүкіл өмірінің, шаруашылығы мен кәсібінің, материалдық байлығы мен рухани қазынасының айнасы, куәсі іспеттес, замандар бойы біртіндеп қалыптасқан, ұзақ дамуының жемісі. Сондықтан лексиканы зерттеу сөздік құрамды тұтас бір бүтін жүйе деп қарауды міндеттейді. Яғни лексикология жекелеген сөздердің тобын емес, тілдің қалыптасқан лексикалық жүйесін қарастырады.

Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жайындағы ұғымдар жеке сөздермен ғана емес, тұрақты сөз тіркестері түрінде қалыптасқан баламаларымен де түсіндіріледі. Осыған орай лексикология ғылымы сөз ұғымымен үйлесіп, сәйкесіп отыратын тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін фразеологияны да (гр.*phrasis* — сөйлемше+*logos* — ілім) тәл объекті ретінде қарастырады.

Тілдің қаншалықты дамып жетілгендігі сөздік құрамдағы сөздердің санымен ғана емес, мәнімен (көп мағыналылығымен) де өлшенеді. Бұл жағынан лексикология сөздердің мағыналық құрылымын зерттейтін семасиология (гр. *semasia* — мән, мағына + *logos* — ілім сөздерінен) ғылымымен тікелей байланысты. Семасиологияның мәні әсіресе түсіндірме сөздіктерді жасағанда айқын байқалады. Мұнда сөздің негізгі, туынды және ауыс мағыналары даму тұрғысынан сараланып талданады.

Қазақ сөздері сан жағынан мол және көп салаты, бұлардың жасалуы мен шығу тегі, мағыналары мен қолданылуы, даму қарқыны белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Қазақ лексикологиясы қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің осы замандағы даму қалпын, мағыналық және құрамдық түрлерін, тарихи арналары мен қат-қабаттарын, баю жолдарын, сөздердің экспрессивті-стистикалық мәнін, қолданылу аясын тексереді. Сөйтіп, қазақ лексикологиясының қазіргі жайы (синхрониялық күйі, гр. *syn* — бірге + *chronos* — уақыт) тарихи қатыптасу жайымен (диахрониялық күйімен: гр. *dia* — арқылы + *chronos* — уақыт) ұштастырылып қарастырылады.

## §12. Тіл білімінің лексикологиямен шектес салалары

Лексикология мәселелерін жан-жақты, терен түсіну үшін, тіл білімінің оған шектес басқа салаларымен қандай байланысы бар екенін ашып қарастырудың зор мәні бар.

Ана тіліміздегі сөз байлығының басынан кешкен ұзақ тарихы бар. Сөздердің қатыптасуына, өзгеруі мен дамуына қатысты тарихи заңдылықтарын **тарихи лексикология** тексереді. Тарихи лексикологияның бір саласы — **этимология**. Этимология (гр. *etymon* шындық + *logos* — ілім) сөздердің шығу төркінін, олардың ең алғашқы түр-түрпаты мен мағынасын анықтайды. Сол арқылы қазақ халқының бұрынғы замандағы өмірінен мәлімет алуымызға, қандай халықтармен қарым-қатынаста болғандығын айқындауымызға болады. Ана тілі лексикасының даму, өзгеру заңдылықтарын туыстас тілдердің лексикасын тарихи тұрғыдан тексеріп, салыстыра зерттегенде ғана дұрыс танып, білуімізге болады.

Тілдегі жалқы есімдерді зерттейтін **ономастика** ғылымымен де лексикология тығыз байланысты. Ономастика (гр. *onomastike* — ат беру өнері) іштей **антропонимика** және **топонимика** болып екі салаға жіктеледі. Антропонимика (гр. *anthropos* — адам + *onyma* — ат, атау) кісі аттарын (есімдерін) зерттеу объектісі етіп қараса, топонимика (гр. *topos* — орын, мекен +

**опұта** — ат, атау) географиялық (жер-су) атауларды жеке объекті етіп зерттейді.

Лексикология тіл білімінің грамматика саласымен де үнемі қарым-қатынаста болады. Тілдегі сөздердің номинативтік (атау-ыштық) қызметімен қатар грамматикалық қызметі де бар. Тілдің тарихи дамуы барысында сөздердің бір-бірімен әрдайым грамматикалық байланыс жасауы арқылы бір жағынан лексикалық единицалардың грамматикалану процесі жүріп жатса, екінші жағынан, сөз тіркестерінің бір бүтін лексикалық единицаға (сөзге) ауысу (лексикалану) процесі жүріп жататындығы белгілі. Бұл құбылыс өте-мөте сөзжасам тәсілдерінде айқын байқалады. Мысалы: *таңға, күніне, айына, бірде, жақында, басында, аяғында, ақырында, арқасында, бұрыннан, белшестен, алшысынан, тотестен, тұтқиылдан, басынан, жасынан, шөкестен, атымен, шынымен, түнімен* т. б. сөздер — шығу төркіні жағынан о баста септік жалғаулары арқылы жасалған туынды үстеулер. Бүгінде соңғы буындағы косымшалары әбден кірігіп, жымдасып кеткен.

Сондай-ақ, лексикология фонетикамен де үнемі байланысты. Сөздер көбінесе бірнеше дыбыстың тарихи қалыптасқан тіркесімен айтылғанда ғана белгілі бір мағынаны білдіреді. Тілдегі сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі олардың мағыналарының өзгеруіне әкеп соғады. Мәселен, *ал, әл, әл, өл, іл, ұл* дегенде дауысты дыбыстардың, *аз, ақ, ал, аң, ас, ат, ау, аш* дегенде дауыссыз дыбыстардың өзгеруінен әр түрлі мағына беретін сөздер жасалып тұр.

Тілде белгілі бір дыбыс өзгергенімен, сөздердің сыртқы тұлғасы да, мағынасы да оншалықты өзгеріске ұшырамай, үнемі ұқсасып келетін жағдайлары болады. Мысалы: *айғай-айқай, бау-бақ, сұрау-сұрақ, шұқыр-шұңқыр, ауа-әуе, бәйге-бәйгі, үлгіру-үлгеру, түгендеу-түгелдеу, жұдырық-жұмырық, жаңқа-жоңқа* т. б. Кез келген дыбыстардан әркім өз қалауынша сөз жасауына, болмаса грамматикалық тұлға жасауына болмайды. Лексикалық элемент те, грамматикалық элемент те дыбыстардың белгілі бір жүйелі тіркесі арқылы жасалады. Сол арқылы тілде жалпыға ортақ сөздер қалыптасады да, олар ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, сақтала береді.

Сөйтіп, тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын (өзіндік қасиетін) сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. Қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис, стилистика, этимология т.б. болып бірнеше салаға бөлінгенімен, осылардың барлығының да тексеретіні — сөз. Тілдегі сөздерді бұлардың әрқайсысы әр жақтан алып қарастырады. Тілдің негізін жасайтын — оның грамматикалық

кұрылысы мен негізгі сөздік қоры. Бұлардың екеуі де фонетикалық құбылыстармен тығыз ұштасып жатыр.

## ЛЕКСИКА

---

### І. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

#### §13. Сөз — лексикалық единица

Сөз тілдің, оның өзіндік құрамының заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, шындық өмірдегі қатынастарды атап білдіретін негізгі единицасы, дербес бөлшегі болып табылады. Лексикалық жүйенің даралық қасиетке ие негізгі единицасы бола отырып, сөз жеке тұрып та, басқа сөздермен тіркесіп те тарихи қалыптасқан ұғымдарды білдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Сөздің осы қасиеті оның лексикалық единица екендігін (даралық қасиетін) көрсетеді. Әр тілдегі сөздердің лексикалық единица болу сипаты, олардың құрылымдық ерекшеліктері сол тілдің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық белгілері арқылы анықталады.

Біріншіден, сөз біткеннің бәрі де тілдегі дыбыстардан жасалады, дыбыссыз сөз жоқ. Сөз — дыбыстық құрылымның жиынтығы, сол арқылы жарыққа шығады. Сөзді жасайтын дыбыстар немесе олардың жиынтығы қалай болса солай емес, тілдің фонетикалық заңдарына сәйкес қалыптасқан. Сөз кез келген дыбыстан емес, фонемалық дыбыстардың белгілі жүйеде келуі арқылы жасалады. Мысалы, адамның, жан-жануардың, көру мүшесін атап білдіретін *көз* деген сөз *к*, *ө*, *з* фонемаларының бізге белгілі жүйеде тіркесіп берілуі арқылы жасалып тұр. Сөйтіп, сөзді жасайтын дыбыстар оның материалдық жамылғысы, сыртқы көрінісі болып табылады. Тілде құбылысты, затты, іс-қимылды атап білдіретін сөздер дыбыстық құрылымдар түрінде қалыптасқан.

Екіншіден, сөз дыбыстық құрылымнан жасала отырып, зат, құбылыс, іс-қимыл жайында жалпыға түсінікті, қоғамдық дәрежеде қалыптасып, қауым таныған ұғымды (мағынаны) білдіреді. Мысалы, *мағ*, *қал*, *үй* деген сөздер жеке тұрып-ақ нақты заттардың ұғымын білдіріп тұр. Сөздің дыбысталуы оның материалдық сыртқы көрінісі болып табылса, ал ұғымды біл-

діріп мағынаға не болуы онын ішкі мазмұнын білдіреді. Мағынасыз сөз жоқ. Сөздің дыбысталуы мен білдіретін ұғымы (мағынасы) онын лексикалық единица екендігін танытатын екі жақты қасиеті болып табылады. Бұл екеуі қашанда бірлікте қаралады. Сөздер бір-бірінен осы қасиеттеріне қарап ажыратылады. Рас, қазіргі кезде жеке тұрғанда нақты ұғымы (мағынасы) белгісіз сөздер (омонимдер, көп мағыналы сөздер т.б.), кездеседі. Мысалы, *аяқ*, *біз* сөздерінің жеке тұрғанда қай мағынаны білдіретінін айту қиын, оны тек сөйлеу кезінде, басқа сөзбен байланысқанда ғана анықтауға болады. *Ас иіп аяқ босатар* немесе *етік тіге алмаған біз таңдайды* десек, олардың қай мағынада айтылып тұрғаны күмән тудырмайды. Бірақ жалпы сөздік құрам тұрғысынан алғанда, тіл дамуына байланысты кейін туған ондай сөздер белгілі мөлшерде ғана кездеседі.

Үшіншіден, сөз грамматикалық тұрғыдан қарағанда сөз таптарына тікелей қатысады, соларға телулі. Сөз таптарында біртұтас сөз тұлғаларын жасап, грамматикалық единица бола алады. Бұл — онын сөз тіркестерінен өзгешелігін көрсетеді. Сонымен бірге әрбір сөз не түбір морфемадан, не түбір мен қосымша морфемалардан (*морфема* — тілдің ары қарай бөлшектеуге келмейтін негізгі мағыналық бөлшегі) тұрады, солардың жиынтығы болып табылады. Мысалы, *қал* десек, бір ғана түбір морфемадан, *қалтық* десек, түбір морфема мен қосымша морфемадан, *қалтықша* десек, бір түбір морфема, екі қосымша морфемадан жасалып тұр. Морфемалық құрамнан тыс сөз жоқ.

Бұл айтылғандар сөздің құрылымдық сипатын тілдің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық заңдылықтарымен байланыстырып қарағанда ғана толық түсінуге болатынын аңғартады.

Сөз табиғатының күрделілігіне байланысты қазіргі тіл білімінде оның басқа да қасиеттері көрсетіліп жүр.

1. Сөз құрылымының тұйықтығы. Дербес сөз болу үшін онын құрылымына өзгеріс енгізуге, басқаша өзгертуге келмейтіндей болуы шарт, яғни сөздің құрылымдық тұйықтығы, тұтастығы сақталуы керек. Мәселен, *базар*, *қазан*, *құлақ* сөздері білдіріп тұрған мағыналар аталған сөздердің осы құрылымда айтылуы арқылы ғана беріледі. Олардың құрылымына басқа бір дыбыс не қосымша еніп кетсе, онда бұл сөздердің құрылымының тұтастығына нұқсан келіп, ұғымы сақталмайды. Сөз мағынасын өзгертпейінше, онын құрылымын басқаша құру мүмкін емес.

2. Сөздің о баста зат я құбылысқа атау болып қалыптасуының себебін көрсету мүмкін еместігі. Мысалы, *жол* деген

ұғымды білдіретін сөз басқаша ататмай, не себепті о баста осылайша аталғанын білу мүмкін емес. Ал бұрыннан белгілі атаулардың негізінде неғұрлым кейін туған атаулардың жөні бөлек, олардың қалай пайда болғанын білуге болады. Мысалы, *жалақ, жолшы, жолдас* ұғымын білдіріп тұрған сөздердің тууына себеп болған *жол* сөзі екені белгілі.

3. Сөздің сөйлеу үстінде даяр қалпында үнемі қайталанып (воспроизводимость) отыратындығы. Сөз қайда және қашан қолданылса да даяр күйінде қолданылады, ол сөйлеу үстінде жасалмайды. Сөздің бұл қасиетін еркін сөз тіркесі мен сөйлемнің жасалуымен салыстырсақ айқын көреміз, өйткені соңғы екеуі сөйлеу үстінде жасалатыны белгілі. Ал сөз керісінше тілде бұрыннан белгілі, даяр қалпында сөйлем я еркін сөз тіркесінің құрамына кіреді. Сөз даяр, тұтас единица ретінде жұмсалып қасиеті жағынан фразеологизмдерге ұқсас. Алайда, сөз бен фразеологизмдерді бірдей деп қарауға болмайды. Бұл екеуі құрылымы, қызметі жағынан бір-бірінен басқаша.

Сөздің өзіндік белгілері жайында жоғарыда айтылғандар ол туралы жалпы мәлімет болып табылады. Қазақ сөзінің құрылымдық-семантикалық қасиеттері мен қызметі жайында кейінге тарауларда толығырақ сөз болады.

#### § 14. Ұғым және сөз

Ұғым — логикалық категория, ойлау процесінің нәтижесі, ал сөз — тілдік категория. Бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар. Логикалық ұғымның тіл жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады. Ұғым дегеніміз — шындық өмірдегі зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып, қорытылып берілген бейнесі. Адам санасында ең алдымен сезім мүшелері (есту, көру, дәм, иіс, сезу) арқылы қабылдауға болатын нақты, деректі заттар мен құбылыстардың бейнесі қалыптасқан. Кейін адамның ойлау қабілетінің дамуына байланысты дерексіз заттар мен құбылыстар жайындағы түсініктерді қабылдауға мүмкіндік туған. Осылайша адамның санасында сезім мүшелерімен білуге болмайтын, тек түйсік сезімі арқылы қабылданатын, нақты заттық дерегі жоқ құбылыстар да (*қуаныш, қайғы, ренжу, адамшылық* т.б.) бейнеленіп берілетін болған.

Заттар мен құбылыстар жайындағы біздің санамыздағы осы күнгі ұғымдар адамның сезім мүшелері мен түйсігі арқылы ұзақ уақыт бойы сыртқы дүниемен араласуының, оны танып білуінің нәтижесінде туған.

Адам санасында ұғымның қалыптасуында мынадай бір

ерекшелікті есте ұстау қажет. Адам заттар мен құбылыстарды танып білуде өзінің жадында олардың ең басты айрықша белгілерін сақтаған. Кейін заттардың негізгі белгілерін салыстыру арқылы бір-біріне ұқсас, тектес заттардың ортақ белгілері анықталған. Сол айрықша, ортақ белгілердің негізінде зат, құбылыс жайында ұғым қалыптасқан. Демек, ұғымда белгілі бір зат, құбылысқа тән барлық белгі, қасиет бейнеленбейді, тек заттар мен құбылыстардың бір-бірінен ерекшелігін білдіретін, неғұрлым маңызды жалпы белгілері жинақталып беріледі. Мысалы, құрылысына, салыну ерекшеліктеріне, түрлеріне т.б. қарамастан, дүниедегі үй атаулыға тән ортақ белгі — олардың баспана болатындығы. Үй атаулының бәріне ортақ осы қасиеті үй туралы ұғымда жинақталып, топшыланып берілген.

Заттың, құбылыстың негізгі жалпы белгілері ұғым болып, тек сөз арқылы қалыптаса алады. Ұғым тілдегі сөздердің негізінде туады, сол арқылы жарыққа шығады. Сол себепті сөз ұғымның материалдық көрсеткіші, шындық өмірдегі көрінісі болып табылады. Сөз бен ұғымның байланысы адамдардың қоғамдық өмірде бірлесіп өмір сүруі, әрекеттенуі негізінде іске асады. Сондықтан тарихи бір дәуірде туған сөздер бір тілде сөйлейтін қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дерлік түсінікті болады. Бұдан сөз бен ол білдіретін шындық өмірдегі зат, құбылыстың арақатынасын зерттеуде тарихи деректерге сүйеніп отыру қажеттілігі туады.

Сөздің негізгі қызметі — атау, яғни зат, құбылыс, әрекетті, олардың белгілерін атап білдіру. Бұл арада мынадай жайттар ескерілуі керек.

Біріншіден, ұғым сияқты сөзде де зат, құбылыстың жалпы, айрықша белгілері жинақталып, топшыланып беріледі. Мысалы, жоғарыда айтылған *үй* ұғымына тән ортақ, жалпы белгі, қасиет осы ұғымды білдіретін *үй* сөзіне де тән, онда да үй атаулының бәріне ортақ белгісі — оның баспана болатыны жинақталып, жалпыланып берілген. Неғұрлым кейін пайда болған ұғым атаулары бұрыннан белгілі ұғымдарға ұқсастық негізінде жасалып отырады. Мысалы, *биешек*, *түйетабан*, *итмұрын*, *қосаяқ*, *күнбағар* сияқты атаулар, сөз жоқ, осы сөздердің құрамындағы бұрыннан белгілі атауларға (*бие*, *емшек* т.б.) ұқсатудан шыққан.

Екіншіден, сөз жалқы бір затты ғана атап білдірмейді, жалпылап, жинақтап бір тектес заттарды да білдіреді. Мысалы, *ат* деп тек мінетін бір атты емес, жалпы ат біткенді атаймыз. Сол тәрізді *адам*, *халық*, *балалар*, *құм*, *өзен*, *қала* сияқты сөздердің де жалқылық, жалпылық қасиеті бар екенін аңғару қиын емес. Мәселен, зат есімдер бүкіл сөз табының

ішіндегі логикалық ұғымы жағынан ең айқын сөз табы десек, олардың да нақтылығы өзара салыстырғанда бірдей бола бермейді. Зат есімнің ішіндегі ең нақтылысы жалқы есімдер десек, бұлардың өзінде де белгілі дәрежеде жалпылық сипаты болады. *Ахмет* деген жеке адамға меншіктеп берілген ат (өзгелерден даралап ажырату үшін қойылған белгі) деп қаралғанымен осы есімнің өзі өмірде біреу (жалқы) болмай, толып жатқан адамға ортақ ат болып қолданылады.

Сонда тілдегі кісі аттарының өзі шартты түрде ғана жалқы есім болып шығады. *Қарағай* деген сөз барлық қарағай біткен біртектес ағашқа тән ортақ атау болса, *Ахмет* деген кісі аты жүздеген адамға қойылған ортақ есім. Айырмасы *қарағай* деген белгілі бір заттың ұғымын білдіріп тұрса, *Ахмет* деген заттың ұғымын емес, бір затты сол тектес басқа заттардан айыру үшін қойылған бір белгі ретінде қолданылып тұр. Жалқының да жалқысы бар. Мысалы, жер-су, қала атаулары (Азия, Ертіс, Ұлытау, Париж, Қазақстан) негізінде тек дара заттарды атап білдіретіндіктен, оларға шын мәнінде жалқылық қасиет тән.

Етістікке тән сөздердің жалпылығына келсек, жалпы есімдердің жалпылығынан да анағұрлым күрделірек, күштірек екендігін көреміз. Мәселен, адам баласының қоректік затын *ас*, *тамақ* деп, өзге жан-жануарлардың азығын *жем*, *шөп*, *өлексе* т.б. деп қаншама сөзбен ажыратып береміз. Ал етістікке келгенде негізінен барлық жан-жануарлар мен адамзатқа бірдей қою тамаққа *жеу*, сұйық тамаққа *ішу* деген сөздер ғана қолданылады. Олай болса, заттық ұғымдағы сөздерден етістік ұғымды білдіретін сөздердің жалпылық қасиеті анағұрлым күшті.

Үшіншіден, сөз бен сол сөз атап білдіріп тұрған зат, құбылыс я әрекеттің арасында ешбір табиғи байланыс болмайды. Тілдегі сөздер зат, құбылыстарға шартты түрде атау болып кейін қалыптасқан. Сөз бен зат, құбылыстың арасындағы табиғи байланыс болмағандықтан, белгілі бір зат я құбылыс әр тілде әр түрлі аталады. (қазақша — *адам*, орысша — *человек*, немісше — *mensch* т.б.). Зат, құбылыс, іс-қимыл жайындағы ұғымдардың көпшілігі барлық халықта бірдей болғанымен, олардың әр халық тілінде аталуы басқаша болып келеді. Осыдан барып дүниеде көп тілділік пайда болған.

Төртіншіден, тілдегі сөздердің бәрі бірдей қалыптасқан логикалық ұғымды білдіре бермейді. Мысалы, қазақ тіліндегі шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер, белгілі дәрежеде есімдіктер ұғымды білдірмейді, себебі олар материалдық ақиқат өмірдегі зат, құбылыс ұғымдарымен тікелей байланысты емес.

Бірақ ондай сөздердің қай-қайсысы болсын мағынаға ие. Мысалы, *-ма, -ме* сұраулық шылауларында затты не құбылысты білдіретіндей ұғым жоқ болғанымен, басқа сөзге тіркескен жағдайда сұраулық мағына тудырады (*кітап бар ма?*). Әй, әттеген-ай одағайларында да белгілі ұғым жоқ, бірақ олар шақыру, өкіну мағыналарын білдіреді.

Сөздер ұғымды білдіру, білдірмеуіне қарап екі топқа бөлінеді:

1) ұғыммен тікелей байланысты, ұғымдық сипаты бар толық (дербес) мағыналы сөздер. Оларды грамматикалық қызметіне қарап атауыш сөздер деп атайды. Бұларға өздеріне тән лексикалық, грамматикалық мағыналары бар, тілдік қарым-қатынастың негізі болатын зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, еліктеу сөздер жатады, 2) зат, құбылыс ұғымымен тікелей байланыссыз, ұғымдық сипаты жоқ дербес мағынасыз сөздер. Оларға грамматикалық қызметіне қарап көмекші сөздер деп аталатын шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер жатады. Мысалы, *еді, деді, жаздады, үшін, және, бәлкім, әрине, бәсе* т.б. Есімдіктер атауыш есім сөздердің орнына жұмсалып, есімдер тобына қосылғанымен, нақты ұғымды білдірмейді.

## § 15. Сөз және мағына

Сөздің ішкі семантикалық байланысы оның мағынасы мен ұғымының арақатынасынан көрінеді. Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Егер белгілі бір зат туралы ұғымымыз болмаса, оның мағынасын да білмейміз. Ұғым бар жерде мағына бар. Демек, ұғымның болуы сөз мағынасының ең маңызды шарты болып табылады. Бірақ сөз мағынасының қалыптасуына ұғымнан басқа да себеп болатын жайттар бар. Сөз мағынасы заттық-логикалық ұғымнан басқа айтушының ақиқат дүниеге көзқарасын, әр түрлі көңіл-күйін, сезімін және сөздің грамматикалық сипатын да білдіре алады. Бұдан сөз мағынасының ұғымнан кен екенін көреміз. Мысалы: *Тәй, тәй, тәй!... Қаз! Қаз! Қаз! Қарағым!... апыл-тапыл басқанға мәз* (Б. Майлин). *Тату бот жүрсең нетті қағыңғыр-ау, Қоймайсың Боранбаймен тобелесті* (Б. Майлин). *Түу! Ойбай-ай! Құдай-ай! Обал-ай* (І. Жансүгіров). Осындағы *тәй-тәй, қаз-қаз, қарағым, түу, қағыңғыр-ау, ойбай-ай, құдай-ай, обал-ай* тәрізді сөздер қалыптасқан арнаулы мағыналарының үстіне адамның қуаныш, сүйініш, күйініш, танырқау, таң қалу сезімдерін білдіріп, эмоциялық мән беріп тұр. Сөйтіп, сөз мағынасы ойды ғана білдірмейді, сонымен бірге сезім мен ерікті, көңіл күйін білдіру

үшін де жұмсалатындығын аңғарамыз. Мұндай қасиет ұғымда кездеспейтіні белгілі.

Сөз мағынасының екі түрі бар: лексикалық мағына және грамматикалық мағына. Сөздің лексикалық мағынасы лексикологияда зерттеледі. В. В. Виноградовтың анықтамасы бойынша сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз — «тілдің грамматикалық заңдарына сай тұлғаланған, оның сөздігіне тән жатпы семантикалық жүйесінің элементі болып табылатын сөздің заттық-материалдық мазмұны»<sup>1</sup>. Сөздің лексикалық мағынасы зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп тұрақталған ұғымның мазмұнын қамтиды. Сөздің лексикалық мағынасын жете түсіну үшін, ең алдымен, сөздің заттық-логикалық мәнін, екіншіден, сөздің лексикалық мағынасының оның басқа мағыналарымен қандай қарым-қатынаста екенін, үшіншіден, сөздің лексикалық мағынасын соған ұқсас басқа лексикалық мағыналардан ерекшелеп көрсететін белгілерін анықтау қажет. Осы айтылған шартты белгілер тұрғысынан қарасақ, мысалы, *сыыр* сөзінің анықтамасында мынадай заттық белгілер қамтылуға тиіс: 1) заттық мазмұны жағынан төрт түлік малдың бір түрі екендігі, 2) сырт көрінісі жағынан ірі қара малға жататыны, 3) табиғаты жағынан: а) мүйізді ірі қара мал, ә) айыр тұяқты мал, б) күйіс қайыратын мал екендігі. Міне *сыыр* сөзінің осындай белгілері оның басқа мал түрлерінен ерекшелігін білдіреді.

Лексикалық мағына — сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық (единица) қасиетіне ие болады. Лексикалық мағына зат, құбылыс, әрекет жайында бір тілде сөйлейтін қауым таныған, жалпыға түсінікті әр сөздің меншікті мағынасы болып табылады. Ол — сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады, сондықтан сөз мағыналарын саралағанда ең алдымен оның лексикалық мағынасына көңіл аударылады.

Сөз мағынасынан әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі, өзіндік бояуы айқын көрінеді. Мысалы, *сарай* қазақ тілінде әсем де салтанатты ғимарат, зәулім құрылыс, үй мағынасын білдірсе, ал түркі тілдерінен ауысқан *сарай* сөзі орыс тілінде бұған керісінше әр түрлі шаруашылық заттарын сақтайтын қора немесе жайсыз үлкен үй мағынасында айтылады. *Ми* деген сөздің қазақ тіліндегі нақты лексикалық мағынасы — бас миын білдіруі, сол себепті *ми* дегенді қазақ тек осы мағынада түсінеді, ал орыс тілінде *мозг* сөзі тек бас миын емес, жілік майын да

<sup>1</sup> Виноградов В. В. Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания, 1953, №5, стр. 10.

білдіретіндіктен, оларды бір-бірінен айырып көрсету үшін, *головной мозг, костный мозг* деп бөліп айтады.

Туыстас тілдердегі сөздер бір-бірімен айтылуы (дыбысталуы) жағынан ұқсастау болып келгенімен, мағына жағынан алшақ болуы ғажап емес. Мәселен, қазақ тілінде *жел* деп, кейде қатты, кейде баяу соғатын ауаның ағымын айтса, *самал* деп жанға жайлы қоңыр салқын желді айтады, ал қырғыз тілінде керісінше, онда *шамал* деп желді, *жел* деп самалды айтады. Қазақ тілінде *малай* деп біреудің есігінде жалданып жүрген қызметші, жалшыны айтса, ал башқұрт пен татар тілдерінде *малай* деген бала мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде *әжептәуір* — тәп-тәуір, әп-әдемі, жап-жаксы деген жағымды мағынада жұмсалса, қарақалпақ тілінде *әжептәуір* оғаш, ерсі деген жағымсыз мағынада қолданылады.

Сөз мағынасы әрқашан бір қалыпта тұрмайды. Тіл жүйесінің ішкі заңдылықтары және одан тыс ақиқат өмірдегі мәдени-тарихи, санадағы психологиялық өзгерістер сөздің лексикалық мағынасының мазмұнына әсер етіп отырады. Лексика дамуындағы тарихи кезеңдерде сөз мағынасы кеңейіп, тарайып не жаңарып, жаңғырып, болмаса қолданудан шығып қатып отырады. Мысалы, *қыз-қырқын* сөзінің құрамындағы қазір жеке қолданылмайтын *қырқын* сөзі көне түркі тайпалары тілінде «күн қыз», «күннен туған қыз» мағынасында қолданылған. Кейін ол өзінің дербестігінен айырылған соң, бұл мағынада қолданылмайтын болды да, қазір *қыз* сөзімен қосарланып, «қыз балалар» мағынасын береді. Адам немесе малдың дене мүшесінің атауын білдіретін *кіндік* сөзінің мағынасы кеңейіп, 1920 жылдар да «белгілі бір ел, мемлекет не ұйымға тән орталық» деген мағынада қолданылды: «*Орынборда кіндік үкіметтің тілі «Еңбекші қазақ» газеті бар*» (С. Сейфуллин). «*Омбы — мәдениет кіндігі*» (С. Мұқанов). Бірақ 1930 жылдардың орта шенінен бастап *кіндік* сөзі бұл ауыс мағынада қолданылмайтын болды.

Сөздің лексикалық мағынасы дамуының жоғарыдағыдай тарихи сипаты белгілі дәрежеде түсіндірме және этимологиялық сөздіктерде ашытып отырады. Сөз және оның лексикалық мағынасы жайында жалпы ақпар осындай.

Ал сөздің грамматикалық мағынасы дегеніміз грамматикалық амал-тәсілдер арқылы туатын, сөздің бірыңғай топтары мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән, жинақталған дерексіз мағына. Грамматикалық мағына сөздің лексикалық мағынасы негізінде туады, бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар. Лексикалық мағынамен қатар жарыса қолданылып, оны айқындап, саралап отырады. Әдетте, сөздің бірнеше

грамматикалық мағынасы болады. Мысалы, *балам* деген сөз зат есім, оның ішінде жалпы есім, жекеше, онаша тәуелденудің I жағы сияқты бірнеше грамматикалық мағынаға ие болып тұр. Бірақ бұл грамматикалық мағыналардың бәрі де *бала* сөзінің лексикалық мағынасы негізінде туып тұр. Сөздің грамматикалық мағынасының пайда болу жолдары, түрлері грамматикада қарастырылады.

## § 16. Сөздің лексикалық мағынасының негізгі типтері

Сөздің лексикалық мағынасы тіл білімінде әр түрлі бағытта топтастырылып келеді. 1950 жылдары сөз мағынасын семантикалық тұрғыда топтастыруға бой ұрушылық орын алды. Семантикалық топтастыру — ұғымы бірінғай сөздердің мағыналық типтерін анықтауға негізделген болатын. Мысалы, мәдени, шаруашылық, тұрмыстық, туыстық атаулар, адамға байланысты сөздер т. б. Бұлайша топтастыру арқылы тілдегі барлық сөзді қамтуға болмайтыны, сөз мағынасын топтастыруда қолайсыздығына қарамастан, оның бірқатар түркологиялық еңбектерде орын алғаны «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында атап көрсетілген<sup>1</sup>. Шынында, бұлайша топтастыру сөздің лексикалық мағынасының типтері мен оның лексика-семантикалық топтарын ажыратпаудан туған кемшілік еді.

1950 жылдардың орта тұсынан бастап кенес тіл білімінде сөз мағыналарын топтастырудың академик В. В. Виноградов ұсынған классификациясы кенінен қолданылды. В. В. Виноградов сөздің лексикалық мағыналарын үш типке бөліп көрсетеді: 1) тура немесе номинативті мағына, 2) фразеологиялық байлаулы мағына, 3) синтаксистік шартты мағына<sup>2</sup>.

В. В. Виноградовтың сөз мағыналары және оларды топтастыру туралы пікірі қазақ тіл білімінде қолдау тауып отырды<sup>3</sup>.

К. Аханов тіл білімінде сөз мағыналарын әр тұрғыда қарастыру, соған байланысты оларды түрліше топтастырып саралау тәжірибесі бар екенін ескере отырып, сөз мағыналарының типтерін талдауда В. В. Виноградовтың классификациясына сүйенеді.<sup>4</sup>

1970 жылдардан бастап сөздің лексикалық мағынасының

<sup>1</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. 1975, 34-35-беттер.

<sup>2</sup> Виноградов В. В. Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания, 1953, №5.

<sup>3</sup> Кордибаев Ғ. Сөз және оның мағыналары // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958, №1; Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі, 35-бет.

<sup>4</sup> Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973, 123-130 беттер.

В. В. Виноградов жасаған типологиясы онан әрі жетілдіріліп келеді. Сонын нәтижесінде сөз мағынасының типологиясын анықтауға қажетті белгілері толықтырылып нақтылана түсті. Мәселен, сөздің лексикалық мағыналарының типологиясын анықтауда әсіресе олардың (сөз мағыналарының) шындық болмыстағы заттар мен ұғымдарға қатыстылығы, олармен байланысы қандай дәрежеде екеніне ерекше мән беріледі. Ал сөз мағыналарының объектіге қатыстылығы бірыңғай еместігі белгілі. Міне осы соңғы айтылған жәйт сөздің лексикалық мағыналарын ғылыми тұрғыда топтастыруға қажетті негізгі белгі ретінде танылады.

Сөздің лексикалық мағынасының типтерін анықтауда сөз мағыналарының шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатыстылығы дегеннен басқа да белгілері бар екені зерттеу тәжірибесінде көрініп жүр. Мәселен, Н. М. Шанский сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуын оның ұғымды білдіру сипаты мен белгілі бір лексика-грамматикалық топтарға қатыстылығымен байланыстырып қарайды<sup>1</sup>. М. И. Фомина лексикалық мағыналардың типологиясын ұғымдық-заттық қатынастан басқа сөздердің бір-бірімен байланыстылығы, мағыналардың мотивтілігі, қалыптасуының тарихи себептері және сөз мағыналарының атқаратын қызметі (номинативті және экспрессивті-семантикалық мағыналары) тұрғысынан қарастырады<sup>2</sup>.

Сөз мағыналарын топтастыруға қатысты бұл сияқты белгілер бір-бірімен өзара байланысты. Бірақ ең негізгі белгі сөз мағыналарының шындық болмыстағы объектілерге қатыстылығы болып табылады.

Бұл айтылғандардан қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық мағыналарының типтерін талдауда оларды топтастыруға негіз болатын жоғарыдағы белгілерді ескеру қажеттігі туады.

Тіліміздегі сөздердің ең үлкен тобы заттар мен құбылыстарды, олардың негізгі қасиетін білдіретін толық мағыналы, дербес сөздер болып келеді. Лексикалық мағынаға ие болатын негізінен осы сөздер. Грамматикалық тұрғыдан алғанда оларға зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу сөздер жатады. Бұлардың (есімдіктің жайы басқаша, оған кейінірек тоқталамыз) ең маңызды қасиеті — заттар мен құбылыстарды, іс-әрекетті, олардың белгілерін атап білдіретіндігінде. Сондық-

---

<sup>1</sup> Шанский Н. М. Лексикология современного русского языка. Москва. 1972. стр. 23.

<sup>2</sup> Фомина М. И. Современный русский язык. Лексикология. М, 1990, стр. 36-44.

тан бұлар лексикологияда қарастырылады. Ал шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер шындық болмыстағы зат, құбылыстарға тікелей қатысты болмағандықтан, олар әдетте лексикологияда емес, грамматикада зерттелетіндігі жоғарыда ескерілді\*.

Осындай әр түрлі лексика-грамматикалық сипатта көрінетін қазақ сөздерінің лексикалық мағыналары да әр қилы болып келеді. Олар шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіруі жағынан, тарихи пайда болуы жағынан және бір-бірімен өзара байланысы жағынан бірыңғай емес. Сөздердің лексикалық мағыналарының төменде талданатын типтері осы белгілеріне қарай анықталады.

**1. Сөздің атауыш (номинатив) мағынасы**, ол тура мағына деп те аталады. Лексикалық мағынаның бұл түрі сөздердің шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға, олардың белгілеріне қатыстылығымен байланысты пайда болған.

Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы атауыш (номинатив) мағына деп аталады. Атауыш мағына әр заттың өз алдына дербес мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра білеміз. Мысалы, *тау*, *тас*, *өзен*, *көл*, *боран*, *жел* деген заттық ұғымдар жеке-жеке аталып, бірден атауыштық мағыналарға ие болып тұр.

Сөздің атауыш мағынасы заттар мен құбылыстарға жаңама түрде емес, тікелей бағытталатындықтан, тура мағына деп аталады. Сөздің тура мағынасы деген ұғымға заттар мен құбылыстардың ауыс-ауыс басқадай туынды қосымша мағыналары кірмейді. Тура мағына заттар мен құбылыстардың қазіргі кездегі тұрақты негізгі мағынасы ретінде танылады. Мысалы, жоғарыда келтірілген атауыш мағынадағы сөздер әрі заттардың тура мағыналары болып саналады. Сонымен бірге әрбір атауыш сөздің жеке тұрып білдіретін мағынасында еркіндік сипат бар, яғни оның мағынасы еркін мағына болып танылады. Сол себепті атауыш тура мағынадағы сөздер басқа көптеген сөздермен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп отырады. Мысалы, *жақсы* сөзінің атауыш мағынасы жақсы қасиет туралы қалыптасқан ұғымы бар сөздердің қай-қайсысымен де

---

\* Сонымен бірге лексикалық мағына сөз біткенінің бөріне де тән, айырма лексикалық мағыналардың қалай көрінеіндігі мен дербестік дәрежесінде деген көзқарас бар. Мысалы, көмекші сөздердің лексикалық мағынасы дербес сөздермен пресеккенде нақты көрінеді. Есімнің лексикалық мағынасы атауыштық сөздердің орнына жұмсалып, оларды мензеп тұрапандылығымен, одағайдың лексикалық мағынасы айналдағы шындық болмыс жайында адамның көңіл-күйін, сезімін әр түрлі ишараттар арқылы білдіретіндігімен сипатталады (Лингвистический энциклопедический словарь. М, 1990, стр. 262).

байланысқа түсе алады: *жақсы адам, жақсы жер, жақсы қылық, жақсы қасиет* т.б.

Сөздің атауыш (номинатив) немесе тура мағыналары толық мағыналы дербес сөздердің бәріне де қатысты. Тек есімдіктердің атауыштық (атау болу) қызметінің өзіндік ерекшелігі бар. Есімдіктер зат, құбылысты, олардың белгілерін, сыр-сипатын тікелей атап білдірмейді, тек толық мағыналы сөздердің орнына жұмсалып, оларды алмастырып, мензеп білдіріп тұрады. Сол себепті есімдіктердің лексикалық мағынасын *мензеу мағына* деп атауға болады. Мысалы, *біз, олар, кім, не, қалай, қайсы, ештеме* деген есімдіктер нақты затты не оның белгілерін атап тұрған жоқ, тек оларды атап білдіретін сөздердің орынбасар көрсеткіші ретінде қолданылып тұр. Сол себепті есімдіктердің мензеу мағынасы олардың негізгі сөздік мағынасы ретінде сөздіктерде беріліп отырады.

Сөздің атауыш я тура мағынасы негізгі сөздік мағына болып табылатындықтан, сөздіктерде сөз мағыналарын талдаудың алғы шарты болып табылады, сөз мағынасын талдау қашанда негізгі мағынадан басталады. Мысалы, түсіндірме сөздікте *қобалжу* сөзінің мағыналарын талдау алдымен оның «көңілі бұзылу, қатты толқу» (*Үсті-басы мамандай су балықшы ағалар есіме түсіп, қобалжып кеттім* — Б. Тоғысбаев) деген негізгі мағынасынан басталады, сонан кейін оның «атан болу, тынышы кету», «қорқу, зәресі қалмау, үрейлену» сияқты ауыс мағыналары, сонында «жүрегі қобалжу», «көңілі қобалжу» сияқты тіркестік мағыналары талданады.

Сөз мағынасы — дамып, жетіліп отыратын құбылыс, сондықтан сөздің негізгі мағынасы (лексикалық мағынасы) атауыш немесе тура мағынамен шектеліп қоймайды. Сөз әрқашан тек атауыш я тура мағынада айтыла бермейді. Сөздің атауыш тура мағынасының негізінде туып ербіген, бір тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті, қауым таныған ауыс, нақты, абстракты (дерексіз) мензеу мағыналары болады. Сайып келгенде, бұлардың бәрі (атауыш я тура мағынамен бірге) сөздің негізгі лексикалық мағыналарының түрлері болып табылады. Лексикалық мағынаның бұл сияқты түрлерін В. В. Виноградов туынды номинатив мағына деп атаған<sup>1</sup>.

Тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей бір атауыш лексикалық мағынаны білдіріп қоймайды. Олардың ішінде бірнеше атауыш мағынаға ие болатындары аз емес. Мысалы, *көз* деген сөздің адамының немесе жан-жануардың *қору* мүшесін білдіретін

<sup>1</sup>Виноградов В. В. Основные типы лексических значений слов // Вопросы языкознания, 1953, № 5, стр. 12.

бастапқы мағынасы да, *күннің көзін, терезенің көзін, бұлақтың көзін* білдіретін ауыс мағыналары да лексикалық мағыналарға жатады. Бірақ *көз* сөзінің аталған лексикалық мағыналарының ара-қатынасы бірдей емес. Алғашқы көру мүшесін білдіретін мағынасы негізгі, бастапқы атауыш мағына да, соңғылары соның негізінде жасалған кейінгі атауыш мағыналары болып табылады. *Бет, құлақ, қабырға, арқа, аяқ, мүше, дүние, қыт, қалың, ақ, ыстық, терең, өту, келу* т.б. сөздердің де осы сияқты алғашқы және кейінгі лексикалық мағыналары бар. Бірнеше лексикалық мағынасы бар сөздердің алғашқы, бастапқы мағыналары тура мағыналары болса, кейінгі мағыналары тура емес, ауыс мағыналары болып табылады. Сөйтіп, ауыс мағына деген ұғым бұл арада кейінгі лексикалық атауыш мағынаны білдіріп тұр. Оны сөздің поэтикалық қолданысынан немесе сөйлеу үстінде туатын ауыс мағынасымен шатастырмау қажет. Мысалы, *асау* сөзінің тура атауыш мағынасы — «жүген-құрық тимеген, үйретілмеген, бас білгі емес», ауыс атауыш мағыналары:

1. Ерке, тентек, бетімен бұла боп өскен (*Біреудің ерке өскен, тұрмыстың ащы дәмін татпаған асау баласы ғой, ақылы жүре толығар* — З. Шашкин).

2. Тиымсыз, бетімен кеткен, еркінсіп кеткен (*Арыны басылмаған, асау жігіттер өзімізден де жас екен* — газеттен). Ал, «*Асау жүрек аяғын шалық басқан*» (Абай) дегендегі *асау* сөзі поэтикалық ауыс мағынада қолданылып тұр.

Сөздің ауыс мағынасы бір заттың негізгі атауыш (тура) мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан барып туады. (Ср. *адамның аяғы — үстелдің аяғы, төсектің аяғы; судан өту, емтиханнан өту, сынақтан өту* т.б.). Оған әдетте бір затты, оның белгілерін басқа бір затпен салыстыру, ұқсастыру себеп болады. Сөйтіп, сөздің ауыс мағынасынан жанама түрде қашанда оның тура мағынасы сезіліп тұрады. Сөздің ауыс мағынада қолданылуы көп мағыналы сөздердің (полисемия) тууына себеп болады.

Ал нақты және абстракты мағыналардың бір-бірінен айырмашылығына келсек, ол сөздің затты қандай дәрежеде білдіре алатындығына байланысты. Егер сөз затты, оның белгілері мен іс-әрекетін дәл қалпында айқын түрде білдірсе, онда оның мағынасы нақты мағына болып табылады. Мысалы, *қағаз, қалам, барды (үйге), әкелді (сүт), ақ (мата), көк (шоп)*. Егер сөз затты оның нақты белгілерінен, қасиеттерінен ажыратып, ойша дерексіздендіріп білдірсе, онда абстракты (дерексіз) мағына туады. Мысалы, *адамгершілік* дегенде нақты адам туралы айтылып тұрған жоқ, адамның әр түрлі ізгі

касиеттері жинакталып, дерексіздендіріп беріліп тұр. *Адалдық, жақсылық, басқару, игеру, бағыттау* т.б. сөздер де дерексіз мағынаға ие болып тұр.

**2. Сөздің шығу тегіне байланысты туған лексикалық мағыналары.** Оларға сөздің түпкі мағынасы (непроизводное значение) және туынды мағынасы (производное значение), омонимдік, синонимдік, антонимдік мағыналары жатады.

**Түпкі мағына** деп тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан карағанда ары қарай бөлшектенбей түбір ретінде танылатын, дербес сөздердің мағынасын айтамыз. Түпкі мағына алғашқы немесе бастапқы мағына ретінде қабылданады. Түпкі мағыналардың пайда болу себебі (мотиві) көп жағдайда белгісіз болып келеді, өйткені түпкі мағынада туынды мағынадағыдай басқа бір мағынаның әсері, қатысы сезілмейді, ол «өз бетінше» туған мағына ретінде танылады. Мысалы, *от, су, күн, түн, таң, жылқы, жаңбыр, өзен, бар, кел, теңіз, көк, қара* сияқты сөздердің осы күнгі белгілі мағыналары тарихи қалай қалыптасқанын қазір дәл басып айту қиын. Олардың шыққан; тегі туралы кейбір деректер ғылыми болжам түрінде этимологиялық ізденістерде кездеседі. Мысалы, қырғыз тіл білімінің маманы Б. М. Юнусалиев *үйқы* сөзі осы мағынаны білдіретін *үй* етістік түбіріне *-қы* өлі жұрнағы қосылу арқылы шыққан: «белгілі бір міндетті орындау» мәніндегі *атқару* сөзі ерте кезде қырғыз, казак, алтай т.б. халықтарда үлкен адамды немесе сыйлы қонақты кетерінде «атқа мінгізу» салтын білдіретін *ат-қар* сөзінен шыққан деп қарайды.<sup>1</sup>

«Ұсақ ақша» мәніндегі *тиын* сөзі — бұрын терісі ақша орнына жұмсалған тиін анының атынан шыққан; *өңеш* сөзі — түтік, іші қуыс зат ұғымын білдіретін сөздерге негіз болған *оң* түбір морфемасына кішірейткіш-*еш* жұрнағының қосылуынан шыққан деген пікірлер бар<sup>2</sup>.

Сол сияқты *пышақ, пышқы, пішу, пішін, пішім, піште* сөздерінің арғы тегінде бір кезде «кесу» мағынасын білдіретін *быч/пыш* етістігі жатқан деуге болады.

**Туынды мағына** түпкі мағынадай емес, басқа бір мағынаның қатысымен туған, пайда болу себебін (мотивін) түсіндіруге болатын, сөздің кейінгі (екінші) мағынасы болып табылады. Туынды мағына әдетте сөзжасам тәсілдерімен байланысты қарастырылады. Туынды мағына өзін тудырған сөздің мағынасымен байланысын үзбейді. Мысалы, түбір *қон* сөзінің лексикалық

<sup>1</sup> Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Часть 1, Фрунзе, 1959, стр. 41, 109.

<sup>2</sup> Казак тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.

түпкі мағынасы *қонақ, қоныс, қонақтау, қонағуар, қонаға, қоналқа, қондырғы* сөздерінің туынды мағыналарында қашанда сезіліп тұрады. Сөйтіп, тудырушы мағына мен одан шыққан туынды мағыналарды бір-бірінен өрбіген сөздердің екі жақты байланысы деп қарауға болады.

Туынды мағынаның қашанда тікелей түпкі мағынадан туып отыруы шарт емес. Түбір сөздің түпкі мағынасынан өрбіген туынды мағыналардың өздерінен де туынды мағыналар жасалып отырады. Мысалы, жоғарыдағы *қонақ, қоныс* сөздері тікелей *қон* түбірінен жасалса, ал басқалары одан тікелей туып тұрған жоқ, одан туған туынды сөздерден жасалып тұр. Мысалы, *қонақтау* сөзі *қонақта*-дан, ол *қонақ* сөзінен, *қондырғы* — *қондыр*-дан, ол *қон* сөзінен жасалған.

Туынды мағынаты сөздер қазақ тілінде өте мол. Әсіресе сөзжасам жұрнақтары арқылы туған сөздердің қазақ тілінің лексикасында алатын орны ерекше. Ы. Е. Мамановтың пікірінше, қазақ тілінде сөз тудырушы қосымшалар арқылы жасалған туынды түбірлердің сан мөлшері сөздік құрамның басым көпшілігі болып табылады<sup>1</sup>. Бұл — туынды сөздердің сөздік құрамдағы ара салмағы туралы айтылған пікір. Әрбір туынды сөзде туынды мағына болатынын ескерсек, одан жалпы туынды мағыналардың қазақ тілінің семасиологиясында алатын орны қандай екенін байқау қиын емес.

Бұған қоса тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алғанда, түбір, негіз деп жүрген сөздеріміздің ішінде тарихи туынды сөздер (тарихи туынды мағыналар) аз емес екені белгілі. Мұны көне түркі жазбаларында, туыс түркі тілдерінде сақталып қалған көне тұлғалардан айқын көреміз. Мысалы, Б.М. Юнусалиев етістік *үйір*-мен зат есім *үйір*-дің тегі көне түркілік *үй*<*өг* тұлғасы деп қарайды, ср. көне ұйғыр тілінде *ок* — «жию» мәнінде, *өгүр* — «үйір», «табын» мәнінде; *қабырға* сөзі — *қабыр*-етістігінен, *қабыр*-«ұстау, жармасу» мәніндегі «*қап*» сөзінен шыққан деп түсіндіреді<sup>2</sup>.

Әдеби тілдегі бірқатар сөздің тарихи туындылар екенін олардың говорларда кездесетін түрлерінен айқын көреміз. Мысалы, әдеби *саңырау, даңқ, жарты, жұмылу, өңкей // өңшең, тыныш, ерекше, кілең, бұліну, құдық* т.б. сөздер қазақ говорларында — *саңыр, даң* (Осы ас көпке даң болды (Н. Байғанин), *жары, жұм, оң, тын, ерек, кіл, бұлу, күйі // құйы* түрінде айтылады.

<sup>1</sup>Маманов Ы. Е. Қазіргі қазақ тілі (лекциялардың тексттері), Алматы, 1973, 14-бет.

<sup>2</sup>Юнусалиев Б. М. Киргизская лексикология. Ч. I, Фрунзе, 1959, с. 58-60.

Лексикалық құрамның толығып, сөздің ішкі мағынасының дамып отыруына байланысты туған синонимдік, омонимдік, антонимдік мағыналар да негізгі лексикалық мағыналардың түрлеріне жатады. Олардың лексикалық мағыналарының басты ерекшелігі бірнеше сөз мағынасының бір-біріне байланыстылығынан көрінеді. Мысалы, синонимдік мағына — екі не одан көп әр түрлі сөз мағыналарының бір-біріне жақыпдығына (*ес — ақыл, жынды — нақұрыс, делқұлы — есалаң*), омонимдік мағына іштей мағыналық байланысы жоқ бірнеше сөздің бір тұлғада көрінуіне *бақыр* (шелек) — *бақыр* (ұсақ мыс ақша), *от* (жалын) — *от* (жердің шөбі), антонимдік мағына — бір деңгейдегі әр түрлі сөз мағыналарының бір-біріне кереғар қарама-қарсылығына (*алыс — жақын, кету — кету, биік — аласа, ауру — сау, қатты — жұмсақ*) негізделген. (Бұлар жайында толығырақ мәлімет кейін беріледі).

**3. Сөздердің тіркесу сипатына байланысты туған лексикалық мағыналары.** Оларға сөздердің еркін және байлаулы (еркін емес) мағыналары жатады.

**Сөздің еркін мағынасы** оның атауыш (тура) мағынасының негізінде пайда болады. Сөз тек атауыш (тура) мағынада қолданыла бермейді. Егер олай болса, сөз өзінің бастапқы атауыш мағынаны білдірумен ғана шектелер еді. Шын мәнінде, атауыш (тура) мағынадағы сөздер шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіретін басқа көптеген сөздермен еркін қарым-қатынасқа түсіп, олармен тіркесіп отырады. Атауыш мағынадағы сөздердің мұндай қарым-қатынасы белгілі бір сөздермен ғана шектелмейді, әр түрлі сипаттағы сөздердің мол тобын қамтып, олармен тіркесімділігін арттырып отырады. Осылайша сөздің атауыш мағынасының еркіндік (еркін мағына екендігі) сипаты ашылып, қаншама еркін мағыналы тіркестер жасалады. Бұл тұрғыда еркін мағына байлаулы мағынаға қарама-қарсы қойылып қаралады.

Сөйтіп, атауыш (тура) мағынадағы сөздердің басқа сөздермен тіркесімділігі кең болған жағдайда туатын мағынасы еркін мағына деп аталады. Мысалы, *жас* сын есімі *жас адам, жас мал, жас ағаш, жас бала, жас иіс, жас ет* т.б.; *үлкен* сөзі *үлкен үй, үлкен адам, үлкен бала, үлкен кітап, үлкен сөз, үлкен қылмыс, үлкен кінә* т.б. тіркестерде еркін мағынада қолданылып тұр.

Бірақ сөздің тура мағынада басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі мол болғанымен, сөз кез келген сөзбен байланысқа түсе бермейді. Мысалы, *жас* сөзі жоғарыдағыдай сөздермен тіркесіп айтылғанымен, *бас, көз, қарындаш, үстел, хабар, газет* т.б. сөздермен тіркесе алмайды.

Сол сияқты *ал*-етістігінің тікелей объектіні білдіретін *тамақ, қалам, қол* т.б. зат есімдермен тіркесу сипаты оның етістікке тіркесу сипатынан мүлде бөлек. Мұндай ерекшелік сөздердің өзара заттық-логикалық, лексика-семантикалық қатынастарынан туады.

Сөздің басқа сөздермен тіркесімділігі тек заттық-логикалық қатынастармен шектеліп қоймайды. Сонымен бірге қазақ тілінің ішкі заңдары арқылы да белгіленіп отырады. Міне осыдан барып сөздің еркін емес, байлаулы мағыналары пайда болады. Байлаулы мағынадағы сөздер шындық болмыстағы заттармен тікелей емес, жанама түрде байланысады. Байлаулы мағынаға әдетте фразеологизмдердің мағынасы жатқызылады, шын мәнінде синтаксистік шартты мағынада да белгілі дәрежеде байлаулы сипат бар.

**Фразеологиялық байлаулы мағына** — сөздің белгілі ғана сөздермен тіркесуі арқылы, яғни фразеологиялық тіркестерде берілетін лексикалық мағынасы. Сөз өзінің тура атауыштық мағынасында заттар мен құбылыстарға тікелей бағытталып, қыруар сөздермен тіркесіп айтылуға өте-мөте бейім келсе, фразеологиялық байлаулы мағынада кез келген сөзбен емес, санамалы арнаулы сөздермен ғана тіркесіп қолданады. Мәселен, *қысыр* деген сөз төлдемейтін, бойдақ деген өзінің тура мағынасында *қысыр бие, қысыр сиыр, қысыр мал* деп бірқыдыру сөзбен емін-еркін айтыла береді. Ал *қысыр сөз* деген тұрақты тіркестің құрамындағы *қысыр* деген сөз бос, мәңсіз деген мағынаны білдіріп, атауыш (еркін) мағынада емес, фразеологиялық байлаулы мағынада қолданылып тұр. Оның байлаулы мағынасы тек *сөз* деген сөзбен тіркескенде айқындалады. Қазақ тілінде *құлқын* деген сөздің тура мағынасы *ынды* деген ұғымды білдіреді. Осыдан *құлқыны құрыды, құлқынның құлы* деген фразеологиялық тіркестер жасалған. Ал *құлқын сәрі* деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *құлқын* сөзі тура мағынасынан біржола ажырап, өте, тым ерте деген фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалынып отыр. *Құлқын* сөзі фразеологиялық байлаулы мағынаға тек *сәрі* деген сөзбен тіркескенде ғана ие болады. *Қасқа жол, қасқа бұлақ* деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *қасқа* деген сөз түс мағынасына емес, анық, айқын, сонадан көрінетін деген фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалады. Бұл мағына өзге сөздермен тіркескенде емес, тек *жол, бұлақ* сөздерімен тіркескенде ғана көрінеді. Демек, фразеологиялық байлаулы мағына тіркесіп айтылған сөздерге тікелей бағынышты болып тұрады. Солардың лексика-грамматикалық тұрғыда өзара тығыз байланысуынан көрінеді. Сондықтан да бұлар тура

(еркін) мағынадан ажыратылып, сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасы деп аталады. Фразеологиялық байлаулы мағынаға ие болған тұрақты сөз тіркестерінің көбінесе синонимдік баламатары болады. Мәселен, *бала жігіт, бала бүркіт* дегендегі *бала* сөзін *жас* дегенмен ауыстыруға келеді. *Аталы сөз* дегендегі *аталы* сөзін орынды, орнын тапқан жүйелі сөз деуге болады. *Су жорға, судай жорға* дегенді *су төгілмес жорға, торт аяғын тең басқан жорға, шайқалған жорға* деуге келеді. *Ата қоныс, ата дәулет* дегендегі *ата* деген сөзді *байырғы, ежелгі* деген синонимдермен алмастыруға әбден болады. Алайда, бұлар басқадай сөзбен сол мағынаны айқындап түсіндіріп бергенімен, фразеологиялық байлаулы мағынадағы көрінген сөз тіркесінің бейнелілігінен үздікесілді қол үзеді. Бұлай еткенде өзгерген түрі тұрақты тіркес болу қабілетін мүлдем жояды. Тура мағынадағы сөздердің қолдану шеңбері соншалықты кең, ал фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздердің қолдану өрісі соншалықты тар, шектеулі деп бір-біріне қарама-қарсы қойып айту, лексикалық мағыналардың өзара кереғарлығынан, алшақтығынан шыққан.

**Синтаксистік шартты мағына.** Сөздер сөйлеу үстінде, сөйлем ішінде, контексте қолданылу жүйесіне қарай әдеттегіден тыс басқадай ерекше үстеме мағына жамап алуы ықтимал. Сөздің сөйлемде өзіне дағдылы емес қызмет атқаруынан туатын ауыс мағынасы синтаксистік шартты мағына деп аталады. Синтаксистік шартты мағына сөздің ауыс мағынасының бір түрі, бірақ ол лексикалық ауыс мағынадай бір заттың тура мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырудан туған мағына емес, сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік құрылымда қолданылуынан туған мағынасы. Мысалы, *Жәрмеңке жастық уақыт өтіп кетіп, Бұл күнде тоқталып тұр сол базарым* (Ақан сері). *Айтып-айтпай* немене *Исатайды* алтіріп, *серкесінен айырылып, Сергелден болған біздің ел* (Махамбет). Осындағы *жәрмеңке, базар* деген сөздер өзінің тура мағынасында емес, белгілі контексте қолданылып, қызық, думан мағынасында айтылып тұр. *Серке* тартылған еркек ешкі мағынасында емес, қолбасшы, жетекші деген мағынада жұмсалған. Сөйтіп олар әр түрлі экспрессивті-эмоциялық мән тудырып отыр. Бұл сияқты ауыспалы тиянақсыз мағыналар белгілі контексте сөйлем ішінде көрінетін болғандықтан, синтаксистік шартты мағына деп аталады.

Қазақ тіліндегі сөздер бұл тәрізді ауыс мағынаға өте-мөте бай. Олар жағымды мағынада да, жағымсыз мағынада да екі жақты қолданыла береді. Мәселен, сөйлеу тілінде *киім* дегеннің орнына *үстінде қабығым жоқ, үстіңнен жабуың бір түспейді*

деп, белгілі сөздерден әр түрлі жағымсыз мән тудырып айта береді. Ауызекі тілде *омырау*, *көкірек*, *кеуде* дегендер орынсыз өжеттікті, өзін жоғары санаушылықты білдірсе, *құлқын*, *өңеш* дегендер өзінің кара басының камынан басканы білмейтін жемқор, паракорларды көрсетеді. Сөйлеу тілінде *артында қоңырауы бар* дегеннен әрдайым өсек, әңгімеге ілігіп жүретін жағымсыз адамды түсінеміз. *Құдық* деген сөздің контекстегі шартты мағынасынан жалмауыз, мешкей дегенді ұғынуға болады. *Шымылдық* дегеннен жасырын сыр, бүкпе дегенді түсінеміз. Тілдегі кейбір сөздердің әрі тура мағынасы, әрі фразеологиялық байлаулы мағынасы, әрі синтаксистік шартты мағынасы да болуы мүмкін. Мәселен, *ауыз* деген сөздің тура мағынасы «жан-жануардың тамактанатын дене мүшесі» екендігі, контекстік шартты мағынасы кісі, адам деген ұғымда (*көп ауыз бірліксе, бір ауыз жоқ болады*) қолданылуы. Ал *ауыз үй*, *ауыз омыртқа* дегендегі *ауыз* алдыңғы, бірінші деген мағынаны, *ауыз тіл* деген ауызша сөйлеу деген мағынаны білдіріп, фразеологиялық байлаулы мағынада жұмсалып тұр. Сөздің ауыс мағынасы затқа тікелей бағытталмайды, басқадай заттар арқылы соған салыстырма ретінде қолданылады. Бір адамның надандығын, бассыздығын айтқымыз келсе, *айуан* (хайуан) дейміз, пысықтығын айтқымыз келсе, *қасқыр* дейміз, онбағандығын айтқымыз келсе, *ит* дейміз: айлакерлігі мен қулығын айтқымыз келсе, *түлкі* дейміз, өзәзілдігін айтқымыз келсе, *шайтан* дейміз, суға жүзгіштігін айтқымыз келсе, *балық* дейміз, мейірімсіздігін, қатыгездігін айтқымыз келсе, *тас* дейміз, қаһарлығын айтқымыз келсе, *айдаһар* не *жылан* дейміз, көлгірлігі мен қайарлығын айтқымыз келсе, *маймыл* дейміз, жеңілтектігін айтқымыз келсе, *көбелек* не *ешкі* дейміз, мықтылығын айтқымыз келсе, *тарамыс* дейміз, өншілігін айтқымыз келсе, *бұлбұл* дейміз, көрегендігін айтқымыз келсе, *қыран* дейміз. Осының бәрі сөйлеу үстінде туған шартты мағыналар.

Адам баласы жан-жануарлардың әрқайсысының өзіне тән жағымды-жағымсыз қылықтарын бір-біріне ауыстырып айту арқылы сан қилы экспрессивті-эмоциялы мән тудырған. Бара-бара сол мағыналар әбден қалыптасып, сөздің контекстік мағыналарына айналған. Сөздің лексикалық мағыналарының бәрі де сөздіктен белгілі дәрежеде орын алады. Әуелі сөздің тура (еркін) мағынасы, онан соң оның туынды (қосымша) мағыналары келеді. Сонынан сөздің контекстік шартты мағынасы мен фразеологиялық байлаулы мағыналары орналасады.

Сөздік құрамындағы кез келген сөздің фразеологиялық бай-

лаулы немесе контекстік шартты мағынасы бола бермейді. Номинатив (еркін) мағынаға ие болатын атауыш сөздердің көбіне-көп жұмсалыу қабілеті күшті болады. Әсіресе, зат есім, етістік, сын есімдер тура мағынада да, бұрма мағынада да тілде жан-жақты, белсенді қызмет атқарады. Сол себепті осы топқа жататын сөздердің көпшілігі өздерінің тұрақты мағыналарының үстіне ерекше көркемдік ренк беретін (бейнелі) контекстік шартты мағыналар қосып алған. Мәселен, *шыжық* деген сөз белгілі контексте михнат, бейнет ұғымында, *соқыр* — надан, топас мағынасында, *шалқу* — асып-тасу, масаттану, масайрау мағынасында, *сору* — аяусыз қанау, жеу мағынасында, *қуыру* — тықсырып қысу мағынасында, *балқу* — ракатқа бату, кенелу мағынасында, *тунеру* — ренжу, кею мағынасында, *шатынау* — көзі шарасынан шығып ашулану мағынасында, *шыңдау* — ширату, шынықтыру мағынасында, *шытынау* — орынсыз кею, ренжу ұғымында бейнеленген түрде қолданыла береді. Бұл сөздердің бейнелі мағынасы белгілі контекстен ажыраса болғаны, олар көркемдік сипатынан қол үзіп, өздерінің заттық тура мағыналарын білдіреді. Демек, сөздің контекстік шартты мағынасы тұрақсыз болады. Сондықтан да олар шартты мағына деп аталынады.

**4. Сөздің стилистикалық қызметіне байланысты туған лексикалық мағыналары.** Оларға сөздердің битарап және бейнелі мағыналары, терминдік (кәсіби) мағыналары жатады. Бұл топқа кіретін лексикалық мағыналар сөздердің әр түрлі стилистикалық қызметіне байланысты болғандықтан, олардың бұдан бұрын талданған лексикалық мағыналардан сипаты мүлде бөлек.

**Битарап мағына** зат, құбылыстар мен сапалық белгілерді, әрекет-қимылды атап білдіретін жалпылама лексикаға тән. Мысалы, *дала, орман, адам, мемлекет, қазына, қанат, жақсы, жаман, үлкен, кіші, жату, тұру, оқу, жүзу, намыс, науқас, жеті, тоғыз, бүгін, ертең* т. б. Зат, құбылыстарды жағымды-жағымсыз түрде бағалау, сезімнен туған бейнелі түсініктер битарап мағынаға жатпайды. Бірақ сөздің кейінгі қолданылу барысында ондай қасиеттер пайда болуы мүмкін. Мысалы, *құс қанатымен ұшады, ұшақтың сол қанаты* дегенде *қанат* сөзі өзінің атауыштық битарап мағынасында қолданылып тұр. Ал *ұшарға қанатым жоқ неғылайын, қанатты сөздер* дегендегі *қанат* сөзінде бейнелі мағына бар.

**Бейнелі мағына.** Бұған адамның сезімі мен көңіл күйіне байланысты айтылатын эмоционалды сөздердің мағыналары жатады. Олар стилистикалық бояма мағына деп те аталады. Зат, құбылыстарды жағымды-жағымсыз түрде бағалау, сезім,

көңіл күйінің әсері онда айқын байқалып тұрады. Ср. *тамаша, шіркін, ғажап, сорлы, сүмелек, зұлмат, ойбай, қалш-қалш, зірк-зірк, бажылдау, жағымсыз мәнде айтылатын етістіктер шікірею, едірею, қылтию, тәлтию, тылтию, жалтию, шілтию*, т. б. Мысалы, *Неткен мойын, неткен көз. Осыдан артық дейсің бе. Ертегі қылып айтқан сөз* (Абай) дегендегі *неткен* сөзінде кекесін, әжуа, мазақ қыту мағыналары бар.

**Терминдік мағына** ғылым, техника, өнер саласында қолданылатын арнаулы сөздердің лексикалық мағынасы. Мысалы, *объект, предикат, диалект, екпін, үстеу, қаратпа сөз, конституция, дирижер, спонсор, инвестиция, меридиан, холестерин, вольт, ампер* сияқты сөздердің терминдік мағыналары.

Терминдік мағына ғылым, техника, өнер саласындағы «таза» ұғымдармен сәйкес келіп, соларды білдірумен шектеледі. Онда ауыс мағына, эмоционалды-экспрессивті ренк сияқты үстеме «мағыналық жүк», яғни күрделенген мағына болмайды. Сол себепті терминдік мағына әр терминге тән дара және тұрақты мағына болып табылады. Рас, кейбір терминдер (*терапия, ассимиляция, күшейткіш*) көп мағынаты болуы мүмкін, бірақ олардың көп мағыналылығы қалайда бір-бірімен өзара шектес ұғымдардың аясынан аспайды. Ср. *медициналық операция — соғыс операциясы — банк операциясы*.

Халықтық тілдегі кәсіби сөздер мен терминдердің лексикалық мағыналарында ұқсастық бар. Кәсіби сөздердің мағыналары да тұрақты және оларға бейнелілік тән емес. Мысалы: *шоқыр* — теңізде жүретін ұзын тұмсықты үлкен балық. *Собық* — жүгерінің дәні алынған басы. *Шығыр* — егістікке су жіберу үшін жасалған құрал. *Жым* — аңның ізі, жүретін жолы. *Жап* — егіндікке су жіберетін кішкене арық.

Сөздердің стилистикалық қызметінен туатын мағыналарына көркем әдебиеттегі поэтикалық мағына ұштасып жатады. Халықтық тілде бір-бірімен қиыспайтын сөздерден жана тіркестер, соны сөз өрнегін жасау, сөздің үйреншікті мағынасын бейнелеп, поэтикалық көтеріңкі сипатта қолдану көркем әдебиетте жиі кездеседі. Содан барып поэтикалық мағына қалыптасады. Поэтикалық мағына — троп, фигураның түрлері сияқты поэтикалық тәсілдерді қолдану арқылы сөздің айрықша көркем, ерекше әсермен, мәнермен көтеріңкі айтылуынан туатын мағынасы. Мысалы, Абайдың «*Толғауы тоқсан қызыл тіл*», «*Сөзімде жаз бар шыбынсыз*», «*Өзім де басқа шауып, тоске орледім*», «*Алты бақан, ала ауыз*», «*Азалы ақ көрпесін сілке тастап*», «*Жер күлмдер өңіне шырай кіріп*», «*Қызыл арай сары алтын шатырына Күннің кешке кіргенін көрді көзім*», Н.

Байғаниннің «Жер көбесін төңкеріп, Келтірген сәнін даланың», «Сөз тиегін ағытсам, Тәкаббар ескен желдеймін» т. б. өлең жолдарында немесе «мұртын балта кеспеу», «от ауызды, арақ тілді», «араларынан қыл өтпеу», «аспанды алақандай, жерді тебіңгідей қылу», «ине шаниар жер болмау» т. б. халықтық тіркестерде поэтикалық мағына айқын байқалады.

Поэтикалық мағынаның бастау көзі халықтың ауыз әдебиетінде жатыр. Онда поэтикалық мағыналардың не түрлі үздік үлгілері сақталған: «Буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып», «Мұз төсеніп, қар жастанып», «Темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей болғанда», «Қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қитып».

Поэтикалық мағынаны сөздің әдеттегі ауыс немесе бейнелі (баяма) мағынасымен шатастыруға болмайды. Мысалы, *кітаптың беті* дегендегі *бет* — *адамның беті* дегеннің атау-ыштық сипат алған ауыс мағынасы; *тамаша, гажан* — таңқалуды, *тылтию, қылтию* — жаратпауды, менсінбеуді білдіретін сөздердің бейнелі мағыналары болып табылады да, сөздіктерде ауыс я бейнелі лексикалық мағыналар ретінде беріліп отырады. Ал поэтикалық мағына сөздің лексикалық мағынасы емес, поэтикаландырылған, көтеріңкі стильдік мағынасы.

Сөйтіп, жоғарыдағы талдаудан қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық мағыналарының типтік топтары төрт негізгі белгіге байланысты қалыптасқанын көреміз. Олар: 1) сөздердің шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатыстылығы, 2) сөздердің тарихи шығу тегі, 3) сөздердің өзара тіркесімділігі, 4) сөздердің стилистикалық қызметі. Сөз мағыналарының әрбір типтік тобы өз ішінен бірнеше түрге бөлінеді. Оны кесте түрінде былайша көрсетуге болады.

#### ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАЛАРДЫҢ ТИПТЕРІ

Лексикалық мағыналарды  
жіктеуде сүйенген негізгі белгілер

1. Сөздердің шындық  
болмысқа  
қатыстылығы

Атауыш (гура)  
мағына

—— Ауыс мағына  
—— Абстракты мағына  
—— Мензеу мағына

2. Сөздердің  
шығу тегі

Түпкі  
(первичное)  
мағына

—— Туынды (вторичное) мағына  
—— Омонимдік мағына  
—— Синонимдік мағына  
—— Антонимдік мағына

### 3. Сөздердің тіркесімділігі

Еркін (атауыш)  
мағына

— Фразеологиялық (байлаулы)  
мағына  
— Синтаксистік шартты мағына

### 4. Сөздердің стилистикалық қызмеі

Бигарап  
мағына

— Бейнелі (бояма) мағына  
— Көсіби-терминдік мағына

## §17. Сөз мағынасының дамуы

Сөз мағынасынан әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы, ұлттық сипаты болады. Сөздің мағыналық жағынан дамуына сыртқы себептер де, ішкі себептер де ықпал етеді. Әсіресе, сөздің мағынасының өзгеруіне ішкі себептерден гөрі сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда, бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарымен өзара қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Мұндай жағдайда байланыс екі жақты болуы мүмкін. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа сөз не жаңа мағына бұрыннан тілде өмір сүріп келе жатқан байырғы сөздер мен мағыналарға қандай әсері болса, байырғы сөздер мен байырғы мағыналардың жаңа сөздер мен жаңа мағыналарға да сондай әсер етуі ықтимал.

Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағына не кенейіп, не тарайып отыру заңдылықтары туады.

**Сөз мағынасының кенекі** деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ол негізінде метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсілдер арқылы іске асады. Осы күні жиі айтылатын *талқылау, қарау, табыс, жарыс, мүше, құру, құрылыс, қатынас, байланыс, жұрнақ, жалғау, тасымал, айналым, құн* т.б. — бәрі де халықтық бұрынғы мағынасының негізінде жаңа мағынаға ие болған сөздер. Мысалы, *талқылау* бұрын «теріні талқыға салып жұмсарту» мәнінде қолданылса, кейін оған қоса «мәселені жан-жақты тексеріп, пікір алысу» мәнінде айтылатын болды. *Байланыс* — бұрынғы «қарым-қатынас, аралас» мәнінің үстіне кейін «хат-хабар, телефон, телеграф арқылы қатынас жасау орны, мекеме» мәніне ие болды. *Құн* — бұрын «кісі өлтіргені үшін айыпкердің не оның руының мал басымен беретін төлемі»

мәнінде болса, қазір саяси экономиканың термин ретінде қолданылады. Халық тілінде ежелден белгілі *айдар* сөзінің («адамның төбесіне қойылатын бір шок шаш») мағынасы кеңейіп, қазір газет-журналдарда «бір тақырып төңірегінде ұдайы берілетін материалдардың жалпы атауын» білдіретін болды.

**Сөз мағынасының тарақы** тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығып қалуын білдіреді. Мысалы, көне түркі тілінде *тон*, *тары* деген атаулар кең мағынасында қолданылған. *Тон* — тек «кой терісінен тігілген киімді» ғана емес, «жалпы киім» атаулыны, *тары* — тек «дәнді дақылдардың бір түрін» емес, «егін, астық» атаулыны білдірген<sup>1</sup>. *Қал* — «адамның дене мүшесі» ұғымымен бірге, тарихи, «әскер, жасақ» ұғымында да қолданылған. *Қарындас* — көне түркі тілінде, ежелгі қазақ тілінде, қазіргі кейбір түркі тілдерінде «туысқан, бір тектес адамдар» мәнін білдірсе, қазіргі қазақ тілінде «бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасын», болмаса «жасы үлкен ер адамның әйел батаға айтатын сөзін» білдіріп, мағынасы тарылған. Бірқатар сөздің қолданылу өрісі, мағынасы тарылғаны соншалық, олар тек бірен-саран фразеологиялық тіркестерде ғана сақталып қалған: *міз бақтау*, *түлен тұрту*, *қанышырдай қату*, *мұрны қолақпандай* т.б.

**Метафора.** Сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, қимылындағы не атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы метафора (гр. *metaphora* — ауысу) деп аталады. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңы жатыр. Метафора қолдану сипатына қарай негізінде екі түрге бөлінеді: а) тілдік (сөздік) метафора, ә) поэтикалық (сөйлеу кезінде туатын контекстік) метафора.

**Тілдік (сөздік) метафора** сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафора жалпыхалықтық сипатына қарап дәстүрлі метафора деп те айтылады. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде көп мағыналы сөздер шыққан. Мәселен, *аяқ* деген сөздің ең алғашқы заттық мағынасы деп адам мен жан-жануарлардың жүру-тұру қызметін атқаратын мүшесі деп түсінеміз. Мұнан кейін үстел мен орындық тәрізді жансыз заттардың тіреуішін де *аяқ* деп ұқсатып айтқан. Бас пен аяқтың бірі жоғары, екіншісі төмен келуіне

<sup>1</sup> Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, 1975, 48–49-беттер.

карай (*ауылдың басынан кіріп, аяғынан бір-ақ шықтым* дегендегі) үшінші мағына пайда болған. Кейінгі кезде жана техниканың тұрмысқа кенінен енуімен байланысты, *екі аяқты велосипед, үш аяқты мотоцикл* деп те ұқсатып, *аяқ* сөзіне жана мағына қосып айтатын болдык. Сөздің мағына жактан қорланып дамуы осы тәрізді жана сапа элементтерінің біртіндеп молаюы арқылы іске асады.

Сөзге метафоралық тәсіл арқылы ауыс мағына жамайтын сөз біткеннің бәрі емес, тілдегі заттар мен құбылыстардың атын, іс-әрекетін, сапа мен белгілерін білдіретін сөздер. Бұлар сөзге нақтылы мағына қосып, семантикалық аясын үнемі кенейтумен болады. *Мүше* деген сөздің ең алғашқы мағынасы анатомиялық жеке атауларды білдіру болған: *Дәулет құсын бауыздан, аспазшы қатынның қолына берді де, бір мүшесін қалдырмай ас деді* (И. Байзақов). Мұнан соң сый ретінде біреуге берілетін белгілі үлес, сыбаға мағынасын білдірген: *батырдан сауға, мергеннен мүше деген* (мақал). Кейін белгілі ұйымға кірген адамды айтатын болдык. Мысалы: *Абылхан ұжымға мүше болып кірді*. Сонымен бірге қазақ тілі білімінде *сөйлем мүшесі, үйірлі мүше, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше* деген толып жатқан терминдік мағыналар пайда болды.

*Жұғу* деген сөздің лексикалық тұра мағынасы бір заттың екінші затқа жабысуы деп (*үстіме күіе жұқты, киімге шаң жұқты, қолыма май жұқты*), түсінсек, онан кейін аурудың біреуден біреуге тарауын, ауысуын (*сынықтан басқаның бәрі жұғады*) білдірген. Мұнан соң біреудің жақсылы-жаманды мінез-құлқы, өнері, қылығы өзге бір адамнан табылуын айтқан: *Тұқымынан дүана көп шығып еді, жұққан екен* (Ғ. Мұстафин). Бір затқа, құбылысқа, сапаға тән қанша қасиет, ерекше белгі болса, соларды ұқсастырып айтудан бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады. Мәселен, *қалың* деген сапалық ұғымды білдіретін сын есімнен мынадай ерекше белгілер аңғарылады: қалың нәрсе жуан болады, оның үстіне ол тығыз, әрі жиі, көп болып келеді. Бір сөздің бойына сыйған осыншалық ерекшеліктердің әрқайсысы сөйлемде жеке-жеке дербес мағына тудырып бас-басына сараланып көрінеді. Мысалы, 1. *Қалың* деген сөздің жұқа емес, толық деген мағынаны білдіруі. *Боржабай орта бойлы, жуантық денелі, қалың ерінді кісі* (С. Мұқанов). 2. *Қалың* деген сөздің көп, мол деген мағынада жұмсауы. *Қалың жұрттың алдында сөйлеп көрген пенде емес едің* (М. Иманжанов). 3. *Қалың* деген сөздің жиі, тығыз, бітік деген мағынада қолданылуы. *Екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты* (Ы. Алтынсарин).

Сөзге қосылған үстеме (туынды) мағына заттың, құбылыс-

ғын бойында бар сан алуан ерекше белгілердің негізінде ауыстырып қолдану арқылы жасалады. Сондықтан бір сөзден тараған косымша мағыналар бір сөз табына да, кейде әр сөз табына да қатысты болып келеді. Мәселен, *балапан* деген зат есім (күстың баласы деген ұғымда), осы сөздің метафоралық ауыспалы мағынасы сындық мағынада жұмсалады. *Тасида өскен балапан қарағайлар мен шоғыр бұталар да анық көрінеді* (Т. Ахтанов).

Сол тәрізді сын есімге қатысты сөздердің метафоралық ауыс мағыналары да кейде заттық ұғым тудыра береді. Мәселен, *суық, шала, сынық* тәрізді сын есімдер белгілі контексте заттық мағынада қолданылады. Мысалы: *Күрт езген я сүзбе қатқан ыстық сорпа кісіні суыққа тоңдырмайды* (М. Ермаков). *Жанып таусылуға айналған шалалардың басы күлге көмілді* (С. Мұқанов). *Кайыр қисайған қазан, қираған кесе сынықтарын көрді* (С. Адамбаев). Аталған сөздердің метафоралық ауыспалы мағыналары белгілі бір контексте бірде зат есім (*балапан*) сындық мағынада, бірде сын есім (*суық, шала, сынық*) заттық мағынада жұмсалап тұрғанымен, бұларды әр сөз табына жатқызып, омоним ретінде қарауға болмайды. Бұл тәрізді сөздердің ең алғашқы лексикалық тура мағынасы қай сөз табына қатысты болса, содан өрбіген туынды (косымша) мағыналарды да сол сөз табына жатқызу жөн болады. Бұл — олардың (мағыналардың) шығу тегі бір, бір негізден (тура мағынадан) таралатындығын айқындап көрсетіп тұрады. Метафораның негізінде туған ауыс мағына сөздік мағынаға еніп, сөздің туынды мағыналарының қатарында қаралады. Мәселен, *астар* деп әдетте киімнің ішкі жұқа қабатын түсінеміз. Сонымен қатар *сөздің астары* деп те айтамыз. Бұл тексте *астар* деген сөз басқаша мән, өзгеше сыр дегенді білдіреді. Сонғы мағына алғашқы тура мағынадан шыққан косымша туынды мағына деп есептеледі де, сөздікте *астар* сөзінің тұрақтанған, үйреншікті лексикалық мағыналарының бірі ретінде көрсетіледі.

Сөйтіп, тілдік метафора мынадай ұқсастықтар негізінде тууы мүмкін:

а) тұлға ұқсастығы. Мысалы: *қанат* — күстың қанаты, ұшақтың қанаты, *құлақ* — адамның құлағы, қазанның құлағы, домбыраның құлағы, *жон* — малдың жоны, таудың жоны;

ә) қимыл ұқсастығы. Мысалы: *тіл* — адамның тілі, сағаттың тілі, *жабу* — есікті жабу, істі жабу;

б) заттардың қызметіндегі ұқсастық. Мысалы: *аяқ* — адамның аяғы, серік — адамның серігі (жолдасы), жер серігі;

в) ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туатын ұқсастық. Мысалы: *жіңішке* — жінішке жіп, жінішке бел, жінішке

өзен, сұлу — сұлу адам, сұлу табиғат, *ащы* — ащы тұз, ащы зар, ащы өмір, *өткір* — өткір пышак, өткір ой, *құлау* — аттан құлау, емтиханнан құлау, *қану* — шөлі қану, айызы қану, ұйқысы қану т.б.

Тілдік метафора уақыт өткен сайын күңгірттеніп, атауыш мағынаға ие болып кетеді. Мысалы: *адамның беті* — *кітаптың беті*, *адамның көзі* — *иненің көзі* дегендегі *бет*, *көз* сөздері қай қолданыста болсын атауыш мағыналарға ие болып тұр.

**Поэтикалық (контекстік) метафора** ойды әсерлі әрі айқын етіп жеткізу үшін қажет. Ойдың көркемдігі жалпы халыққа таныс суретке құрылуымен тығыз байланысты. Метафораның бұл түрі көркем шығармаларда кездеседі. Мысалы: *Баладай екі өркеші — шол кемесі* — *Түйем де басқа малдан кем түспейді* («Айтыс»). *Алтын дән аялаған кең алапта, жер кемесі — комбайн гүрілдейді* («Айтыс»).

Ақындар айтыс өнерінде түйені — шөл кемеге, комбайнды — жер кемеге балау арқылы өз ойын тыңдаушыға соншама әсерлі етіп жеткізіп бере алған. Осындай бейнелі тенеу ауыздан-ауызға таралып, бірден-бірге жатталады. Ақырында жалпыхалықтық сипат алып, тілге әбден етене болып сіңісіп, халықтық мүлікке айналады. Сөйтіп, қолданыстың бір саласында (поэзияда) сақталып қалады.

Бір кезде мактаны ақ алтынға, көмірді қара алтынға, астықты сары алтынға балап жай қолданған болсақ, бүгінгі таңда осы метафоралық тенеулер әдеби тілімізге әбден сіңісті болып, біржола орнығып алды. Жекелік қолданыстан гөрі, қазір жалпыхалықтық қолданысқа актив болып ауысты. Бірақ мұндай метафоралар барлық жанрда жалпылама кездесе бермейді, көбінесе белгілі бір жанрға телінді болады. Әсіресе поэзияда жиі кездеседі. Сондықтан метафораның бұл түрін поэтикалық метафора деп атаймыз. Мәселен, халық ақындары *қылыш*, *семсер* дегендердің орнына поэзияда *алмас*, *болат* дегендерді жиі пайдаланады. Мысалы:

*Беріспейсің бермейсің,  
Жауға алмас сермейсің.  
Қызыл әскер балаларым* (Н. Байғанин).  
*Астына мініп ақ атты,  
Қолына алды болатты* (Жамбыл).

Метафораның соңғы айтылған түріне жеке қолданыстан (индивидуалды) туатын метафоралар жақын келеді.

**Жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора** белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Бұлар сөздікте сөздік мақатаның мазмұнына ене алмайды. Белгілі кон-

тексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Сондықтан да келтірінді мағына әрдайым құбылмалы болады. Мысалы:

*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа  
Адам ойы түрленіп ауган шақта (Абай).  
Бұл күйдің мұндай суретін  
Ой құрықтап, тіл тауып  
Айту, тіпті, қиынырақ (І. Жансүгіров).  
Сен менің сезімімді лапылдаптың,  
Лапылдаптың жүректің отын жақтың.  
Мен сонда келешектің нұр келбетін  
Арманның дүрбісімен жақындаттым (Т. Медетбеков).*

Осындағы *көңіл құсы, ой құрықтап, тіл тауып, арманның дүрбісі* деген метафоралық қолданыстар әр акынның өзіндік қолтанбасын танытады. Сондықтан да бұл тәрізді метафоралар жалпыхалықтық емес, жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора деп аталады.

**Метонимия.** Өзара іргелестігі, шектестігі нәтижесінде бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты туатын ауыс мағына метонимия (гр. *metonymia* — өзгертіп атау) деп аталады.

Метонимия мынадай іргелестік, шектестіктер негізінде тууы мүмкін:

а) кимыл, әрекет пен оның нәтижесінің шектестігі. Мысалы, *баяу, егеу, сайлау, жайлау, жабу, ою* сияқты сөздер әрі кимыл атаулары, әрі зат атаулары болып, екі жақты қызмет атқарады. Бұлар алдымен іс-әрекет атауы болып қолданылған да, кейін соның нәтижесі ретінде заттық сипат алған. Мысалы: *Өз үйінде ою оюламаған адам кісі үйінде кесте тігеді* (мақал) дегендегі *ою* сөзінің заттық ұғымы сол сөз білдіретін іс-әрекеттің нәтижесінде туғаны сөзсіз. Сол сияқты *түйеге қыста жабу жабу керек* дегендегі алғашқы *жабу* деген сөз соңғы етістіктен кейін жасалған;

ә) зат пен оның ішкі мазмұнының шектестігі. Мысалы: *Қазан піскенше бәрі машина көруге кетті* (Ғ. Мұстафин) дегендегі *қазан* тамақ (ет) орнына жұмсалып жүр. *Мектеп* сөзі бастауыш, орталау, орта дәрежелі білім беретін оқу орнын да, сонымен бірге сол оқу орны орналасқан үйді де білдіреді. Мысалы, *Штаб қыстақ шетіндегі бұзылған мектепке орналасқан еді*. (Б. Момышұлы);

б) материал мен одан жасалған заттын шектестігі. Мысалы: *алмас* сөзі қатты асыл металл ұғымында, содан жасалған «өткір қару — кылыш» дегенді білдіреді. *Құндыз* деп өзен-көзде

тіршілік ететін кішкентай анды да, сонымен бірге осы анның бағалы терісін де айтамыз. *Құлан қырда, құндыз суда* (мақал);

в) жалқы есімдердің оларға қатысты қимыл-әрекет атауларымен байланыстылығы. Қазақ тілінде кейбір кісі аттары мен жер-су атаулары жалпы есімге айналып, белгілі сөздердің контекстік синонимі ретінде жұмсалады. Мәселен, *Қарабай, Шығайбай, Қарынбайлар* сарандықтың бейнесінде айтылады. *Асан қайғы* — сары уайымға салынушылықты білдіреді. *Қозы көрпеш* пен *Баян сұлу, Қыз Жібек* пен *Төлегендер* — шынайы сүйіспеншіліктің бейнесінде қолданылады. Белгілі контексте *Алдар көсе* — айлакер, қу дегеннің, *Қожанасыр* — аңқау, аңғырт дегеннің синонимі ретінде жұмсалады. Сондай-ақ, *Жер ұйық, Жиделі Байсын, Мысыр шаһары* тәрізді жер-су атаулары да белгілі контексте жайлы қоныс, құтты мекен ұғымын білдіреді;

г) сапалық сын есімдер мен олардың заттанған мағыналарының байланыстылығы. Мұны түсті білдіретін *қызыл, ақ, көк, қара* сияқты сапалық сын есімдердің заттанған мағыналарымен шектестігін айқын көреміз. Мысалы: *қара* сын есімінің заттанған мағыналары мынадай: «қарайып көрінген нәрсе, зат» — *Ұрғызбаған соң алыста көрінген бір қараны қайыра құды* (Ғ. Мұстафин); «тірек, сүйеу» мәнінде — *Алды-артында қара жоқ. Бұл кедей бізден көп не еді* (Қамбар батыр); «арамдық, зұлымдық» мәнінде — *Көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен, Тым жақсы дос болуға ыңғайласты* (Абай); «өлікті аза тұтуда қиетін қара жамылғы» — *Бүткіл ауыл боп жылап, қатындар басынан қарасын алмай, бір жыл бойына жоқтайтыны қайда?* (Ә. Нұрпейісов); «қалын бұқара» — *Ерназар қалмақтың қарасынан емес, хан тұқымынан екен* (С. Мұқанов); «ірі қара мал» — *Кедей баласына айттырған қыздың қалыңмалы ең көп дегенде он-он бес қарадан артпайды* (С. Омаров);

д) автор мен оның шығармасының, болмаса шығарма аты мен оның ішкі мазмұнының байланыстылығы. Мысалы: *Абайда жалпы суреттеме (оқушының көз алдына белгілі бір суретті елестету) тәсілі күшті берілген* (Р. Сыздыкова). *Бұл сөзді (сой сөзі туралы) қазақ жерінің екінші қиыры Аягөзде туып-өскен, бар өмірін сол өлкеде өткізген Дулаттан да кездестіреміз* (Р. Сыздыкова) дегенде, *Абай, Дулат* есімдері арқылы олардың шығармалары еске алынып тұр. *Елді аралап жүргенде Қажым «Манасты» алпыс күн айтқанын естиді* (Ә. Марғұлан). *Қазақ «Едігесінде» күрес пен тартыстың осындай қайшылықты сырлары елес береді* (Р. Бердібаев) дегенде эпос кейіпкерлерінің есімі олар жайындағы жырлардың орнына қолданылып тұр;

ж) іргелес заттық ұғымдардың шектестігі. Мысалы: *Бір Абай*

емес, биылғы жылы отырған бар ағайын, көп ауыл тегіс қаралы (М. Әуезов) дегенде ауыл — ел орнына, *Копей жеңгемнің қолын сағынып жүрмін* (Ғ. Мүсірепов) дегенде қол — дәм, ас орнына; *Ән салды қосылысып қыздардағы, Биікке алтыбақан құрысып ап* (Б. Майлин) дегенде *алтыбақан* — осы аттас халық ойынының аты орнына қолданылып тұр;

з) жатқы есімдердің бір-бірімен шектестігі. Мысалы: *Түс ауа Семейден шыға, Абай қайдасың деп тартып кеттік* (газеттен дегенде) *Абай* — ақын атындағы ауданның атын білдіріп тұр. *Абылай хан мен Төле бидің қиылысқан жерінде «Балалар әлемі» орналасқан* (газеттен) дегенде белгілі тарихи қайраткерлердің аты олардың есімімен аталатын көшелердің орнына қолданылып тұр.

**Синекдоха.** Сөздерді ауыстырып қолдану арқылы көп мағыналы сөздер тудырудың бір тәсілі — синекдоха (гр. *synek-doche* — бірге жобатап түсіну). Зат пен құбылыстың іргелес, шектес келіп, бір атауға ортақтасып ауысып қолданылуы жағынан синекдоха метонимияға бір табан жақын тұрады. Мұндағы басты белгі бүтіннің орнына бөлшек, көпшенің орнына жекеше, жалпының орнына жалқы немесе керісінше алмасып айтылады. Ауыспалы мағынада қолданылған сөздерде астарлы мән, тартымды образ жатады. Синекдоха тәсілі сөздердің мағыналық жағынан түрленіп өзгеруіне үлкен ықпал етеді. Мысалы: *Сырдың бойынан, қырдың қойнынан өре түрегелген өңшең жалбағай тымақтар түс-түстан қалың қолға қосылып кетті* (І. Жансүгіров). *Топта отырғандардың көбі қатқан тондар, жалба жеңдер, арық пішіндер* (Б. Майлин). *Әуелгі байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық* (мақал). *Орамал тартқандар гана қимылдап, бөрік кигендер үй күшік боп отырса, құдай да сүймес оны («Жүлдіз»).*

Осындағы *тымақ, тон, жең* дегендер өздерінің тура мағыналарынан басқаша айтылып бүтіннің бөлшегі ретінде адам деген ұғымды бейнелеп тұр. *Тымақ* арқылы жиналғандар тобыр, кедей-кепшіктер екендігін бірден танытады. *Ақ жаулық, орамал тартқандар* дегеннен әйел қауымын түсінеміз. *Бөрік кигендер* деген тіркестен ер азаматтарды түсінеміз. Мұнда ақын-жазушылар адамдарды киген киімдері арқылы суреттеуді олардың сыртқы көріністерін образды бейнелеудің ұтымды құралы етіп пайдаланған. Астарлы сөз, бейнелі мағына адам батасының жан сезіміне күшті әсер етеді де, оны тез баурап алады. Сондықтан синекдоха тәсілімен сөз мағыналарын өзгерту амалдары көбіне-көп көркем шығарма стилінде кездеседі.

Бүтіннің бөлшегі ретінде қолданылатын сөздер де бірнеше контексте жұмсала жүріп, ақырында полисемияға (көп мағы-

налыкка) айналатындары болады. Мәселен: *тұяқ* деген сөзден синекдохә тәсілімен ауысып қолдану арқылы мынадай мағыналар пайда болған: 1. *Ұсақ мал, қой, ешкі* деген мағына. *Бір Мырзаханның қолында Бекбосынның отыздан аса тұяғы бар көрінеді.* (К. Оразатин). 2. Малдың жалпы есебі, саны. *Қазынаға салмағы керек болса, маған тұяғы да керек* (Ғ. Мұстафин). 3. Жалпы мал, түлік. *Сыртылдап өрген тұяқ, қаққан шоттай, Өк дейтін кетіп жатыр адам жоқтай* (А. Токмағанбетов). 4. Ұрпақ, тұқым, бала. *Асылымнан қалған жалғыз тұяқ деп, Асылбек деп атыңды өзім қойып ем* (Б. Майлин).

Көз деген сөзден де бірнеше мағына туып қалыптасқан:

1. Туған, туысқан, ет жақын. *Жыласуға көз жақсы, сыйласуға жат жақсы* (мақал). 2. Тұқым, ұрпақ. *Сенен қалған жалғыз көз мына жатқан. Бұл да жігіт болды енді* (Ғ. Сытанов). 3. Не нәрсенің нақ өзі, өз басы. *Сонымен Қазыбек бұл жолы да шапқыншылыққа түскен балалармен қоса малдың көзі барының көзін, көзі жоғының толық төлеуін алып қайтады* (Шешендік сөздер). 4. Жалпы көпшілік адамдар. *Енді барлық көз Байжанға қадалды* (Ғ. Мүсірепов). *Үкі* деген сөз ең әуелі жапалақ тектес құстың атауын білдірсе, кейіннен оның үлпілдек әдемі жүнін (қауырсынын) үкі деп атап кеткен. *Күлжа* деген сөз де бірде арқардың қошқарын білдірсе, бірде оның асығынын аты ретінде айтылып жүр.

Тіліміздегі *түтін, тұңлік, шаңырақ* деген сөздердің от басы, үй деген мағынасы, *қол* сөзінің әскер, жасақ деген ұғымы басында бүтіннің бөлшегі ретінде ауыс мағынада жұмсалса, кейіннен олар тұрақты мағынаға ауысқандығы белгілі. Жазушылар өз туындысында жалпыға тым танымал, үйреншікті сөздерді жиі қолдана беруден мүлдем безеді. Ол үшін сол ұғымды басқадай жана тәсілмен бейнелеп жеткізуді мақсат етіп қояды. Мәселен, *бас, жан, жақ, таңдай, сақал, көмей, жемсау, ми, қол, құлақ, мұрт, қабақ, ауыз, түс, бет, жүз, жүрек, аяқ, білек, қарын, пішін* дегендер белгілі контексте бүтіннің бөлшегі түрінде келіп, адам, кісі деген жалпы ұғымды білдіре береді. Бұлар көркем шығармада тартымды сөз түрінде қолданылып, айшықты көріністер жасауға негіз болады, бейнелі экспрессивті-эмоциялық мән тудырады.

Сөз мағынасының ауысуындағы жоғарыда айтылған типтердің халық тілінде алатын орны бірдей емес. Олардың бірқатары — жиі қайталап отыратын, тұтас қауым қабылдап, дағдылы сипат алған мағыналар. Сөз мағынасы ауысуының мұндай түрлерін *узулды* (лат. *usus* — әдеттегі, дағдылы) ауысу дейміз. Бұған тілдік метафоралық ауысудың, содан туған көп мағыналықтың сөздікке енетін түрлері жатады.

Ал сөз мағынасы ауысуының сөйлеу үстінде, көркем шығармада, жеке авторлық сөз қолданыста туған метонимиялық, синекдохалық түрлері әдетте тілдің сөздік жүйесіне енбейді. Олар үнемі қайталап отыратын дағдылы ауыс мағыналар болмағандықтан, окказионалды (лат. *occasionalis* — тосын, кездейсоқ) мағыналар деп аталады.

## § 18. Сөздің көп мағыналығы

Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп, мөлшерленіп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда, тілдің дамуы сөздік құрамдағы сөздердің санымен де, сапасымен де өлшенеді. Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі — сөздің көп мағыналығы. Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналығы (полисемия) дейміз. Сөздің көп мағыналығы — негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Неге десеніз, бұлар — ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз, тың мағыналар жасауға ұйтқы болып келе жатқан байырғы тума сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамып тұрақтанып әбден қатыптасқан. Сондықтан да бұлар көп мағыналы болып кездеседі. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезінде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін талай заман өткен сайын, олар бұрынғы меншікті бір мағынасының үстіне жаңадан бір я бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған. Мәселен, *қанат* алғашында құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесін білдірген. Онан кейін балықтың жүзу мүшесін, киіз үйдің керегелерін (*алты қанат ақ орда*), арба-шананың үстін кенейту үшін салынған ағашты (*қанаты жоқ шаанаға шөп аз сияды*), Кеңес өкіметі тұсында ұшақтың қанаты және белгілі бір нәрсенің орналасқан шебі, екі жағы (*футбол алаңының оң жақ, сол жақ қанаттары* т.б.) мағыналарын білдіріп, көп мағыналы сөзге айналды.

Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан келіп, өз-өзінен жамала қалмайды. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетінен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Сөз өзінің білдіретін затын, құбылысын барлық қасиетімен толық бірден қамтып, суреттеп бере алмайды. Егер сөз өзінің білдіретін ұғымын барлық ерекшеліктерімен түгел жинақтап, бірден көрсеткен болса, онда сөз ауыспалы мағынада айтылмаған болар еді. Ал сөз ауыспалы мағынада

жұмсалмаған болса, онда тілде көп мағыналы сөздердің кездеспеуі мүмкін. Адам өмір шындығын уақыт озған сайын біртіндеп тани берген. Заттың бойындағы барлық ерекше белгілерді біліп болғаннан кейін барып, ұғым дерексізденеді. Оларды білмей, меңгермей тұрып, белгілі сөздер ауыспалы мағынада қолданылмайды. Адам бір затты алғаш көргенде, ең алдымен, оның сыртқы қасиеттерімен танысады. Сол қасиеттер кісінің сезім мүшелеріне әсер етіп өзінің ізін қалдырады. Адамның санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың не сапасында ғана болмаса атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың негізінде адамдар ұқсас келген екі ғана бірнеше затты бір атаумен атайтын болған.

Мәселен, судың асты мағынасындағы *тұп* сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар: 1. Бір заттың төменгі, ішкі қабаты (*ыдыстың түбі*). 2. Өсімдіктің жер астындағы бөлігі (*томардың түбін қопардық*). 3. Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік (*бес тұп отырғыздық*). 4. Түкпірдегі, шеткі (*тұп бөлмеде отыр*). 5. Адамның шыққан тегі, арғы заты (*Мен сол керей ішінде сіңген аз атаның баласы едім, түбім қызай*) (М. Әуезов). 6. Бір нәрсенің жаны, қасы (*Мәскеу түбінде фашистер талқан болды*).

Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи практиканың негізінде жасалады. Сөздің туынды қосымша мағыналары тілдік фактілердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп қолданудан кейін шығады. Өмірдегі танылған әрбір ұғым жаңа атаумен атауды керек етеді. Ең алғашқыда бір сөз бір ғана ұғымды ғана құбылысты білдіру үшін жұмсалған болса, кейіннен ол әлденеше ұғымды білдіру үшін қолданылады. Бұған, біріншіден, адам баласының өмір заңдылығын терең тануы, білуі, сезінуі әсер еткен болса, екіншіден, оның мағына жағынан қорланып дамуына, оның алғашқы тура мағынасы негіз болған. Мәселен, адамзат пен жан-жануарлардың көру мүшесін *көз* деп атаймыз. Сонымен қатар *иненің көзі*, *есіктің көзі*, *терезенің көзі*, *күннің көзі*, *бұлақтың көзі* деп те қолданамыз. Түптеп келгенде, осылардың семантикалық жағынан байып көбеюіне себеп болған сөздің ең алғашқы атауыш (еркін) мағынасы екендігі даусыз.

Сөздің семантикалық құрылысы неғұрлым күрделі әрі бай болса, соғұрлым олардың (көп мағыналы сөздердің) тілдегі атқаратын қызметі де күшейе бермек. Әсіресе көп мағыналы сөздер сөздік құрамдағы синонимдердің көбеюіне үлкен ықпал етіп отырады.

## § 19. Омонимдер

Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің сыртқы формасы жағынан бір-біріне ұқсастығы бар. Сөздердің дыбыстық құрылымы жағынан бұлар нақ бірдей деуге болады. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің бір-бірінен өзгешелігі тұлғасында емес, мағынасында жатыр. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болады. Бірақ бұлар әр сөз табына емес, бір ғана сөз табына қатысты. Сондықтан да көп мағыналы сөздердің бір негізден (тура мағынадан) шыққандығын мағыналардың өзара жақындығынан, ұқсастығынан бірден танып білуге болады. Мәселен, *майда тас*, *майда шоп* дегендерден ұсақ, уақ дегенді ұқсак, *майда ұн*, *майда сөз* дегендерден жұмсақ, биязы дегенді түсінеміз. Ал *мінезі майда* дегеннен сыпайы, жайдары дегенді аңғарамыз. Бұл мағыналар бір ғана сөз табына қатысты болып, бір негізден тарағандығы ап-айқын білініп тұр. Бір сөздің әлденеше мағынасы тіліміздегі ауыспалы мағына тудырудың белгілі бір тәсілі (метафора) арқылы жасалғандығын бұлжытпай танимыз.

Омонимдер біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ ұғымы басқа-басқа сөздер тобын білдіреді. Бұлардың білдіретін ұғымы бір сөз табына да, әр сөз табына да қатысты болып дараланып, бөлініп-жарылып тұрады. Мағына жағынан әр ұғымның өзара жақындығы, ұқсастығы мүлдем сезілмейді. Қайта бір-біріне соншалықты алшақ, кереғар екендігі аңғарылады. Мысалы: *Ара* I. Ағаш кесетін жұқа темірден жасалған құрал. *Ара* II. Гүл шырынынан бал жинайтын қанатты жәндік. *Ара* III. Екі орта, аралық (екі ауылдың ортасы). *Ана* I. Туған шеше. *Ана* II. Сілтеу есімдігі (*ана жақ*, *ана жылы*, *ана бала*). *Айт* I. Дини мейрам. *Айт* II. Сөзбен ой-пікірін білдіру, сөйлеу, деу. *Айт* III. Итті айтақтап қосу үшін айтылатын одағай.

Сонда омоним дегеніміз түрлі себептермен, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер болып шығады. Көп мағыналы сөздер омонимнің барлық түрімен тығыз байланысты. Тілдің даму барысында сөздің мағынасында түрлі-түрлі өзгерістер болып жатады. Сөз семантикалық жақтан үздіксіз дами келе, мағыналық шеңберін соншама кеңейтіп әр мағына бір-бірінен өзара алшақтай бастайды. Бара-бара ондай мағыналардың бір негізден шыққандығы мүлдем ұмтылып, тұлғасы бірдей, бірақ мағынасы үйлеспейтін омоним сөздер сияқты дербес өмір сүре береді. Міне, осындай шығу тегі, жасалу тұрғысынан полисемия құбылысымен белгілі бір байланысы бар омонимдер ғана көп мағыналы сөздермен өзара ұштасып, бір-бірінен ажыратып бөлуге келгенде қиындық тудырады.

Мәселен, малдың көктемде қыркылатын (не түсетін) жүнін қазақ *жабағы* дейді. Сонымен қатар алты айдан асып, қысқа іліккен құлынды да *жабағы* деп атаған. Осылардың шығу тегін іздесек, сөз жоқ, белгілі бір ұқсастықты табуға болады. Алайда, мұндай байланыс қазіргі кезде әбден қашықтап жоғалған, ұмытылған. Бұлардың бір негізден таралғандығы жай көзге қазір байқалмайды да. Сондықтан мұндай сөздерді көп мағыналы сөздер тобынан шығарып, омонимдер тобына қосу тілде тәжірибеге айналған. Тіл білімінде полисемантизмді омонимдерден ажыратудың бірден-бір жолы мағыналық байланыстың сақталуы мен сақталмауын негізгі тірек ету болып саналады. Егер мағыналардың арасында семантикалық байланыс тақа үзілмей, қатайда сезіліп тұрса, онда мұндай мағыналар бір сөздің әр түрлі мағынасы ретінде қаралып, көп мағыналы сөз деп танылады. Ал егер мағыналардың арасындағы семантикалық байланыс біржола үзіліп, әр мағына өзінше дараланып, бір-бірінен ажыраған болса, ондай сөздер омонимдес сөздер деп қаралады. Әдетте, бір адамның омоним деп таныған жеке бір сөзі екінші біреуге омоним болып көрінбейді де, іс жүзіне келгенде әр түрлі талас пікірлер туып жатады. Сөздің мағынасына қарап, бірде омоним немесе бірде көп мағыналы сөз деп танудың өзі кейбір күрделі сөздің бірде бөлек, бірде бірге жазылғаны сияқты шартты түрдегі ұғым. Қазақ тілінің түрлі сөздіктерінде, сонымен қатар кейбір зерттеу еңбектерде *ай* деген сөз бірде омоним, бірде көп мағыналы сөз ретінде қаралып, екі түрлі түсіндіріліп келеді<sup>1</sup>. Демек, бұл сөздің мағыналары әлі күнге тиянақталмағандығын байқатады.

Қазақ тіліндегі омонимдердің жасалуының әлденеше амал-тәсілдері бар, солардың ішіндегі негізгі жолдары мыналар:

1. Тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жақтан дамуы арқылы келіп шыққан омонимдер. Бұл тіліміздегі ең өнімді тәсіл. Мағыналарының бір-бірінен алшақтап дамуы нәтижесінде шыққандықтан, омонимнің мұндай түрлерін лексикалық тәсіл арқылы жасалған омонимдер дейміз. Мысты: *Жал I*. Жан-жануардың желкесіне шыққан қыл. *Жал II*. Ұзыннан ұзақ созылып жатқан белес, қырка. *Көк I*. Көгерген түс. *Көк II*. Аспан, әуе. *Көк III*. Көгеріп шыққан өсімдік. *Жылы I*. Ыстық пен суықтың аралық қалпы, қан жылым. *Жылы II*. Жылы қалыпқа келу, жылыну. *Ық I*. Жауын-шашынның өтінен қаға беріс жер, ықтасын. *Ық II*. Жауын-шашынға қарсы бетте-

<sup>1</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. Алматы, 1974. *І. Кеңесбаев, Г. Мұсабаев*. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. Алматы, 1975, 53-бет. *К. Аханов*. Тіл білімінің негіздері. 1973, 143–143-беттер.

меу, сонын ағынымен жүру. *Құндық I*. Жана туған жас балаға арналған төсек-жабдық. *Құндық II*. Мылтықтың ұңғысын орнататын іші қуысталған арнаулы ағаш. *Көз көрмей көздегенмен не ғып тиісін? Болғанмен қыран мылтық, түзу құндық* («Айтыс»). Сөздің осындай мағыналық жақтан дамуы арқылы омонимдердің келіп шығуы тілдегі сөз тудырудың бір тәсіліне жатады.

2. Сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбыстық құрамы жағынан бірдейлесуі арқылы жасалған омонимдер. Тілдегі сөздер мен оның грамматикалық құрылысының ертедегі калпы мен қазіргі күйі нақ бірдей болған деуге келмейді. Дәл бүгінге дейін олар не қилы даму процестерін бастан кешірген. Сан алуан фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде кейбір сөздер ен әуелгі дыбыстық тұлғасын жанартып, басқадай сөздермен дыбысталуы жағынан үйлесіп келген де, омонимге айналған.

Тілдің даму барысында осындай өзгерістерге ұшыраған әрбір омоним сынарларын айқындай отырып, солардың өзгеруіндегі заңдылықтардың сырын ашу қажет.

Қазақ тіліндегі атқа салатын *ер* сөзінің бастапқы дыбысталу калпы *егер* болған, онан кейінгі тілдің даму барысында сөз ортасындағы *г* дыбысының сусып түсіп калу салдарынан, *егер* сөзі *ер* формасында ауысқан.<sup>1</sup> Осылайша сөздік құрамда өмір сүріп келе жатқан еркек, батыл, күйеу ұғымында жұмсалатын *ер* деген сөзбен бірдей болып айтылып, омоним жасалғандығы белгілі.<sup>2</sup> Сол сияқты «бала табу» деген мағынадағы *ту* етістігінің көне тұлғасы *тоғ, доғ* болған, матадан істелген «байрақ, жатау» мағынасындағы *ту* зат есімінің көне тұлғасы *тұқ, тұғ* екендігі, ал тұмаған, төлдемеген, балаламаған деген ұғымдағы *ту* сын есімнің көне тұлғасы *түн, түл* — болғандығын зерттеушілер сөз етіп жүр. Сонда бір замандағы дыбысталуы үш түрлі сөз өзгере, дами келе кейінгі уақытта біркелкі дыбысталып омонимге айналып кеткендігі байқалады. Мұнымен қабат *туу* деген одағайла *ту* болып қысқарған. *Ту баста, ту сонадан* дегендегі *ту* сөзі де омонимдік қатарға қосылып тұр.

Қазақ тіліндегі *ас, қыс, бас, құс* деген зат есім мағынасындағы сөздер өзге туыстас түрік тілдерінің көпшілігінде *аш, қыш, баш, құш* болып айтылады. Тарихи тұрғыдан қарағанда, түрік тілдеріндегі тіл алды *ш* дыбысына аяқталған сөздердің

<sup>1</sup> *Ер*-дің *егер* түрінде анықталуы қазақ тілінің кейбір оңтүстік говорларында осы күнге шейін сақталып қалған, ср. *егертеу, ерттеу, егерішк — ерішк*.

<sup>2</sup> Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер, 1958, 50-бет.

варианты бұрын шыққан да, тіс дауыссызы *с* дыбысына аяқталған сөздердің варианты конвергенция құбылысының нәтижесінде кейін пайда болған. Қазақ тілінде *ш* дыбысының *с* дыбысына айналуы біркыдыру жана омонимдік қатардың тууына негіз болғандығын көреміз. Мәселен, жоғарылағы *ас, қыс, бас, құс* деген заттық ұғымдағы сөздер өздеріне ұқсас, дыбыстатуы бірдей етістік сөздермен әрдайым омоним болып жұмсалады. Қазақ тілінде екі адам бір есімге ортақ болып келсе, екеуі адас болады. *Адас* деген сөз *аттас* деген сөздің конвергенциялық өзгеріске ұшырауынан пайда болғандығы сөзсіз. Бұл сөз «*жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас*» (мақал) дегендегі *адас* деген етістікпен омонимдік топ құрып тұр. Демек, фонетикалық өзгерістің негізінде жасалған омонимдер тілімізде аз емес екендігі аңғарылады.

3. Аффикстер жалғану арқылы жасалған туынды омонимдер. Түбір сөзге әр түрлі қосымшалар қосылу нәтижесінде пайда болған омонимдер туынды омонимдер делінеді. Туынды омонимдерге біздің тіліміз өте-мөте бай. Бұлар мына сияқты өнімді журналдар арқылы келіп шыққан: а) Омонимдер-*ма,-ме,-па,-пе,-ба,-бе* журналдары арқылы жасалған. Мысалы: *Айналма I*. Көшенің бұрылатын жері, бұрытыс. *Жарқ етіп айналмадан шыға келді. Көңілі тасығандай алып ұшып* (И. Байзақов). *Айналма II*. Мал ауруы, делбе. *Айналмамен ауырған малдың басын итке тастамай, жағып жіберу керек* (Ә. Әбішев). *Баспа I*. Газет, журнал, кітап басып шығаратын орын, мекеме. *Республикада баспасөз бен баспа ісін жақсартуға бағытталған едәуір жұмыс істелді* («Соц. Қаз.»). *Баспа II*. Тамақ ауруы. *Тамағы баспа болып ауырған адам суық тамақ ішпеу керек* (ауызекі тіл).

ә) Омонимдер-*ыс,-іс,-с* журналдары арқылы жасалған. *Атыс I*. Ұрыс, соғыс. *Би, болыс арыздасып, безді мәрден, Баспашы атман да атыста өлген* (Д. Еркінбеков). *Атыс II*. Жанжал салып, төбелесу, қырқысу, соғысу. *Он сан ноғай бұлгенде, Орманбет хан өлгенде, қырық жылдай атысқан, Қызыл қанға батысқан* (Жамбыл). *Тігіс I*. Жіппен тігілген, жіп жүргізген жер. *Етіктің тігісін сыртына қаратып, былғарыдан тікті* (Қазақ ССР тарихы). *Тігіс II*. Тігуге қатысу, араласу. *Көрші ауылдың қыз-келіншектері келіп үй тігісті* (ауызекі тіл).

б) Омонимдер-*ық,-ік-қ,-к* журналдары арқылы жасалған. *Қорық I*. Мал жайылатын шөбі мол жер. *Қорыққа жайылған мал боранды аса елеі қойған жоқ.* (С. Бегалин). *Қорық II*. Үрейлену, зәресі ұшу. *Су ішкелі бір өгіз барып еді бұлаққа, Бақалар қорқып тарбақтап, Қашып шықты әр жаққа* (Абай). *Ашық I*. Аузы жабылмаған, төбесі жоқ. *Қабылдау залының төбесі ашық* (М. Әуезов). *Ашық II*. Карны ашу, тамақтан тарығу. *Алыңдар,*

*күнi бойы егісті аралап, ашығып қалдыңдар ғой!* (С. Бакбергенов). *Желік I*. Көңіл көтерушілік, есірушілік. *Көңілге желік кіргеннен кейін мен Ғаббасқа тіпті соқтығымпаз болып кеттім* (С. Мұқанов). *Желік II*. Денеге бөртіп шыққан ұсақ-ұсақ бөрткен. *Денеме желік шығып, түнімен қышып ұйықтатпады* (ауызекі тіл).

4. Өзге тілдерден ауысқан сөздердің қазақтың төл сөздерімен дыбысталуы бірдей болуының нәтижесінде пайда болған омонимдер.

Қазақ тілінде араб-парсы және орыс тілдерінен ауысып келген қыруар кірме сөздер бар. Солардың кейбіреулері өздерінің түп нұсқадағы дыбысталу қалпын өзгертіп, ана тіліміздегі бұрыннан келе жатқан қайсыбір сөздермен дыбысталу жағынан бірдейлесіп, омонимдер жасалған: а) Араб және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер. Мысалы: арабтың күш, жігер мағынасындағы *қайрат* (*гайрад*) сөзі қазақ тіліндегі *қайрат* (пышақты) етістігімен тұр-тұлғасы бірдей келу нәтижесінде омоним жасалған. *Қырықтың бірі қыдыр* (мақал) дегендегі *қыдыр* (*хызыр*) — араб сөзі. Бұл сөз қазақтың ел қыдыру дегендегі *қыдыр* етістігімен дыбысталуы бірдей келу салдарынан омоним пайда болған. Мекеге барып, пірге қол тапсырып келген адамдарды қажы дейміз. *Қажы* — арабтың *хаж*и деген сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз «*Қар тепкенге қажымас қайран жылқы*» (Абай) дегендегі *қажы* етістігімен тұр-тұрпаты бірдейлесіп, омонимге айналған.

ә) Парсы және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер. Мысалы: *Біреуге деп көр қазба, өзің түсесің* (мақал) дегендегі *көр* парсының *гөр* деген сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз «*Қалқамның нұсқасын, Көр көзім, бір кенел*» (Абай) дегендегі *көр* етістігімен дыбысталу жағынан үйлесіп, омоним жасалған. Сол сияқты парсының әуен, ырғак мағынасындағы *саз* деген сөзі қазақ тіліне енген. *Әнге кейде сазбен, кейде сөзбен қосылып отыр ел* (Ә. Сәрсенбаев). Бұл сөз қазақтың батпақ, лай, балшық мағынасындағы *саз* деген сөзбен тұлғалас келіп, омоним жасаған. Сондай-ақ, мекен, орын мағынасындағы *жай* сөзі парсы тіліндегі *джай* деген сөзден алынған. *Ұлықтар жататын жай үш үйден құралған* (М. Әуезов). Бұл сөз қонақтарға дастарқан жайды, қол жайды дегендегі *жай* етістігімен дыбысталу жағынан омонимге айналып кеткен.

б) Орыс және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер. Мысалы: өгіздің мойнына салатын мойынтұрық, мойынағаш деген мағынадағы *жарма* орыстың *ярмо* деген сөзінің өзгерген түрі. *Шу-шүмен жармадағы өгіздерін Алдырды анда-санда өгіз демін* (Д. Әбілев). Бұл сөз қазақтың *жармалаған бидай, арпа* дегендегі

жарма сөзімен дыбысталу жағынан бірдей келіп, омоним жасалған. Сол сияқты ат айдаушы, атшы деген мағынадағы *көшір* сөзі орыстың *кучер* деген сөзінен алынған. *Сеңсең тондарына оранып, шана ішінде қалғып отырған бірен-саран көшірлер де байқалады* (М. Әуезов). Бұл сөз *Орыс шаруаларын Қазақстан жеріне көшіре бастады* (С. Көбеев) дегендегі *көшір* етістігімен тұлғатас келіп, омонимге айналып кеткен. Сондай-ақ, орыстың *волость* деген сөзі қазақ тілінде *балыс* болып өзгерген. *Мәз балады балысың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға* (Абай). Бұл сөз *Ерден апасына балысып, үйдің керегесін жайысты* (С. Бегалин) дегендегі *балыс* етістігімен дыбысталу жағынан үйлесіп, омоним жасалған. Су ағызатын жыраны орыстар *арық* дейді. Бұл сөз қазақ тілінде *арық* болып, *к* дыбысы *қ* дыбысына айналып өзгерген. *Колхозшылар суды Шу өзенінен тартқан арықтан ішеді* (С. Мұқанов). Сол өзгерістің нәтижесінде *Арық атқа қамшы жау* (мақал) дегендегі *арық* деген сын есіммен бұл екеуі омонимдік топ құрған.

Тілде екі сынары да кірме сөздер арқыты жасалған омонимдер де кездеседі. Мәселен, кеменгер, данышпан мағынасындағы *дана* сөзі мен орысша экземпляр деген ұғымдағы *дана* екеуі де парсы тілінен ауысқан. Бау-бакша өсіретін *бақ* пен бакыт ұғымындағы *бақ* деген сөздер араб тілінен келген. Орыс тілінен ауысқан салтанатты ойын-сауық ұғымындағы *бал* мен арабтан енген *бал* (*бал ашу* дегендегі) бір-біріне омоним болып тұр.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі омонимдер сөздің мағыналық дамуы арқылы, дыбыстық өзгерістер арқылы, сөзге омонимдес аффикстер қосылу арқылы, сонымен қатар кірме сөздердің қазақтың төл сөздерімен үндесіп жақындасуы нәтижесінде жасала беретіндігін көрдік. Қазақ тіліндегі омонимдер мағыналары мен формаларына қарай: лексикалық омонимдер, лексика-грамматикалық омонимдер және аралас омонимдер болып үшке жіктеледі. Лексикалық омонимдер тобындағы сөздер бір ғана сөз табына қатысты болады да, барлық жағдайда бірыңғай тұлғаға ие болып тұрады. Мысалы:

*Кеден I.* Зат есім. Шет елге апара жатқан немесе шетелден әкеле жатқан тауарларды тексеретін орын.

*Кеден II.* Зат есім. Ұрыс-керіс, қактығыс, қиындық. *Кеден-кеден болды, кедергі неден болды* (мақал).

*Бауыр I.* Зат есім. Адамзат, жан-жануардың ас қорыту, қан тарату қызметін атқаратын ішкі мүшесі.

*Бауыр II.* Зат есім. Бірге туған қандас, ағайындас адамдар.

Лексика-грамматикалық омонимдер тобындағы сөздер әр сөз табына қатысты болғандықтан, түбір тұлғасында омоним

болады да, қалған уақытта әр сөз өзіне тән тұлғаларға түрленіп, өзгере береді. Мысалы:

*Бөле I.* Зат есім. Бірге туған апалы-сінілі адамдардан туған балалардың арасындағы туыстық қатынас атауы.

*Бөле II.* Етістік. Жас баланы бесікке жатқызып құндақтау.

*Заты I.* Зат есім. Бір нәрсенің негізгі мәні, мазмұны. *Сіздің затыңыз кім болады? Қай жердікісіз? — деді* (С. Сейфуллин).

*Заты II.* Үстеу. Тегінде, негізінде, сірә. *Заты қалға түскен біреудің қару-жарағы болса керек* (С. Талжанов).

Аралас омонимдер жоғарыдағы екі топқа жататын омонимдердің қасиетін бірдей қамтиды. Аралас омонимдер әдетте көп сынарлы болып келеді. Мысалы:

*Күр I.* Зат есім. Киіз үй жабдығы.

*Күр II.* Зат есім. Таулы, орманды жерде тіршілік ететін жабайы құс.

*Күр III.* Үстеу. Бекер, бос, текке, жат, өшейін.

*Күр IV.* Етістік. Бір нәрсенің негізін салу, орнату.

*Күр V.* Одағай. Жылқыны шақырғанда не токтатарда айтылатын ишарат сөз.

Түсіндірме сөздіктерде *қор* сөзінің 3 түрлі, *жаз* сөзінің 6 түрлі т. б. аралас омонимдік мағыналары көрсетілген.

Лексикалық омонимдерге ұқсас басқа тілдік құбылыстар. Солардың бірі — *омофондар* (гр. *homos* — бірдей, *phone* — дыбыс, дауыс). Омофон дегеніміз айтылуы бірдей, бірақ жазылуы әр түрлі сөздер. Егер омонимдер айтылуы да, жазылуы да бірдей, бірақ мағыналары басқа сөздер болып келсе, ат омофондар тек айтылуы бірдей болғанмен, шын мәнінде омоним емес сөздер, сондықтан олар жазуда әр түрлі танбаланады. Тіл білімінде омофондардың шын мәнінде омонимдер еместігі ескеріліп, олар кейде жалған омонимдер, кейде сөздердің айтылуындағы ұқсастығына қарап фонетикалық омонимдер деп аталады. Мысалы: *көмбе* және *көмбе* сөздерінің омофондық сипатына тоқталық. «Біреудің ынғайына көшпеу» мәніндегі болымсыз етістік *көмбе* сөзінің түбіріндегі *н* дыбысы өзінен кейінгі *б* дыбысының ықпалымен *м* болып өзгеруі нәтижесінде *көмбе* сөзі *көмбе* болып айтылады. Сөйтіп, ол «меже, мәре» мәніндегі *көмбе* сөзіне айтылуы жағынан ұқсап, омофон болып тұр. Сол сияқты *болады* сөзі ауыз екі тілде *болат* болып, *тұзшы*, *ащы* сөздері *ащы*, *тұщы* болып айтылып, *болат* (қатты асыл металл), дәмді білдіретін *ащы*, *тұщы* сөздерімен омофон жасап тұр.

Омофондар тек жеке сөздердің айтылуындағы ұқсастықтан басқа жеке сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуындағы ұқсастықтан да туады.

Мысалы:

Ол үлкен театрда *отырғандай*,  
Үнінен найзағайдың *оты ұрғандай* (Х. Ерғалиев).  
Жайлаған күйге жомарт, саран жақты,  
Кім білмес «Адай», «Серпер», «*Сарын-жапты*».  
Алты хат Арабстан ферузасын  
Айкара осынау бір *сарын-жапты* (сонікі)  
Науқас жан айтты мұны *ендігін-ақ*,  
Ойда жок ендігі сор, *ендігі бақ* (сонікі).

Омонимге ұқсас құбылыстардың енді бір түрі — *омограф-тар* (гр. *homos* — бірдей, *grapho* — жазу). Омограф дегеніміз жазылуы бірдей болғанымен, айтылуы бірдей емес сөздер. Олардың айтылуындағы айырмашылық негізінде екпінге байланысты. Мысалы: зат есім *алма* мен болымсыз етістік *алма*-нын жазылуы бірдей болғанмен, алғашқысын айтқанда екпін екінші буынға түсіп, олардың айтылуы бірдей болмай тұр. Ср. зат есімдер *салма*, *көрме*, *көріші* сөздері мен етістіктер *салма*, *көрме*, *көріші* сөздерінің арақатынасы да осындай.

Омонимдер және оларға ұқсас омофондар, омографтар белгілі бір контексте, әсіресе өлең сөздерде ой ойнақтылығын туғызады. Акын-жазушылар оларды әзіл-қалжын, каламбур жасауға пайдаланады. Мысалы: текстердегі асты сызылған омонимдік қатарларды салыстырамыз:

*Айналасын* жер тұтқан,  
Айды батпас деменіз.  
*Айнала* ішсе таусылмас  
Көл суалмас деменіз (Бұхар жырау).

Менің атым *қой*,  
Койшынды тандап *қой*,  
Койшынды тандап *қоймасаң*,  
*Қой* жинауыңды *қой* (ауыз әдебиетінен).

Қатқам, жаным, *қарағым*,  
Бетіне келмес *қарағым* (С. Торайғыров).  
Дәмді аспен қарным тойса деген *арман*,  
Мұршам жок ой ойлауға онан *арман* (сонікі).

*Бірақ Құрымбай тұқымынан болыстық кетпей, елге бостандық бола қояр ма екен. Соған қарағанда, осылардың «хурияты» (арабша «азат», бостандық, еркіндік) құр ұят бола ма деп қорқам* (С. Мұқанов).

## § 20. Синонимдер

Сөздің дыбысталуы мен мағынасы жағынан салыстырып карағанда, синонимдер омонимдерге карама-карсы тұрған лексика-семантикалық тілдік құбылыстар. Омонимдер ұғымы баска, дыбысталуы бірдей бірнеше сөз тобын білдірсе, синонимдер, керісінше, ұғымы бір, әр түрлі дыбыстатып айтылатын сөздер тобын қамтиды. Синонимдер бір ұғымды білдіретіндіктен, олар тек бір ғана сөз табына қатысты болады. Синонимдер мен омонимдердің қатарына енген сөздердің сан мөлшері де ала-құла. Қазақ тілінде омонимдік қатарға енген сөздің саны негізінде 4 — 5 тен аспайды. Ал синонимдік қатардағы сөздердің саны кейде қырықтан да асып жығылады.

Синонимдер мынадай белгілеріне қарай топтастырылады. 1. Сөздің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет. 2. Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет. 3. Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуға тиіс. Бұл үш белгі — сөздерді синоним деп танудағы басты шарт. Сонымен қатар бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келіп, контексте бірін-бірі алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы синонимдердің қосымша белгісі болып табылады. Дыбысталуы әр баска болғанымен, мағынасы жақын сөздер синонимдер делінеді.

Синонимдер сөздердің жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылады. Яғни сөздер бір ғана ақиқат шындықты көрсетіп, бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, олар синоним деп танылады. Синонимдік қатардың мағыналық бірлігі сөздерді өзара жақындатып салыстыру үшін ғана емес, сонымен қатар оларды бір-біріне қарсы қойып ерекшелеуге де негіз болады. Синонимдер бір ғана ұғымды білдіреді дегеннен олардың мағынасы нақ бірдей, әр уақытта олардың мағынасы тепе-тең болып тұрады деген сыңар жақ ұғым тумаса керек. Сөз бен сөздің мағыналық байланысы алыс та, жақын да, тікелей де, жанама түрде де бола береді. Алыстың да алысы бар, жақынның да жақыны болады. Сөз мағынасының жақындығы деген де тым кең ұғым. Мәселен, *той — мейрам — мереке — құман — тамаша* дегендер адам баласының қуанышы, қызықты күндерін білдіреді. Бұларды іштей «жалпыхалықтық қуанышты күндер» (*мейрам-мереке*) және «жеке отбасының немесе бір ауылдың қуанышты күндері» (*құман-тамаша*) деп екі топқа бөлуге болады. Мұның ішіндегі *той* деген сөз қуанышты күндердің екі тобына да жалпылама айтылады. Өйткені бұл сөз кең мағынада да, тар ұғымда да жұмсала береді. Мысалы: *Халық Абай тойын*

қызу қарсы алуға әзір отыр немесе Әлімбек баласының үйлену тойына дайындық жасап жатыр деуімізге болады.

Сол сияқты *семіру* — *шелдену* — *майлану* — *тойыну* — *жуандау* — *толу* — *қоңдану* дегендер жан-жануарлардың арық күйден семіз күйге айналғандығын білдіретіндіктен, синоним деп танымыз. Бұларды да мағыналық жақындығына қарай екі жікке бөліп қарауға келеді:

а) адамға қатысты синонимдер (*жуандау* — *толу*); ә) басқа жан-жануарларға байланысты айтылатын синонимдер (*шелдену* — *майлану* — *тойыну* — *қоңдану*). Ал *семіру* сөзі екі топқа да ортақ болып айтыла береді.

Сондай-ақ, *бағалы* — *құнды* — *қымбат* деген сындық ұғымды білдіретін синонимдердің де әрқайсысына тән өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, *бағалы сыйлық*, *бағалы киім* дегендегі мағыналық ренк *құнды*, *қымбат* сөзінде жоқ. *Құнды пікір* деп айтылғанымен, *қымбат пікір* деп айтылмайды.

Сонымен синонимдер белгілі бір ұғымды білдіргенімен, олардың арасындағы мағына жағынан толық сәйкестік, тепеңдік қасиет болмайды.

Синоним болып жұмсалатын мәндес сөздердің тобын *синонимдік қатар* немесе *синонимдік ұя* деп атайды. Синонимдік қатарға енген сөздердің ішінен бір сөз басқаларын мағына жағынан ұйыстыруға ұйтқы болатын тірек сөз деп тандалынып атынады. Бұл тіл білімінде *доминант (тірек сөз)* деп аталады. Доминант сөз мәндес сөздерді мағыналық жағынан ғана топтастырмайды, сонымен бірге синонимдік қатарларды өліппе жүйесіне келтіру үшін де мәнді қызмет атқарады. Доминант сөзді дұрыс анықтап, белгілеп алмай синонимдерді тәртіпке келтіру мүмкін емес. Сондықтан синоним сөздігін жасауда доминант сөзді іріктеп, сұрыптап алуға айрықша көңіл бөлінеді. Доминант сөзге синонимдік қатардағы сөздердің ішіндегі мағына жағынан ең айқын, стильдік мәні жағынан бейтарап, жалпы халыққа соншалықты танымал дегендері ғана тандалынып алынады. Синонимдік қатарға топтастырылатын сөздердің шегін олардың логикалық бірлігіне қарап қана ажыратуға болады. Әрбір синонимдік қатардағы сөздер негізінен екі кезеңнен өтеді. Алғашқы кезеңде сөздер жалпы мағыналық бірлігіне қарай, ұқсастыру негізінде синонимдік қатарға топтастырылады. Ұқсастыру бір ұядан туатын жалпы ұғымға бағындырылады. Жеке сөздің қара басындағы өзгешелік бұл кезеңде есепке алынбайды. Мәселен, *ас* — *тамақ* — *дәм* — *тағам* — *ауқат* дегендер адам баласының жейтін қоректік затын білдіретіндіктен, ең әуелі бір синонимдік қатарға топтасырылады. Бұлардың бір-бірінен ажырататын өзгешеліктерін

саралау — екінші кезеңдегі істелетін жұмыс. Синонимдік қатардағы сөздердің ұқсастығын табудан гөрі олардың бас-басына тән өзгешелігі мен ерекшелігін табу әлдеқайда қиын жұмыс. Синонимдер бір-бірінен мағыналық ренкі жағынан, стильдік мәні және басқадай сөздермен өзара қарым-қатынасқа түсіп, қолданылуы жағынан үш түрлі белгілері арқылы ажыратылады.

Синонимдердің мағыналарын ажыратқанда мынадай мәселелерге көңіл аударылады: 1. Синонимдік қатарға енген сөздер мағына жағынан бір-бірінен сәл жоғары не сәл төмен дәрежеде болуы мүмкін. Синонимдер градация жолымен (бірден бірге басқыштап) өзгеріп отырады. Мәселен, *аяз* сөзіне карағанда оның синонимдік сынары *ұсқыр* сөзінің мағыналық салмағы күштірек екендігін сезуге болады. Сол сияқты *атқыш* — *мерген*, *апат* — *қырғын*, *белсену* — *құшыну* дегендердің соңғы сынарлары алдыңғыларынан пәрменді екендігін аңғарамыз. 2. Синонимдердің біреуінің мағынасы екіншісінен кенірек болады. Мәселен, *соғыс* деген сөздің мағынасы *ұрыс* деген сөзден кен, *ұстаз* дегеннің мағынасы *мұғалімнен* кен. *Жабу* мен *кілттеу* де сол тәрізді. 3. Синонимдер бір-бірінен мағыналарының аз-көбіне қарай ажыратылуы мүмкін. Мәселен, *ат* деген көп мағыналы да, ал оның сынары *ныспы* деген сөз бір мағыналы. 4. Синонимдер мағыналарының деректі және дерексіз болып келуіне қарай ажыратылады. Мәселен, *маңдай* — *пешене*, *ш* — *құрсақ*, *бала* — *перзент*, *тығу* — *бұқпантайлау* дегендердің алдыңғыларының деректілігі нақты. 5. Синонимдер бір-бірінен ауыспалы мағынада қолдану-қолданылмауына қарай ерекшеленеді. Мәселен, *көмей* мен *көмекей* дегендердің алғашқысы *пештің көмейі*, *тоғанның көмейі* деп ауыстырылып айтуға келгенімен, соңғысы (*көмекей*) адамға ғана арнайы жұмсалады да, өзге заттарға бұрып айтуға келмейді. 6. Синонимдер сөз туғызуға қабілетті я қабілетсіз болып келуіне қарай өзгешеленеді. Мәселен, *сапар* мен *жол* тәрізді синонимнің алғашқысынан *бір сапар*, *ұзақ сапар*, *сапар шегу* деген бірлі-жарым тіркесті сөздер ғана кездеседі. Ал оның *жол* деген сынары тіліміздегі сөзжасамның барлық амалдары арқылы жана сөз жасауға соншалықты қабілетті екендігін байкатады. Мысалы: *жалай*, *жолаушы*, *жалама*, *жолдас*, *жолшыбай*, *жолдақ*, *жолдау*, *жолбасшы*, *жолбике*, *жол-жоба*, *жол-жәнекей*, *жол соқты*, *сар жолды*, *темір жол*, *жол азық*, *жол ашар*, *жол аяқ*, *жол жүру* т. б.

Сол сияқты *жарым* мен *жарты* дегендердің алғашқысынан *жарымжан*, *жарымес* деген бірен-саран сөздер ғана жасалса, соңғысынан *жартылай*, *жартылық*, *жартыкеш*, *жартылау*,

жарытымсыз тәрізді бірқатар сөз туындап өрбіген. Бұлардың бір қасиеті бірінен туған сөздерді екінші сынары жасай алмайтындығына байланысты.

Синонимдердің стильдік мәні неше алуан функционалдық сипатта қолданылуымен тығыз байланысты. Тіліміздегі синонимдердің мынадай стильдік реңктері байқалады: 1. Қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер. Мәселен, *есім* деген сөз *ат* сөзінен қадірлірек, *отағасы* — *үй иесі* сөзінен, *дам* — *ас* сөзінен, *перзент* — *бала* сөзінен, *қаза* — *өлім* сөзінен жоғарылау. 2. Салтанат құру мәніндегі көтеріңкі реңктер. *Жүзде* — *бәйге* сөзінен асқак, *мерекелеу* — *тойлау* сөзінен көтеріңкі, *азамат* — *жігіт* сөзінен жоғары айтылады. 3. Поэтикалық реңктер. *Асқар* деген сөз *биік* деген сөзге қарағанда поэтикалық стильде көбірек ұшырасады. *Қол* — *әскер* сөзіне, *мәртебе* — *атақ* сөзіне, *қаһарман* — *кейіпкер* сөзіне, *шапақ* — *арай* сөзіне қарағанда поэзияда жиі кездеседі. 4. Дөрекілік мәніндегі реңктер. Бір қатардағы синонимдердің біреуі битарап, екіншісі сыпайы, үшіншілері тұрпайы мәнді білдіріп, ала-құла реңк тудырып отырады. Мәселен, *сықпым* деген сөздің стильдік мәні *бет* деген доминант сөзбен салыстырғанда дөрекілеу, *шолжың* — *ерке* деген сөзден, *шойнақ* — *ақсақ* деген сөзден, *азынау* — *жылау* дегеннен белгілі контексте дөрекілеу болып жұмсалады. 5. Кекесін, мысқыл мәндегі реңктер. *Қожаңдау* орынсыз кісілік көрсеткенде, *түштандау* орынсыз жеңілтекстеніп оғаш қимыл көрсеткенде кекесін мәнді білдіреді. 6. Менсінбеушілік, кеміту мәніндегі реңктер. *Бүт артар* — *көлік* орнына, *еркек кіндік* — *ер азамат* дегеннің орнына, *шүйке бас* — *әйел* дегеннің орнына, *шикі өкпе* — *бала* орнына қолданылып кеміту мәнінде айтылады. «*Басы қараның бары игі*» деген сөз «*жоқтан бар жақсы*» дегенді білдіріп, көңіл жұбату ретінде айтылады.

Қолдану орнын бұзып, керісінше айтылған сөздің бәрі кекесін мән тудырады. Мәселен, сараң адамды *мол қол*, *мырза* десек, ұшқалақ адамды *сабырлы* десек, қорқақ адамды *батыр* десек, қортық адамды *бойшаң* десек, жуан адамды *талдырмаш*, *жіңішке* десек, мазақтау немесе әзілдеу болып шығады. Әзіл, күлкі сөздің тура, дәл мағынасынан тумайды, сөзді астарлап, керісінше айтудан пайда болады. Қазақтың «бұралқы сөз күлуге жақсы» деген макалы әзілдесіп сөйлесуді соншалықты ұнатып, сүйе білгендігін көрсетеді. Қазақтың ауыз қалжынында сөзді бұрып, астарлап айту амалдары соншама мол. Сол арқылы ұлттық сөйлеу мәнерін тудырған. Синонимдердің стильдік мәні әр халықтың өзіндік сөйлеу ерекшелігінен туады.

Синонимдердің сөз қолданысындағы реңктері сөздердің бірібірімен тіркесу қабілетінен шығады. Мәндес сөздердің бірінін

тіркесіп айтылатын сөзімен екінші сынарлары онша көп тіркесе бермейтіндігін жиі байқалады. Мәселен, *ел* мен *халық* синоним сөз болғанымен, *шине ел қонды* деп айтылады да, *шине халық қонды* деп айтылмайды. *Аяқ* пен *борбай* синоним, бірақ *жер аяғы кеңіді* деп айтылады да, *жер борбайы кеңіді* деп айтылмайды.

Синонимдер тұрақты тіркестерде ғана емес, еркін сөз тіркесінде де бірдей қарым-қатынаста бола бермейді. Мәселен, *биік* пен *бойшаң* синонимдері арқылы *биік тау* деп айтылады да, *бойшаң тау* деп қолданылмайды. *Ер жету* мен *бой жету* дегендер бір ұғым білдіргенімен, *ер жету* көбінесе ұлға, *бой жету* қызға арнайы қолданылады. Мысалы: *Қыз бой жеткен соң, жігіттер ер жеткен соң, қыран бүркітше қиядағыны көзі шалып қырындайды.* (С. Төлешев).

Жалпы алғанда, синонимдерге тән мағыналық, стильдік қолданудағы үш түрлі белгі бір-бірінен онша алшақ жатқан бөлекше дүниелер емес, өзара тығыз бірлікте болатын ерекше белгілер ретінде танылады. Сөз мағынасы белгілі тарихи кезеңдегі қалыптасқан лексикалық жүйенің мағыналық қызметінің көрінісі. Тілдегі синонимдік қарым-қатынастар да әрдайым үздіксіз өзгеруде, дамуда болады. Әсіресе сөздің мағыналық жағынан болған өзгерістер синонимдердің арасынан айқын және тез байқалады. Қоғам өміріндегі әрбір тарихи оқиғалардан кейін бір жағынан кейбір синонимдік қарым-қатынастар бұзылып өзгеріп жатса, екінші жағынан бұрын-соңды тілде өмір-бақи болып көрмеген жаңа синонимдік құбылыстар тасқындап туып жататындығын аңғарамыз. Сондықтан синонимдер тарихи өзгеріп отыратын семантикалық категория деп танылады. Олай болса, синонимдік қарым-қатынастар негізінен тілдің қазіргі даму қалпынан (синхрония) қаралып, шешілу керек деген ұғым туады. Қазақ тілі — синонимге өте-мөте бай тіл. Синоним кездеспейтін бірде бір сөз табы жоқ. Барлық сөз табынан да синонимдер табылады. Алайда, сан мөлшері жағынан келгенде әр сөз табының синонимге молшылығы әр қалай. Әрбір сөз табының синонимдік байлығы олардың жалпы санымен ғана өлшеніп қоймайды, бір қатарға топтасқан жеке сөздердің санымен де белгіленеді. Кейбір сөз табы синонимге өте бай (етістік, зат есім, сын есім), екінші бір сөз табының синонимі соншалықты кедей (сан есім) болмаса бір сөз табынан болған синонимдердің саны бір қатарда көп, екінші бір қатарда аз болып келу себебін әр сөз табындағы сөздердің мағыналық, ұғымдық сыр-сипатынан іздестірген жөн. Демек, тілдегі синонимдер барлық сөз табында да кездескенімен, бұлар көбіне-көп атауыш сөз таптарында жиірек ұшырасатын мағы-

натық ұқсастықтар деп түсіну керек. Синонимдер әр сөз табының өз ішінде де ала-құла. Мәселен, нақты зат есімдерге қарағанда, абстракт ұғымдағы зат есімдер синонимдерге әлдеқайда бай. Сапатық сын есімдерге қарағанда, катыстық сын есімдердің синонимдері соншама көп. Үстеулік синонимдердің ішіндегі сан мөлшері жағынан ең молы — сын (бейне) үстеулері мен мезгілдік үстеулер. Ал етістік синонимдердің түр-түрінің көптігі соншалық — оларды мағыналық ерекшеліктеріне қарай жіктеп бөлу қиын екендігін көреміз.

Тілдегі синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болады. Қазақ тіліндегі синонимдердің келіп шығуының мынадай жолдары бар:

1. Синонимдер көп мағыналы сөздердің есебінен жасалған. Мысалы: *көз — жанар — сұқ көз — ойнек; көз — жасу, көз — бұлақ — бастау — қайнар; арту — асу — озу; арту — көбею — молаю; әлді — күшті — мықты — қарулы — әулетті — әндемді; әлді — ауқатты — дәулетті — қуатты — бай; тура — тік — түзу — тіке; тура — дұрыс — жөн; тура — дәл — шақ* т. б.

2. Синонимдер сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған: а) аффикстер арқылы: *ауыздық — сулық, жемтік — өлімтік, басы — жетекші, жемқор — парақор, өнім — түсім, ақылды — есті, маңызды — мәнді, сүтті — құнарлы, қанағатсыз — тойымсыз, берекесіз — құтсыз, — дайынсыз, ажарлау — өңдеу, ұсақтау — майдалау, жоғарылау — ілгерілеу, азайту — кеміту, қоштау — мақұлдау* т. б.; ә) біріктіру арқылы: *ақсақал — отағасы, еңбекақы — жалақы, қанішер — қанқұйлы — қанытөзер, доғабас — айылбас* т. б.; б) косарлау арқылы: *ат-тұрман — ер-тоқым; жоқ-жітік — кедей-кепшік — жарлы-жақыбай; алқын-толқын — аумалы-төкпелі; өліп-өшу — сүйіп-құшу — айналып-толғану, жығылып-сүріну — сүрініп-қабыну, зым-зия — ұшты-күйді, іле-шала — әп-сәтте — жалма-жан* т. б.; в) тіркесу арқылы: *иіс су — иіс май, іш мерез — жылым құрт, көк ет — бауыр ет*; г) омонимдер арқылы: *тартпа — суырма, тартпа — төс айыл — алдыңғы айыл, табандау — ұлтандау, табандау — сіресу — қасарысу — қырсығу — қыңыраю* т. б.

3. Синонимдер кірме сөздер арқылы пайда болған:

а) араб сөздері арқылы: *халайық (халаиқ) — халық, жұрт, көпшілік; ақиқат (хәқиқат) — шындық, растық; отан (уәтан) — ел, туган жер; әскер (ғәскәр) — жасақ, қол, шеру, қосын; уалаят — (ушаят) — өлке, облыс* т. б.;

ә) парсы сөздері арқылы: *батыр (баһадор) — батыл, ер; дихан (дәһқан) — егінші; шәкірт (шағирд) — оқушы; мейман (меһман) — қонақ; зор (зур) — үлкен, дәу* т. б.; б) монғол сөздері арқылы: *аймақ (аймаг) — өңір — атрап — төңірек — маңай;*

жасақ (жасағ) — әскер, қол; дарқан (дархин) — жомарт, мырза, кең пейіл; үдере (өдер) — жедел, тоқтаусыз, жаппай; шешен (сәцен) — білмәр — сөзшең т. б.; в) орыс сөздері арқылы: бөтелке (бутылка) — шыны, шөлмек; шен (чин) — атақ, дәреже, лауазым; бишік (бичик) — өгіз қамшы; кір (гиря) — таразы; сома (сумма) — ақша, баға, құн; рет (ряд) — мәртебе т. б.

4. Синонимдер диалектизмдердің есебінен жасалған. Диалектілік синонимдер әдеби тілдегі сөздермен мағыналас, мәндес келуіне қарай екі топқа бөлінеді: а) сыртқы тұлғасы (дыбысталуы) бөтен (әдеби тілде кездеспейтін), бірақ әдеби сөзбен мағынасы үйлес келетін сөздер. Мысалы: *аданас* — *аталас*, *ағайындас*; *атайман* — *өте*, *тым*, *аса*; *атымды* — *құнарлы*, *шығымды*; *башалау* — *салалау*, *жіктеу*, *жекелеу*; *дәйіс* — *ұятсыз*, *арсыз* т. б.;

ә) сыртқы тұлғасы таныс (әдеби тілде кездесетін), бірақ білдіретін ұғымы басқа сөздер. Мысалы: *астана* — *табылдырық*; *жар* — *қабырға*; *жедел* — *ерегес*, *жанжал*; *көң* — *қыстау*; *сым* — *шалбар*; *сұлулату* — *пішітіру*, *кестіру*; *талап* — *жұмыс*; *таға* — *нағашы*; *тонау* — *сонау*, *анау*; *ұрпақ* — *кебек* т. б.

5. Синонимдер фразалық тіркестердің себебінен көбейген. Мысалы: *ат ұстар* — *ұл*, *еркек бала*; *ауыз бастырық* — *пара*; *қара халық-бұқара*, *еңбекші*; *қара мал* — *сиыр*; *о дүние* — *махшар*; *туған жер* — *отан*; *ұзын құлақ* — *сыбыс*, *өсек*; *шікі өкпе* — *бала*, *нәресте*; *қоян жүрек* — *қорқақ*, *жүрексіз*; *ала аяқ* — *қу*, *зәлім*; *еті тірі* — *пысық*, *ширақ*; *қолы ашық* — *береген*, *мырза*; *қырғи қабақ* — *өң*, *араз*; *тас бауыр* — *мейірімсіз*, *қатал*; *ат үсті* — *асығыс*, *үстіртін*; *аты шулы* — *атақты*, *әйгілі*; *аяқ астынан* — *ғайыптан*, *кенеттен*, *тосыннан*; *бір төбе* — *ерекше*, *артықша*; *не бары* — *барлығы*, *күллісі*; *опық жеу* — *өкіну*; *насырға шабу* — *асқыну*, *қырылысу*; *көзін жоғалту* — *құрту*, *жою*; *шыр біту* — *семіру*, *қоңдану* т. б.

6. Синонимдер табу мен эвфемизмдердің есесінен молайған. Мысалы: *әулие-шешек*, *ит құс* — *қасқыр*; *жасыл* — *жай*, *найзағай*; *қолды болу* — *ұрлану*, *жоғалу*; *күн байыды* — *күн батты*, *кешкірді* — *көңіл жақын* — *әуей*, *тамыр*; *аяғы ауыр* — *жүкті*, *екі қабат*; *жасы ұлаю* — *қартаю*; *дүние салды* — *өлді*, *қайтыс болды* т. б.

Қазақ тілінің синонимикасы негізінен өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы байыған. Сонымен қатар өзінде жокты өзге тілдерден ауысып алу нәтижесінде де кемелдене түскен.

Тілдегі синонимдер үш түрге бөлінеді: а) мағыналық синонимдер, ә) стильдік синонимдер, б) мағыналық-стильдік синонимдер.

Әрқайсысының өзіне тән мағыналық ренкі бар, стильдік

жағынан шектелмейтін, тілдегі барлық салада талғаусыз, жалпылама қолданыла беретін синонимдер мағыналық синонимдер деп аталады. Мысалы: *абырой — бедел — қадір, азайту — аз — кеміту — шегеру, батыл — ожет — өткір* т. б.

Стильдік синонимдер деп мағына жағынан ұқсас (тең) бола отырып, бір-бірінен стильдік бояуы арқылы өзгешеленетін мәндес сөздердің түрлерін айтамыз. Мысалы: *ат — есім — нысаны, бөсеке — бақас, жазғыру — күстәналау, жылау — еңіреу, өкпелеу — бүртию, бірсыпыра — бірғауым, жуас — бұйығы, таңертең — азанда, үлкен — докей* т. б.

Тілдегі синонимдер бір-бірінен не мағыналық жағынан, не стильдік мәні жағынан өзгешеленіп бірыңғай болып келе бермейді. Олар кейде әрі мағыналық, әрі стильдік белгілері арқылы ерекшеленеді. Синонимдердің осындай түрлері мағыналық-стильдік синонимдер деп аталады. Мысалы: *іздену — тімтіну, мақтаншақ — бөспе, тақия — төбетей — кепеш, сасу — иістену — мұңқу — аңқу* т. б.

Синонимдер кез келген тілдің байлығы мен оралымдығын көрсететін сөздік құрамның құнарлы да мәнді бір саласы. Ана тілінің синонимдік молшылығын емін-еркін меңгеру арқылы ғана көңілдегі көрікті ойды нағыз өз мәнінде барлық ренктерімен түгел қамтып жеткізуге мүмкіндік аламыз. Сөз де қиюлас-тырып қалаған кірпіш сияқты қиюын тауып қалап, байлауын тауып ұстату керек.<sup>1</sup>

Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз сакка жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді. Синонимдерді қолданудың тілімізде мынадай негізгі тәсілдері бар:

1. Алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған тексте бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін қолданылады. Мысалы: *Қол тартылар, дария сарқылар, бірақ Күнкейдің күші сарқылмас* (Ғ. Мүсірепов). *Елді бейбіт, жұртты тыныш етті* (І. Жансүгіров). *Қаладан қашық тұратын ауылға бәрі қат, бәрі зору* (Ә. Нұрпейісов).

2. Белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттап көрсету үшін синонимдер бір-біріне қарсы қойылып та, салыстырылып та, ынғайластырылып та келе береді. Мысалы: *Бет көрсе, жүз ұялады* (мақал). *Ақтамақ жымыса, ол ыржияды, Ақтамақ мырс етсе, ол тарқылап күледі* (Ғ. Мұстафин). *Зал-*

<sup>1</sup> Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 1966, 135-бет.

дың орта тұсында оңкей ажарлы қыздар, әрлі әйелдер отыр (З. Қабдолов). Жасыл шөбің, жұмсақ көгің Жібек емей немене (С. Сейфуллин).

3. Белгілі бір ұғымды толық камтып көрсету мақсатымен, бірнеше синоним қатарма-қатар қолданылады. Мысалы: *Жылатушы көп болса, уатушысы, жұбатушысы да мол болған ел сорлы бола ма?* (М. Әуезов). *Дәл қасымызда үш бастау, қайнар бұлақ бар, соларды пайдаланайық дейміз* (Ә. Тәжібаев). *Жау әскерін тәжірибелі, әккі генералдар басқарады* (Т. Ахтанов). *Жақып езіліп, еріп, балқып кеткен сияқты болды* (Б. Майлин).

4. Синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты, оларды қосарлап та (қосақтап та) пайдаланамыз. Мысалы: *күш қуат, аман-сау, өніп-өсу, ар-ұят, өткен-кеткен, даусыз-талассыз, қорқытып-үркіту* т. б. Екі синоним сөз қосарланып қолданғанда бұлардың білдіретін ұғымының көлемі кеңейеді. Мәселен, *үлгі-өнеге* деген қос сөз барлық жақсы қасиетті жинақтап тұрған болса, *азып-тозу* деген қос сөз барлық жетімсіздікті топтастырып тұр.

5. Тілімізде екі мәндес сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейтеді. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде **плеоназм** немесе **плеонастикалық** сөз тіркесі деп атайды.

Синонимдерді плеонастикалық тәсілмен жұптап қолдану жекелеп қолданғаннан гөрі әлдеқайда мәнерлі. Мысалы: *кең байтақ ел, айдын шалқар көл, қырмызы қызыл жібек, заңғар биік тау, зәулім биік үй, қызыл жаса қан, нән семіз жылқы, жайдары жарқын мінез, құр бекер жүріс, қас дұшпан, жасаған ие, нәни жалған, қыршын жас* т. б.

6. Синонимдер жеке сөздер ғана емес, фразалық тіркестерден де жиі ұшырасады. Көңілдегі көрікті ойды сөзбен кестелеп айтып, беруде фразалық тіркестер тілде орасан зор қызмет атқарады. Мәселен: *Кеңес Армиясы 1945 жылы неміс басқыншыларын талқандады* деген сөйлемдегі *талқандады* деген сөздің орнына *жермен жексен етті, күлін көкке ұшырды* десек, сөзіміз тыңдаушыға әлдеқайда күшті әсер етеді, әрі тартымды да мәнерлі болады.

*Катерлі қауіп төнген күндер де өтті,  
Ит жығыс бірде алай, бірде бұлай.  
Сынасқан жаумен әбден сыралғымыз,  
Атысып, шабысып та екі жылдай*

(К. Айнабекұлы).

*Ойдың да шикісі бар күлді-көмеш,  
Сүйкімсіз арам астай адам жемес.*

*Дүмбілез, дүбәрасы бар оның да,  
Әрі-сәрі, не ол емес, не бұл емес*

(Ә. Оңалбаев).

Осындағы *ит жығыс, бірде олай, бірде бұлай* деген фраза «тен түсті, бірдей шықты» деген ұғымды, ал *әрі-сәрі, не ол емес, не бұл емес* деген фраза «дүмбілез, дүбәра, шикі, шала» деген мағынаның орнына жұмсалып, ойды соншалықты көркемдеп, бейнелеп тұр.

7. Синонимдер жеке сөз бен жеке сөз, қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, бір-бірімен араласқан күйде де жұмсалады. Мысалы: *Гүлнәш апай ақтарылмады, шешіліп сыр шашпады* (Т. Әлімқұлов). *Жолыққан жанның бәрі де оған ат үсті, асығыс жауап берді* (Ж. Жұмаканов). *Әй балалық-ай, соған да қайғырады, — деп жұмсақтап, жайып-шуып айлаға қоштi* («Лен. жас»). *Біреуді біреу баса-көктеп, кимелеп барады сатушыға* (Ғ. Мұстафин).

8. Синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі — *парафраза*. Бұл сөздің мәнісі — жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру. Мәселен, *Алматы* дегеннің орнына, *Қазақстанның астанасы*, *М. Әуезов* дегеннің орнына «*Абай жолы*» романының авторы, *Күләш* деудің орнына *қазақтың бұлбұл әншісі* деп қолдануға болады. Парафраза тәсілі бір заттың я құбылыстың белгілі бір қасиетін айрықша атап өткісі келгенде немесе соған ерекше назар аудартып, ден қойдыру мақсатында қолданылады. Кейде бір сөзді қайталамай, ойды түрлендіру мақсатымен де жұмсалады. Мысалы: *Күн жиылып ай болды, он екі ай — жыл, жыл жиылып, қартайып қалғаны бұл* (Абай). *Аппақ көзі тым жіті, алыстан көретін қырағы болатын* (Ғ. Сыланов).

Осындағы *жыл — он екі ай, алыстан көретін қырағы* дегендер парафразалық тәсілмен қолданылып тұрған синонимдер екендігі даусыз. Парафраза кейде анықтауыштың анықтауышы ретінде де кездеседі. Мысалы: *Омар ондай емес, отпен кіріп, күлмен шығатын епті жігіт* (Ғ. Мүсірепов). *Күздің қоңыр бір күні, май тоңғыссыз жып-жылы* (І. Жансүгіров). *Ермекбай әбден зарықтырып, көзге түртсе көргісіз қараңғы, жаңбырлы түнде суға, балшыққа малышына қайтты* (Ғ. Мұстафин). Келтірілген мысалдардағы әрбір фразалық тіркестер өзінен соңғы тұрған жеке сөзден болған баламатарын анықтай түсіп, соның мән-мазмұнын кеңейтіп, экспрессивтік ажар беріп тұрғандығын байқаймыз.

Парафразаның бұл түрін плеоназмдардың фразамен қосылғандағы ұлғайған түрі деп атауға болады.

М. Әуезов «Абай жолы» романында синонимдерді қолда-

нудың сан алуан үлгілерін көрсеткен еді. Сонын бір нұскасы мынадай: *«Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңінде Абай қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай, игілік өмір үзді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шыққан, зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті»*.

Ұлы жазушы келтірілген үзіндіде Абай деудің орнына *ұлы жан, ұлы кеуде, игілік өмір, алып шынар* тәрізді тын метафора қолданып, парافраза тәсілімен кеменгер акынға төн ерекше қасиеттерге ден қойғызып, көңіл аудартқан. *Өлді* деген жағымсыз қатты сөздің орнына *дүниеден көшті, қаза тапты, демі тоқталды, үзді, құлады, кетті* деген жұмсақ эфемизмдермен алмастырып отырған. Ана тіліміздің синонимге өте-мөте бай әрі соншалықты оралымды да икемді екендігіне осы мысалдардың өзі-ақ толық айғақ бола алады.

## § 21. Сөз варианттары

Тілдегі синонимдер мағыналық жағынан болсын, тұлғалық жағынан да әрқайсысының өзіндік дербестігі бар жеке-жеке сөздер деп танылады. Бұларды белгілі бір сөздің әр түрлі вариантымен шатыстыруға болмайды.

Сөздің лексикалық бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, морфемдік құрамы ұқсас (үйтес) құрылымдарды сөз варианттары дейміз. Мысалы: *риза-разы-ырза, дөңме-дөңеңе, ештеме-ештеңе, әжім-ажым, әжуа-ажуа, үлгіру-үлгеру, суару-сугару, түгендеу-түгелдеу, жұбану-жуану-уану, ұқсау-ұсау, тырнақтау-тірнектеу, айқай-айғай, қария-кәрия, абдыра-әбдіре, жазғытұры-жазғытұрым, беішпет-беішпент, өне-өні, мүлде-мүлдем, гөрі-көрі, сонан-содан, осынан-осыдан, бөле-пөле, бірдеме-бірдеңе, түңлік-түндік, ертеке-ертегі, әшейін-әншейін, көне-көні, балуан-палуан, бекіре-мекіре, пияз-бияз, азар-әзер, әбжылан-абжылан, дайын-даяр, мұңша-бұңша, барабар-паранар, екіншілей-екіншідей, зыту-жыту, жылылай-жылыдай, зәлім-зәлым, қане-көне, қазір-кәзір, сөйтіп-сүйтіп, бана-мана-бағана, найзағай-нажағай, үйткені-өйткені, сайтан-шайтан, шоғір-шоңғе, пенде-бенде, тыныш-тиыш, тынышталу-тиышталу, ұждан-әж-дан, міне-мінеки-мінекей, рәсім-ресім, жирену-жиркену, мұрас-мұрас, қанікі-көнікі, естіген-естікен, көбіс-көмбіс, бәлкім-бәлки, бұлғау-былғау, бұлғақтау-былғақтау, көдімгі-көдіуігі-көдірескі, кемзәл-қамзәл, таяу-тақау, бақай-башай-башиай, баған-бағана, қадір-кәдір, дөңгелек-дөңгеләк, ләзім-ләзім, жаю-жәю* т. б.

Осы тәріздес фонетикалық варианттар бір сөздің дыбыс-

тық құрылымы жағынан түрленуі деп есептеледі. Бұл сияқты түрлену сөздің лексикалық мағынасын өзгертуге пәлендей себеп бола алмайды. Сондықтан да бұлар әр басқа сөз емес, неше вариант болса да, бір сөз ретінде танылады.

Сөз варианттары мынадай үш түрлі белгі арқылы ажыратылады: а) сөздің түбірлерінде ортақ ұқсастық болуы қажет, ә) лексика-семантикалық жалпылығы (ұқсастығы) сақталу керек, б) дыбыстық өзгешелігі лексика-семантикалық өзгеріс тудырмауға тиіс<sup>1</sup>.

Шеттен кірген сөздердің кейбіреулері басқа тілге ауысып келгенде, екі не одан да көп вариантта айтылады да, жүре-жүре сол варианттардың әрқайсысы әр түрлі мағына алып, бір-бірінен сараланып бөлініп, өз алдына дербес сөз болып қалыптасады. Бір кезде қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен ауысқан көптеген сөздер бірнеше вариантта айтылып келген болса, қазір сол варианттар жеке-жеке сөз болып, дараланып бөлінді. Мысалы: *әл-хал*-*қисап-есеп*, *қарекет-әрекет*, *ғылым-ілім*, *ғаділ-әділ*, *ғазиз-әзиз*, *сағат-сәт*, *қазір-әзір*, *оқиға-уақиға*, *абырой-әбүйір*, *қаржы-қаражат*, *қате-кәте*, *мақсат-мақсұт*, *мағлұм-мәлім*, *нышан-нышана*, *қағида-кәде*, *үкім-өкім*, *мағлұмат-мәлімет*, *халық-халайық*, *нәсіп-несібе*, *өкімет-үкімет*, *кінә-күно*, *ауа-әуе*, *пұл-бұл*, *хайуан-айуан*, *табиғат-тәбет* т. б.

Бір түбірден таралған, дыбысталуы бір-біріне өте ұқсас келген сөздердің бәрін вариантты сөздер тобына жатқыза беруге мүлдем болмайды. Түбірлес синонимдер мен сөз варианттарын бір-бірінен дұрыс ажырата білу қажет. Мәселен, *садақа-садаға*, *күзеу-күзек*, *қыстау-қыстақ*, *жаңқа-жоңқа*, *шұңқыр-шұқыр*, *сұрау-сұрақ*, *қоңырсу-қоңірсу*, *пысылдау-пышылдау* дегендердің әрқайсысына тән өзіндік сөз мағыналық ерекшеліктері бар сияқты. Сонымен бірге мынадай түбірлес синонимдердің нұсқалары бар екендігін еске түсіре кетейік. Мысалы: *егін-егіс*, *бау-бақ*, *кез-кезең*, *жара-жарақат*, *сарылу-сарсылу*, *еліру-елеуреу*, *көгеру-көктеу*, *аңқаю-аңыру*, *қызықты-қызғылықты*, *қорғанишақ-қорғалақ*, *барлық-барша*, *қайта-қайыра*, *салақ-салғырт*, *маң-маңай*, *ортала-ортайт*, *ақта-ағарт*, *қапылыста-қапыста* — *қапелімде-қапияда* т. б. Кейде бір түбірге бірнеше косымшалар қосып, түрлендіріп айта беруге болады. Мәселен, *аға* деген сөзден *ағатай*, *ағаке*, *ағашым* деп айтсақ, *қалқа* деген сөзден *қалқам*, *қалқаш*, *қалқатай*, *қалқажан*, *қалқабас* деп

---

<sup>1</sup> Виноградов В. В. О формах слова // Известия ОЛЯ. Т. 3, вып. 1, 1944, стр. 40 — 41; Рогожникова Р. П. Варианты слов в русском языке, 1966, стр. 3 — 14.

құбылтып, әр түрлі көңіл күй, көзқарасымызды, үлкен мен кішіге деген орасан зор ілтипатымызды білдіреміз. Бұл тәрізді құбылыстардың бәрін сөз варианттары деп қарауға болмайды.

Тілдегі сөз варианттары әдеби тілді қалыптастыру барысында екішеліп, сұрыпталып, жүйеге келтіріледі. Әдеби норма тілдің дыбыстық, грамматикалық құрылысы мен сөздік жүйесінің ішіндегі ең өміршең деген элементтерді тандап алу негізінде қалыптасады. Әрбір тілдің әдеби нормасы ұлт тілінің ең жоғары өңделген нормасы деп есептеледі. Бұлар тіл мамандарының ғылыми еңбектерінде, нормативті грамматикалар мен сөздіктерде көрінеді. Сөйтіп, баспасөз, радио, театр, теледидар, кино арқылы таралып, жалпыхалықтық сипат алып, мектептердегі сабақ жүйесінің негізін құрайды. Олай болса, қазіргі жарыса қолданылып жүрген жарыспа сөз варианттары әлі де талай өңдеуден өтіп, шыңдала беруге тиіс.

Сөз варианттарының дағдыры негізінен екі түрлі жолмен шешілуі мүмкін. Сөз вариантының біреулері екі түрлі мағына алып, бір-бірінен сараланып бөлінуі мүмкін. Мәселен, *ащы* мен *ашты*, *ыстық* пен *ыссы* тәрізді сөз варианттары орыстың *горький-солёный, горячий-жарко* сөздерінің баламасы ретінде екеуі екіге бөлініп кетуі ғажап емес. Сөз вариантының енді біреулері әдеби тіл мен сөйлеу тілінің ынғайына қарай әрқайсысы екі салаға телінді болып қолданылатындығы сөзсіз. Мәселен, *әне-әні, кәне-кәні, міне-мінеки, өйткені-үйткені, қария-кәрия, сүйітіп-сүйітіп* дегендердің алғашқы варианты қазірдің өзінде әдеби тілде жиі қолданылады да, ал соңғы сынарлары сөйлеу тілінен мықтап орын тепті. Демек, сөз варианттары алдағы уақытта сараланып, екішеліп бір ізге түспек.

Қазақ тілінде сөз варианттары өте көп. Бұлардың көпшілігі әлі күнге іштей сараланбаған. Сондықтан да варианттар жайында бізде дау да, талас та баршылық. Әсіресе вариант сөздерді сөздікте беруде кереғар пікірлер бар. Кейбіреулер варианттардың әдеби нұскасын сөздікке ендірейік те, қалғандарын ескіртіп барып қолданыстан мүлдем жойайық дегенді айтады. Мұның дұрыс жағы да, бұрыс жағы да бар. Нормативті орфографиялық сөздікте вариант біткеннің бәрін қаптата бермей, оларды іштей саралап, ең қажетті дегендерін ғана көрсету жөн сияқты. Ал көп томдық түсіндірме сөздікте вариант біткендерді барынша мол қамтып, оларды стильдік белгілер арқылы саралап көрсеткен жөн. Мұның өзі, бір жағынан, тілдегі варианттардың есебін алу болып шығады. Көп томдық түсіндірме сөздікке бүгінгі ұлт тілінде айтылып жүрген сөздер мүмкіндігінше түгелге жуық қамтылуға тиіс.

## § 22. Антонимдер

Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне карама-карсы коюдан шығады. Мысалы: *Кейі сараң, кейі мырза, Кейі қана, кейі ырза. Барша жұртты сынадың* (С. Сейфуллин). *Кейде қайғы, кейде шат, Кейде тұнық, кейде ылат, Кейде қорқақ, кейде өжет, Кейде тірі, кейде өлет* (І. Жансүгіров). *Болысекең кейде паң, кейде мүләйім, кейде жұмсақ, кейде қатты, кейде береген, кейде сараң* (Ғ. Мұстафин). *Мұны әлділер әділет деп қуанса, әлсіздер қиянат деп қынжылады* (Ә. Сәрсенбаев). *Түймедей затқа өкпелесеңіз, түйедей көретініңіз қалмаған мырза!* (К. Оразалин).

Осындағы *сараң-мырза, қана-ырза, қайғы-шат, тұнық-ылат, қорқақ-өжет, тірі-өлі, паң-мүләйім, жұмсақ-қатты, береген-сараң, әлді-әлсіз, әділет-қиянат, түймедей-түйедей* дегендер жағымсыздық пен ұнамдылықтың, жақсылық пен жаманшылықтың, үлкен мен кішінін кереғар ұғымдары бір-біріне карама-карсы қойылып айтылып тұр. Екі жағының салмақ-мөлшері бірі артық, бірі кем емес, тепе-тен. Сонда антоним дегеніміз мағынасы бір-біріне карама-карсы сөздер болып шығады. Антонимдер өзара алшақ карама-карсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың әр сөз табына катысы нақ бірдей емес, ала-құла деген сөз. Бір сөз табы антонимге соншама бай да, енді біреулері соншалықты кедей, не болмаса тіптен кездеспеуі де ғажап емес. Қазақ тілінде антонимдер көбіне-көп сын есімдерден болады, онан соң етістіктер, зат есімдер, үстеулерден азды-көпті кездеседі. Ал калған сөз таптарынан жасалған антонимдер тым тапшы, жоқтың қасында.

Сын есімге тән антонимдердің мынадай түрлері бар: а) түбір күйінде кездесетіндер: *ауыр-жеңіл, кең-тар, ыстық-суық, үлкен-кіші, жас-кәрі, биік-аласа, ұзын-қысқа, артық-кем, аш-тоқ, жақсы-жаман, қалың-жұқа, терең-саяз, арық-семіз, оңай-қиын, араз-тату, ащы-тәтті, көп-аз, оң-теріс, түзу-қисық* т. б.; ә) туынды түбір күйінде кездесетіндері: *ашық-жасырын, өзімшіл-көпшіл, ашық-жабық, тілазар-елгезек, екпінді-жалқау, қатты-ақырын, орнықты-шалалай, олақ-іскер, оңқай-солақай, сүйкімді-жексұрын, бүтін-жыртық, жүрдек-шайхан* т. б.

Қазақ тілінде сындық мағынадағы туынды антонимдер көбінесе *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, ті* жұрнақтары арқылы антонимнің жағымды сынарларын жасайды да, ал жағымсыз мағыналары сынарларын *-сыз, -сіз* жұрнақтары жасайды. Мысалы:

1. *Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз,  
Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз.*
2. *Өнерлі жігіт орде азар,  
Өнерсіз жігіт жер соғар.*
3. *Ақылдыны алысым деме,  
Ақылсызды жақыным деме.*
4. *Куәлі істі куә табар,  
Куәсіз істі күмән табар.*
5. *Арлы арына қараса,  
Арсыз жеңдім дейді.*
6. *Күтты қонақ қонса, қой егіз табар,  
Күтсыз қонақ қонса, қойға қасқыр шабар.*
7. *Жандыда балық үлкен,  
Жансызда қамыс үлкен.*
8. *Кайырсыз мың сомнан  
Кайырлы бір сом артық.*
9. *Базар ақшалыға — базар,  
Ақшасызға — назар.*

Сол сияқты сын есімнің *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнақтары арқылы да туынды антонимдер жасала береді. Мысалы: *бастапқы-соңғы, бұрынғы-қазіргі, үйдегі-түздегі, сыртқы-ішкі, күндізгі-түнгі, қысқы-жазғы, жоғарғы-төменгі, ертеңгі-кешкі, алдыңғы-кейінгі, биылғы-былтырғы* т.б.

Етістікке тән мынадай антонимдер бар: а) түбір күйінде кездесетіндері: *оу-қалу, күту-келу, қону-үшу, шашу-жинау, бару-қайту, жату-тұру, ашу-жабу, кіру-шығу, ұту-ұтылу, жеңу-жеңілу, қуану-ренжу, мақтау-даттау, көшу-қону, күлу-жылау, сату-алу, ысу-суу, шабу-ібу, даму-тоқырау, қату-жібу, ауыру-сауығу* т. б. ; ә) туынды түбір күйінде кездесетіндері: *картаю-жасару, жоғарылау-төмендеу, татуластыру-араздастыру, ақтау-қаралау, елдістіру-жауластыру, айырылу-қосылу, күшею-бәсеңдеу, баю-кедейлену, арықтау-семіру, жаңару-ескіру* т. б.

Зат есімге тән антонимдер де негізгі және туынды түбір күйінде кездеседі: а) түбір күйінде кездесетіндері: *өтірік-шын, обал-сауап, алғыс-қарғыс, рақат-бейнет, бақ-сор, өмір-өлім, оң-түс, алды-арты, шарапат-кесепат, асты-үсті, пайда-зиян, бай-кедей, жаз-қыс, күн-түн* т.б. ;

ә) туынды түбір күйінде кездесетіндері: *аласы-бересі, байлық-жоқтық, кісілік-иттік, аштық-тоқтық, тарлық-кеңдік, жеңіс-жеңіліс, ұтыс-ұтылыс, ашылық-көпшілік, кіріс-шығыс, алыс-беріс, сытайыгершілік-арсыздық* т.б.

Үстеуге қатысты антонимдер: *ерте-кеш, ақырын-шапшаң,*

*ілгері-кейін, жоғары-төмен, алыс- жақын, әрі-бөрі, жылдам-жапп, сылбыр-тез т.б.*

Есімдікке қатысты: *анау-мынау, өне-міне, осы- сол* тәрізді бірен-саран антонимдер ғана ұшырасады. Тілде карама-қарсы ұғыммен қатар кейде аралық ұғым да кездеседі. Мәселен, *ескі* мен *жаңаның* арасында *көне* (*конетоз*), *шикі* мен *пісінің* арасында *дүмбілез*, *суық* пен *ыстықтың* арасында *жылы*, *ұтыс* пен *ұтылыстың* арасында *тең*, *ерте* мен *кештің* арасында *дәл*, *біткен* мен *бітпегеннің* арасында *шала*, *жеңу* мен *жеңілудің* арасында *ит-жығыс* деген аралық ұғымдар бар. Бұлар антоним біткеннің бәріне тән емес, кейбіреулерінде ғана ұшырайды. Аралық ұғым — кереғар екі ұғымды тең ұстап тұрады.

Тілдегі антонимдер карама-қарсы құбылыстарды біріне-бірін шендестіріп салыстыру арқылы күшті стильдік мән тудырады. Сол себептен антонимдер өте-мөте мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Антонимдерді қолданудың негізінен үш жолы бар:

1. Антонимдер бір сөйлемнің өз ішінде салыстырылып айтылады. Мысалы: *Қорлық өмірден ерлік өлім артық. Ер бақыттың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі. Еріншек егіншіден, елгезек масақшы озады. Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ. Өлі арыстаннан тірі тышқан артық. Досыңның асын қасындай іш.*

2. Антонимдер іргелес сөйлемде карама-қарсы қойылып шендестіріледі. Мысалы: *Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі. Тоқшылықта жеген тоқпан жілік Ашаршылықта көзіннен бір-бір ұшар. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Жаңаны күтп жалаңаш үйден шықпай қалғаннан, Ескіні жамап киіп, жаңаны іздеп тапқан артық. Көп ақымақтың ағасы болғанда, бір ақылдың інісі бол. Жауластырмақ жаушыдан, Елдістірмек елшіден.*

3. Антонимдер ынғайласып, кезектесіп қатар жұмсалады. Мысалы: *Арымақ, семірмек көңілден. Палуанға оң, терісі бірдей. Ылдіссыз өр баппайды. Ит үрер жақсыға да, жаманға да. Қылмағы бірақ залал құдайдан-ды (Ы. Алтынсарин). Аңы менен тұңғыны татқан білер, Алыс пенен жақынды жорытқан білер. Бір суып, бір ысып, Барады іш пысып (Абай).*

Қарсы қойылып айтылғанның бәрін антоним деп тануға болмайды. Кейде синоним сөздер де бір-біріне салыстырылып айтыла береді. Мысалы: *Гүрідеп келген жаудан, Күлімдеп келген қас жаман. Қауіп бар жерде қатер бар. Қауіп қайдан болса, қатер содан. Өлім бар жерде қаза бар. Бет көрсе жүз ұялады.*

Жан-жақты дамып, кемелденген тілде белгілі бір ойды әр

түрлі мақсат-мүддеге қарай неше сакка жүгіртіп, сан алуан тәсілмен қолдануға болады. Қазақ тілі синонимге қаншалықты бай болса, антонимге соншалықты кедей емес екендігін байқаймыз.

### §23. Табу және эвфемизмдер мен дисфемизмдер

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде *табу* деп аталынады. Өткен замандарда адамдар арасында өмірді жете танып білмеу салдарынан, зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар деп қате түсінушілік болған. Адамзат өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, басқаша атауға мәжбүр болған. Мұндай тыйым салынған сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде кездеседі. Бұл әдет әсіресе түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының өмірінде де кең тараған. Осындай тарихи оқиғаның нақтылы бір айғағы ретінде «Аталардың аты» деп аталатын мынадай бір аңыз әңгімені келтіруге болады.

*Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлардың отырған ауылы терең сайдың ішінде екен. Күндердің бір күнінде ағайынды ақсақалдар үйде әңгіме дүкен құрып отырады. Бір кезде иттері жабыла үріп, шулап қоя береді. Төрдегі ақсақалдардың бірі босаға жақта күйбеңдеп жүрген келінге:*

*— Шырағым, иттер неге үріп кетті, байқап келші, — деп жұмсайды. Келін жүгіре басып далаға шықса, ауылдың арт жағында үлкен бір аю түлкіні қуалап барады екен де, иттері соған үріпті. Үйге қайта еңбек болған келін кенет: «Япыр-ау, мұның бәрі аталардың аты ғой, қалай айтсам екен?» — деп қысыла-қысыла ішке енеді.*

*— Иә, балам, иттер неге үріпті? — деп сұрайды ақсақалдардың бірі. Сасқалақтаған келін:*

*Ауыл сыртындағы аршалы бетте аткем төкемді зыттыра қуып бара жатыр екен, осы ауылдағы жөкемдердің бәрі соларға қарап үріп жүр. — депті («Қазақстан әйелдері», 1967, № 7, 27-бет).*

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстарын өз атымен атамайтын болған. Солардың әрқайсысына лайықтап (жолына, жасының үлкен-кішісіне қарай) өз тұсынан басқадай ат қоюға мәжбүр болған. Мәселен, қызға — *қара көз, бикеш, шырайлым, еркежан* десе, ұлға — *кекелдім, айдарлым, тұлымдым, шырақ, тетелес, мырза жігіт, төре жігіт, мырза аға, би аға* делінген. Егер аты дөрекілеу

болса, *аттеріс* деп те атаған. Сол тәрізді ата-ене, абысын-ажын, қайын аға, қайын жұрт, нағашы, жиен-жиеншарларға дейін шетінен ат қойып шығатын болған. Келін ат қойғанда кездейсоқ түрде емес, ат қоятын адамдардың мінез-кұлқын, түр-түрпатын, өнер-талабын, жан-жақты тексеріп түрлі қасиеттеріне қарай сәйкестендіріп атаған. Мәселен, тете емес қайынысын *тетелес* деп атамаған, тұлым қоймаған қайынысын *тұлымдым* деген. Жасы үлкен адамдардың аттары басқа зат атауларымен аттас болып келсе, онда келін оларға да басқаша жана ат ойлап табатын болған. Мәселен, аты *Жылқыбай* болса *мінгіш* деп, *Қойшыбай* болса *азбан* деп, *Бүркітбай* болса *Үлкен құс* деп, *Тыпқанбай* болса *қаптесер* деп, *Қарабай* болса *баран* деп, *Ақберген* болса *шаңқан* деп атайтын болған. Ауылды жерде әлі күнге дейін ескі салт-сананың сарқыншақтары жасы мосқал тартқан адамдардың арасынан там-тұмлап болса да кездесіп қалады. Бұлар қазір кездесе қатса ескі ырым, діни ұғым бойынша емес, халықтың этикалық қалыптасқан көне әдет-ғұрпы түрінде жұмсалады. Ұят сақтап, сыпайыгершілік білдіру, иба тұту рәсімі ретінде қолданылады. Демек, табудың бұл түрінің мән-мағынасы түбірімен өзгеріп, көнеріп, бір жола күнделікті қолданыстан шыққан деуге болады.

Қазақ тіліндегі табудың ендігі бір түрлері табиғаттың дүлей күшімен, адамды опат қылатын ауру аттарымен, қаскүнем жыртқыш аң-жәндіктермен тікелей байланысты шыққан. Мәселен, революцияға дейінгі қазақ ауылында *жай түсті* десек, «адамға қырсығы тиюі мүмкін» деген наным бойынша, оны *жасыл* деп атайтын болған. *Шешек* ауруының атын атасак, «жұғады», «жабысады» деген сенімге байланысты оның атын тура атамай, *әулие*, *қорасан*, *мейман*, *қонақ* деп өзгеше атаған. *Қасқырды* қасқыр деп атасак естіп қойып, «малымызға шабады» деп қорқып, оны *итқұс*, *қара құлақ*, *серек құлақ*, *ұлыма* деп атайтын еді. *Жыланды* жылан десек, «келіп шағады» деп үрейленіп, оны *түйме*, *ала жіп*, *ұзын құрт* деп айтқызған. *Ұры алған*, *жоғалған малды* ұрланды десек, «мүлдем табылмай кетуі мүмкін» деген сеніммен *қолды болды* деп айт дейтін. *Мал сауылып бітті* дегеннің орнына *мал байыды*, *күн батты* дегеннің орнына *күн байыды*, жиналған адамдар *кетейік*, *қайтайық* дегеннің орнына *көбейейік* деп айтуды әдетке айналдырған еді. Соның нәтижесінде осы ұғымдарға қатысты бірнеше синонимдер пайда болған. Бұлар белгілі контексте әр түрлі стильдік мән тудырады.

Бір затты, құбылысты өз атымен тура атамай, басқаша атаумен атау тек *табумен* байланысты емес. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда

да тілде бір сөз бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Мұндай құбылыс тіл білімінде *эвфемизм* деп аталынады. Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгін тандағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан.

Қазақ тілінде эвфемизм тәсілімен сөз алмастырудың мынадай жолдары бар: 1. Ауру аттары алмастырылады. Науқас адамның көзінше аурудың нақ өзін атамай, оның жеңілдірек түрін айту дәстүрі бар. Мәселен, *туберкулез* немесе *құрт ауру* деудің орнына *өкпе ауруы*, *рак* немесе *қылтанақ* деудің орнына *жаман ауру*, *гоноррея* немесе *соз* деудің орнына *жіңішке ауру*, *сифилис* деудің орнына *самал* немесе *мұрнына жел түскен* деп мағынасы қатты тиетін сөздерді жұмсақ сөздермен алмастырып қолданады.

2. Адамның дене мүшелеріндегі кем-кетік атаулары басқа сөздермен алмастырылады. Мәселен, ауру, жарымжан, мүгедек адамды *дымқас* деген сөзбен, *саңырау*, *керең* деген сөзді *құлағының мүкісі бар*, *сараң естиді*, *құлағы тосаң* деген сөздермен, *аяғы ақсақ* дегенді *аяғының ақауы бар* деп алмастырып айта беруге болады.

3. Мағынасы айтушы мен тыңдаушыға бірдей соншама жағымсыз, дөрекі сөздер алмастырылады. Мәселен, *нәжіс*, *қи*, *несеп*, *үлкен дәрет*, *кіші дәрет*, *дәрет сындыру*, *ұлы жарақ* дегендердің бәрі де белгілі контексте сыпайылық мән тудырады.

4. Үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер алмастырылады. Мәселен, *тұрмыс құру*, *тұрмысқа шығу*, *баласын құтты орнына қондыру*, *баласын аяқтандыру*, *қолына құс қондыру*, *үйлі-баранды болу*, *семья құру*, *отау тігу*, *бонелі болу*, *аяғы ауыр* тәрізді сөздер үйленуге байланысты айтылады.

5. Қоғам өміріндегі адамдардың бір-бірінің жағымсыз қарым-қатынастарына қатысты сөздер басқа сөздермен алмастырылады. Мәселен, *аузы жеңіл*, *қолының жымысқысы бар*, *қосып айтады*, *ауыз бастырық*, *сөзге келу*, *бет жыртыспау*, *жасы ұлаю*, *қалтасы тесік*, *көзіне шот салды*, *жаяу почти*, *ұзын құлақ*, *аузының желі бар*, *ішінде бүкпесі бар*, *сымсыз телефон* дегендер сыпайылық мәнде айтылады.

Эвфемизмдер — ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізудің

негізгі бір тәсілі. Сондықтан алдаға уақытта да сан түрлі эвфемизмдер туып қалыптасатындығына ешбір шек келтіруге болмайды. Бұлар тілдегі синонимдерді молайтуға белгілі дәрежеде үлес қосып отырады.

Күнделікті қарым-қатынаста мағынасы жағымсыз тұрпайы сөздерді жағымды сыпайы сөздермен алмастырып қолданындығымыз сияқты тілде әдепті сөзді әдепсіз (дөрекі) сөздермен де ауыстырып айта беру әдеті болады. Мұндай құбылысты тіл біліміне *дисфемизм* немесе *какофемизм* деп атайды. *Дисфемизм* — мағынасы жағынан *эвфемизмге* қарама-қарсы құбылыс. Белгілі контексте жөнімен дұрыс жұмсалған сөзді мағынасы неғұрлым дөрекілеу сөзбен алмастыру — сөзді ауыспалы мағынада (троп) қолданудың бір жолы. Мысалы: *Бұт артары мен шаңырақ саларларын жауға берді* (К. Оразалин). *Өздерің бір-бір тулақтарына мініп-ақ шапқылап кетсеңдер* (сонда). *Хазрет пен Әбунүсіптің сол езбалдағының өзіне мынау отырған қошаметшілердің кейбіреуі аузын аңқайта тыңдағансиды* (Д. Әбілев). *Жеңілетініңді білетін болсаң, сен бес қырт атанар ма едің?* (М. Әуезов). Осындағы *бұт артар* деген мінгіш, көлік орнына, *шаңырақ салар* — күш-көлік (*түйе*) орнына, *тулақ* — мінетін *ат* орнына, *езбалдақ* — *мылжың, сөзуар, сөз соқты* дегендердің орнына, *қырт* — *тантық, көк мылжың* дегеннің орнына жұмсалынып отыр. Сол арқылы сан қилы жағымсыз эмоциялық мән тудырған.

Дисфемизм кеміту, қорлау, іске жаратпау ұғымын тудырады. Мысалы: *боқ мұрын бала, боқтан өзгені сөз қылды, боғымен жасты баламен ойнады, боқ басында қалды, боғын пышақтады, боғын ақтады, боққа әлі келмейді, қолынан боқ келмейді, боққа татымайды, боқтық естіді, боғын боталы түйе қылды, боқ жемеді қалды, боқтан да оңай, болар бала боғынан, боғы ботқа, өз басының боғын көрмей, біреудің шоғын көреді* т.б. Қазақ тіліндегі бір сөзге қатысты осыншама дисфемизмдер бар. Бұларды белгілі контексте жөнімен қолданылған сөздердің орнын алмастырып айтуға болады. Дисфемизмдер — әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Бұлар көбінесе көркем шығармада ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшырасады. Сол арқылы әр жазушы өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды.

Адамның қоғамдық өмірінің қыр-сыры өте көп. Жылы сөз айтып, біреудің көңілін көтеруге болатындығы сияқты, қатты сөз айтып, біреудің намысына тиіп, ренжітуге де болады. Осының бәрі сөздердің құдіретті күшін танытады. «Басқа пәле — тілден», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» дегенде халық сөздің қоғамдық мәнін, күшін, қадір-қасиетіне жете

түсіне отырып, айтса керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дис-фемизмдер де адам баласының күнделікті қарым-қатысында осал қызмет атқармайтындығы байқалады. Әсіресе бұлар сөйлеу тілінде жиі қолданылады.

## II. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ШЫғУ АРНАЛАРЫ

### §24. Қазақ тілінің сөздік құрамы

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады. Сөздік құрам белгілі бір халықтың тұрмыс жағдайын, күнкөріс-тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсетеді. Белгілі бір халықтың қоғамдық, шаруашылық, мәдени-тұрмысы неғұрлым күрделі болса, соғұрлым сол тілдің сөздік құрамы да бай болады деген сөз. Мәселен, 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» 100.000-ға жуық лексикалық тұлға (фразеологизмдермен қоса) енген екен. Бұған енбей қалған қаншама сөз бар десенізші! Алайда, сөздікке енген сөздердің бәрі бірдей осы тілде сөйлейтіндерге түп-түгел таныс болмауы мүмкін. Кейбіреуі танымал болғанымен, енді біреулері мүлдем бейтаныс болуы ғажап емес. Өйткені қазақ тілінің лексикалық құрамына ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер де, кірме сөздер де, кейін пайда болған неологизмдер мен термин сөздер де, әдеби сөздер мен ауызекі тілге тән қарапайым сөздер де, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де, қысқасы, тіліміздегі барлық сөздер кіреді. Мұның бәрін түгелдей жеке адамдардың бітуі мүмкін емес. Осыншама мол сөздің қолданылу жиілігі, қатыптасу тарихы, атқаратын қызметі де бірдей емес. Соған байланысты сөздік құрам өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді.

Сөздік құрамдағы сөздер қолдану жиілігіне қарай актив сөздер және пассив сөздер деп, ең алдымен екі салаға бөлінеді.

Актив сөздерге осы тілде сөйлейтін адамдар тек түсініп қана қоймай, әрі жиі қолданатын сөздер жатады. Актив сөздер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде осы тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ болып келеді. Бұған күнделікті өмірде өзіміз айтып, қолданып жүрген таныс сөздердің бәрін жатқызуға болады.

Пассив сөздерге түсінуін түсінгенмен, бірақ онша қолдана бермейтін сөздер кіреді. Бұған әр ғылымның өзіне тән тар көлемдегі терминдері, көнерген сөздер, тарихи сөздер, диалектизмдер, кітаби сөздер жатады.

Сөздердің актив және пассив қабаттарға бөлінуінде белгілі дәрежеде шарттылық бар. Бір заманда актив қолданған сөздердің біркатары келесі бір заманда пассив қабатқа ауысуы ықтимал. Мысалы: жаугершілік заманда жиі қолданылған *атой салу, қорамсақ, адырна, кіреуке, дулыға, сауыт, шерік, қол* т. б. сөздер сол кездегі лексиканың актив қабатында болды. Әлеуметтік құрылысқа байланысты *хан, ханзада, ақ сүйек, төлеңгіт, жатақ, қарашы, болыс, майыр, онбасы, елубасы, жүзбасы, қарашығын, шаңырақ салығы, барымта, шабарман, малай* т.б. сөздер XVIII—XIX ғасырлардағы лексикада жиі қолданылған сөздер. Бірақ бұлардың бәрі де қазіргі қазақ лексикасының пассив қабатындағы сөздер болып табылады. Бұл кезде халық тілінде актив қолданылған ай, жыл аттарын (*наурыз, көкек, маусым, тышқан, қой, жықы* т.б.) кеңес өкіметі жылдарында (1930—40 жылдардан бастап) халықтың көпшілігі (әсіресе жастар жағы) қолданбайтын болды. Кейін республиканың тәуелсіздік алуына байланысты бұл сияқты сөздер қайтадан лексиканың актив қабатынан орын ала бастады. Бұл мысалдардан лексиканың актив, пассив қабаттарындағы сөздердің құрамы үнемі бір қалыпты болмайтынын, оның жылжымалы екенін көреміз.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1) сөздің әдеби және әдеби еместігіне қарай: әдеби лексика мен диалектілік лексика болып, 2) әдеби тілдегі сөздердің халыққа таныс және онша таныс еместігіне қарай жалпыхалықтық лексика мен арнаулы лексика болып, 3) тілдегі сөздің жұмсалу аясы мен көркемдік мәніне қарай бейтарап сөздер мен экспрессивті сөздер болып бөлінеді. (Бұлар жайында кейінгі тарауда айтылады).

Қоғам өміріндегі болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер тілге әсер етіп отырады. Әсіресе оның лексикасы өзгеріске неғұрлым бейім, неғұрлым сезімтал келеді. Тіл адамның барлық жұмыс саласындағы іс-әрекетімен түгелдей байланысты болғандықтан, сөздік құрам қоғам өмірінде не бар соны дереу және тікелей көрсетіп отырады. Мәселен, Кеңес өкіметі жылдарында қазақ тілінің сөздік құрамында мынадай басты өзгерістер болды:

1. Қазақ тілінің лексикасы қаншама жаңа сөздермен толығып байыды. Бұлар өндіріс, ауыл шаруашылығы, техника мен ғылым салаларындағы жаңалықтармен байланысты еді. Соның нәтижесінде қазақ лексикасында неологизмдер, терминология салалары пайда болды.

2. Ескі салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты, көне құрылыс жүйесіне байланысты бірқыдыру сөздер күнделікті қолданыс-

тан шығып қалды. Сөйтіп, сөздік құрамдағы пассив сөзге айналды.

3. Сөздік құрамдағы бірқыдыру сөздердің мағыналары түрлі өзгеріске ұшырады: а) Көптеген сөздер бұрынғы мағынасының үстіне жаңадан үстеме мағына қосып, көп мағыналы болып қалыптасты. Мәселен, *тап* деген сөз революциядан бұрын ел, ру, ата (тек) ұғымында ғана жұмсалатын еді. *Қозғамбайдың табы Бөйнеке атанған. Бір жерде 12—13 үй қыстайтын* (Қ. Тайшықов). Бұл сөздің бұрынғы тар мағынасы кеңейіп, орыстың *класс* деген термин сөзінің қазақша баламасы болумен бірге, тіл біліміндегі *сөз табы* деген терминді жасауға негіз болды. Сонымен *тап* деген сөз қысқа мерзімінің ішінде актив көп мағыналы сөзге айналып кетті.

ә) Бұрынғы мағынасынан қол үзіп, басқадай мағынаға ие болған сөздер де кездеседі. Мәселен, бұрын *ұран* деген сөз ел мен ел, ру мен ру жауласқанда, ат жарыстырып, балуан күрестіргенде ата-бабасының аруағын шақырып рухтандыруды білдірген сөз болса, кейін қоғамдық мәні бар үндеу, шақыру дегенді білдіретін болды. Сол сияқты *жасақ* бұрын әскер, қол мағынасында айтылса, қазір қоғамдық тәртіпті сақтайтын, ерікті жастар ұйымын білдіретін болды. Сөйтіп, бір дәуірдегі жана сөз көнеге, көнесі жанаға, аз мағыналы сөз көп мағыналыға, актив пассивке, пассив сөз активке, бейнелі сөз қарапайым сөзге, жай сөзге бейнеліге ауысып отыру заңдылығы тілдің сөздік құрамына тән нәрсе. Бұлар үздіксіз дамып, үнемі толығып өзгерумен болады. Мұндай заңдылықтар әлі де бола бермек.

## §25. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры

Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, негізгі сөздік қор оның негізгі ұйытқысы, қайнар бұлағы, шығу арналарының ең маңызды бөлігі болып табылады. Сөздік құрамға қарағанда негізгі сөздік қордың сан мөлшері, көлемі әлдеқайда шағын болады. Өйткені оған кез келген сөз кіре бермейді. Қоғам, адам өміріндегі ең қажетті ұғымдарды білдіретін жалпыхалықтық сөздер ғана кіреді.

Қазақ тілі негізгі сөздік қорының құрамы біркелкі емес. Оның негізінде түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер жатыр. Бұлар көбінесе бір буынды көп мағыналы сөздер: *тау, қол, жер, тас, үй, күн, түн, ай, жыл, айт, бар, кел, жүр, сен, мен, ол, бір, екі, үш, төрт, көк, ақ* т. б. Сонымен бірге негізгі сөздік қорға ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың байырғы төл сөздері кіреді. Мысалы: туыстық атаулар: *ата, ана, қарын-*

*дас, нағашы, жиен, бола, құда, құдағи, жеңге;* мал атаулары: *түйе, жылқы, сиыр, бота, құлын;* хайуанат атаулары: *қасқыр, түлкі, арыстан, қоян, қарсақ;* ағаш атаулары: *қайың, қарағай, мойыл, емен, тобылғы, шырыш;* киіз үй атаулары: *шаңырақ, туырлық, кереге, уық, бақан;* жұмыс құралдарының атаулары: *күрек, балта, балға, ұршық, құрық, пышақ, біз;* сапалық, сындық атаулары: *жақсы, жаман, жеңіл, ауыр, қатты, жұмсақ, жылы, суық* т. б. Ежелден сінісіп жалпыхалықтық сипат алған кейбір кірме сөздер жатады. Мысалы: *дастарқан, астар, жеке, жәрдем, жанжал, жануар, сытайы, қорек, қошемет, зиян, орамал, ораза, намаз, нан, кітап, базар, мектеп, ғылым, рет, самауыр, бөтелке, бәтике* т. б.

Негізгі сөздік қордың мынадай басты белгілерін көрсетуге болады. Бұл белгілер арқылы негізгі сөздік қордың сөздік құрамнан өзіндік ерекшелігін көрсетумен бірге, оған қандай сөздер енетінін анықтауға болады.

1. Негізгі сөздік қорға тән басты белгі — тұрақтылық. Оған бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп, барша ұрпақ үнемі қолданып келе жатқан сөздер кіреді. Осы күнгі қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы көптеген сөздерді бұдан бірнеше ғасыр бұрын жазылған ескерткіштерден кездестіруге болады. Мысалы, V ғасырдан қалған Талас ескерткішінде: *ат, ер, сіз, тұл, отыз, ұлан, қалмыш* т. б. ; VII—VIII ғғ. Орхон-Енисей жазуында *сіз, ал, өзім, көк, боз, ұлығ, кишіг, оң, теріс, ат, күн, түн, қыз, бар, кел, оқы, біл, оң, алты, отыз* т. б. ; XI ғ. М.Қашғаридың сөздігінде: *мен, сен, ол, екі, үш, алты, тоғыз, ат, өгіз, қой, ай, күн, түн, теңіз, ақ, қызыл, қара, бар, кел, оқы, өкін* т. б. сөздер сақталып қалған. Негізгі сөздік қордың тұрақтылығы жайында сөз болғанда, мынадай жайт есте болуы керек. Негізгі сөздік қордың тұрақты сипаты бар дегенге қарап, ол тіпті де өзгермейтін құбылыс деп ұқпау керек. Сөздік құрамның даму барысында негізгі сөздік қор баяу болса да өзгеріске ұшырайды. Қазіргі тілдің сөздік қоры — тарихи дамып отыратын категория, ол — бірнеше ғасырдың жемісі. Сондықтан негізгі сөздік қор тек бір буынды сөздерден тұрады деп ойлауға болмайды. Оған неғұрлым кейін пайда болып, жалпыхалықтық сипат алған, қазақтың байырғы сөздері, кейбір кірме сөздер де кіреді (жоғарыда келтірілген мысалдарды қараңыз).

2. Негізгі сөздік қорға тән екінші басты белгі — оның сөз тудыруға ұйтқы болатындығы. Негізгі сөздік қор болмаса, сөздік құрам молайып байымас еді. Әсіресе негізгі сөздік қордағы бір буынды түбір сөздерден қаншама сөз жасалып отырған. Мысалы, бір-біріне жақын екі мағынада қолданылатын *күн* сөзінен әр түрлі сөзжасам тәсілдері арқылы: *күндіз, күнгей,*

*күнсу, күнім, күндік, күнелту, күндес, күншіл, күндеу, күнделік, күн ұзақ, күн ілгері, күн бұрын, күн шуақ, күншығыс, күнбатыс, күнбағыс, күн тәртібі, күн көру, күн ари* т. б.; *жер* сөзінен: *жершіл, жергілікті, жерлеу, жерлес, жерсіну, жерсіз, жермай, жертөле, жеркепе, жер шары, жер ошақ, жер серігі, жер үй, жерұйық* т. б. сөздер жасалған. Жоғарыдағы мысалдарға карап, тек бір буынды түбір сөздер ғана сөз тудыруға қабілетті екен деп ойлауға болмайды. Бірқатар туынды сөздер жана сөз жасауға негіз бола алады. Мысалы, *ек* сөзінен туған *егін* сөзінен *егінші, егіншілік, егіндік*; *жи* сөзінен жасалған *жинақ* сөзінен *жинақты, жинақтылық, жинақы* сияқты сөздер туған. Негізгі сөздік қорға енетін сөздердің сөзжасам қабілеті де бірдей емес. Мысалы, өте көне замандардан белгілі екеніне карамастан, сан есімдерден туған сөздер өте аз. Ал зат есім мен етістік түбірлердің көпшілігі сөзжасамда аса өнімді қызмет атқарады.

3. Негізгі сөздік қордың үшінші басты белгісі — оның жалпыхалықтық сипатында. Негізгі сөздік қорға енетін сөздерді қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың барлығы тек түсініп қоймайды, оны күнделікті өмірінде үнемі қолданып отырады. Бұл арада адамдардың қызмет, білім дәрежесіне, кәсібіне, жас мөлшеріне байланысты шек қойылмайды.

4. Негізгі сөздік қорға енетін сөздерге стильдік қабаттасулар тән емес. Оған кіретін сөздерді стильдік салатардың жеке түрлеріне телуге болмайды. Өйткені ол лексиканың ең негізгі саласы, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер.

## §26. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның арақатынасы

Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның бір-бірінен түбірлі айырмашылықтары бола тұрса да, олардың ара жігі сіресіп қатып қалған, өзгермейтін дүние емес, керісінше, бір-бірімен үздіксіз қарым-қатынаста болып отырады. Бұлардың өзара қарым-қатынасы мынадай жәйттерден нақты көрінеді.

1. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрам бір-бірін толықтырып, жаңартып отырады. Тіл дамуының бір кезеңіндегі негізгі сөздік қорға енген сөздер, оның екінші бір кезеңінде сөздік құрамға ауысады. Мысалы: *шидем, асадал, қорамсақ, кит кию, отқа салар, малай, дүре, әмеңгер, сабан, тіс ағаш, құн алу* т. б. сөздер бір кезде халық өмірінде аса қажет ұғымдарды білдіріп, негізгі сөздік қорда болса, жана заманда ол ұғымдардың ескіріп қолданылмауына байланысты сөздік құрамға ауысып, оның пассив қабатынан (тарихи сөздер) орын алады. Керісінше, сөздік құрамдағы *электр, радио, телефон, почта,*

*ферма, бригада, арифметика, институт, пенсия, стипендия, автобус, трактор, комбайн, вокзал* т. б. сөздер тілге кейін енгеніне қарамастан жалпыхалықтық сипат алып, негізгі сөздік қорға ауысып отыр.

2. Негізгі сөздік қордың сөз тудыруға ұйтқы болатын қасиетінің арқасында сөздік құрам үнемі жетіліп, толығып отырады. Негізгі сөздік қор сөзжасам тәсілдері арқылы тілдің бүкіл лексикалық жүйесінің даму бағытын анықтап, әрдайым сабақтастырып, байланыстырып отырады. Сол себепті бұлардың арақатынасының жылжымалы, шартты сипаты бар.

## §27. Түркі тілдеріне ортақ сөздер

Түркі тілдеріне ортақ сөздерге бір кездегі жалпытүркілік көне лексикадан сақталып қалған, осы күні түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады. Сондықтан олар жалпытүркілік сөздер деп те аталады. Жалпытүркілік сөздерден түркі тілдерінің туыстығын, бір тектен шыққандығын көреміз. Түркі тілдерінің туыстығы сайып келгенде, сол тілдерде сөйлейтін халықтардың шыққан тегінің бір екендігіне байланысты. Түркі тектес тілдер бір кездегі көнетүркілік ата тілдің (негіз тілдің) диалектілерінен тараған.

Алайда, түркі тілдерінің өзара жақындығы бірдей емес. Әрқайсысының өзіне тән даму ерекшелігі болған. Мәселен, қазақ тілі бастапқы негіз тілден бірден шықпаған, онымен тікелей байланысты емес. Қазақ тілі негіз тілмен қыпшақ қауымына ортақ тіл арқылы ғана байланысады. Жалпытүркілік сөздер әрбір түркі тілі лексикасының ең көне қабатына жата- тындықтан, олардың негізгі сөздік қорының ұйтқысы болып табылады. Қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы бір буынды сөздер мен олардың негізінде туған байырғы сөздердің шығу төркіні түркі тілдеріне ортақ осындай сөздерде жатыр. Жалпытүркілік сөздердің мән-мағынасы үйлес келгенімен, жеке түркі тілдеріндегі айтылуы, түр-тұлғасы бірдей бола бермейді. Бұл — әрбір түркі тілінің дыбыс жүйесіндегі ерекшелігіне байланысты. Мысалы: қаз. *-тіс*, өзб. *-тиш*, тат. *-теш*, ұйғ. *-тиш*, чеш. *тувад диш*; қаз. *-ауыл*, қырғ. *-айыл*, тат. *-авыл*, чув. *-ял*; қаз. *-жыр*, қырғ., алт. *-ыр*, тат. *-йыр* т.б. Сол сияқты түр-тұлғасы үйлес келгенімен, мағынасы бірдей бола бермейді. Мысалы, *жұғын* сөзінің түбірі *жұқ* қазақ тілінде «ыдысқа жұққан тамақтың қалдығы» мағынасында кездеспейді, ал қыр. *-жук*, алт. *-йук*, өзб. *-йук*, түрк. *-йок* сол мағынада айтылады. *Бауыздау* сөзінің түбірі *бауыз* қазақ тілінде жеке

айтылмайды, ал башқұртта *боғоз*, өзбекте *бугиш* «тамақ, мойын» мағынасында жеке айтылады.

Түркі тілдеріне ортақ сөздердің түрлері мынадай:

1. Адамның дене мүшелерінің атаулары: *бас, құлақ, көз, қас, аяқ, тізе, буын, шаш, маңдай, кірпік, қол, ауыз, тіс, бел, арқа, жақ, ерін, тіс* т. б.

2. Мал атаулары: *ат, тай, бие, айғыр, інген, түйе, бұқа, егіз, қой, сиыр, қысырақ, бұзау, қозы, құлын, бота, жылқы, бура* т. б.

3. Туыстық атаулар: *ата, ана, іні, келін, қатын, күйеу, ұл, қыз, ер, аға, құда, жиен, нағашы, баба, әке, шеше, балдыз, сіңлі, бөле* т. б.

4. Жан-жануар, жәндік атаулары: *қоян, түлкі, тиін, арыстан, піл, доңыз, аю, шымыш, қаршыға, қырағи, қарақұс, бөрі, қарға, бүркіт, қаз, үйрек, ит, жылан, құрт, шыбын, бұрға, қандата, маса, тышқан* т. б.

5. Табиғат құбылыстарының атаулары: *жел, су, өзен, көл, ағаш, тас, ай, күн, жұлдыз, үркер, құм, саз, түн, түс, жауын, бұршақ, қар, жер, тау, теңіз, жаз, күз, таң* т. б.

6. Түр-түсті, сапа-сынды білдіретін атаулар: *қызыл, жасыл, қара, сары, ақ, көк, қоңыр, сұр, жирен, торы, қысқа, ұзын, қалың, жұқа, ауыр, биязы, жана, көне, ескі, ыстық, суық, тәтті, ащы, сұйық, қою* т. б.

7. Сан есімдер: *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алыс, жүз, мың, жарты* т. б.

8. Есімдіктер: *мен, сен, ол, біз, анау, мынау, сонау, кім, не, қайсы, қалай, қанша, неше, барша, түгел, өзі, ешкім, ештеңе, түгел* т. б.

9. Қимыл атаулары: *кел, кет, жүр, кір, бар, қаш, көгер, ал, бер, қой, өс, өт, әл, ер* т. б.

10. Үстеулер: *ерте, кеш, ілгері, жоғары, төмен, қашық, алыс, шалғай, тез, жылдам, бұрын, түнде, жазда, қыста, күзде, жай, бәсең* т. б.

11. Шылау сөздер: *немесе, мейлі, дейін, соң, түгіл, таман, үшін, мен, да, және, тұрмақ* т. б.

## § 28. Казактың байырғы төл сөздері

Байырғы төл сөздер сөздік құрамның сан жағынан ең мол, құрылымдық-стилистикалық және грамматикалық сипаты жағынан алуан түрлі қабатына жатады. Байырғы лексиканың негізінде түркі тілдеріне ортақ сөздер жатыр. Оған қазақ тілінің негізгі сөздік қорына кіретін сөздер түгелдей дерлік кіреді.

Бірақ байырғы лексика ол екеуінен ғана тұрмайды. Байырғы лексикаға олардан басқа сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған мындаған тума сөздер, қазіргі кезде көнеріп кеткен сөздер мен тұрақты сөз тіркестері, әбден халықтық сипат алып кеткен бірқатар кірме сөздер кіреді. Мысалы, араб-парсыдан ауысқан *әуен, қорек, әрекет*, орыстан ауысқан *самауыр, рет, бөтікке* т. б. Сол себепті байырғы лексиканың көлем-мөлшері жалпытүркілік лексикадан және негізгі сөздік қордан әлдеқайда кең, әрі көп салаты. Қазақтың жалпыхалықтық байырғы сөздеріне кейін пайда болған неологизмдер мен терминдерді, тек жергілікті сипаты бар диалектизмдер мен кәсіби сөздерді жатқызуға болмайды. Неологизмдер мен терминдерде байырғылық сипат жоқ болса, ал соңғылары тарихи көне тіл құбылыстарымен ұштасып жатқанымен, жалпыхалықтық қолданыста жоқ. Бірақ диалектизмдер мен кәсіби сөздерде белгілі бір жердің тұрғындары үшін байырғылық сипат болуы мүмкін.

Сөйтіп, байырғы төл сөздер дегеніміз қазақ халқының өмір тіршілігі мен шаруашылығына, тұрмысы мен мәдениетіне, дүние танымы мен түсінігіне байланысты жалпыхалықтық сипатта қалыптасқан, оның өзіне тән сөздері.

Байырғы төл сөздер, бір жағынан, бұрынғы, ескі, көнелік, екінші жағынан, тілдің өзіне тән, меншікті, етене қасиеттерімен сипатталады. Осындай сипаттағы қазақтың байырғы төл сөздері, негізінен қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан бөлініп шығып, XV—XVI мен XIX ғасырлар арасында өз алдына халық болып біріккен кезінде пайда болған.

Байырғы төл лексиканың құрамындағы жалпытүркілік сөздер мен негізгі сөздік қордан (олар туралы бұрын айтылған) тыс мол қабаты тіліміздегі тарихи тума сөздермен байланысты. Тарихи тума сөздер тіліміздің сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған. Олардың ішіндегі ең өнімдісі — сөзжасам жұрнақтары арқылы туған сөздер. Тума сөздер сөз таптарының бәрінде де кездеседі. Әр сөз табының өзіне тән сөзжасам жұрнақтары бар. Олардың ішінде көп сөз жасаған өнімділері де, аз сөз жасаған өнімсіздері де бар. Мәселен, зат есімдердің жасалуында тарихи өнімді жұрнақтардың қатарында *-шы-ші: малшы, жылқышы, әнші, қарашы, егінші, бүркітші, жұмысшы; -шылық-шілік: адамишылық, молишылық, жоқшылық, кеңшілік, құрғақшылық, кедейшілік;*

*-лық/ -лік: көпшілік, балалық, аналық, түндік, арқалық, достық, жақсылық, адалдық, ондық, жүздік;*

*-ма/ -ме: сәлемдеме, кездеме, аялдама, тартпа, көрме, терме, сүзбе, көмбе, жаппа, бөлме;*

-қы/ -кі: ашытқы, күлкі, басытқы, бұрғы, сыпырғы, қондырғы, ұйытқы, шанышқы;

-қыш/ -кіш: басқыш, тұтқыш, ескерткіш, сүзгіш;

-ыс/ -іс: соғыс, ұрыс, жүріс, отырыс, күрес, айтыс, талас, шайқас, дағдарыс, туыс;

-қ/к: күрек, төсек, орақ, қазық, сызық, пышақ, қайрақ, үскірік, тамырық;

-ым/ -ім: тыным, ұғым, кешірім, соғым, киім, тізім, иірім, жайылым, күзем, бөлім;

-ыш/ -іш: қуаныш, өкініш, жұбаныш, сүйініш, қызғаныш, сағыныш, күйініш т. б.

Сын есімдердің жасалуында мынадай жұрнақтар:

-лы/ -лі: қуатты, қызықты, сыйлы, малды, сулы, өнімді, икемді, пайдалы, гүлді, балалы, әдепті;

-қы/ -кі: төргі, сыртқы, ішкі, соңғы, түскі, күндізгі, кешегі, жоғарғы;

-сыз/ -сіз: бассыз, бақытсыз, иесіз, панасыз, қайырымсыз, қайғысыз, ақылсыз, білімсіз;

-шыл/ -шл: өзімшіл, ұйымышыл, жершіл, шынышыл, ұйқышыл, сауықшыл, шайшыл, ойшыл;

-дай/ -дей: жардай, дырдай, өкпедай, оймақтай, жұдырықтай, түйедей;

-шаң/ -шең: сөзішең, бойшаң, кіршең, көйлекшең;

-лас/ -лес: аралас, ыңғайлас, құрбылас, мұңдас, сырлас т. б.

Етістіктердің жасалуында мынадай жұрнақтар:

-ла/ -ле: жетеле, сөйле, төбеле, тісте, алаңда, үшеуле, қалта, бүкте, тіміскіле, теңкіле, жалтақта, шүлдірле, қалтықта, ықыта, ұртта, уыста, арқанда, балтала, жүгенде, шегеле, көгенде, тәрбиеле;

-дан/ -ден: мазасыздан, дегбірсізден, күдіктен, машықтан, малдан, рухтан, ашулан, рахаттан, иелен;

-лас/ -лес: бірлес, көмектес, бәстес, сыбырлас, кезектес, есептес, ақылдас;

-сын/ -сін: алыссын, күштісін, түйсін, жатсын, көпсін, пысықсын, батырсын, өзімсін;

-ыңқыра/ -іңкіре: алыңқыра, жүріңкіре, артыңқыра;

-ра/ -ре: сайра, түйре, күйре, зіркіре, күркіре, шұрқыра, жарқыра;

-ғар/ -гер: теңгер, сұғар, аңғар, басқар, ескер, атқар;

-т: құмарт, кеміт, жасыт;

-ар/ -ер: жаңар, тазар, қысқар, ескер, жасар, жалтар, бұлтар, жасқар т. б.

Үстеулердің жасалуында мынадай жұрнақтар:

-ша/ -ше: ауызша, жазбаша, қазақша, көзіңше, жаңаша, өзіңше, меніңше, бұрынғыша;

-шалық/ -шама: осыншалық, осыншама, соншалық, соншама, мұншалық, мұншама;

-ың/ -сін: қысын, жазын, астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кешкісін т. б. өнімді қызмет еткен.

Сөзжасамда жұрнақтардан басқа сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы да көп сөздер жасалған. Мәселен, сөздердің бірігуі арқылы: айбалта, қаламсап, келісап, шекара, орынбасар, қосаяқ, бүгін, бәйтерек, әнер, сөйт, таңертең, сексен, тоқсан, белуар, түрегел, өйткені, күсбегі, атбегі, қыстыгүні, отағасы, алагеуім, бірталай, біртоға, тілазар, алаңасар т. б.

Сөздердің қосарлануы арқылы: қора-қора, көзбе-көз, ат-мат, қалт-құлт, сап-сары, қып-қызыл, әрең-әрең, шай-пай, шаң-шұң, көйлек-көйшек, терлеп-тепшіп, қауып-қатер, хат-хабар, абы-сын-ажын, егжей-тегжей, келім-кетім, кесе-көлденең, алқам-салқам, киім-кешек т. б.

Сөздердің тіркесуі арқылы: дымы құру, сұмбыл шаш, тауы шағылу, ала аяқ, бос белбеу, бас сауға, жалаң бас, жас ұлан, бас тарту, бел байлау, бой түзеу, иек сүйеу, бой жеткен, жан қалта, бір шөкім, көз ақы, қан сонар, жүк аяқ т. б. сөздер жасалған.

Бұлардан басқа лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер де аз емес. Бұл тәсіл бойынша сөздердің түр-түрпаты өзгермей, тек олардың мағыналық жағында өзгеріс туып, жана сөз сипатына ие болады. Ол жайында сөз мағынасының дамуы, сөздердің көп мағыналығы туралы тақырыптарда кеңінен айтылған. Мысалы: күн (күннің көзі) — күн (күн сайын), ай (ай толды) — ай (ай сайын), жабағы (жабағы емген) — жабағы (жабағы жүн) т. б.

Сөзжасам тәсілдері арқылы туған жоғарыдағы сияқты сөздердің қай-қайсысы болсын қазақтың ежелден белгілі, байырғы әрі төл сөздері болып табылады. Олардың ішінде жалпы-түркілік, болмаса қыпшақ тобындағы тілдерге ортақ сөздер де, сонымен бірге тек қазақтың өзінің өмір тіршілігі мен шаруашылығына, тұрмысы мен мәдениетіне, дүние танымы мен рухани түсінігіне қатысты сөздер де бар. Бірақ бұлардың ара жігі тіл білімінде әлі толық анықталған жоқ.

Сөзжасам тәсілдері тек қазақтың халықтық тіл дәуірінде байырғы лексиканы дамытып қойған жоқ, олар осы күнгі ұлттық лексиканы дамытып жетілдіруде де үздіксіз қызмет атқарып келеді. Мысал ретінде олардың тіліміздегі жана сөздер мен терминдердің жасалуындағы қызметін айтса да жеткілікті. Сондықтан қазақ лексикасындағы тума сөздердің қатарын толықтыруда сөзжасам тәсілдерінің қызметі үздіксіз жалғаса бермек.

## § 29. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер

Тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайды. Сонымен қатар өзінде жок сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Қазақ халқының ертедегі даму тарихына көз жіберсек, көптеген елдермен үнемі тығыз байланыста болғандығын көреміз. Бұл жайында «Қазақ ССР тарихында» былай деп жазған: «Қазақстан жеріндегі халықтардың Қытаймен, Орта Азиямен, Волга Булгариясымен және Киев Русімен сауда байланысы өрістеген. Қазақстанның, әсіресе батыс, солтүстік-батыс аудандарының халқы Русьпен өте-мөте берік байланыс жасап тұрған. Русьпен, Шығыс Еуропаның басқа халықтарымен арадағы осы сауда байланыстарында негізгі делдалдыққа жүргендер болгарлар, хазарлар, онан кейін печенегтер мен половецтер болған. Византияның деректемелері Орта Азия халықтары мен Шығыс Еуропа халықтарының арасында біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап-ақ керуен саудасы болғанын айтады. Осындай айырбас пен мәдени өзара байланыстар Қазақстан тайпалары мен халықтарының мәдениетінің дамуында үлкен роль атқарған»<sup>1</sup>.

Ел мен елдің арасындағы ежелгі достық қарым-қатынастың болғандығы ана тіліміздің сөз байлығының құрамынан да айқын байқалады. Бір халық пен екінші халық ертеде тек мал-мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты жалаң заттарды ғана алмастырып қоймаған, соған қоса рухани байлық та бір-бірінен молынан ауысқан. Әсіресе бір тілден екінші тілге көптеген сөздер кірген. Осымен байланысты тіліміздегі қыруар кірме сөздерді қоғам тарихымен, қазақ халқының басынан кешкен даму тарихымен тығыз байланыстырып зерттеген жөн.

Қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII—XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII—XIII ғасырларда монғол халқымен күшті байланысты болса, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731 ж.) бастап күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұзақ ауыс-түйіс, мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шетел сөздері пайда болған.

---

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы. I-том, 1957, 86-бет.

Кірме сөздер (заимствование) дегеніміз тілдің өзіндік сөз-жасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза тума сөздерден құралмайтындығы дәлелденген. Зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік құрамының не бары 30 проценттейі ғана өзінің төл сөздері, ал қалғаны өзге тілдерден ауысып келген дегенді айтады. Түркі тілдері мен басқа тілдердің арасында да сөз ауысу тек бір жақты болмай, екі жақты болып отырған. Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, ан атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар араб-парсы тілдеріндегі мынадай сөздер түркі тілдерінен ауысқанын атап айтады. Мысалы: *ата, аталық, адырна, орда, ақша, елші, адас, ұлы, құрылтай, бүлдіршін, қылыш, қонақ, бұғау, ту, темір, шабар, сорпа, тоқпақ, қаймақ, құл, ұлус, олжа, өлік, олекшін, жылқы, қаз, қарға, қарақұс, сұңқар, қызыл, қылшық, қалпақ, қамшы, қосын, қарауыл, қарақшы, қайық, аю, арыстан*<sup>1</sup>.

Орыс тілінің сөздік құрамындағы *айран, алтын, апара, аул, балбес, башка, болван, ералаш, қабьфга, қаймақ, қараул, кишлак, кочевать, кумыс, кунак, очаг, сайга, серьга, сургуч, табун, тамга, тумак, урман, тюбетейка, чекмень, чий, чубарый, чулан, тютюн* тәрізді сөздер ертеде түркі халықтарынан ауысқан. Н. К. Дмитриевтің пікірінше, түркі тілдерінің ықпалы славян тілдерінің лексикасына әсер етіп қоймаған, славян тілдерінің грамматикасы мен фонетикасына, бір сөзбен айтқанда, жалпы тілінің жүйесіне күшті ықпал еткен<sup>2</sup>. Бұған қарағанда өзге тілдер түркі халықтарының тілдеріне қаншалықты игілікті әсер еткен болса, түркі халықтарының тілдері де сол тілдерге кем ықпал етпегендігі байқалады. Алайда, бір тілден ауысқан сөздердің сан мөлшері әрдайым тең болады деген теріс ұғым тумауға тиіс.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен

---

<sup>1</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, 1975, 97-бет.

<sup>2</sup> Дмитриев Н. К. О порских элементах русского словаря// Лексикографический сборник. Вып., III, 1958, стр 3-33.

төрт халықтың тілінен келіп енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) монғол тілі, 4) орыс тілі<sup>1</sup>.

### § 30. Араб-парсы тілдерінен енген сөздер

Түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінен сөз ауысу процесі қазақтың біртұтас халық тілі қалыптасудан көп бұрын, орта ғасырлардың алғашқы кезінен басталады. Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғасы жағынан да, семантикалық топтары жағынан да, қазақ тілінде игерілуі жағынан да әр түрлі дәрежеде.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздік қорына енбегенімен, оның ішінде сөздік қордағы қазақтың тума сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жана сөздер жасауға ұйтқы болған жасамыс байырғы сөздер көптеп табылады. Мысалы: *аса, абырой, ар, дүние, аспан, бақыт, шаруа, қызмет, зат, ақыл, құдай, қуат, дау, хабар, пайда, әйел, қас, баға, әл, азамат, айуан, дос* т. б. Бұл сөздер кірмелігіне қарамастан, ұзақ өмір сүріп, сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған. Мәселен, *ас (аш)* деген сөз парсы тілінен ауысканымен, өте ерте заманнан бері тілімізде өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін мынадай толып жатқан мақат-мәтелдер бар: *ас адамның арқауы; ас жүрген жерде дерт жуымайды; ас иесімен тәтті; таспен атқанды аспен ат; тас — тасты жібіткен ас; ерді қорласаң — састырар, асты қорласаң — құстырар* т. б. *Ас* сөзінің жаңа сөз тудыруға қабілеттілігін лексика-синтаксистік сөз тудыру жолымен жасалған: *ас бұршақ, ас жаулық, ас қазан, ас бөлу, ас беру, ас ішу* т. б. күрделі сөздер дәлелдейді. Бұл сөздің жалпыхалықтық мәні мен түсініктілігі күнделікті қарым-қатынастағы қолданысынан, жиі айтылуынан айқын көрінеді.

*Бақыт, бақ* деген сөздер араб тілінде бір ғана тұлғада (*бәхт*) айтылса, біздің тілімізге келіп, екі түрлі мәндес сөз болып қалыптасқан. Бұл сөздің де қазақ тіліне ертеден кіріп

---

<sup>1</sup> Бұлардың алғашқы екеуі әр түрлі жүйедегі тілдер тобына (араб тілі семит тобындағы тілдерге, парсы тілі иран тобындағы тілдерге) жататынына қарамастан, қазақ тіл білімінде жіктелмей, бірге қаралып келеді. Оның басты бір себебі араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне ену жолдарына, қазақ тіліне қабылданыуында ұқсастық болуына байланысты сияқты. Кейінгі жылдарда араб, парсы тілдерінен қазақ тіліне енген сөздерді ажыратып зерттеген Н. Д. Оңдасыновтың сөздіктері бұл мәселені анықтауда көп жеңілдік келтірері сөзсіз. Бірақ олардың әрқайсысынан енген сөздердің лексика-семантикалық топтарға бөліну жайы, ауысу себептеріндегі ерекшеліктері әлі де түбегейлі зерттеуді қажет етеді. Сол себепті оқулықта араб-парсы сөздері жайында түсінік бұрынғы ізбен беріліп жүр.

сіңіскендігін көптеген мақал-мәтелдерден көруге болады. Мысалы: *мақал сөздің атасы, татулық табылмас бақыт; ер жігіт бақыттың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі; бақыт кілті — еңбекте* т. б. *Бақыт* деген сөз көп замандар бойына халыққа әбден танылып, ең қажетті сөзге айналды. Соның нәтижесінде бұл сөз мақал-мәтелдер жасауға тірек, таяныш болып қойған жоқ, бірсыпыра туынды сөздер мен күрделі сөздер тудыруға да ұйытқы болды. Мәселен, *бақыт* деген сөзден *бақытты, бақытсыз, бақыттылық, бақытсыздық* тәрізді жеке сөздермен қатар *бақыт қону, бақыты жану, бақыт құсы, бақыт кілті, бақ құмар, бақ талас, басынан бағы таю, бақ таластыру, бағын байлау, бағынан көру, бағын сынау, бақпен асу* сияқты күрделі сөздер мен фразалық тіркестерде туып қалыптасқан. Сөздік қорға енетін сөздерге тән тағы бір ерекшелік — көне дәуірді басынан өткізгендігінің белгісі сөздердің көп мағыналығы. Тілімізге енген араб-парсы сөздерінің ішінде көп мағыналы сөздер жиі ұшырасады. Мәселен, араб тілінен енген *дүние* (*дүнийя*) деген сөздің бірнеше лексикалық мағынасы бар. Соның нәтижесінде бұл сөз төрт түрлі синонимдік қатарда (*дүние—зат, дүние—алем, дүние—жаратылыс, дүние—өмір*) қолданылады. Көп мағыналы сөздер ауыспалы мағынаның негізінде пайда болатыны белгілі. Араб-парсы тілдерінен келген бірқыдыру сөздер қазақ тіліне әбден орнығып, сіңісіп алған соң, ауыспалы мағынада қолданыла жүріп, жанадан бірнеше қосымша мағына үстеп алғандығы байқалады. Мәселен, араб тілінде *саби* (*саби*) деген сөз бала, бөбек дегенді ғана білдірсе, қазақ тілінде осы мағынаны толық сактай отырып, оның үстіне жас деген сындық мағынада қолданылатын болған. *Шыны* (*чини*) деген сөз парсы тілінен бір ғана мағынада ауысып келсе, қазір *терезенің әйнегін де, бөтелкені де, кесені де шыны* деп атай береміз. *Балалы үй базар* дегендегі *базар* сөзі парсы тіліндегідей рынок мағынасында ғана емес, *той-дұман, қызық* деген ұғымда ауыспалы мағынада айтылып жүр.

Демек, араб-парсы тілдерінен енген көптеген кірме сөздер қазіргі кезде ана тілінің төл тума сөздеріндей болып, мәнді қызмет атқаратынын көреміз. Мұндай сөздер қазіргі кезде өзінің кірмелігін біржола жойып, негізгі сөздік қордан түпкілікті орын теуіп отыр.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер атқаратын қызметі жағынан өзара бірдей деуге болмайды. Бұларды негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады:

I. Тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей жымдасып кеткен актив сөздер. Бұлар қазақ тілінің сөздік қорына басыбүтін еніп, әбден тұрақтанған. Ұзақ өмір сүріп, тілде жиі

колданылғандыктан, жана сөз, тын мағына тудыруға ұйтқы болып келе жатқан, жұрттын бәріне өте-мөте танымал сөздер деп есептеледі. Мысалы: *ас, бақыт, ар, дүние, шаруа, әл, дос, зат, қас, айна, дастарқан, астар, нан, шам, сабын, сынап* т. б.

2. Жалпы халыққа таныс әрі түсінікті бола отырып, әлеуметтік өмірдің, шаруашылық пен өндірістің, түрлі мамандықтың белгілі бір саласында басым жұмсалатын терминдік сипаты бар арнаулы сөздер. Мысалы: *нарық, базар, байрақ, арзан, қарыз, борыш, хал-ақуал, зейнет, емтихан, үкім, шарт, зейін, ақпар, мәлімет, құн, мата, сайыс, жәрдем, жарнама, жүгері, керуен, мердікер, күкірт, куә, емле, сабақ, мұғалім, ғалым, аспан, есеп, арыз, дәуір, табиғат, мұсылман, дәлел, маусым, дәрі, дүрбі, ереже, меірам, мөр, майдан, әділет, саясат, тауарық, кеден, кедей, ақиқат, өкімет, хұқық, әкім, сәбіз, сүдігер* т. б.

3. Әр түрлі экспрессивті-эмоциялық мәні бар, ерекше стильдік ренк тудыратын сөздер. Мысалы: *махаббат, нұр, бісмілла, өмір, сапар, мәртебе, гибрат, абзал, азамат, дариә, мырза, қасиет, қайран, шіркін, астапыралла, енишала, жомарт, дидар, ажар, перзент, сахара, алла, арай, шапақ, іңкәр, нәрмен, апат, дерт, шәкірт, ұстаз, нәресте, ғұлама, мәшһүр, ғаламат, пешене, жәннат, қасірет, сайран, халайық, тағдыр, тәубе, тоба, уатағала, зәнталақ, ақырзаман, ақырет* т. б.

4. Әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жағын жүрген сөздер. Мысалы: *уалаят, міләт, газал, уәзир, мүкәммал, шайыр, сауал, дұр, сағыр, дәркер, баһадүр, шаһар, қам (шикі), шырағдан, жарапазан, мала, мизам, зәлзала, уәзипа, інжір, ләскер, сабат, байырқату, хұрият, хикмет, зәңгі, жыға, дәркер* т. б.

Біркатар сөз жергілікті говорларда колданылады:

*мәнпағат* (тұрмыс, жағдай), *сада* (тәрбиесіз), *қайбарт* (өсек), *кодек* (сәби, жас бала), *мүш* (жұдырық), *бәдирең* (кияр), *андуа* (үй сылайтын қалақ), *дәнден* (тіс шұқығыш), *жуалдыз* (тебен ине), *нам* (ат, есім), *мұзаффат* (облыс, өлке), *биная* (ұятсыз), *кәллә* (бас, «әр кәлләда бір кияр» (мәтел), *абитшылық* (тендік, бостандық), *пұшайман* (уайым, қайғы) т. б.

Араб-парсы сөздері тілімізге негізінен үш сала бойынша енген:

1. Ғылым мен мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты: *тарих, әдебиет, мәдениет, хакім, тәрбие, тәржіме, емтихан, емле, ғылым, пән, сәлем, сапар, қазына, әдет, әлем, қабілет, қанағат, мағлұмат, назар, мәжіліс, мекеме, мектеп, мемлекет, мансап, парасат, пақыр, бұқара, салтанат, медресе, дидар, бишара, аброй, дұшпан* т. б.

2. Үй тұрмысы мен шаруашылыққа, саудаға байланысты: *бәс, жиһаз, парак, қаражат, кіре, шерік, ауқат, қасап, несие, шарап, бағбан, халва, дәм, дүкен, дарбаза, дихан, кеме, мақта, миуа, зембіл, сарай, құмыра* т. б.

3. Дінге байланысты: *құран, имам, мешіт, мүфти, құдірет, құрбан, ораза, дұға, азан, жәһәннам, жаннат, рамазан, жаназ, әулие, қажы, қазірет, қиямет, шариғат, айт, тамық, құтба, зікір, зекет, бейіш, намаз* т. б.

Бұдан басқа адам аттарына байланысты сөздер енген: *Ғали, Сағадат, Фатима, Уәсила, Уәли, Ысқақ, Жақып, Айман, Нағима, Назым, Мәлік, Мұзафар, Махмут, Мұхтар, Мұрат, Нәсима, Әміре, Бижамал, Гәуһар, Дария. Дәрмен, Глдіә, Жәңгір, Ескендір, Хамит, Серәлі, Раушан, Сәбит, Шәрбан, Әлішер, Рүстем* т. б.

Қазақ тіліне бұл сияқты сөздер тікелей келіп енбеген, тәжік, өзбек және татар тілдері арқылы келіп сіңіскен. Сондықтан болса керек, зерттеушілер өзге түркі халықтарымен салыстырғанда араб-парсы сөздерінің сан мөлшері қазақ тілінде едәуір кем (аз) деп есептейді. Өзге түркі тілдерінен сан жағынан аздау болғанымен, араб-парсы сөздері қазақ тілінде де бірқыдыру баршылық. Бұл сөздер бізге сауда, дін арқылы, шығыс халқының классикалық әдеби мұралары арқылы тараған. Сонымен қатар «кітаби тілдің» үлгісімен жазылған шығармалар да араб-парсы тілдерінен келген сөздердің ел арасында тез тарап, тез сіңісуіне жалпыхалықтық сипат алуына үлкен ықпал еткен. Абай негізін салған жаңа жазба әдебиет дәстүріне дейін қолына қалам ұстап, шығарма жазған қазақ ақындарының көпшілігі «кітаби тілдің» сұрлеуінен онша ұзап кете алмаған. Бұған бой ұрмағандар кемде-кем деуге болады. Сол дәуірдегі жазылған шығармалар қоғамның саяси және мәдени өміріне, дінге қатысты қыруар сөздер әкеліп, халық тілін әр түрлі салада байытуға азды-көпті үлес қосқан. Соның нәтижесінде бірқыдыру араб-парсы сөздері жалпыхалықтық сипат алып, қазақ лексикасына етене болып сіңісіп кеткен. Араб пен парсы тілдерінен сөз алмасу өте ерте кезден басталған. Таяу және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тілдің қызметін атқарады<sup>1</sup>. Қазан революциясы жөніп, Қазақстанда Кеңес өкіметі құрылғанға дейін бұл қарым-қатынас азды-көпті үзілмеген. Сондықтан болса керек, тіліміздегі араб-парсыдан ауысқан сөздердің көпшілігі сыртқы түр-түрпаты жағынан да, ішкі мән-мағынасы жағынан да әбден жымдасып,

<sup>1</sup> Рүстемов Л. З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982, 8-бет.

казактың өзінің тума төл сөздеріндей етене болып кеткендігі байқалады. Тіпті кейбіреулерін тарихи деректерге сүйеніп, ғылыми зерттеу арқылы болмаса, басқа тілдерден ауыскандығын жай көзбен айқындау оңай емес. Күнделікті тұрмыста өте жиі қолданылатын *мал, нан, ар, ас, ақыл, ұстаз, зат, адам, дау, адал, дос, арзан, ән, уақыт, әдет, кілт, кілем, дастарқан, астар, айна, қалжа* сияқты сөздердің араб-парсыдан келгендігіне қарапайым халықты сендіре алмауға да болады. Тіліміздегі араб-парсы елдерінен келген сөздер түр-түрпаты мен мән-мағынасы жағынан бәрі бірдей емес, ала-құла. Кейбіреулері сыртқы тұлғасы мен мағынасын түп-түгел толық сақтап, ешбір өзгеріске ұшырамаған. Мәселен, араб тіліндегі *бұлбұл, хал, мирас, сахара, ұстаз, алла, ниет* сөздері мен парсы тіліндегі *арай, ишан, дидар, шарт, дана, жай, саз, нан, надан, шер, базар, рай, шабандоз, жар, дарига* сөздерінің мағынасы мен тұлғасы казак тілінде толық сақталған. Ал көптеген сөздердің мағынасы толық сақталғанымен, сыртқы тұлғасы казак тілінің дыбыстық заңдылығына сай кейде түгелдей, кейде жарым-жартылай өзгеріп отырған. Сырт тұлғасы өзгерген сөздерге мыналар жатады: *арба* (а. *гәр-әба*), *ынтымақ* (а. *иттифақ*), *кесе* (а. *кас*), *она* (а. *уофа*), *мөр* (а. *мұһр*), *серік* (а. *шәрик*), *бекем* (а. *мәхкәм*), *бейіт* (п. *би-бәд*), *дәрігер* (п. *даругәр*), *дауа* (п. *дава*), *көпішк* (п. *кәфчәк*), *жәдет*, (п. *дәләд*), *шәкірт* (п. *шагәрд*), *марту* (п. *маред*), *мүшкіл* (п. *мошкел*), *күмән* (п. *гаман*) т. б.

Сырт тұлғасы жарым-жартылай өзгерген сөздерге мыналар жатады: *қиял* (а. *хиал*), *тағам* (а. *тәғам*), *пән* (а. *фән*), *садақа* (а. *сәдәқа*), *талап* (а. *талаб*), *қант* (а. *кәнд*), *әсер* (а. *әсер*); *ар* (п. *ғар*), *дәрт* (п. *дәрд*), *бақ* (п. *бағ*), *қожа* (п. *худжә*), *дихан* (д. *деһкан*), *сабақ* (п. *сәбәк*), *зейін* (п. *зәһн*) т. б. Араб-парсы тілдерінен келген қайсыбір сөздер түр-тұлғасы ғана емес, мән-мағынасын да жаңартып өзгерген. Мәселен, парсының *қан* мағынасындағы *құн* (*хун*) сөзі казак тіліне енген соң, бұрынғы мағынасынан ажырап, өлген кісіге төленетін төлем ақы ұғымына ауыскан. Мысалы: *Ердің құны, нардың пұлы емес (мақал)*. *Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірді* (мақал). Кейіннен бұл сөз аталған ұғымынан тағы да ажырап, қазір *нарық, баға* деген сөздердің синонимдік қатарында жұмсалатын болды. Соңғы ұғымға қатысты казак тілінде *құнды, құнсыз, құндау, құндану, өзіндік құн* сияқты жаңа сөздер туып қалыптасты. *Кемпір* (*кәмпір*) деген сөз парсы тілінде қаусаған шал ұғымында айтылса<sup>1</sup>, казак тілінде жасы егде тартқан қартайған әйел

<sup>1</sup> Оңдасынов Н. Парсыша-казакша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974, 218-219-беттер.

мағынасында қолданылады. *Бейсауат (бисәуад)*, деген сөз парсы тілінде бос, құр бекер деген мағынада жұмсалады. Сол сияқты араб тілінде *ар (ғар)* маскара, қарабет, өлім деген жағымсыз ұғымда айтылған болса, қазақ тілінде намыс, ұят, адамгершілік мағынасында қолданылады. *Ашына (әшина)* арабта білгір, білімді деген мағынада айтылады. Ал қазақ тілінде бұл сөз ғашықтық, құмарлық, көңілдес ұғымында жұмсалады.

Келтірілген тілдік материалдарға қарағанда, араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің бірқатары қазақ тілінде әр түрлі өзгеріске ұшырағандығын көреміз. Олар әсіресе мағыналық өзгерістен гөрі сыртқы дыбысталуы жағынан көбірек өзгерістерге түскен. Соның салдарынан бір сөз бірнеше түрде айтылып, кейіннен бір-бірінен ашақтап, дербес мағынаты сөзге айналып кеткен. Мысалы: *ғылым—лім, хал—әл, үкім—өкім, өкімет—үкімет, ауа—әуе, кінә—күнә, табиғат—тәбет, сағат—сәт, қағида—кәде, қажет—әжет, қазір—әзір, рәсім—ресім, ресми, хакім—әкім, қарекет—әрекет, хақы—ақы, әулі—аула* т. б.

Демек, араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын сан жағынан ғана байытып қоймаған, оның лексикасын түр-түрпаты, мән-мағына жағынан да кеңейтіп кемелдендірген.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан кірме сөздер қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсала жүріп, стильдік мәні жағынан саралануына ықпал жасады. Әдеби тілде қайсысы үстем қолданылуы керек деген мәселеде төл (тума) сөз бен кірме сөздердің арасында сан қилы тартыс болған. Сол тартыстарда ана тілінің өз сөздері көп жағдайда үстемдік алып, жеңіп шығып отырған. Мәселен, *ақын* мен *шайыр*, *ақша* мен *пұл*, *жауынгер* мен *сарбаз*, *оқымысты* мен *ғұлама*, *тәреші* мен *қазы*, *үлгі* мен *ғибрат*, *маңдай* мен *пешене* сияқты сөздердің алғашқы сынарлары әдеби тілде жалпыхалықтық сипаты жағынан үстемдік алды. Ал бұлардың шеттен келген екінші сынарлары пассив сөзге айналды. Сөйтіп, олар стильдік синонимдердің санатына барып қосылады. Сонымен қабат тілде кері процестерде болады. Мәселен, синонимдік қарым-қатынаста жұмсалу барысында ана тілінің кейбір сөздері сөйлеу тіліне қарай ығысты да, ал оның араб-парсы тілдерінен ауысқан сынарлары әдеби тілде орнығып қалды. Мысалы, арабтың *әйел (ғәйял)* деген сөзі қазақтың *қатын* деген ежелгі жасамыс сөзін әдеби тілден ығыстырып шығарды. Парсының *құдай (ходай)* деген діни сөзі де қазақтың байырғы *тәңір* деген сөзінің орнына жиі айтылатын болды. Соның нәтижесінде *құдай* деген діни сөзден бірнеше туынды және күрделі сөздер пайда болды: *құдай-*

су, құдайы, құдайшыл, құдайсыз, құдайсыздық, құдайшылық, құдай-шылдық, құдай ату, құдай ақына, құдайдың құтты күні, құдайдың зарын қылу, құдай атқан, құдайдың құдіреті, құдайға жазу, құдай берді, құдай ұрды т. б.

Сол сияқты араб-парсы тілдерінен келген бұлбұл деген сөз *сандугашты*, *ұста—теміршіні*, *шыны—шөлмекті* жалпыхалықтық қолданыстан шығарып, пассив сөзге айналдырды, ал бұлардың шеттен келген сыңарлары әдеби тілде жиі айтылатын актив сөз болып қалыптасты.

Әдеби тілдің аясында әлі де берік орныға алмай жарыса қолданылып жүрген *қонақ* пен *мейман*, *қақпа* мен *дарбаза*, *қораз* бен *әтеш* сияқты азын-аулақ жарыспа сөздер бар. Бұл айтылғандарға қарағанда, араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер мен ана тілінің тума сөздерінің арасындағы саралану, орнығу жөніндегі «ішкі тартыс» әлі де болса жүріп жатқан құбылыс екендігін көреміз.

### § 31. Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы

Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы екі түрлі жағдайда қарастырылады. Бірінші, қазақ тіліндегі монғол тілдерінен тікелей ауысып кірген сөздер жайында. Бұған ең алдымен екі халықтың ғасырлар бойы көршілес тұрып, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауы себеп болған. Сонымен бірге XII ғасырда монғолдардың Қазақстан және Орта Азия жерін жаулап алып, ол жерлерде Шыңғыс әулеті билеген ұлыстар мен ордалардың XV ғасырға дейін үстемдік етуінің әсері тиген. Тіпті қазақ хандықтары құрылған XV—XVIII ғасырларда да монғолдармен тегі бір Жонғар қалмақтары (олар тарихи деректерде ойрат тайпаларынан тұратын батыс монғолдар деп аталады) қазақ жеріне үнемі шапқыншылық жорықтар (күба қалмақ заманы) жасап отырғаны тарихтан белгілі.

Қазақ тіліне монғол тілдерінен кірген сөздер негізінен әкімшілік, ел билеуге байланысты: *ұлыс*, *нөкер*, *жасақ*, *ноян*, *құрылтай*, *аймақ*, *жарлық* т. б. Жер-су атауларына байланысты сөздер көп кездеседі: *Тарбағатай* (суырлы), *Қандағатай* (бұғылы), *Талағай* (бас), *Катонқарағай* (катон-қайын д. м.), *Баянаул* (Байн ола—Бай тау), *Далаңқара* (жеті тау), *Зайсан* (жақсы), *Нұра* (жыра), *Мұқыр* (шалақ, қысқа), *Қорғалжын* (хорһолджин—қорғасын), *Қордай* (қарлы), *Алтай* (алтын тау), *Нор* (көл), *Нарынқол* (жінішке өзен) т. б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Әбдірахманов А. Топонимика және этимология, Алматы, 1975.

Екінші, қазақ тіліне монғол тілдерінен ауысқан сөздерден басқа олардың бірінен біріне ауысты деуге келмейтін, екеуіне де ортақ сөздер жайында. Қазақ лексикасына монғол тіліндегі сөздермен түр-тұрпаты, мағыналары ұқсас, үйлес сөздер, әсіресе зат есім, сын есім, етістіктер көп табылады. Мысалы, малға байланысты: *қой* (кон), *қойшы* (кончын), *төл* (төл), *бұқа* (бух), *бура* (буур), *баран* (бараан), *дөнежін* (дөнежин), *құнан* (хунан), *құнажын* (гунжын), *тұсамыс* (туша), *тоқым* (тохом) т. б.; аңға байланысты: *бұғы* (буга), *барс* (барс), *аң* (ан), *өлекшін* (өлөгчин), *кақпан* (кавх), *аулау* (авлах), *жым* (жим) т. б. шаруашылыққа байланысты: *оббіре* (*аббар*), *тебен* (*тэбнэ*), *алтын* (*алтан*), *темір* (*тимор*), *жез* (*зес*), *балта* (*балт*), *бауырсақ* (*боорцог*), *балшық* (*балчиғ*), *жапсар* (*завсар*), *домбыра* (*домбор*) т. б. Туыстық атаулар: *құдағи* (*худағы*), *ер* (*эр*), *абысын* (*авьсан*), *төркін* (*төргем*) т. б.; сын есімдер: *ала* (*алағ*), *қап-қара* (*хап-хар*), *көкпенкөк* (*хов-көк*), *күрең* (*хурэн*), *сары* (*шар*), *тентек* (*тэнэг*) т. б. Бұл сияқты сөздер тек қазақ тіліне емес, түркі тілдерінің көбіне тән, олар түркі тілдеріне монғол тілдерінен ауысты ма, әлде керісінше, монғол тілдеріне түркі тілдерінен енді ме — оны дәлелдейтін мәлімет тіл ғылымында жоқ. Сондықтан ондай сөздерді түркі (қазақ)-монғол тілдеріне ортақ сөздер деп атауға болады. Түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздер бар екенін Ш. Уәлиханов айтқан болатын<sup>1</sup>.

Түркі (қазақ)-монғол тілдерін салыстырмалы түрде зерттеп жүрген Б. Базылханның пікірінше, «Монғолша — қазақша сөздікке» енген 40.000 сөздің 24.000 сөзі 1500 түбірден тараған, яғни 60%-і екі халыққа ортақ желілес туынды сөздер болып табылады<sup>2</sup>.

Монғол тілдері мен түркі тілдерінің үйлестігі негізгі сөздік қордағы сөздермен қатар, олардың грамматикалық құрылысынан да айқын көрінеді. Түркі тілдері сияқты монғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады.

Осындай ұқсастықтарға қарап, кейбір ғалымдар (Б. Я. Владимирцов, Н. Ф. Катанов, Г. Д. Санжеев т. б.) бұл тілдерді түптің түбінде негізі бір тілдердің қатарына жатқызуды қолдайды. Тарихи тұрғыдан қарағанда ол жақындықтың тегі біздің заманымыздан көп бұрын Алтай заманындағы түркі-монғол бірлестігінде жатыр<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Уәлиханов Ш. Ч. Сочинения, СПб, 1904, стр. 179.

<sup>2</sup> Базылхан Б. Монғол-қазақ тілінің салыстырмалы грамматикасы (қысқаша курс), Өлгий, 1973, 4 — 7-беттер.

<sup>3</sup> Языки народов СССР. Том второй. Тюркские языки. Москва, 1966, стр.

## § 32. Орыс тілінен енген сөздер

### 1. Казан революциясына дейін енген сөздер

Қазақ пен орыс халықтары қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер. Сол себептен бұл елдердің арасындағы сауда-саттық, шаруашылық пен мәдени байланыстар өте ерте кезден дами бастағандығы белгілі. XVI—XVII ғасырларда қоныс араласуымен, сауда-саттықпен байланысты қарым-қатынастар күшейсе, XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап, Қазақстанның Ресей империясына бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайта түскен. Осындай ұзақ уақыт үздіксіз қарым-қатынаста болу нәтижесінде орыс тілінен қазақ тіліне көптеген сөздер ауысқан. Бірақ біздің тілімізге енген орыс сөздерінің сыр-сипаты мен игерілу дәрежесі әрқашан да біркелкі болмаған. Сол себепті орыс тілінен ауысқан кірме сөздерді екі кезенге бөліп қараймыз: а) 1917 ж. Казан революциясына дейінгі кезең, ә) Казан революциясынан кейінгі кезең.

Революцияға дейінгі кезеңде ауысқан орыс сөздері баспасөз арқылы жазба түрде тарамаған, көбінесе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген. Сондықтан болса керек, бұл кезеңдегі кірме сөздер түгелдей дерлік қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бағынып өзгерген. Қазіргі әдеби тілімізде революцияға дейін ауысқан орыс сөздері (бірлі-жарым терминдік мәні бар сөздерді қоспағанда) негізінен қазақ тілінің емлесіне сай, өзгерген қалпында жазылады. Бұл сөздерді мынадай топқа бөліп қараймыз:

а) Тұрмыс қажетіне қатысты сөздер. Мысалы: *жәшік* (ящик), *кереует* (кровать), *бөтелке* (бутылка), *бөшке*, *мөшке* (бочка), *лампы* (лампа), *көшір* (кучер), *сиса* (ситец), *бөтеңке* (ботинки), *калош* (галoши), *барқыт* (бархат), *әшмөшке*, *әшмөңке* (восьмушка), *шайнек* (чайник), *сіріңке* (серники), *мәтке* (матица), *клет* (клеть), *күршек* (крючок), *сөтке* (сутки), *өшірет*, *шірет* (очередь), *пар* (пара), *гармон* (гармонь), *аршын* (аршин), *порым* (форма), *күмәжнек* (бумажник), *мөшек* (мешок), *тұрба* (труба), *рысқұт* (расход), *божы* (вожжи), *кәмпит* (конфеты), *бедре* (ведро), *бишік* (бичик), *помыш* (помощь), *жарма* (ярмо), *қамыт* (хомут), *ізвес* (известь), *шөрке* (чурка), *шашнай* (частный), *пима* (пимы), *бокебай* (пуховый), *тәрелке* (тарелка), *самауыр* (самовар), *сәмке* (сумка) т. б.

ә) Әкімшілік басқару ісіне байланысты сөздер.

Мысалы: *ояз* (уезд), *шен* (чин), *мінәпас* (манифест), *болыс* (волость), *старшын* (старшина), *сот* (суд), *тұрме* (тюрьма), *уезд* (уезд), *губерне* (губерния), *атпекет* (адвокат), *ауылнай* (ауыльный), *жандарал* (генерал), *поштабай* (почтовой), *майыр*

(майор), кантор (контора), сияз (съезд), протокол (протокол), штраф (штраф), пірговор (приговор), бүбірнай (выборный) т. б.

б) Ғылым мен мәдениетке, техникаға қатысты сөздер.

Мысалы: зауыт (завод), фабрік (фабрика), мәшине (машина), пароход, минөт (минут), секөнт (секунда), газет (газета), журнал (журнал), агроном, кемназия (гимназия), класс, парта, ентірнат (интернат), молотелка, сеялка, банік, ләпке (лавка), семенария, пәнер (фанера), училище, пансион, учет, алгебра, карта, кінеге (книга) т. б.

в) Қоныс аударуға қатысты сөздер.

Мысалы: учаске (участок), пылан (план), заңьма, колония, землемер, қотыр (хутор), әренда (аренда), десетине (десятина), ысклад (склад), загон, сажен (сажень) т. б.

Революцияға дейінгі ауысып келген орыс сөздерінің кейбіреулері тек түр-түрпатын ғана емес, ішкі мағынасын да өзгерткен. Мәселен, орыс тілінде *гиря* деген сөз бір нәрсенің салмағын өлшегенде таразыға салынатын тастарды білдірсе, қазақ тілінде *таразы* сөзінің синонимі болып қабылданылады. Мысалы: *санақтағы сиырлар кірге түсірілді ме?* (Ж. Тілеков). Кір деген сөзден *кірші*, *кірлеу*, *кірлету*, *кірлесу*, *кірге тарту*, *кірге түсу* сияқты жана сөздер туындап, қазақ лексикасын байытқан. *Рет* (*ряд*) деген сөздің білдіретін ұғымы қазақтың *қатар* деген сөзіне дәл келеді. Ал қазақ тілінде бұл сөз орыс тіліндегі мағынасын бүтіндей өзгертіп, басқаша мән алған. Мәселен, *Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі* (мақал) дегендегі *рет* сөзі орыстың *раз* деген сөзінің орнына жүріп тұр. *Кеше немістер бізге үш рет шабуыл жасады* (Б. Момышұлы). Бұл сөйлемде *рет* сөзі *мәртебе* деген сөзбен синоним болып жұмсалған. *Сөзін ретпен айтты* дегендегі *ретпен* сөзі белгілі тәртіппен, жүйемен дегенге келеді. *Егер ісім өңсін десең, ретін тап* (Абай). Мұнда *рет* сөзі қисын, жөн, ыңғай мағынасында қолданған. Демек, орыстың *ряд* деген сөзі қазақ тіліне енген соң, түр-түрпатын да, мән-мағынасын да өзгерткен. Сонымен қатар семантикалық ұғымын кеңейте отырып, жаңадан бірнеше сөз тудыруға ұйытқы болған. Мысалы: *ретті*, *реттік*, *реттілік*, *ретсіз*, *ретте*, *реттегіш*, *реттеу*, *реттеуші*, *реттету*, *реттестіру*, *реттеңкіреу*, *реттелу*, *реті бар*, *реті жоқ*, *реті келмеу*, *ретін табу*, *рет саны*, *реттік сан*, *реттік сан есім* т. б.

Қазан революциясына дейінгі қазақ тіліне енген орыс сөздерінің бірсыпырасы қазақтың төл сөздерімен синонимдік қарым-қатынаста жұмсала жүріп, көп жағдайда төл сөздерден басым түсіп, жалпыхалықтық сипат алып отырған. Мәселен, орыс тілінен ауысқан *бөтелке*, *бөшке*, *гармон*, *божы*, *кәмпит*,

*бишік, кірпіш, сіріңке, көшір* тәрізді сөздер қазіргі әдеби тілден мықтап орын тепкен де, бұлардың ана тіліндегі сынарлары сөйлеу тіліне қарай ығысқан, сөйтіп пассив сөзге айналған. Қазір *сіріңке* деген сөз тұрғанда оның орнына *оттық, күжірт, шақпақ* деген сөздерді қолдану әдеби нормаға жатпайды. Сол сияқты *гармон* деген сөз тұрғанда, *сырнай, керней*, ал *кірпіш* тұрғанда *қыш* әдеби тілде қолданылмайды. Демек, бұл сияқты орыс сөздері сөздік қорға басыбүтін кіріп, әбден орнығып алған.

Енді бір жағдайда қазақтың тума сөздері орыс тілінен ауысқан сынарларын сөйлеу тіліне ығыстырып жіберген. Мәселен, *шыт, тәулік, кезек, құлақшын, шам, ілгек, ие, кесе* деген сөздер әдеби тілдің шеңберінде жалпылама қолданыла береді. Ал бұлардың орыс тілінен келген сынарлары: *сиса, сотке, өшірет, малақай, лампа, қожайын, күршек, пияла* сияқты кірме сөздер көбінесе сөйлеу тілінде, көркем шығармада кейіпкерлердің тілінде кездеседі. Орыстың *пара* деген сөзі біздің тілімізге *пар* болып ауысқан. *Пар* деген сөзден *парластыру, парласу, парлату, парлау* тәрізді туынды сөздер жасалып, сөздік құрамды байытуға ат салысқан. Сол сияқты *мәнерлі сөз, мәнерлеу* тәрізді жана ұғымның тууына орыстың *манера* деген сөзі себепкер болса, *межелі жер, межелу* деген тын сөздердің жасалуына да орыстың *межа* деген сөзі ұйытқы болған.

Ертеде ауысып келген орыс сөздерінің ішінде әр түрлі стильдік мән тудырып жүргендері де бар. Мәселен, *шен (чин)* деген сөз орыс тілінде әскери атақ, дәреже дегенді білдірсе, қазақ тілінде мансапқұмар, атаққұмар адамға кекесін ретінде айтылады. *Шен* деген сөзден *шен алу, шен-шекпен, шендес, шеншіл, шен құмар* деген жағымсыз мәндегі сөздер туып қалыптасқан. Сонымен, революциядан бұрынғы кезеңде кірген орыс сөздерінің қалыптасуы мен тілге сінісуі бір дәрежеде емес екендігі байқалады.

## 2. Қазан революциясынан кейін енген сөздер.

Бұл кезеңде қазақ тілі үздіксіз байып, кемелденіп, жетіліп отырды. Оған орыс тілінің тигізетін ықпалын атап өтпеске болмайды. Орыс тілі бұл кезеңде бұрынғы Кенес Одағындағы барлық ұлт тілдерінің фонетикасы мен фразеологиясына, морфологиясы мен синтаксисіне, стилистикасына, бір сөзбен айтқанда, тілдердің барлық жағынан дамуына үлкен ықпал жасап келді<sup>1</sup>. Кенес дәуірінде орыс тілінің өзі жана қоғам мен өнді-

<sup>1</sup> *Исенағалиева В. А.* Тюркские глаголы с основами, заимствованными из русского языка. Алма-Ата, 1966, стр. 10.

рістін, жаңа мәдениет пен ғылым, техниканың дамуына байланысты кемеліне келіп байыды да, сол арқылы басқа тілдерге ықпал жасап отырды. Соның нәтижесінде бұрын негізінен күнделікті тіршілік пен қарым-қатынастың ғана құралы болып келген қазақ тілінде қоғамдық, саяси, ғылыми терминология қалыптаса бастады. Біздің тілімізге енген интернационалдық терминдер тек орыс тілі арқылы келіп сіністі (ол туралы «Арнаулы сөздер» деген тақырыпта да айтылады). Сондықтан олардың бәрін де орыс сөздері деп есептейміз. Өзге шет тілдерінен бұл дәуірде тікелей сөз ауысқан жоқ.

Қазақ тілі революциядан бергі кезеңде өзінде жоқ, жетіспеген сөздердің бәрін орыс тілінен (немесе осы тіл арқылы) алды. Бұрынды-соңды тілімізде айтылып көрмеген қыруар термин сөздер ауысып келді. Олар бір-бірлеп кірген жоқ, қаптап леклегімен енді. Бұлардың басым көпшілігін орыс тіліндегі қалпында, түр-тұлғасы мен мағынасын өзгертпей қабылдадық. Терминдердің айтылуы мен жазылу принципі де сол келген тілге бүтіндей бағындырылды. Біркыдыру терминдік ұғымдағы сөздер калька жолымен қазақша сөзбе-сөз аударылып алынды да, қазақтың байырғы төл сөзіндей етене болып, мүлдем сіңісіп кетті.

Әрбір ұлт тілінің терминологиясын жасауда қандай да бір ғылыми принципке негізделеді. Қазақ тіліндегі терминологияны қалыптастыруда негізінен екі түрлі принцип бар. Бірінші, терминологияны қалыптастыруда қазақ тілінің өз мүмкіншілігін пайдалану. Орыс тіліндегі терминдердің қазақша баламасын жасау мынадай жолдармен іске асқан:

1. Орыс тіліндегі терминдерге қазақтың төл сөздері және олардан жасалған туынды сөздер балама етіп қалыптастырылған. Мысалы: ұшқыш (*летчик*), қондырма (*надстройка*), ереуіл (*забастовка*), қолжазба (*рукопись*), алғы сөз (*предисловие*), түйсік (*ощущение*), амал (*действие*), бөлінгіш (*делимое*), жұрнақ (*суффикс*), тербеліс (*колебание*), буын (*слог*), қышқыл (*кислота*), мүше (*член*), мүсін (*скульптура*), жарыс (*соревнование*), отар (*колония*), одақ (*союз*), айтыс (*дискуссия*), сыншы (*критик*), жіктеу (*классификация*), ұяңдау (*озвончение*), одағай (*междометие*), етістік (*глагол*), есімше (*причастие*), жаттығу (*тренировка*), орынбасар (*заместитель*), сүрлеу (*силосовать*) т. б.

2. Орыс тіліндегі сөздерге лайықты балама іздеп табу нәтижесінде кейбір дублет сөздерге дербес мағына теліп, олар бір-бірінен сараланып отырған. Мәселен, *білім—ғылым—ілім* сияқты бұрынғы синонимдес сөздер қазір жеке-жеке мағынаға ие болып, өзара сараланып отыр. Мысалы: *білім—знание, ғылым—наука, ілім—учение*. Сол сияқты *ту (знамя)* мен *жалау (флаг)*,

*қолғап (рукавица)* пен *биялай (перчатка)*, *темекі (табак)* мен *шылым (папироса)*, *кінә (вина)* мен *күнә (грех)* тәрізді жарыспаса сөздердің жігі бір-бірінен ажырап, нақтылана түсті.

3. Орыс тіліндегі термин сөздерді қазақша аударып алуда кейбір аз мағыналы сөздер активтеніп, олардың белсенділігі арттырылған. Соның нәтижесінде дара мағыналы сөздер көп мағыналы болып қалыптасты, яғни кейбір сөздердің семантикалық шеңбері кеңіді. Мәселен, орыстың *фонд, запас, резерв* деген үш түрлі сөзі қазақтың *қор* деген бір ғана сөзімен аударылып жүр. Сол сияқты орыс тіліндегі *строй, стройка, строение, устройство, строительство, постройка* тәрізді бірнеше терминге қазақша *құрылыс* деген жалғыз сөз балама болып алынған<sup>1</sup>. *Каникулы, отпуск* дегендер қазақша *демалыс; вывод, заключение* дегендердің мағынасы *қорытынды* деген бір сөзбен берілген.

4. Орыс тіліндегі терминдерге лайықты атаулық баламалар табу үстінде қолданысқа түспей қалтарыста қалып жүрген ана тіліндегі кейбір көнерген сөздер мен жергілікті сөздер активтеніп қайтадан іске қосылған. Мәселен, терминологиялық сөздікте *стрелка* деген сөз *тіл, жебе* болып екі түрлі сөзбен берілген. *Здание—ғимарат, үй; клеймо—табра, таңба; тиф—сүзек, кезік; перепонка—жарғақ, желқабық; мочевой—несеп, тынжы* болып аударылған.

Осындағы *жебе, ғимарат* дегендер — архаизмдер, *табра, кезік, желқабық, тынжы* дегендер жергілікті сөздер. Кәжетті жерінде бұлар да әдеби тілдің кәдесіне жараған.

5. Орыс тіліндегі терминдерді аударып алуда қазақтың кейбір төл сөздері бұрынғы негізгі мағынасының үстіне терминдік жаңа мағына қосып алған. Мәселен, *сыбаға* деген сөз бұрынғы мағынасының үстіне орысша *удел* (сыбағалы салмақ) деген терминдік мағына; *жеу, құрбан ету* дегендер орысша *жертва* деген спорт терминінің орнына қолданылады. *Мешел* деген сөз медицинада *рахит*, ал *теміреткі—экзема* деген сөздердің орнына балама етіп алынған.

6. Орыс тіліндегі терминдерді қазақшаға аудару барысында тіліміздегі көптеген жұрнактар, әсіресе -у, -лық, -лік, -ыс, -іс, -ма, -ме сияқты жұрнактардың сөзден сөз тудыру қабілеті мейлінше кеңейгендігі байқалады. Мысалы: *созревание — пісу, жетілу; увольнение — босату, шығару; отравление — улану, ұшыну; поощрение — мадақтау, көтермелеу, кружок — үйірме, надстройка — қондырма, колебание — тербеліс, литье — құйма, плавка — қорытыс, доказательство — дәлелдеме, соединение — қосылыс,*

<sup>1</sup> Русско-казахский словарь. Под редакцией проф. Н. Т. Сауранбаева, 1954.

осып — қорым, жиналма; решение — шешім, донесение — хабарлама т. б.

7. Көп мағыналы терминдердің лайықты балама табылған мағынасы аударылып қазақша берілсе, баламасы жоқ мағынасы орысша қалпында берілген. Мәселен, *фаза* сөзінің қоғамдық ғылымда қолданылатын мағынасын *кезең* десек, физика ғылымындағы мағынасы *фаза* деген қалпында алынған. *Блок* та сол тәрізді бірде *одақ*, бірде *блок* болып қолданылып жүр.

8. Орыс тіліндегі көп мағыналы терминдер қазақ тіліне ауысқанда, әрдайым бір мағынасында ғана ауысып қолданылады. Мәселен, *операция*, *ассимиляция*, *база*, *варвар*, *балласт*, *вассал* сөздері орыс тілінде көп мағыналы болғанымен, қазақ тілінде көбінесе дара мағынада жұмсалады.

9. Орысша туынды терминдерді қазақ тіліне қабылдау қажет болған жағдайда, олардың түбірі сол қалпында алынып, орысша қосымшасы қазақ тілінің қосымшасымен алмастырылады. Мәселен, *нормировать*, *наградить*, *газификация*, *электрификация*, *цементировать* тәрізді терминдер қазақша *нормалау*, *наградтау*, *газдандыру*, *электрлендіру*, *цементтеу* болып аударылады.

Кейбір сөздер қазақша бір ғана емес, әлденеше сөзбен аударылып жүр. Мәселен, *телo* — *дене*, кейде *тән*; *способ* — *тәсіл* және *жол*; *смысл* — *мән*, *мағына*; *изображение* — *кескін*, *сурет*; *картина* — *көрініс*, *сурет*; *рукоятка* — *сап*, *тұтқа*; *руководитель* — *басшы*, *жетекші*; *протокол* — *хаттама*, *мәжілісхат*; *позиция* — *ұстаным*, *айқындама*; *клоун* — *масқарапаз*, *мейрампаз*, *мәздем*; *микрорайон* — *мөлтекаудан*, *ықшамаудан*, *шағынаудан* т. б. болып әр түрлі аударылып жүр. Кейбір термин сөздердің орысшасы мен қазақшасы жарыса қолданылып жүр. Мысалы: *метод*—*әдіс*, *форма*—*түр*, *тұлға* т. б.

Екінші принцип — терминдерге қазақ тілінде балама болмаған жағдайда оларды орыс тілінен алып пайдалану. Бұларға негізінен интернационалдық терминдер жатады.

Қазақ тіліндегі терминдік мәндегі сөздерді саралап, жіктеп көрсек, оларды қолданудың аясы әрқалай екенін көреміз. Көптеген терминдер белгілі бір тілдегі ғылым мен өндірістің немесе шаруашылық пен кәсіптің бір саласына ғана меншіктеліп тар көлемде өмір сүреді. Кейбір терминдер жалғыз бір тілдің аясында шектелмей, көптеген тілдерге ортақ кең шенберде қолданылады.

Көптеген тілдерге ортақ, халықаралық сипаты бар сөздер интернационалдық терминдер деп аталады. Мысалы: *биология*, *химия*, *атом*, *театр*, *графика*, *консти-*

туция, революция, демократия, архитектор, циклон, роман, поэзия, пейзаж, континент, аптека, эксперимент, электр, экономика, грамматика, виктория, базис, металл, алфавит, климат, магнит, планета, хор, арена, автор, экзамен, цирк, доктор, графус, депутат, цирк, фотография, хирургия, операция т. б.

Интернационалдық терминдердің шығу тегін іздестіріп қарасак, көбінесе грек пен латын тілдерінен тарағандығы байқалады. Мәселен, антология, кафедра, музей, фрама, стадион, гармония, графика, автомобиль, телефон, телеграф, синтаксис, диалект, филология, зоология дегендер грек тілінен шықса, диктатура, экспедиция, архив, цензура, формула, операция, агрессия, материализм, террор, объект, конституция дегендер латын тілінен тараған. Сонымен бірге басқа тілдерден де көптеген интернационалдық сөздер шыққан. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі *танк, комбайн, трактор, блок, бойкот, бокс, футбол, баскетбол, хоккей, раунд, клоун, вокзал, рекорд, клуб, торт, сквер, гол, тренер, финиш, матч, бюджет, лидер* т. б. ағылшын сөздері; *ансамбль, буржуазия, бюро, люстра, портфель, компот, билет, гектар, пальто, мебель, шовинизм, раса, авангард, бюллетень, капитал, жаргон, салют, десант, атака, такси, машина, аванс, массаж, наркоз* т. б.; француз сөздері: *напка, шляпа, цех, кран, штраф, слесарь, танец, штаб, штурм, бухгалтер, курорт, вахтер, балетмейстер, парикмахер* т. б.; неміс сөздері; *опера, ария, балкон, лоджия, бас, дуэт, тенор, квартет, контрата, соната, студия, касса, валюта* т. б.; итальян сөздері: *матрос, флот, якорь, вымпел, компас, каюта, конвой, катер* т. б. голланд сөздері: *алгебра, бедуйн, алкоголь, суфизм* т. б. араб сөздері<sup>1</sup> *совет, спутник, колхоз, совхоз, большевик* т. б. орыс сөздері дүние жүзіндегі көптеген елдерге тараған.

Сөйтіп, революцияға дейін орыс сөздері қазақ тіліне негізінен ауызекі түрде ауысса, революциядан бергі кезеңде кен көлемде баспасөз арқылы еніп отырды. Бірінші кезеңде енген сөздердің ішінде әкімшілік, ел билеуге, тұрмысқа катысты сөздер көбірек болса, екінші кезеңде терминдік сипаты бар сөздер басым болды. Қазақ тілі өзінде жетіспеген жоқ сөздің бәрін Кенес дәуірінде орыс тілінен (немесе осы тіл арқылы) алды да, өзінің сөздік құрамын жетілдіріп, байытып отырды.

1950—1960 жылдардан бері қарай қоғамдық жұртшылық санасында тілімізге кіріп кеткен орыс сөздерінің қолданылуын реттеу, мүмкіндігінше бұлардың қазақша баламасын табу, егер баламасы болмаса, оны жасанды түрде беру талабы көрініс

---

<sup>1</sup> Словарь иностранных слов. Москва, 1955.

бере бастады. Мәселе бұл арада тілімізге әбден кірігіп, ана тілінің өз сөзіндей болып кеткен (*самауыр, зауыт, бедре, бәтіңке* т. б.), болмаса баламасын қазақша беру мүмкін емес орыс сөздері (*пойыз, пароход, паровоз, бригада, молотилка* т. б.) жайында емес. Жоғарыдағыдай жұртшылық талабы ол кезде негізінен ғылыми, техникалық терминдерге жатпайтын, қазақша атауға бола тұра орысша аталып келген күнделікті тіршілікке, тұрмыс-салтқа байланысты нақты зат, бұйым атауларына қатысты болды. Соның нәтижесінде *остановка* — *аялдама, холодильник* — *суытқыш, мороженое* — *балмұздақ, дача* — *саяжай, пристыня* — *ақжайма* т. б. болып қазақша аталатын болды.

Республика тәуелсіздікке ие болған 1991 жылдан бастап, күнделікті тіршілікке, тұрмыс-салтқа байланысты сөздермен бірге енді халықаралық мәні бар терминдік сөздерге балама табу талабы күшейе бастады. Ол үшін қазақ тілінің ішкі қорындағы мүмкіндіктер пайдаланып, қаншама терминдердің қазақша баламалары қалыптасты.

Бірінші, 1920—30 жылдарда жиі қолданылып, кейін қолданылудан шығып қалған бірқатар сөз қайта жаңғыртылды. Мысалы: *кеңес* — *совет, төраға* — *председатель, хатшы* — *секретарь, жал* — *аренда, құқық* — *право, сарапшы* — *эксперт* т. б.

Екінші, орыс сөздерінің баламасы жасанды сөздер арқылы берілетін болды. Мысалы: *ақпарат* — *информация, сұраным, сұраныс* — *спрос, әнұран* — *гимн, елтаңба* — *герб, ұшақ* — *самолёт, көкөніс* — *овощ, бағдарлама* — *программа, өркениет* — *цивилизация, ресімдеу* — *оформление, демеуші* — *спонсор, өтем* — *компенсация, отбасы* — *семья, жекешелендіру* — *приватизация, пікірсайыс* — *дискуссия, саяжал* — *аллея, қуғын-сүргін* — *репрессия, қолсайыс* — *многоборье, мұражай* — *музей, жүктеме* — *нагрузка, әуежай* — *аэропорт, төлқұжат* — *паспорт* т. б.

Бұл сияқты баламалық жана сөздер көбінесе сөзге жұрнақ жалғау, сөздерді біріктіру, тіркестіру тәсілдері арқылы туған.

Үшінші, бірқатар орыс сөздеріне балама ретінде жергілікті және байырғы, көне сөздер пайдаланылды. Мысалы: *кеден* — *таможня, қолтырауын* — *крокодил, егемен* — *суверенитет, әмбебап* — *универсал, кешен* — *комплекс, жарғы* — *устав, тәртіп* — *конфисковать, асаба* — *тамада, нарық* — *рынок, бап* — *статья, әкім* — *администратор, ғарыш* — *космос, ғимарат* — *сооружение, әділет* — *юстиция* (*Әділет министрлігі* — *Министерство юстиции*), *мәртебе* — *статус, март* — *наурыз, мамыр* — *май, қазан* — *октябрь, қараша* — *ноябрь, қаңтар* — *январь, сәрсенбі* — *среда, жұма* — *пятница, жексенбі* — *воскресенье, мәздем* — *клоун, ұлан* — *гвардия* т. б.

Орыс сөздеріне қазақша балама қалыптастырудың жоғарыдағыдай нәтижелі мүмкіншіліктері арқылы сөздік қазынамызды жетілдіру ісі бұдан былай да жалғаса бермек. Бұл арада әрқашан есте болатын жәйт, Р. Сыздыкова айтқандай, «ана тіліміздің дұрыс, жақсы қолданылуы, табиғи заңдылықтарының бұзылмауы, ұлттық колоритінен айырылмауы»<sup>1</sup> болуға тиіс.

Сонымен бірге орыс тілі арқылы кірген сөздерге балама іздестіруде жөнсіз ауытқу да жоқ емес. Мысалы, кейбіреулер ұсынғандай, *планета* сөзін — *ғаламшар*, *чемпионды* — *дүлдүл*, *рецепті* — *ішірткі*, *конференцияны* — *алқа жиын*, *газетті* — *үнқағаз*, *радионы* — *үнжария*, *телефонды* — *ұнсандық*, *магнитофонды* — *ұналғы*, *министрді* — *уәзір*, *стадионды* — *ойынжай*, *роботты* — *коктемір*, *награданы* — *мадақнама* т. б. деп атауды құптау қиын. Осыған байланысты Р. Сыздыкованың «Мұндай ұғымдардың халықаралық тұлғатарының орнына жасанды сөздерді ұсынып, төл-тұлғамен шектеліп қалғанымыз әлемдік білім-ғылымға араласуымызға салқынын тигізбей ме? Біз үшін ғылым мен техника саласында оқшаулана түскеннен гөрі ортақ терминологиямен етене араласу қажеттігі тиімдірек болмас па? деген сияқты сан алуан сауал алдымыздан шығады. Сондықтан терминология проблемасының әрбір тұсын жеке-жеке айырып, терминдерді топ-топка бөліп қарап, әр топтың жасалу принциптерін нақты түрде айқындап ұсыну керек<sup>2</sup>» — деген пікірінің орынды екенін айтуға тиіспіз.

### III. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісі (таралу шеңбері), стильдік қызметі жағынан әр түрлі болып келеді. Сөздердің қолданылу сипатына қарап жіктелетін түрлері үш салаға бөлініп қаралады: 1. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері. 2. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері. 3. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері. Төменде осыларға жеке-жеке тоқталынады.

#### § 33. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері

Қазақ тіліндегі сөздердің бәрі бірдей жалпыхалықтық си-

<sup>1</sup> «Егемен Қазақстан» газеті, №20, 1 желтоқсан, 1994 жыл.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.

патта емес, кең таралған жалпыхалықтық сөздерден басқа, қолданылу өрісі тар сөздер де бар. Осыған байланысты сөздер қолданылу өрісі жағынан өз ішінде екі топқа бөлінеді: а) жалпылама лексика, ә) қолданылу өрісі тар лексика. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлерін мынадай кестемен көрсетуге болады:



### § 34. Жалпылама лексика

Жалпылама лексика адам баласының күнделікті күн көріс тіршілігіне ең қажетті заттар мен құбылыстарға қатысты жалпы танымал сөздерді қамтиды. Бұлар бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті ортақ болғандықтан, жалпылама лексика деп аталады. Мысалы: *ауа, су, тамақ, үй, мал, нан, ағаш, көру, істеу, ішу, жеу, қоректену, суару, үлкен, кіші, жақын, ақ, қызыл, мен, сен, бес, он, жүз, мың, алға, кейін, төмен, жоғары, озық, үшін, дейін, сияқты* т. б.

Бұл сияқты сөздер малшыға да егіншіге де, жұмысшыға да, аншыға да, балықшыға да, ақынға да, ғалымға да, бір сөзбен айтқанда, қазақша тіл білетіндердің бәріне бірдей қызмет етеді. Жалпылама сөздердің негізінде стильдік мәні жағынан бейтарап лексика қалыптасады. (Ол жайында § 38 қараңыз). Оларға қолданылу жағынан ешқандай шек қойылмайды, барлық стильге бірдей, ортақ мәнді қызмет атқарады. Бұл топқа енетін сөздер дүниедегі зат, құбылыс атауларын, қимыл-қозғалыстарды, сан-сапа мөлшерін ешбір қосымшасыз нақ болған күйінде алып дәл көрсетеді. Жалпылама лексикаға тән сөздер негізінен өзінің тура мағынасында жұмсалады. Мыса-

лы: *Мәскеуден ұшқан ұшақ Алматыға дәл уақытында келіп қонды. Мал биыл қыстан күйлі шықты. Бүгін ауа райы ашық болды. Дәурен өткен жылы бесінші класты бітірді* деген сөйлемдердегі әрбір сөз тек өзінің тура мағыналарында ғана қолданылып тұр. Сонымен қатар осында канша сөз болса, соның бәрі де қазақ тіліндегі жалпылама лексикаға жататын сөздер. Жалпылама лексика бүкіл сөздік құрамдағы сөздердің сан жағынан ең көбі, тілдегі сөз байлығының негізін құрайды. Бұл сөздер жазба тілде болсын, сөйлеу тілінде болсын жалпы халыққа өте-мөте түсініктілігімен, анық-айқындылығымен, табиғи да қарапайымдылығымен бірден көзге түседі. Сол себепті жалпылама лексика әдеби тіл сөздігінің негізгі қоры болып табылады.

Жалпылама лексикаға жататын сөздер өзінің тура мағынасынан ауытқып, басқадай контекстке түскенде ғана әр түрлі экспрессивті мәнге ие болды. Мәселен, *Көйлектің кірі жуса кетеді, көңілдің кірі айтса кетеді* дегенде *кір* сөзі екі түрлі мағынада жұмсалып тұр. Алғашқы сөйлемдегі *кір* таза емес деген өзінің тура мағынасында қолданылса, соңғы сөйлемдегі *кір* метафоралық ауыспалы мағынада келіп, өкпе, реніш дегенді білдіріп тұр. Сол сияқты *Су жерді көгертеді, еңбек ерді көгертеді* деген мақалдағы *көгертеді* деген етістік те екі түрлі мағына тудырып тұр. Алғашқысында тура мағынасында жерге көк өсіп, көктейді дегенді түсінсек, соңғысында адамның атак-абыройға ие болуы, данққа бөленуі бейнеленген. Демек, жалпылама лексикаға қатысты сөздер де өзгермейтін томаға-тұйық сөздер емес, бұлар да басқадай синтаксистік құрылым мен өзгедей грамматикалық тұлғаларға ие болғанда, солардың ықпалына жүріп, ыркына көнеді де, түрліше экспрессивті мән алып отырады. Жалпылама лексика тілдегі қолдану өрісі тар, өзіне тән белгілі стильдік мәні бар сөздерге қарама-қарсы қойылып қаралады.

### § 35. Диалектілік лексика және оның тілде алатын орны

Диалектілік (гр. *dialektos*— сөйлеу ерекшелігі) лексикаға белгілі бір жердегі (аймақ, облыс я аудан) жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер жатады. Диалектілік сөздер бүкілұлттық лексиканың құрамына кіреді, бірақ олар жалпыхалықтық болып есептелмейді, өйткені олардың басым көпшілігінің жалпыхалықтық тілде баршаға түсінікті бааматары бар.

Диалектілік сөздер тілдің әр түрлі деңгейіне қатысты болып келеді.

Фонетикалық ерекшеліктер түрінде кездеседі: *үгей* — өгей, *күміскі* — көмескі, *құрытынды* — қорытынды, *дұмалау* — дома-лау, *маңдай* — мандай, *тыңла* — тыңда, *полат* — болат, *тоғару* — доғару, *малчы* — малшы, *бұяқ* — бұл жак, *шаңғырақ* — шанырақ, *құдағай* — құдағи т. б.

Морфологиялық ерекшеліктер түрінде: *малдаршылық* — мал шаруашылығы, *кішірт* — кішірейт, *әшкерт* — әшкереле, *пойыз-бынан* — пойызбен, *атпан* — атпен, *барулы* — барды, барған, *келулі* — келді, келген, *алажақ* — алашақ, *бережақ* — берешек, *келелі* — келейік, *баралы* — барайық, *барғым бар* — барғым келеді, *айтқым жоқ* — айтқым келмейді, *барың* — бар, *келің* — кел т. б.

Лексикалық ерекшеліктер: *ақыр* — оттық, *бойлай* — үнемі, *жамбарласу* — жарамсактану, *көдек* — икемсіз, ебедейсіз, *бейсәубет* — бет алды, *жар* — қабырға, *жарын* — келер жыл, *сөй* — тұқым, тек, *шалт* — жылдам, *рабайда* — анда-санда, *кейінжі* — кенже, *күн баю* — күн бату, *баз кешу* — күдер үзу, *жуалдыз* — тебен ине, *кеуірт* — күкірт, *таға* — нағашы, *етмал* — ықтимал, *бақуат* — қуатты, *ашық-машық* — топса, *әтешкер* — қысқаш, *үскі біз* — жуан біз, *бігіз* — біз, *чербек* — үлкен ара, *жоян* — үлкен, дәу, *борми* — бұршақ, жүгері, *ақзон* — ақ шыт, *айылдап келу* — ауылшытау т. б.

Диалектілік лексика өзінің құрамы жағынан өзара бірынғай емес. Олар нағыз лексикалық, этнографиялық және лексика-семантикалық диалектизмдер түрінде кездеседі.

**Нағыз лексикалық диалектизмдер** дегеніміз мағынасы жағынан әдеби сөздермен сәйкес келетін, бірақ дыбысталуы (айтылуы) одан басқа сөздер. Сол себепті олар әдеби сөздермен синонимдік қатынаста болып келеді, яғни бір зат ұғымы Қазақстанның әр жерінде әр түрлі аталады. Әдеби баламалары болғандықтан, нағыз лексикалық диалектизмдер әдеби тілге енбейді. Мысалы: әдеби *кебек* сөзі — диалектілер мен говор-ларда *ұрпақ*, *буызы*, *күрпі*; әд. *сіріңке* — диал. *кеуірт*, *кәуірт*, *оттық*, *шырпы*, *шақпақ*, *спешке*; әд. *үлкен*, *зор* — диал. *дырау*, *нән*, *нәнбай*, *дығал*, *әйдік*, *жоян*, *чоң/шоң* т. б. түрінде айты-лады.

**Лексика-семантикалық диалектизмдер** — дыбысталуы әдеби сөздермен бірдей, бірақ мағынасында ерекшелік бар сөздер. Ондай сөздер өздерінің әдеби түрлерімен омонимдік қатынас-та болып келеді. Мысалы: әдеби *тәртіп* сөзі — Оралда *нұсқау*, *бұйрық*; әд. *шалбар* — Алматы облысында *сым*; әд. *далы* (ашулы, ызакор) — Шымкент облысында *бұршақ аралас нәсер жауын*; әд. *құлақ* — Шымкентте *мақтаның қауашиағы*, *кішкене арық* т. б.

мәнінде айтылады. Лексика-семантикалық диалектизмдер де әдеби тілге енбейді.

**Этнографиялық диалектизмдерге** белгілі бір жерге тән заттар мен құбылыстарды білдіретін сөздер жатады. Ондай сөздердің әдеби тілде баламалары болмағандықтан, мағыналары сөздіктерде тек түсіндіріліп беріледі. Мысалы: *жасы* (Алматы облысы) — аласа дөңгелек үстел; *шырыш* (Жамбылда) — үй төбесін жапқанда аркалықтың үстіне салынатын жінішке *ағаштар*, Семей жакта оны *салдау ағаш* деп те атайды. *Касқарша* (Қызылорда) — мойны ұзын жезқұман, *әттік* (Каспийде) — қармақтың тілі, *алақшын* (Түрікмен қазақтарында) — пештің алдына шок жаю үшін жасаған орын, *сыдырғай* (Өзбекстан қазақтарында) — түгін бетіне шығармай тоқыған кілем т. б.

Диалектілік сөздер негізінен әдеби тіл лексикасына кірмейді. Сөйлеуде, жазу жұмыстарында оларды орынсыз қолдану әдеби тіл нормасынан ауытқу болып табылады. Тек белгілі бір ұғымды білдіретін сөздер әдеби тілде жоқ болса, сондай жағдайда жергілікті сөздердің кейбірін баспасөз арқылы әдеби тілге енгізуге болады. Мысалы, әдеби тілде *мал* (көбінесе қой-ешкі) екі төл туса, егіз дейміз, ал үш-төрт төл туса, оларды әдеби тілде нақты сөздермен білдіре алмаймыз. Ал Ақтөбе, Маңғыстау жерінде оларды *үшен* (*үшем*, *төртен*) *төрте* деп атайды. Бұл сөздер қазір мал шаруашылығына байланысты әдебиеттерде орнығып келеді. Осы күнгі әдеби тілде айтылатын *зембіл* (жүк көтергіш құрал), *арасан суы* (минерал суы), *жейде* (ер адамның көйлегі), *пәрменді* (қарқынды), *мүдежат*, *немелтай* (шөберенін балалары), *ұжым* (ұйым), *кеден* (таможня) т. б. жергілікті халық тілінен ауысып кірген сөздер. Бұлар негізінде этнографиялық диалектизмдерге жатады. Ал әдеби тілде жоқ ұғымдарды білдіріп, лексиканы байытатын кәсіби сөздердің көпшілігі кәсіби-диалектілік сипатта екенін ескерсек, әдеби тіл лексикасын толықтыратын қордың бір көзі диалектілерде (говорларда) жатқанын аңғару қиын емес.

Диалектілік сөздердің көркем әдебиетте атқаратын стильдік қызметі кейіпкерлер тілінде қолданылып, шығарманың тілдік бояуын (колоритін) күшейтумен байланысты. Кейбір жазушылар сипаттап отырған кейіпкері айтатын сөздерде диалектизмдерді әдейі қолданады. Бұл — жазушының кейіпкерін неғұрлым нанымды, жан-жақты сипаттауына мүмкіндік береді. М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Жансүгіров, Ә. Сәрсенбаев, Ғ. Орманов, К. Әбдіқадыров, Ә. Нұрпейісов т. б. ақын-жазушылар диалектілік сөздерді бейнелеу тәсілдерінің бір түрі ретінде шебер пайдаланған. Мысалы: — *Сен тағын, тағын бастадың ба?!*

*Каниша ұрмет қысам да бармай-ақ қойдың ғой, жүдә* (М. Әуезов). — *Келің, келің!* — деп қол бұлғап тұрған сатушы. — *Шытпұрыш, етпұрыш, галлапұрыш, ләттәпұрыш, жіппұрыш. Жан алып, жан беріп, оңешін кептіріп айқайды салып тұр, әйтеуір алушы табу* (К. Әбдіқадыров). *Екі-екіден қатар тұрған жігіттер балық талы носилкаларды көтеріп әкеліп, шалаңдағы терең шаңдарға төгіп жүр* (Ә. Сәрсенбаев). Дегенмен, жергілікті сөздерді көркем әдебиетте орынсыз қолдану, мәселен, автордың өз атынан айтылатын баяндауларда шамадан тыс тықпалай беру шығарманың көркемдік әріне нұксан келтіреді.

Диалектілік лексика казактын жалпыұлттық лексикасының бір саласы болып табылады. Бірақ оның таралған, қолданылатын аумағы шектеулі, жалпыхалықтық сөздердей кең тармаған. Казак диалектілері мен говорларының басқа түркі тілдерінің диалектілері мен говорларынан басты бір ерекшелігі ең алдымен лексикалық диалектизмдерден, олардың молдығынан көрінеді. Диалектілік сөздерді әлеумет, табиғат, адам өмірінің барлық жағына байланысты кездестіруге болады. Диалектілік сөздер жайында арнайы диалектологиялық сөздіктер жасалған. Ал түсіндірме және басқа сөздіктерде берілген жағдайда *диал.* немесе *жерг.* деген ескерту белгілермен ажыратылып отырады.

### § 36. Арнаулы лексика және оның қызметі

Арнаулы лексика дегеніміз қоғамдағы өзара ыңғайлас әр түрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, қызметіне, шұғылданатын кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздері мен сөз қолданыстары (сөйлемше я сөз тіркестері). Арнаулы лексика жалпыұлттық лексиканың құрамына кіреді, бірақ оның да қолданылуы диалектизмдер сияқты шектеулі. Солай бола тұра оны диалектизмдермен шатастыруға болмайды. Диалектизмдердің шектелуінде территориялық сипат болса, арнаулы лексиканың шектелуінде әлеуметтік сипат бар.

Арнаулы лексика екі салаға бөлінеді:

а) кәсіби терминология, ә) кәсіби сөздер.

**1. Кәсіби терминология** дегеніміз ғылым, техника, өндіріс т. б. саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын дәл білдіру үшін жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Демек, термин сөздердің термин емес кез келген сөздерден ең басты айырмасы ғылым, техника т. б. саласындағы арнаулы ұғымдарды дәл анықтап білдіретіндігінде.

Терминдердің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Терминдер негізінен бір дара ұғымды нақты білдіретіндіктен, көбінесе бір мағыналы болып келеді.

Сонымен қатар өз мәнінде терминдерде стильдік эмоциялық мән болмайды. Терминдердің мағынасы жылжымалы, өзгермелі емес, әрқашан тұрақты болады да, ғылым мен техниканың бір саласына меншіктеліп, соған түпкілікті қызмет атқарады. Сондықтан терминдер жалпылама ортақ сөздерден ерекшеленіп, арнаулы сөздер тобына жатқызылады.

Қазақ тіліндегі кәсіби терминология негізінен екі түрлі жолмен жасалған (Ол жайында § 32-те кең айтылған, бұл жерде тақырыптың ретіне қарай тек жеке мысалдар келтірумен шектелеміз).

1) Қазақ сөздерінен әр түрлі тәсіл арқылы жасалған терминдер: *өркеніет* — цивилизация, *ғарыш* — космос, *мәртебе* — статус, *елтаңба* — герб, *сынақ* — зачет, *төлдеме* — окота, *тербеліс* — колебание, *бәлшек сауда* — розничная торговля, *жолсапар* — командировка, *жаңғырту* — реставрация, *жерсіндіру* — акклиматизация, есімнама — персоналий, *қондырғы* — установка, *таспа* — лента, *мүшелтой* — юбилей, *сазқұндыз* — нутрия, *сәулеткер* — зодчий т. б.

2) Орыс тілінен қабылданған, қазақша баламалары жоқ ғылым, техника т. б. саласындағы интернационалдық арнаулы терминдер. Мысалы: математика терминдері: *логарифм*, *квадрат*, *куб*, *аксиома*, *трапеция*, *синус*, *косинус*, *радиус*, *котангенс*, *биссектриса*, *теорема*, *коэффициент* т. б. Физика терминдері: *вольт*, *ампер*, *амплитуда*, *генератор*, *монокль*, *квант*, *вектор*, *оптика*, *гидромеханика* т. б. Химия терминдері: *катализ*, *индикатор*, *аммиак*, *азон*, *бром*, *сульфат*, *коллоид*, *гидрат* т. б. География терминдері: *материк*, *глобус*, *планета*, *циклон*, *меридиан*, *оазис*, *экватор*, *полюс*, *архипелаг*, *масштаб*, *климат*, *тайфун*, *муссон*, *карта* т. б. Спорт терминдері: *боксер*, *атлетика*, *футбол*, *волейбол*, *баскетбол*, *штанга*, *спартакиада*, *теннис*, *физкультура*, *стадион*, *шахматист*, *хоккеист*, *акробат*, *акробатика* т. б. Қоғамдық-саяси терминдер: *девальвация*, *ремилитаризация*, *неоколониализм* т. б. Әдебиет және өнер терминдері: *театр*, *поэзия*, *сатира*, *опера*, *драма*, *комедия*, *роман*, *эпос*, *образ*, *филармония*, *консерватория*, *актер*, *либретто*, *дирижер*, *режиссер*, *пьеса* т. б. Лингвистика терминдері: *орфография*, *фонема*, *морфема*, *фраза*, *идиома*, *эвфемизм*, *табу*, *синоним*, *антоним*, *акцент*, *архаизм* т. б. Медицина терминдері: *хирургия*, *аптека*, *терапевт*, *амбулатория*, *диагноз*, *рентгенолог*, *фармацевт*, *процедура*, *препарат*, *кардиограмма*, *массаж*, *поликлиника*, *рецепт*, *диабет* т. б. Биология терминдері: *белок*, *протоплазма*, *аквариум*, *клетка*, *ткань*, *микроб*, *гибрид*, *ядро* т. б.

Интернационалдық терминдердің бірқатары жиі қолданылу нәтижесінде тек кәсіби-терминдік дәрежеде қалмай,

жалпыхатықтық деңгейге көтерілген. Мысалы, қоғамдық-саяси терминдер: *революция, демократия, конституция, республика, социализм, партия*; әдебиет пен өнер терминдері: *театр, поэзия, опера, драма, роман*; лингвистика терминдері: *грамматика, лексика, фонетика, орфография, фраза, синоним*; медицина терминдері: *операция, хирургия, аптека, поликлиника*; ғылым атаулары: *ботаника, алгебра, геометрия, химия, физика*; әскери атаулар: *командир, солдат, офицер, генерал, танк, бомба* т. б. терминдерді қалың көпшілік қолданады.

Бір тілдің шеңберінде қолданылатын терминдердің жиынтығы терминология деп аталады. Терминология әдеби тіл лексикасының бір саласы болып табылады. Қазақ терминологиясы қазіргі таңда жан-жақты қарастырылып, қауырт жиналып терілуде. Терминдердің отыздан аса сөздігі басылып, шықты. Дегенмен, қазақ терминологиясы әлі де байсалды түрде үніле қарап, тереңірек зерттеуді қажет етеді.

**2. Кәсіби сөздер.** Арнаулы сөздердің бір түрі — кәсіби сөздерге жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі кәсіп я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылып, соларға түсінікті сөздер мен сөз тіркестері жатады. Мысалы, балық шаруашылығына байланысты *қабадан ау* (талдан иіп жасалған аудың бір түрі), *ақанишы* (қызыл балық аулаушы адам), *инелік* (ау тоқитын ағаш ине), *азына* (адам отыру үшін қайыққа салынған көлденен тактай) т. б. сөздер осы кәсіппен айналыспаған басқа жердің адамдарына түсініксіз. Бұл жағынан кәсіби сөздер термин сөздерге жақын. Термин сөздерді белгілі бір ғылым, техника саласындағы мамандар ғана болмаса, басқа көпшілік қолданбайды. Бірақ ол екеуінің жасалуында түбірлі айырмашылығы бар. Термин сөздер ғылым, техника салаларының дамуына байланысты ғалымдар, мамандар жасап қалыптастырған сөздер. Ал кәсіби сөздер олай емес, белгілі кәсіп түрлерімен шұғылдануға байланысты жергілікті халықтың өз арасында туған сөздер. Кәсіби сөздерді белгілі бір территорияны мекендеуші тұрғындар қолданса, терминдердің қолданылуында ондай территориялық шек болмайды. Термин сөздер әдеби тіл лексикасының құрамына кіреді, ал кәсіби сөздердің бәрі бірдей оған кіре бермейді.

Қазақ тілінде кәсіби сөз мол кездеседі. Оларды кәсіби-өндірістік мәніне қарай, екі үлкен салаға бөлуге болады. Бір саласы әр түрлі *шағын кәсіпке* (балташылық, ұсталық, өрімшілік, тоқымашылық, зергерлік, ою-өрнек т. б.) байланысты сөздер. Мысалы, темір ұстасының құрал атаулары: *тариқ, балта* (жүзі келір-бұдыр балта), *керме ара* (жүзінің ортасында

тірегіші бар ара), *пышқы* (араның бір түрі), *шербек* (үлкен ара), *аталғы* (ойық жүзді шот), *ыңғуыр* (ағаш оятын құрал), *үскі* (кереге көгін тесуге арналған біз), *тышуыр* (бұрап тесетін құрал), *пәрбі* (шойын тескіш), *сапсалғы* (шаттауық), *аттіс* (темір қысатын аспап), *кемпірауыз* (балықауыз), атауыз (шеге суырғыш құрал) т. б.

Кәсіби сөздердің екінші саласы ірі кәсіпшілікке байланысты. Оған мал, астық, балық, аңшылық, бау-бақша, күріш, темекі, мақта, қызылша шаруашылықтарына байланысты арнаулы сөздер жатады. Мысалы, мақтаға байланысты сөздер: *қоза* (мақта өсімдігі), *шиіт* (мактаның тұқымы), *ақ шиіт* (түгі алынбаған түбітті шиіт), *терімші* (мақта теруші), *арам шақа* (мақта бермейтін бұтақ), *балдақ* (мактаның сабағы), *көсек* (мақта дәнінің қабығы), *құлақ* (мақта қауашағының бір бөлігі), *пәрік* (мақта жапырағы), *өсім су* (мақтаға берілетін екінші су), *ызғар су* (мақтаға берілетін бірінші су), *шиіт майы* (мақта майы) т. б.

Кәсіби сөздер таралу сипаты жағынан да біркелкі емес. Осыған орай кәсіби сөздер екі топқа бөлінеді: жалпыхалықтық кәсіби сөздер, диалектілік (говорлық) кәсіби сөздер.

Жалпыхалықтық кәсіби сөздерге бүкіл халық тілінде қолданылып, әдеби тіл лексикасына еніп кеткен сөздер жатады. Бұларға ертеден белгілі *жүгері*, *қарбыз*, *арпа*, *бидай*, *сұлы*, *мақта*, *шортан*, *табан*, *жайын* т. б. сөздерді былай қойғанда, неғұрлым кейін тараған *дақыл*, *беде*, *танап*, *қошет*, *атыз*, *қомей*, *қияр* т. б. сөздерді жатқызуға болады.

Диалектілік (говорлық) кәсіби сөздерге белгілі бір аймақ (облыс, аудан) көлеміндегі кәсіпке катысты, негізінен, сол жердің тұрғындары ғана қолданатын сөздер жатады. Мұндай кәсіби сөздер белгілі бір жерде ғана айтылып, таралу аймағы шектеулі болғандықтан, диалектілік (говорлық) сөздерге ұқсайды. Әдетте ондай сөздердің таралу шегі белгілі бір диалект я говор көлемімен деңгейлес келіп отырады. Диалектілік кәсіби сөздердің бірқатарының әдеби тілде жалпыхалықтық баламалары бар: *аскелді* — әдеби *асқабақ*; *бөдірең* — әд. *қияр*; *қомбеқонақ*, *борми* / *порми* — әд. *жүгері* т. б. Сол себепті мұндай сөздер әдеби тілге енбейді. Ал диалектілік кәсіби сөздердің көбінде әдеби балама жоқ, жалпыхалықтық қолданыста болмағандықтан, әлі әдеби тілге енбей келеді. Мысалы, жер суландыруға байланысты үлкен арық атаулары: *айғыр жап*, *әнер*, *желке арық*, *қазына арық*, *оман арық*, *өстен арық*; кішкене арық атаулары: *бал*, *бау арық*, *жап*, *жандарма*, *желі*, *жоя*, *жүйек*, *қарық*, *қол арық*, *қол жап*, *қолшық*, *құлақ арық* т. б.;

Егінге берілетін су атаулары: *жер суы*, *топырақ суы*, *сарын*

суы, қайырма су, дән су, ызғар су, көгеріс суы, қайрақ суы; су өлшемінiң атаулары: құлақ су, баспа құлақ су, шыбыш құлақ су, бiр иiн су, шiрек иiн су, күдерi су, қарғың су, қара су т. б.<sup>1</sup>

Бидай атаулары: ақ тон, бақал, бойдақ бидай, ет бидай, жауша, көкзеңгер, көкнайза, қобаң бидай, қодыран / қодірең, сүт бидай, бал бидай, ұраш т. б.;

Тары атаулары: байдербіс, көгаласақал, бозмұрт, алағарын тары, қамба зорат, поштабай, тары, шаршау тары, шая т. б.;

Балық атаулары: ақауыз, айнакөз, қарагөз, ақтауша, ақтыран, жалтай, көкбас, көкжон, көклак, құлтым балық, құттыбалық, қылағай, қылышбалық, мөңке, мұңғұрт, өгізай, тақаз, тауан, торман, сыла т. б.;

Түйе атаулары: жөң, алаша, жампоз, балқоспақ, жарбай, кезөркеш, кердері, күрт / көрт, кісе қоспақ, мырза қоспақ, көпін / күйін, алмас өркеш, қара тұқай / қара тұяқ, аңырайма т. б.;

Бау-бақша атаулары: қажасқабақ, палаукеді, шөмішқалақ, нас кеді, тасқабақ, әңгелек, жамбырша, жәмбілше, дәмбілше, жәмше, болболды, басыбалды, жегелек, күләбі, кемпір қауын, күлән, патсайы, торлама, әміре қауын, қызыл ұрық, тартар, шыртылдақ әміре т. б.;

Қызылшаға байланысты атаулар: ас қызылша, еркек қызылша, сірне, түбіртеқ, тоспа, тұқым жарнағы, қағат, өркін, томыр жеміс т. б. Темекіге байланысты атаулар: булықтыру, бүркеніш, жал, жиым, жіп, көңхана, құлақ жұлу, маты, сағақ, тізбек, тікқұлақ т. б.<sup>2</sup>

Бұл сияқты сөздер кәсіп, мамандықтың басқа түрлеріне байланысты да көптеп кездеседі. Қазақ тіл мамандарының алдында сөз байлығының бір саласы кәсіби сөздерді жинап-теріп, жұртшылықтың көдесіне асыру міндеті тұр.

### § 37. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері


Сөйлеу я жазу үстінде сөз қалай болса солай қолданылмайды. Адам қашанда өзінің айтайын деген ойына, мақсатына лайық сөздерді халықтық лексикадан іріктеп, таттап-тандап қолдануға тырысады. Мысалы, сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде айтылуы мен жазба тілде қолданылуы бірдей емес. Жазба тілде ой әр стильдің өзіне тән, оған телінді

<sup>1</sup> Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы, 1989, 73–75 беттер.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 78–84, 90-беттер.

сөздерімен жүйеленіп, бір беткей баяндалып отырса, сөйлеу тілінде тындаушыларға лайықталып, жазба тілдік үлгіден ауытқып отырады. Сол сияқты қарапайым заттық-логикалық ұғымы бар сөздер мен адамның сезіміне әсер ететін бояулы-мәнерлі сөздердің стильдік қызметі де бір-бірінен ерекше. Осыдан барып сөздердің функционалдық-стильдік қызметіне байланысты түрлері пайда болады. Сөздердің қызметіне қарай жіктелуі функционалдық стильдердің түрлерімен үйлес келіп отырады. Стильдің әр саласында сөзді қолданудың қалыптасқан үйреншікті орны, үлгісі болады. Әр сөз өзінің дағдыты орнында тап басып қолдануды талап етеді.

Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлерін мынадай кестемен көрсетуге болады:



Тілдегі функционалдық стильдер іштей сараланып, әлденешеге бөлінгенімен, тіпті де бір-бірінен ашак жатқан, кереғар дүние емес, олар өзара байланысты, ара жігі жылжымалы.

Стильдің бір түрінен басқа стильдерге тән сөз қолданыстарды кездестіруге болады. Функционалдық-стильдік салалардың негізінде жалпыхалықтық лексика жатыр. Мәселе сол жалпыхалықтық лексиканың қалай, қандай мақсатта қолданылуына байланысты.

### § 38. Стильаралық бейтарап лексика

Стильаралық лексикаға функционалдық стильдердің ешқайсысына да жатқызуға болмайтын сөздер жатады. Мысалы, нақты заттар мен құбылыстарды білдіретін: *еңбек, күнкөріс, кемшілік, көпшілік, ауа райы, банк, базар, келісім, саудасаттық, көше, кітап, жаратылыс, трамвай, машина, жәрдем, пенсия, қоғам, ғылым* т. б.; белгі, сапа, қасиетті білдіретін: *байыпты, икемді, пайдалы, зиянды, сулы, таулы, малды, даусыз, білімді, қоғамдық, азаматтық, пікірлес, қызметтес, жатық, ширақ, ортақ, өнерпаз, мәдени, алғыр, білгір* т. б.; қимыл-әрекетті білдіретін: *көтеру, аудару, күресу, қуану, ренжу, жарқырау, күркіреу, илану, ойлау, ілгерілеу, ұмтылу, жаңару, сауығу, мойындау, жүгендеу, есептеу* т. б. Жалпыхалықтық сөздердің стильаралық сипаты бар. Бұл тәрізді сөздер функционалдық стильдердің бәрінде де қолданылады, олардың қолданылуына стиль жағынан шек коюға болмайды. Керісінше, көптеген сөздер белгілі бір стильге телулі болады да, қолданылуы жағынан шектеліп отырады. Мысалы: *тағайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді, түсініктеме* — ресми іс қағаздар стилінде; *ағымдағы істер, ақпарат хабарлар, ресми сапар, алдыңғы қатардағы, көпшілік қолды* — публицистикалық стильде; *гербарий, жылу энергиясы, сингармонизм, дифтонг, қатты дене, гамма-сәуле, молекула, ерітінді* — ғылыми стильде қолданылатын сөздер болып табылады.

Бұл айтылғандардан стильаралық лексиканың жалпылық, ал функционалдық стильдердің шектеулі сипаты бар екенін көреміз. Стильаралық сөздер нақты бір стиль дәрежесінде емес, стильдердің бәріне қатысты болғандықтан, **бейтарап лексика** деп те аталады. Стильаралық бейтарап лексика өзінің осындай қасиеттеріне байланысты функционалдық стильдерден ерекшеленіп отырады.

Стильаралық сөздер сөйлеу тілінде болсын, жазба тілде болсын қолданылатын лексиканың негізін қалайды. Оларсыз ауызша, болмаса жазбаша қарым-қатынас жасау мүмкін емес. Функционалдық стильдердің қай-қайсысы болсын тек өздеріне тән, қолданылуы шектеулі сөздерден тұрмайды, керісінше, олар-

дың сөздігі стильаралық лексикаға негізделеді. Ал кейбір функционалдық стильдерде, мысалы, осы күнгі ауызекі сөйлеу стилі мен публицистикалық стильде, бейтарап лексика жиі қолданылады.

Стильаралық лексиканың басқа функционалдық стильдердің лексикасынан негізгі айырмашылығы зат, құбылыс, сапа, қасиет, іс-әрекет, атауларын қарапайым, нақты қалпында білдіретіндігінде. Негізінен алғанда, зат, құбылыстарды, олардың қасиеттерін бейнелеп, мәнерлеп қолдану стильаралық стильге тән емес. Дегенмен, сөздің негізгі заттық-логикалық мағынасына байланысты оның кейбір экспрессивті сипатын білдіруі мүмкін. Мысалы, *дәулет* «байлық, қазына, дүние-мүлік» сияқты негізгі заттық мағынасынан басқа «бақ, ырыс» деген қосатқы мағынаға да ие. *Дәуір* сөзі «тарихи кезең» деген негізгі мағынасынан басқа «дегені болып, билігі жүріп тұрған кез» деген туынды мағынаға ие.

### § 39. Сөйлеу тілінің лексикасы

Сөйлеу тілі лексикасына функционалдық сөйлеу стиліне тән сөздер жатады. Сөйлеу лексикасының өзіндік ерекшелігі бар. Оған қатысты сөздер: 1) адамның күнделікті тікелей қарым-қатынасы кезінде, емін-еркін сұқбат әңгіме үстінде қолданылады, 2) алдыната ойтанылып сұрыпталмай, сөйлеу үстінде әңгіменің желісіне қарай туып отырады, 3) тақырыптық аясы өте кең, яғни тақырып жағынан шек қойылмайды, қоғам, табиғат, адам өмірінің барлық жағын да қамтуы мүмкін.

Сөйлеу стилінің лексикасы лексика-семантикалық, экспрессивтік-стилистикалық сипаты жағынан өз ішінде бірыңғай емес. Сондықтан іштей мынадай топтарға бөлінеді: 1) тұрмыстық-қарапайым лексика, 2) варваризмдер, 3) әдеби-сөйлеу лексикасы.

**1. Тұрмыстық-қарапайым лексика.** Бұған күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздер жатады. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дөрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі. Мысалы, оған кемсітіп, мұқатуды, жаратпауды білдіретін: *қортық, мыртық, қатын, су мұрын, салпаң құлақ, шүйкебас, қысық мойын, төмен етек, салпы етек, боз өкпе, сарайған сорлы, сүмелек, таз, шойнақ, тажал, жаман неме, байқұс, қылқию, шілтию, тәлтию, шалжию, жалпию, талтию* т. б. сөздер; мысқыл-мазақ мәніндегі: *шолжақай, ерке тотай, бос белбеу,*

шикіл сары, құлқын сары, аттеріс, қайным, о қасқа, ұрит соқ-соқ, домалақ арыз, тәйірі, көкір-шүкір, бықсық, қитұрқы, рақатизм, селтеңбай, жыртақай, қазақбайски т. б.; тұрпайы, дөрекі мәнді: қақбас, ит неме, иттің күшігі, бетім-ай, қарабет, көкайы, былшылдама, кет ары, миғұла, лағыт кетті, қызыл та-нау болды, сазаыи берді, қарны қабақтай, бұты таяқтай т. б.; қарғыс мәнді: адыра қалғыр, атың өшкір, бықпырт тигір, тіліңе шоқ түскір, көзің шықсын, құрдым кет, өз обалың өзіңе, атаңа нәлет, көріңде өкіргір, құдай атсын, садағаң кетсін, пышаққа ілінгір, топалаң келгір, қасқыр жегір, шаңырағың ортаңа түссін т. б.; алғыс-тілек мәнді: жолың болғыр, көп жасағыр, тәңір жарылқасын, тілеуің берсін, жасың ұзақ болсын, көсегең көгерсін, бала-шағаңның игілігін көр, құдай сақтасын, алла жар болсын, жағың түсіп, жамандық көрме, о тоба, жарылқай көр т. б. сөздер мен тұрақты сөз тіркестері жатады.

Тұрмыстық сөздер мен карапайым сөздер бір-біріне өте-мөте ұқсас, бұлардың арасына шек қойып ажыратудың өзі кейде тым қиынға соғады. Мысалы: Бензиннің литрі үш тиын болғанда, көшеде сатылатын көгәлжім судың стаканы үш тиын балатын не жөні бар (Ғ. Мүсірепов). Әйтеуір бала-шағаға нәпақа ізден жүрміз ғой (Ғ. Мұстафин). Ұры, жас жетім шпалалармен бірге оқып, балаларымыз үйіміздегі нанды ұрлайтын болды (С. Адамбеков). Жетісудан болсаң, тоңғанның әкесін сонда көрер едің (І. Жансүгіров). Медетов жайлы өсек сөз, домалақ арыз бес жылдан бері жазылып келеді («Лен. жас»). Еркек сары жаттанды сөздерін «үйіп-төгіп» айтып келеді де, «тоқ етерін» шорт кесті (С. Талжанов). Мен шақырады де, қазақтың ырым-жырым, ұят-суытын қойсын (М. Әуезов). Осындағы курсивпен көрсетілген сөздердің бәрі сөйлеу тіліне жатады. Бұл тәріздес сөздерді әдеби тілде қолдану қолайсыздау. Алайда, қайсысы тұрмыстық сөздер, қайсысы карапайым сөздер екендігін ажырату онша оңай шаруа емес, сол себепті бұлар бірге қаралып отыр. Сөйлеу тілінде ер адамды кемсіткісі келгенде — бұтында шалбары бар, бөрік киген, әйелді кеміткенде — басында жаулығы бар дейді. Қолік дегеннің орнына бұт арттар немесе аяқ арттар, киімнің орнына қабық немесе жабу, өтпейтін пышақты — қырғыш, кір киімді — тұтқыш, арақ дегеннің орнына ақмағамбет, тентек су, көк су, жыңды су, қолынан ештеңе келмейтін адамды — қарақшы, бойы аласа адамды — мыртық, қортық, ергежейлі, өте арыған атты — тулақ, ыңыршағы шыққан, әбден жүдеген адамды — тірі аруақ, жас баланы — шікі өкпе, жас әйелді — шүйке бас, төмен етек, ұзын етек деудің бәрі де қазақ тіліндегі карапайым сөздердің нұсқалары. Бұлардың бірте-біреуі әдеби тілде қолданылмайды. Карапай-

ым сөздер мен тұрмыстық сөздердің әлденеше түрлері фразалық тіркесте де баршылық. Мысалы: *ауыз шайымға келмейді, сіңбіруге қолы тимейді, түкке тұрғысыз, бетінің кірі бес елі, түк емес, бетінің арын бес токті, соқырға таяқ ұстатқандай, бит терісінен биялай тоқиды, битін сығып, қанын жалап отыр, ит мініп, ирек қамшылағандай болды, болар бала бөгінан, кісі өлгендей болды, жау шауып кеткендей, жылан жалағандай* т. б. Әдеби тілде бұлардың орнына неғұрлым жағымды да сыпайы, неғұрлым стильдік мәні жағынан бейтарап деген синонимдер жұмсалады.

2. Варваризмдер тілге етене болып сінбеген соншалықты зәрулігі жоқ бөтен тілдің сөзі деген ұғымды білдіреді. Варваризмдерді қолданудың әр түрлі жолдары бар:

1) Кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бейнелеу мақсатымен варваризмдер саналы түрде әдейі қолданылады. Мәселен, неміс халқының өмірін суреттегенде *фрау, кухен, кайзер* сияқты сөздерді, ағылшын өмірін суреттегенде *сэр, мистер* тәрізді сөздерді, француз өмірін суреттегенде *мадам, франк, мосье* сияқты сөздерді, Орта Азия халықтарының өмірін суреттегенде *чайхана, шашлық, пәранжа, қышпақ* тәрізді сөздерді қолдану орынды деп есептеледі.

2) Тындаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін халық ақындары да варваризмдерді пайдаланады. Мысалы:

Қалкатай, *кари* *глаз* екі көзің,  
Никогда не забуду айтқан сөзің.  
*Третий, второй*лар толып жатыр,  
Ойласам как *родился* сенің өзін? (Ақан сері).  
Астыма мінген атым *гнедушка*,  
Шабамын көңіл ашып *немношка*,  
*Не стоит на свете жить* етуге  
Азырақ ойнап-күлмей *молодушка* («Он алты қыз»).

3) Өзге тілдегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиын тиген жағдайда, варваризмдер сол қалпында ешбір өзгертілмей алынады. Мәселен, Абай шығармаларында қазақ тіліне сінбеген мынадай орыс сөздері кездеседі: *визит, виноват, военный, образование, уезный, начальник, военный губернатор, назначение, впечатлительность сердца, закон, судья, занимайся прямою, уголовный, дознание, коренной, подвижный, элемент, посредник, прошение, самородный, счет, такт* т. б. Сол сияқты Абай шығармаларында араб-парсы тілдеріне тән сөз тіркестері де сол қалпында келтіріледі. Мысалы: *ағләмланған фиғлы хұда* (атланың салған ақ ісі), *алла табарәкә уа тағала* (жарылқаушы

және ұлы төңірі), *әддүния мәзрәгәтүл ақирәт* (бұл дүние ақиреттің — егіні, азығы), *саллаллаһу гәләһи уәссәләм* (алланың сәлемі мен рахметі болғыр), *хайірун-нас мән янфәғұн-нас* (адамшылықтың абзалы — адамға пайда келтірген) т. б.

4) Варваризмдер кейде қоғамдағы жағымсыз жексұрын типтерді халыққа мазақ етіп келемеждеу үшін де қолданылады. Мысалы:

Барымта мен партия  
Бәрі мастық, жұрт құмар.  
Сыпыра елірме, сұркия  
Көп *пияншік* нені ұғар (Абай).  
Нәпіл түгіл, намазы  
Бәрі желге кетеді.  
«*Еннатайына кәлкаусар*»,  
*Пошол* дереу күнөкар,  
Аяғын ойлап айтқаны,  
«*Әні-шаны құлаптар*» (Абай).

Абайдың алғашқы шумақ өленіндегі *пияншік* деген орыс сөзі ел ішінде бүлік салып, кулық-сұмдықты кәсіп еткен сұркияларды мысқылдап, жұртқа мазақ етіп көрсету үшін пайдаланылған. Соңғы шумақтағы варваризмдердің қолдану арқылы ұлы ақын құранның ең оңай деген бір ауыз сүресін де жаттай алмай, бірді-бірге бытыстырып, өз-өзінен әлек болып жүрген надан байларды сықақ етпек болған. Мұндағы *енна-тайына кәлкаусар* деген сөз — арабша *инна агтайна кә әлкәусәр* (кәусар суын саған береміз) деген сөзінің әбден бұзылған түрі. *Әні-шаны құлаптар* дегені арабша *иннә шәниәжа һуал абтар* (олай болмаса бәрінен сымпиып бос қаласын) сөзінің бұрмаланған түрі. Бұлардың арасында орыстың *пошол* сөзінің жүруі бірді айтып, бірге кетіп отырған қас наданның бейнесін көрсетуі еді. Абайдағы *мәліш* (мелочь) сөзі де осындай мақсатпен қолданылған.

5. Ана тілін білуге мән бермей, оған жүрдім-бардым қарап, тіл шұбарлаушыларды келемеждеу үшін де жазушылар варваризмдерді жиі пайдаланады. Мысалы: Осы *наметит еткен* жұмыстардан *реальный* еш нәрсені жарыққа шығара алмадық (І. Жансүгіров). Марфуға. *Вечно* сендер маған күлесіндер. *Попробуй* қатын болып мұндай күнде тамақ тасуға. Марфуға. *Не хорошо! Заниматься* етсем, орыс грамматикасын *как нибудь* білуге болады. Ал қазақ тілімен миды ашытқанды, *просто не терпимо!*... Марфуға. Әнуар *перестанешь* или нет. Ну, *хорошо*, жүргісі келмейді, ажырасты, *что в этом зазорного*. Марфуға. *Папам звонить* етті. Мен оған сені Алматыға қалдыруға бір

*шишкамен сөйлес десеп, оказывається сен өзін колхозға барамын деп настаивать етіпсің ғой?! (К. Мұхамеджанов).*

Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып тіл шұбарлайтын варваризмдер де осылармен тектес: *конечно, значит, что вы, давай, ну-ка, айда* т. б.

**3. Ауызша әдеби сөйлеу лексикасы.** Сөйлеу тілінің лексикасы тек тұрмыстық-қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерден, болмаса соларға жақын варваризмдерден тұрмайды. Адамдардың күнделікті қарым-қатынасы қарапайым-тұрмыстық деңгейде ғана бола бермейді, өмірдің әр түрлі жағын қамтиды. Осыған орай сөйлеу лексикасында тұрмыстық-қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерден басқа әдеби (кітаби) сөздер де аз қолданылмайды. Олардың қолданылу дәрежесі сұқбаттасушы адамдардың ой-өрісінің кеңдігіне, инабатты, салиқалы, салауаттылығына байланысты. Мәдениеті жоғары, білімді, парасатты адамдар ауызекі сөйлегенде әдеби тілдің нормалық белгілерін сақтап, тұрпайы, дөрекі, былапыт сөздерді араластырмай, өз ойын мәдениетті түрде жеткізіп отыруға дағдыланады. Ондай адамдардың ауызша сөйлеу мәдениеті сақалуы төмен, дөрекі адамдардың сөйлеуінен әлдеқайда жоғары.

Ауызша әдеби сөйлеу адамдардың әр түрлі тақырыпта өзара сұқбаттасуынан басқа лекция оқыған кезде, интервью бергенде, теледидардан сөйлегенде қолданылады. Бірақ ауызша әдеби сөйлеу лексикасының қолданылу реті оның кітаби (жазба) түрімен тіпті де бірдей деуге болмайды. Біріншіден, қаншама мәдениетті сөйлегеннің өзінде ауызша тілге тән ерекшеліктер (адамның бет, қол қимылының араласып отыруы, екпін, интонацияның құбылып отыруы, үзіліс, кідіріс (пауза) жасалып отыруы т. б.) қалайда қатысып отырады. Бұлар жазба нұсқаларда мүмкіндігінше тыныс белгілері арқылы көрсетіліп отырады. Екіншіден, ауызша әдеби сөйлеуде жазба әдеби тілде көп кездесетін абстракт сөздер мен арнаулы терминдер аз қолданылады. Сөйлеуші өз ойын тыңдаушыға тым күрделендірмей, ұғымды, түсінікті жеткізуге тырысады. Дегенмен, онда кейбір қарапайым-тұрмыстық сөздер (мысалы: *лағып кету, тәйірі, бәсе, бәрекелді, бықсық, қитұрқы* т. б.) орын алуы мүмкін, бірақ дөрекі, тұрпайы сөздер қолданылмауға тиіс. Үшіншіден, ауызша сөйлегенде сөздердің орын тәртібі жазба тілдегідей қатан сақтала бермейді. Баяндаушы бастауышынан бұрын, анықтаушы анықтайтын сөзінен кейін т. б. келе беру мүмкін. Сөйлемнің толық айтылмай қысқарып, ықшамдалып, толымсыз түрде айтылуы жиі кездеседі.

Ауызша сөйлеу тілінің бұл сияқты ерекшеліктерін мынадай үзінді мысалдардан байқауға болады.

1. — Сен бөлініп кетпегенде ақ марал құтылмайтын еді! — дей салды.

— Е, ол маған да кездесті. Жан-жануар болып жаралғанның сұлуы екен. Елу қадам жерден шілік арасынан атылып шығып еді, құмадым.

Ұлпан алғысты көзімен Мүсірептің жүзін бір сипап өтті.

— Мен иттерімді адал жан-жануарға ауыздандырмай жүрмін. Сонша сұлу жаралғанда, итке талатып, қанға бояп соғып алуды обалсынамын. Менің құмарым қасқыр мен түлкі ғой...

«Шының ба? Нағып?» — дегендей Ұлпанның аз ғана күлімдеген көздері жарқ етіп, Мүсірепке қарай тағы бір серпіліп қалды (Ғ. Мүсірепов).

2. — Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзіңде, пәруәрдігер, — деп Байтас бабын таба алмай басын шайқайды.

Жұмабай әбден болмаған соң:

— Қап, мынаның баласы!... «Мен бөрінің бөлтірігімін» деп келеді-ау. Кой, не де болса қалмайық енді. Байтас жүр! — деп шаба жөнелді (М. Әуезов).

Келтірілген текстер ауызекі сөйлеу тіліне тән диалог түрінде құрылған. Онда тұрмыстық-қарапайым сөз қолданыстар (е, қап, ау сияқты одағай сөздер, шының ба, нағып, бала деген, пәруәрдігер, қой т. б.), ықшамдалған толымсыз сөйлемдер кездеседі.

## § 40. Кітаби лексика

Қазақ тіл білімінде «кітаби лексика» деген ұғым тек өткен дәуірлердегі жазба әдеби тілде («кітаби тілде») қолданылған сөздер мәнінде түсіндіріліп келеді<sup>1</sup>. Бұл мағынада «кітаби лексика» термині қазіргі жазба әдеби тіл лексикасынан ерекшелеп, ертедегі жазба әдеби тіл дәстүріндегі лексиканы білдіру мақсатында шартты түрде қабылданған еді. Шын мәнінде, «кітаби лексика» термині жалпы жазба тілде (әдебиетте) қолданылатын сөздерді білдіреді. Жазба тілсіз әдебиет, жазба әдеби тіл болмайтыны белгілі. Демек, жазба тілде қолданылатын сөздер әдеби лексикаға жатады. Кітаби лексика дегеніміз әдеби лексика. Әрине, әдеби тіл дамуының барлық дәуірлерінде әдеби лексика бірдей болуы мүмкін емес, сол себепті ол өзінің даму, қалыптасу тенденциясына қарай іштей жіктеліп отырады. Мәселен, қазақ тіліндегі кітаби лексика тарихи және қазіргі тұрғыдан екі салаға бөлінеді: 1) ескі дәуірдегі кітаби лексика, 2) қазіргі кітаби лексика.

<sup>1</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, Алматы, 1975, 160-бет.

Бірақ қай дәуірдегі әдеби тіл болмасын, онда сөз қолдану-да қалыптасқан нормалық белгілердің болуы, стиль жағынан саралануы шарт. Бұл шарттылықты ескі дәуірдегі кітаби тілден де, қазіргі кітаби тілден де айқын көруге болады. Мысалы, қазіргі әдеби тілдегі *мен, және, деп, осы жұрт, жолдас, жақсы, тура, тас, қойды, ұлы, облыс, құрметті, себепті, мұратқа, елдерді, сезеді, білмейді* сияқты сөздер ескі тілде *илә, илән, уа, диу, ұшбу, йурт, йулдаш, яхшы, тұғы, таш, қойдылар, оғлы, уалаят, хурмәтлу, сәәббі, мұрадға, илләрни, сезедүр, білмейдүр* болып жазылуы нормаға айналған. Бұл сияқты сөздер ескі кітаби тілде міндетті түрде жалпытүркілік сипатта осылайша айтылып жазылатын болған. Ескі кітаби лексика көне түркі тіліне негізделген.

Ал қазіргі әдеби (кітаби) тілдің лексикасына келсек, оның нормалық белгілері қазақтың жалпыхалықтық лексикасына негізделген. Қазіргі әдеби лексика халықтық лексиканың сұрыпталып екшелген, жан-жақты дамып жетілген, айтылуы мен жазылуы принциптері негізінен айқындалған түрі болып табылады.

Ескі кітаби лексикада болсын, қазіргі жаңа кітаби лексикада болсын, сөздер стильдік қызметі жағынан сұрыпталып, шектеліп отырады, осыдан барып кітаби лексиканың стильдік түрлері қалыптасады. Бірақ олар әр дәуірде бірдей болуы мүмкін емес. Мысалы, ескі кітаби тіл стиль жағынан 2—3 салаға бөлінсе, ал қазіргі әдеби (кітаби) тіл негізінен төрт-бес салаға бөлінеді: ресми іс қағаздары мен құжаттар, публицистикалық, ғылыми, техникалық және көркем әдебиет стильдері. Кейбір стиль түрлері кітаби тілдің қай түрінде болсын кездесіп отырады. Мысалы, ресми іс қағаздары стилі ескі кітаби тілде де, қазіргі кітаби тілде де бар. Тағы бір ескертетін жәйт, кітаби тіл қай дәуірде болсын көркем әдебиетпен байланысты дамыған. Мәселен, «Құтадғу білік» (XI ғ.), Қожа Ахмет Йассауидың «Хикметі» (XII ғ.), «Хосроу уа Ширин», «Мухаббатнама», «Гүлстан», «Жүсіп — Зылиха» (XIII—XIV ғғ.), «Жами ат-тауарих» (XVI ғ.) т. б. шығармалар ең алдымен өз заманындағы кітаби тілдің қалыптасуына әсер еткен көркем туындылар болып табылады. Сол сияқты барлық жанрда кеңінен дамыған қазіргі көркем әдебиет осы күнгі кітаби (әдеби) тілдің қайнар көзі екені белгілі.

Сөйтіп, кітаби лексика деп белгілі дәрежеде әдеби нормаға түскен, стилистикалық қолданысы жағынан сараланған (шектелген) жазба тілге тән сөздерді айтамыз.

**1. Ескі дәуірдегі кітаби лексика.** Бұрынғы дәуірлердегі жазба мұралардың тілі, соларға тән жазу дәстүрі ескі кітаби тіл деп,

ал сол нұсқаларда қолданылған түркі тілдеріне ортақ сөздер ескі дәуірдегі кітаби лексика деп аталады. Қазақ тілі түркі тілдерінің бірі болғандықтан, өткен дәуірлерден қалған түркі тілдері ескерткіштерінің қазақ тіліне тікелей қатысы бар. Ескі дәуір ескерткіштерінің тілі қазіргі қазақ тілінен мүлдем ашақ жатқан, түсінбейтін, ұқсаспайтын кереғар дүние деп қарауға болмайды. Қайта грамматикалық құрылымы жағынан болсын, сөздік қоры жағынан да бір-біріне ұқсас жалпы түркі халықтарына еншілес мұра екендігі аңғарылады. Түркі тілдерінің жазба ескерткіштері өте ерте кезден басталады. V—X ғасырлар аралығында Көне түркі дәуіріне қатысты Орхон — Енисей ескерткіштері жазылған. Одан кейін Орта түркі дәуіріне қатысты жазба ескерткіштер, көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер, шағатай тілінде жазылған ескерткіштер т. б. сақталған. Бұлар XI—XVII ғасырлар арасын қамтиды.

Ескі кітаби тіл дәстүрі қазақ әдеби тілінің барлық кезеңдеріне де әсерін тигізген. Оны қазақтың ауыз әдебиет үлгілерінен де, XV—XVII, XVIII—XIX ғасырлардағы әдеби тілден де, жаңа жазба әдеби тілдің негізін салған Абай, Ыбырай шығармаларынан да, тіпті XX ғ. басындағы қазақ әдеби тілінен де байқауға болады. XX ғ. басында кітаби тіл дәстүрінде жазуды ұстанған Ш. Жәңгірұлы, М. Қалтайұлы сияқты шайырлар (ақындар) болғаны белгілі. Демек, көнетүркілік негізде дамыған кітаби тіл дәстүрі қазақ әдеби тілінің барлық кезеңдерімен жанамалас сақталып отырған. Қазақтың ескі кітаби тілі діни араб-парсы, шағатай, татар әдебиеттеріндегі тілдік нормаларды қамтып, таза қазақ тілінде жазылмаған.

Түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде кездесетін кітаби лексика мынадай формада ұшырасады. Мысалы: *қаған* (хан), *беглер* (бектер), *йок* (жоқ), *оглы* (ұлы), *үчүн* (үшін), *теңрі* (тәңрі), *будун* (халық), *йол* (жол), *йүз* (жүз), *йеті* (жеті), *іл* (ел), *йер* (жер), *тоқуз* (тоғыз), *тағ* (тау), *йұрт* (жұрт), *кіші* (кісі), *турук* (тұрақ), *сарығ* (сары), *улуг* (ұлы, үлкен), *еліг* (елу), *бары* (бәрі), *йүгүр* (жүгір), *йоқары* (жоғары), *йеме* (және), *алқыс* (алғыс), *йарым* (жарты), *тамга* (таңба), *екін* (егін), *йыл* (жыл), *ілчі* (елші), *үлеш* (үлес), *йонт* (жылқы), *орду* (орда), *көр* (көз), *йашиыл* (жасыл), *күмүш* (күміс), *йадағ* (жаяу), *башла* (баста), *сөзле* (сөйле), *йел* (жел), *бүкүн* (бүгін), *йізне* (жезде), *оглақ* (лак), *отачы* (оташы), *мүгүз* (мүйіз), *хатун* (ханша), *алтур* (отыр), *көк* (аспан), *үгу* (үкі), *інчке* (жіңішке), *ачыташ* (ашудас), *күн тоғушы* (күн шығыс), *бітік* (жазу), *тутгун* (тұтқын), *сусун* (сусын), *өркен* (жіп, арқан), *йаратқан* (жаратқан), *солагай* (солақай), *йырынчы* (жырынды), *алтымыш* (алпыс), *бурун* (бұрын) т. б.

Кітаби сөздің жазу стиліне тән басты және негізгі

ерекшелігі сөздердің көне тұлғаларын, түркі тілдеріне ортақ формалары мен байырғы мағыналарын түгелдей сақтап жазуында еді. Кенес дәуірінде біздің елдегі түркі халықтары ескі кітаби тілдегі үлгілердің қажеттілерін өздеріне мұра етіп қалдырды да, онша үйлеспейтіндерін әр халық өз мүддесіне қарай жанашалап, жанғыртып пайдаланады. Сөйтіп, әр ел өздерінің тума жана жазба әдеби тілін қалыптастырды. Мәселен, кітаби тілдегі *раст, дост, дұрыст* деп жазылған сөздер жана жазба әдеби тілімізге соңғы *т* әрпіп түсіріліп, *рас, дос, дұрыс* күйінде қабылданды. Араб-парсы тілдерінен ауысқан зат есімнен катыстық сын есім тудыратын *и* қосымшалы сөздер ең әуелі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінің тіліне енді де, солар арқылы қазақтың қазіргі әдеби тілінде орнығып кетті. Мысалы: *әдеби, мәдени, ресми, ғылыми, рухани, діни, саяси, әскери, кәсіби, кітаби, табиғи, іліми* т. б. Демек, осылардың барлығын да кітаби тілдің қазіргі қазақ әдеби тіліне тигізетін игі әсері деп түсінуіміз керек.

**2. Қазіргі кітаби (әдеби) лексика.** Бұған сөйлеу тілінің тұрмыстық-қарапайым лексикасынан, диалектизмдерден басқа, әдеби нормалық белгілердің қатан сақталуын талап ететін публицистикалық, ғылыми және ресми құжаттар стильдерінде, көркем әдебиет тілінде қолданылатын сөздер жатады<sup>1</sup>. Әрбір стильге тән сөздер олардың бәріне ортақ белгілерімен сипатталады. Атап айтқанда, ресми-іс қағаздары стиліндегі сөздер өздерінің бірыңғай бір ізде қолданылуымен, мейлінше нақты, дәлдігімен, жанрлық тақырыптарының (ресми іс қағаздары, ақпараттық, дипломатиялық, юридикалық т. б.) тұрақтылығымен сипатталады. Мысалы, дипломатиялық құжаттарда *сенім грамотасы, консул, атташе, елшілік, миссия, төтенше және өкілетті елші, нота, вербалдық нота, меморандум, ресми сапар, кезекті кездесу, сыртқы қатынастар, штаб-квартира, протоколдық шаралар, келіссөз, келісім-шарт, сенімді өкіл, резиденция* т. б. сөздер үнемі қолданылып отырады.

Ресми іс қағаздарында кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, *адам* деген сөз ресми құжаттарда — *азамат, жолдас*, телефон станциясында — *абонент*, ательеде — *заказ беруші*, шаштаразда — *клиент*, ауруханада — *науқас*, санаторида — *демалушы, тынығушы*, транспортта — *жолаушы* т. б. болып айтылады.

Публицистикалық стильдегі сөздер өздерінің әсерлілігімен, тартымдылығымен, баяндау қисындылығымен, ойға қондым-

<sup>1</sup>Әдеби тілдің стильдік салалары «Қазақ тілінің стилистикасы» курсында кең баяндалағындықтан, бұл жерде тек шолу түрінде тоқталынады.

дылығымен, ақпараттық мәліметтердің дәйектілігімен сипатталады. Қоғамдағы жаңалықтар, жаңа құбылыстар ең алдымен публицистикалық стильде көрініс табады. Мысалы, тек соңғы жылдардағы нарықтық реформа жағдайында: *алуетті атқарушы өкімет, коррупцияны түншықтыру, қымыстылықпен қажырлы күрес жүргізу, экономикада қалыпты реформа жасау, жұрттың өмір тіршілігін жақсарту, интеллектуалдық потенциал, ресми тіл статусы, жекешелендіру, тобырлық мүдде, фермерлер ассоциациясы, тоталитарлық тәртіп, рыноктық қатынас, нарық экономикасы* т. б. сөздер қолданысқа енді.

Ғылыми стильде қолданылатын сөздер айтылатын ой-пікірлердің дәлелді, объекті берілуіне сай келіп, дерексіз ұғымдарды білдіруде кенінен қолданылып, оларды қорытындылап жинақтау қасиетіне лайық болуға тиіс<sup>1</sup>. Мысалы, *абстракция, активтендіру, қозғалыс, бірлестік, бірлік, бірізділік, кеңістік, ой тұжырымы, оймен тану, теңестіру* т. б. сөздер дерексіз ұғымдарды білдіреді.

Ал көркем әдебиет стилінде жалпыхалықтық сөздердің қолданылу көлемі әлдеқайда кең, онда көркемдеу тәсілдері арқылы өмірде бар я болуға тиісті көріністер мен құбылыстарды адамның ішкі сезіміне әсер ететіндей етіп суреттейтін сөздер, шындық өмір жайында автордың өз көзқарасын білдіретін сөздер мол қолданылады.

Қазіргі кітаби лексиканың негізінде сөйлеу тіліне де, әдеби тілге де ортақ жалпылама сөздер жатыр. Жалпылама сөздер ешбір мамандық талғамайды, бір тілде сөйлейтін халықтың бәріне бірдей, сөйлегенде де, жазғанда да, ұйытқы, тірек болады. Бірақ жалпылама лексика кітаби (әдеби) тілде табиғи халықтық қалпында ғана қолданыла бермейді, көп жағдайда баспа бетінде сөз шеберлерінің сұрыптап өңдеуінен өтіп, әдеби нормаға ие болып отырады. Бұл — әдеби лексиканың сөйлеу тіліндегі лексикадан ең басты айырмасы болып табылады.

Әдеби тілде сөйлеп, әрі жаза білу үшін жалпылама лексикамен қатар сол тілдің арнаулы сөздерін (терминологиясын), көнерген сөздер мен неологизмдерін, эмоционалды — экспрессивті сөздерін, біршама кәсіби сөздерін, бұрынғы кітаби сөздерін білу қажет (олар жайында бұдан бұрын айтылған). Осы аталған сөздердің барлығы да — әдеби тілдің аясында қолданылатын, соған телінді сөздер. Жан-жақты дамыған әдеби тілдің лексикасы тек осындай сөздерден құралады. Әр халықтың тұрмыс жағдайына, сол елдің өзіндік ұлттық ерекшелігін сипаттайтын экзотикалық сөздері де әдеби тілдің

<sup>1</sup> Фомина М. И. Современный русский язык. Лексикология, 1990, стр. 255.

лексикасына жатқызылады. Кейбір тіл мамандары экзотикалық сөздерге варваризмдерді де жатқызады (§ 39 қараныз).

#### § 41. Экспрессивтік-эмоционалды лексика

Сөздер зат, құбылысты, олардың белгі-қасиетін, болмаса іс-әрекетін ғана атап білдіріп қоймайды, сонымен бірге адамның сезіміне әсер ететіндей стильдік мәнге ие болады. Адамның сезіміне әсер ететін сөздер тобы экспрессивтік-эмоционалды лексика деп аталады. Сөздің экспрессивтік сипаты оның бейнелі, мәнерлі айтылуынан, ал эмоционалдығы оған қоса адамның бір затқа, құбылысқа өзіндік көзқарасын, көңіл күйін, сезімін білдіруінен көрінеді. Сөздің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті бір-бірімен тығыз байланысты. Эмоция бар жерде экспрессивтік болады. Ол эмоционалдық бояуы бар сөздер арқылы білдіріледі. Әсіресе сүйіспеншілік, масаттанушылық, мақтанушылық, есіркеушілік, еркелік, танырқаушылық, жағымпаздық, қошаметшілік, өшпенділік, үрейлену, сес көрсету сияқты адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін білдіруде жиі кездеседі. Экспрессивтік-эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді, олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән.

Экспрессивтік-эмоционалды лексика әр түрлі жолмен пайда болған: 1. Бірқатар сөз ешбір қосымшасыз-ақ жеке тұрып эмоционалдық бояуға ие болып тұрады. Мысалы: *масқара, әттең, тамаша, шіркін, есіл, сабаз, марқұм, ғажап, мыстан, сайқал, айналайын, жексұрын, сұмпайы, жайсаң, дарқан, ербию, тыр-тию, қылқию, шілтию, үрпию* т. б.

Мысалдар: — *Уа, кемпір, шүйінші-шүйінші! Сатан келді, Сатан!* — деп қозы тартқыш Үйрекбай айғайлады (І. Жансүгіров).

— *Қайран азамат, керкеткеннің босағасында шіріп жүр ғой* (М. Әуезов).

— *Ғажап!... Айтары жоқ!* — деді Қабанбайға қарап. — *Шүкір* казак жерінде әлі де тұлпардың тұқымы үзілмеген екен (К. Жұмалиов).

2. Кейбір сөздер белгілі бір текст ішінде эмоционалдық бояуға ие болады. Мысалы:

Қарағым, *неткен* сұлу ең!?

Деп танырқап, танданды.

*Неткен* мойын, *неткен* көз!

Осыдан артық дейсіз бе

Ертегі қылып айтқан сөз!

(Абай).

Ел бүлігі тобықты

Көп *пысыққа* молықты (Абай) —

дегендегі *неткен*, *пысық* — жеке тұрғанда қарапайым халықтық сөздер. Ал Абайдың қолдануында *неткен* — кекесін, әжуа қыту мақсатында жалған мактау, ал *пысық* өзінің жағымды мәнінде емес, елді алдаушы, іріткі салушы мағынасында эмоционалдык бояуға ие болып тұр.

3. Морфологиялық жолмен пайда болған эмоционалды сөздер. Мұндай сөздер еркелету, менсінбеу, елемеу, кішірейту т. б. қосымшалары арқылы жасалады. Мысалы: *құлынишақ, ботақан, інішек, балақай, агеке, ағатай, ағажан, қылдырықтай, алтамсадай* т. б.

Экспрессивтік-эмоционалды сөздер бұдан баска фонетикалық жолмен (дауыс ырғағы, пауза арқылы) жасалады: — *Ой-пыр-о-о-ой, не деген шабыс еді!...* (С. Мұқанов). — *А-а-йт-а-а-й-а-ай!* — деп қонырлатып бастап, шыркатып көтеріп, төмендетіп түсіріп, қоныр қайырыспен жайлап тоқтады (І. Жансүгіров).

Бейнелі сөздердің қайнар көзі еліктеуіш сөздерде жатыр. Мысалы, «Басасың аяғыңды *ырғаң-ырғаң*, Сылдырлап шашбауың мен алтын сырғаң» дегендегі бір ғана *ырғаң-ырғаң* сөзінде қаншама бейнелі көрініс бар. Бұл сияқты бейнелі еліктеуіш сөздер қазақ тілінде өте мол. *Былиш-былиш, қалиш-қалиш, маң-маң, сылқ-сылқ, жалп-жалп* т. б. — бәрі де бейнелілігі мол сөздер.

Одағай сөздер де бейнелілікке өте бай: — *Пай-пай!* Осы ұлықтың осындай бір *айбаты-ай!* (М. Әуезов).

— *Апырай*, күн қатты жауып кетсе, жер езіліп, таудағы жігіттерге бөгет болар ма екен?! — деп алаңдаушылық білдірді (К. Жұмаділов) т. б.

## § 42. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері

Халықтың экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өміріне, адамдардың өндірістік қызметіне байланысты туған өзгерістердің бәрі ең алдымен сөздік құрамға әсерін тигізеді. Қоғамның тарихи дамуында болған барлық процесс лексикада өзінің ізін қалдырып отырады. Көптеген заттар мен құбылыстар, ұғымдар мен түсініктер өте көне замандардан белгілі, ал оларды білдіретін сөздер күні бүгінге дейін үнемі қолданылып келеді. Керісінше, бірқатар заттар мен құбылыстардың, ұғымдардың ескіріп, өмірден кетуіне байланысты оларды білдіретін сөздер көнеріп сирек қолданылады. Сонымен бірге сөздік құрам жаңа сөздердің есебінен де толығып отырады. Бірақ жаңа

туған сөздер бірден кең тарап, жаппай қолданысқа түсе бермейді.

Сөйтіп, сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жиілігіне қарап, екі үлкен салаға бөлінеді: бірінші, жаппай қолданылатын актив қабаттағы сөздер, екінші, сирек қолданылатын пассив қабаттағы сөздер.

**Актив сөздер.** Оған күнделікті өмірде, тұрмыста үнемі қолданылатын, мағынасы қазақ тілінде сөйлейтіндердің бәріне түсінікті, дағдылы сөздер жатады. Көнерудің немесе жанадан пайда болғандықтың нышаны оларда байқалмайды. Актив сөздерге жалпыхалықтық сөздер жатады. Сонымен бірге жалпыхалықтық тұрғыдан алғанда қолданылуы шектеулі, бірақ белгілі бір салада жиі қолданылатын (терминдер, кәсіби сөздер, кітаби сөздер, бейнелі сөздер) сөздер де кіреді.

**Пассив сөздер.** Оған қазіргі кезде көнерген я көнере бастаған сөздер және көпшілікке әлі кең тарамаған жаңа сөздер — неологизмдер жатады.

### § 43. Көнерген сөздер

Сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, сонынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара-бара қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін. Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер архаизмдер мен историзмдер болып екі салаға бөлінеді.

**Архаизмдер** халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер жатады. Қазақ тілінде архаизмдердің мынадай түрлері бар:

1. Мата-кездеме атауларымен байланысты архаизмдер: *торқа, мақпал, шайы, пайы, мауыты, биқасап, борлат, лостек, ақсаң, репес, манат, дүрия, патсайы, берен, тұқаба* т. б.

2. Салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер: *сауын айту, ұрын бару, қит кию, жылу жинау, тілеу азық, мертікәс, жарысқазан, тамыртқа, тоқымқағар, отқасалар, бесік құда, беташар, тасаттық, бастаңғы, қолкесер, барымта, қалыңмал, алтірі, қырық жеті.*

3. Киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер: *шидем, шекпен, күпі, кебіс, сәукеле, жарғақ, аба, кісе, қоқы,*

жаглан, күләңәра, кебежә, саптыаяқ, қазанқап, көнек, асадал, талыс, шөңшік, керсен, астау, кебене т. б.

4. Діни ұғымға қатысты архаизмдер: қиямет-қайым, мұңкір-нәңкір, бірәдар, мүфти, підия, ахирет, қалпе, зекет, құшыр, жарапазан, әзірейіл, сәресі, ішірткі, кітап ашу, дем салу, үшкірту, аптау, пірге қол тапсыру, ақтық байлау, жын, пері т. б.

5. Үй тұрмысына, мал атауларына қатысты архаизмдер: лашық, итарқа, жаппа, шошала, жолым үй, ергенек, иткірмес, дағара, қақыра, аран, шопан ата (кой), қамбар ата (жылқы), ойсыл қара (түйе), зеңгі баба (сиыр), шекшек ата (ешкі) т. б.

6. Әр түрлі ұғымға қатысты архаизмдер: аламан, алапа, албан, аластау, ақсарбас, дат, ақсақалдық, ақшом, ақшомшы, ақсүйек, ақтаяқ, ақыретшіл, жаушы, жоралғы, мор, бұзаушық, тоғанақ т. б.

7. Жалпы түркі тілдеріне тән архаизмдер: буфун, ұлық, ұлыс, жүрт, тәңір, толағай, адақ, дархан, бек, мешін т. б.

Көнерген сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болады:

1. Әбден ұмытылып, қолданыстан біржола шыққан көнерген сөздер. Бұл тәрізді архаизмдердің мән-мағынасы белгілі деректерге сүйеніп, сұрап білу арқылы болмаса, қазіргі кезде мүлдем түсініксіз болады, олар туынды сөз жасауға қатыспайды. Мысалы: *Керекей*ді атпа, *қоңжығы* жетім қалады (мақал). *Асабасы* жоқ, асқа жарымас (мақал). Бірдің кесірі мыңға, мынның кесірі *түменге* (мақал). Осындағы *керекей* — аюдың ұрғашысы, *қоңжық* — аюдың батасы, *асаба* — дастарқан басы, тамада, *түмен* — он мың деген ұғымды білдірсе керек. Бұл сөздердің мағыналары іздестіріліп, зерттеп білу арқылы ғана анықталып отыр.

2. Түбір қалпында жеке айтылмайтын, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сақталған көнерген сөздер: *бүлдіршіндей* (*бүлдіршін*), *баданадай* (*бадана*), *сүйіріктей* (*сүйірік*), *алпамсидай* (*алпамса*), *еңгезердей* (*еңгезер*), *бырдай* (*быр*), *дардай* (*дар*), *тығыршықтай* (*тығыршық*), *абажадый* (*абажә*), *дубалдай* (*дубал*), *қаршадай* (*қарша*), *зәредей* (*зәре*), *шырадай* (*шыра*) т. б.

3. Жеке сөздер ретінде қолданыстан шығып қалғанымен, мақал-мәтел мен фразеологиялық тіркестердің құрамында әлі де қолданыла беретін көнерген сөздер: *торқа* — жібек, *жарақ* — қару, *күсу* — жеру, *қунау* — сергу, *қырым* — алыс, *сауға* — араша, *кент* — қала, *азар* — өкпе, *түлен түрту* (бір пәлеге ұшырау) — Ешкіні *түлен түрткенде*, шопанның таяғына сүйкенер (мақал). Архаизмдер жеке сөз түрінде де, сонымен бірге сөздің көнерген бір мағынасы ретінде де кездеседі.

Мәселен, *Таныған жерде сой сыйлы, Танымаған жерде тон сыйлы* (мақал) дегендегі *сой-тұқым*, *тек*, *тон* — киім мағынасында жұмсалып тұр. Сондай-ақ, *күн бір жауса, терек екі жауады* (мақал) дегендегі *терек* сөзі қазіргі әдеби тілде ағаштың бір түрі ретінде емес (тополь), жалпы ағаш деген ұғымды білдіріп тұр. Демек, *терек* деген сөздің де бастапқы мағынасы семантикалық архаизмге айналып кеткендігін көреміз. *Терек* сөзінің алғашқы мағынасы (жалпы ағаш деген ұғымды білдіруі) мақал-мәтелдер мен жергілікті халықтың сөйлеу тіліндегі ерекшелік ретінде кейбір облыстарда (Атырау) сақталған. Сайып келгенде, архаизмге жататын сөздердің көнеруі ескі сөздерді күнделікті қолданыстан ығыстырып, оның орнына неғұрлым ыңғайлы жана төлеу сөздердің қолданылуымен тығыз байланысты.

Сонымен бірге кейбір көнерген сөздердің қайтадан жанаратын кездері де болады. Мәселен, Кеңес өкіметі кезінде қолданудан шығып қалған бірқатар көнерген сөздер Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері қайтадан жанданып, қолданысқа ене бастады. Оған мысалы бұрынғы жыл атауларын (*тышқан, сибір, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы* т. б.), ай атауларын (*наурыз, сәуір, көкек, шілде, тамыз, маусым, қазан, қаңтар* т. б.), діни атауларды (*қажы, қазірет, имам, мешіт, ораза, айт, пітір, дұғалық, жайнамаз, сәлде, әулие, әнбие, құран шығарту, жаназа, ас беру, бата оқу* т. б.) жатқызуға болады. Бұл сияқты сөздердің Қазан революциясына дейін халық тілінде кең қолданылғаны белгілі.

**Тарихи сөздер** дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер тарихи сөздер деп аталады. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады. Тарихи сөздерді де бірнеше топқа бөлуге болады: 1. Әкімшілік, ел басқарумен байланысты туған тарихи сөздер: а) *хан, ханша, ханым, ханзада, тақ, тая, уәзір, бек, бекзада, датқа, патша, аға сұлтан, ауылнай, болыс, старшын, би, қазы, атышабар, шабарман, нөкер, құл, күң, орда, малай, бикеш, бәйбіше, тоқал, дуан, елубасы, урядник, пристав* т. б.

2. Әскери атак пен қару-жаракка қатысты тарихи сөздер: *садақ, жақ, жебе, қорамсақ, оқшантай, сауыт, қалқан, айбалта, найза, жасақ, қосын, шеру, дулыға, байрақ, адырна, қозы жауырын, ақберен, шарайна, наркескен, кіреуке, аламан, бітмелі мылтық, шиті мылтық, алдаспан* т. б.

3. Кеңес тұсында пайда болған тарихи сөздер: *нарком, губком, совдеп, рабфак, жалком* (жалшылар комитеті), *отарба, тоз, кедейлер комитеті, партия ұясы, қызыл әскер, қызыл отау, НЭП,*

нәпман, қосшы, өзара салық, БК(б)П, ұя хатшы, сауужой (сауатсыздықты жою) т. б.

Республика тәуелсіздік алғаннан кейінгі реформа кезінде Кеңес өкіметі кезінде орын тепкен бірқатар сөз тарихи сөзге айналып барады: райком, ауком, райисполком, ауатком, обком, облисполком, СССР, КПСС, Орталық Комитет, Қазақ ССР Жоғарғы Советі, Мемлекеттік жоспарлау комитеті, МТС т. б.

Көнерген сөздер, әсіресе, тарихи сөздер ауыспаты мағынада қолданылып, әр түрлі экспрессивті мән тудырады. Мысалы: Бақа көлінде патша, балық суында патша, жігіт елінде патша (мақал). Ынтымақ — оқ өтпес сауыт, татулық — тамиша сауық (мақал). Ер азамат белгісі түзде мырза, үйде құл (мақал). Қараша үйден ханиша шығар (мақал). Жалғыздың жағы жоғалса да табылмас, көптің оғы жоғалса да табылар (мақал). Шықсаң ұзақ сапарға, арымас ат — отарба (мақал). Тарихи сөздердің кейбіреулерінің тура лексикалық мағыналары көнергенмен, ауыспалы мағыналары сол күйінде тілде сақталады.

Көнерген сөздердің кейбіреулері жаңа мағына алып сөздік құрамдағы актив сөздердің үйіріне қайтадан қосылуы мүмкін. Мәселен, жасақ деген архаизм қайтадан тіріліп, жасақшы деген жаңа сөз жасалды. Төре дегеннен төреші (арбитор) деген неологизм туып қалыптасты. Бұған қарағанда көнерген сөздер де тарихи өзгеріп отыратын лексика-семантикалық құбылыс екендігін көреміз.

#### § 44. Неологизмдер

Ғылым мен техниканың, өндіріс пен ауыл шаруашылығының, мәдениет пен тұрмыстың қанат жайып, кеңінен дамыған шағында жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер тілге топтап енеді. Осындай жаңа сөздер есік ашып өмірге алғаш енген кезінде неологизмдер деп аталады. Неологизмдер тілге сінісіп, жалпыхалықтық сипат ала қоймаған жаңа сөздер деген ұғымды білдіреді. Халыққа әбден танылып болмаған, белгілі бір саладағы тар көлемде қолданылып жүрген жаңа сөздердің бәрі де неологизмдердің тобына кіреді. Бір заманда діни оқуды қоғамнан шеттетіп, жаңа оқуды өмірге ендірген кезінде осы күнгі мұғалім, мектеп, класс, тақта, парта, оқушы, карта, глобус, кампас деген танымал сөздердің өзі қазақ үшін неологизмдер болып саналғандығына ешбір күмән келтіруге болмайды. Одан бергі кезеңдерде тілімізге қаптап енген колхоз,

*совхоз, электр, трактор, радио, артист, сахна* сияқты сөздер де неологизмдер тобын көбейткен еді. Қазіргі таңда аталған сөздердің барлығы да жалпыхалықтық сипат алып, тілге әбден сіністі де, неологизмдердің қатарынан шығып қалды. Осы кезде қазақ тілінің лексикасы жыл санап емес, ай сайын да емес, күнбе-күн өсіп толығып отырды деуге болады. Бүгінгі неологизм деп таныған сөзіміз 5—10 жыл өтісімен-ақ, неологизмдердің қатарынан шығып, ен актив сөздердің қатарына барып қосылып жатады. Мысалы: *телевизор, лунник, атомоход, атомник, спутник, космос, космодром, космонавт, космогония, космонавтика, космошлем, ракетодром, синтетика, нейлон, капрон, лавсан, нитрон, силон, пластикат, ракетчик, кибернетика, стилинг, абстракционизм, культиватор* т. б. Осы терминдердің өзі соңғы кезде ғана пайда болғандығына қарамастан, кейбіреулері (*телевизор, космос, спутник, космонавт*) қазірдің өзінде неологизмдер тобынан актив сөздердің қатарына қарай өтіп кетті деуге болады. Сонда неологизмдерге шек қойып ажыратудың өзі өте қиын екендігін аңғарамыз. Мұндағы ұстайтын негізгі принцип, жаңа сөздің жеке басы бір тілде сөйлеушілерге қаншалықты түсініктілігімен ғана өлшенбек.

Неологизмдер *лексикалық* және *семантикалық* болып, екі түрде кездеседі. Лексикалық неологизмдерге жаңа ұғымдардың тууымен бірге шыққан жаңа терминдер жатса, семантикалық неологизмдерге калька тәсілімен сөзбе-сөз аудару арқылы төл сөзге қосылған жеке мағынаны айтуға болады. Мысалы: *жүйе* (система), *қор* (фонд), *талдау* (анализ), *шарт* (договор), *кесте* (таблица), *сурет* (изображение), *үзіліс* (перемена), *белдеу* (зона), *қорғау* (охрана), *сынау* (проба), *сыбаға* (удел), *желі* (жила), *шөгінді* (осадки) т. б. Неологизмдер орыс тіліндегі терминдерді сол қалпында еш өзгеріссіз алу арқылы немесе ана тілінің төл сөзімен беру жолымен жасалады. Неологизмдер төл сөздермен аударылғанда негізгі сөздік қордың негізінде сөз тудырудың барлық тәсілдері арқылы жасалады. Мысалы: *аялдама, балмұздақ, оқулық, өміршең, үйірме, баспасөз, жемшөп, еңбеккүн, күнделік, амарташы, шикізат, өзіндік күн, сыбағалы салмақ, аттас заряд, өнеркәсіп, тыңайтқыш, қалам ақы, шаршы-ұялы әдіс, агро-техникалық шаралар, қырғи қабақ соғыс* т. б. Неологизмдер екі түрлі жолмен келіп шығады. Біріншісінде жаңа сөздер бұрынды-сонды тілде өмір-бақи болып көрмеген, жаңа ұғымдардың пайда болуымен байтанысты жасалады. Мысалы: *революция, колхоз, совхоз, кино, театр, телевизор, спутник, ракетчик, бригада, фермер* т. б. Екіншісінде бұрыннан тілде бар атауларды жанартып, ескіні жаңғыртып, жанаша мән беріп, түрлендіріп қолдану негізінде пайда болады. Революция жеңіп,

Кенес өкіметі орнағаннан кейін бұрынғы көптеген пассив сөздер активтеніп, революциялық жаңа сипат, ерекше мән алды. Қазақ елінің бостандығы мен еркіндігінің жаршылары Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің шығармалары Кенес дәуірінде пайда болған неологизмдерге толы еді. Мысалы: *әділдік, теңдік, билік, адамдық, халықтық, жолдас, ұран, өзгеріс, мүше, өндіріс, ұйым, тап, ұлт, отан, жоспар, еңбекші, жазушы, бас билік, ұлы өткел, ұлы өзгеріс, тап дұшпаны, бақыт жолы, ұран сал, қол ұстас, тізе қос, алға бас, көзінді аш, тез тізіл* т. б.

Сәкен *қызыл* деген сөзге айрықша мән беріп, түрлі сөздермен тіркестіріп қолдану арқылы бірнеше тіркесті жаңа сөздер жасаған. Мысалы: *қызыл жұлдыз, қызыл алем, қызыл ерлер, қызыл сарай, қызыл батыр, қызыл маман, қызыл қосын, қызыл сұңқар, қызыл күн, қызыл Октябрь, қызыл ат, қызыл отау, қызыл шашақ, қызыл гүл, қызыл сым* т. б.

Жоғарыда аталған қазақ әдебиетінің классиктері тек жаңа терминдік неологизмдерді жасап, оларды кеңінен насихаттап, ана тілімізге сіңістіріп қойған жоқ, сонымен бірге стилистикалық неологизмдердің тамаша үлгілерін жасады. Ол үшін тіліміздің сөзжасам заңдарына сай сөзді морфологиялық тұлғалармен түрлендіру, жаңаша тіркестіру тәсілдерін мол пайдаланды. Мысалы:

Жасты торып, жағынып,  
*Жалғандайды*, алдайды (І. Жансүгіров).  
Елесіне ішім елжіреп,  
Жанымды улап *дерттейсің* (сонда).  
Ұрыға азу басып іздеді жұрт:  
Колға бер, Құлагердей *қызылдаймыз* (сонда).  
*Жайқап* туды,  
*Лектеп* нуды,  
Жауды куды (С. Сейфуллин).  
Ен даланды *сәулеттеуге*  
Шын сертінді бер, Мырқымбай (Б. Майлин).

дегендегі *жалғандайды, дерттейсің, лектеп, сәулеттеуге -ла/-ле* қосымшасы арқылы; *балалат, колбасалат*, сал ауызға (І. Жансүгіров). Ал, *ұрандат, алмалат* (сонда) дегендегі *колбасалат, алмалат -лат* қосымшасы арқылы;

Үндес әйел, мұндас әйел,  
Жаңа тілек негізі  
Ұлы іске *қалдас* әйел (І. Жансүгіров).

дегендегі үндес, қолдас -дас/ -дес қосымшасы арқылы; С. Сейфуллиндегі *Біздің стан, Советстан, Совстан, Социалстан* -стан қосымшасы арқылы; І. Жансүгіровтегі *қалпақтандыру -тан* қосымшасы арқылы жасалып, стилистикалық неологизмдер тудырып тұр. Келтірілген мысалдардың қай-қайсысы болсын көркемдегіштік мәні, эмоционалдық бояуы күшті сөздер. Стилистикалық неологизмдер тілдік неологизмдер сияқты сөздікке енбейді. Бірақ арнаулы текстерде жанатығын қашанда сақтап тұрады. Стилистикалық неологизмдер көркем сөз шеберінің өзіне тән сөз қолдану ерекшелігін, индивидуалдығын көрсетеді, сондықтан оларды **индивидуалдық** (жеке адамға тән) **неологизмдер** деп те ағайды.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ

---

### § 45. Фразеология және оның өзіндік белгілері

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы деген ұғымда қолданылады. Екіншісі — бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Фразеология жеріне жеткізе зерттеліп біткен ғылым деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулы мәселелері өте көп. Сондықтан да соңғы жылдарға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеушілер тым аз болды. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексиканың көлемінде тексерумен шектеліп келгендігі мәлім. Соңғы 30—40 жыл көлемінде түркі тілдерінде фразеология проблемалары әжептәуір зерттеліп, бірқатар еңбектер жарық көрді<sup>1</sup>. Әсіресе, академик І. Кенесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»<sup>2</sup> атты көлемді еңбегін тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркітануға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің

---

<sup>1</sup>Рахматуллаев Ш. Некоторые вопросы узбекской фразеологии. Ташкент, 1966; Бабаев К. Түркмен дилинде идиомалар. Ашгабат, 1962; Ахатов Г. Х. Фразеологические выражения в татарском языке. К.Д. Казань, 1954; Ахунжанов Г. Х. Татар теленен идиомдары. Казань, 1972; Байрамов Г. А. Устойчивые словосочетания в азерб. языке. «Изв. АН Азерб. ССР». Серия общественных наук. 1959, № 5. Юсупова Р. Р. Устойчивые глагольные сочетания в турецком языке. К.Д. М., 1961; Уракин З. Г. Фразеология башкирского языка. Москва, 1975 и др.

<sup>2</sup>Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.

фразеологизмдері туралы бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Қазақ тілінің фразеологиясын зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл еңбекке соқпай өте алмайды.

Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар. Олар: 1) даяр калпында жұмсалу белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы.

Осы үш белгіні түсіну үшін әрқайсысын жеке-жеке алып қарайық. Фразеологизмдердің даяр калпында жұмсалу белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Мәселен, *Дәурен қалаға жүрейін* деп отыр деген бір сөйлемді әркім неше сакка жүгіртіп өзгерте беруіне болады. Мысалы: *Дәурен қалаға жүрмекші, Дәурен жақын арада қалаға бармақшы, Дәурен қалаға барам ба деген ойда, Дәуреннің қалаға жүрем бе деген ойы бар* т. б. Бұл сияқты еркін сөз тіркестері катынас жасау процесінде әркімнің өз қалауы бойынша жасалады. Белгілі бір ойды кім қалай етіп жеткізсе де өз еркі деген сөз. Ал тілдегі фразеологизмдер бұлай етуге, құбытуға көнбейді. Мәселен, *төбесі көкке жетті* дегенді *төбесі көкке жетейін* деп тұр, *төбесі көкке жетпекші* деп өзгертуге болмайды. Оның сыртқы құрылым-құрылысы еркін тіркеске ұқсағанымен сөйлем ішінде қолданғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады. Ешкімнің ыркына көнбей, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде қызмет етеді де, сол калпында сөйлемнің құрамына енеді. Еркін сөз тіркесінің әрбір сынары мағыналық дербестігін сақтап, сөйлемде әр басқа мүше ретінде жұмсалады. Синтаксистік сөз тіркесі белгілі бір үлгілер (модельдер), ережелер бойынша сөйлеу кезінде жасалады. Демек, фразеологизмдердің даяр калпын сактай отырып қолданылуы оның еркін сөз тіркестерінен ерекшелігін білдіретін белгілердің бірі екенін көреміз.

Еркін тіркес пен фразалық тіркесті бір-бірінен ажыратудың түрлі амалдары болады. Мысалы: *Ерке магазиннен 40 пышақ сатып алды. Қырық пышақпен қыр-жаңдап тұрған түлкі, О да осал жау емес қыран паңға* (Абай). Осы екі сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тіркестің алғашқысы еркін тіркес те, соңғысы — фразалық тіркес. Алғашқы сөйлемде *қырық* деген сан есім өзінің *төрт оннан* құралған сандық ұғымын тікелей білдіреді. Мұндағы *қырық* деген сөз пышақтың сан мөлшерін көрсетіп тұр. Соңғы сөйлемде бұл сөз (40) өзінің сандық ұғымынан біржола қол үзіп, фразеологиялық байлаулы мағынаға ауысқан. Еркін тіркестегі сөздер арасына басқадай сөз салып, өзгертіп айтуға, я болмаса, түрліше сұрау қоюға көнеді. Мәселен,

алғашқы сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тіркес *қырық күміс пышақ* деп өзгертуге, пышақтың санына карап, канша? деп сұрау коюға болады. Ал соңғы сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тіркес мұндай өзгерістің ешқайсысына көнбейді. Онын есесіне фразалық тіркестің белгілі бір синонимдік баламасы болады. Мәселен, соңғы сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тұрақты тіркесті *қырқысу, аңдысу* дегендермен алмастыруға болса, алғашқы сөйлемдегі еркін тіркесте мұндай балама атымен кездеспейді. Тура мағынадағы сөз шындық болмыспен тікелей байланысты болады да, контексте тұрса да, тұрмаса да өзінің заттық логикалық қатынасымен белгіленеді. Ал фразалық байлаулы мағынадағы сөздер әрдайым белгілі бір контекстке телінді, бағынышты болып тұрады.

*Оң көз бен оң қол* дегендерді түсіну үшін де пәлендей контекстің қажеті жоқ. Өйткені бұлар өзінің тура (заттық) мағынасында жұмсалып тұр. Ал *Менің оң көзім де, оң қолым да бір өзіңсің* десек, мұндағы *оң көз бен оң қол* дегендер туынды мағынада қолданылып, фразеологизмге айналған. Бұлар сенімді серік, адал да мықты жәрдемші дегендермен баламалық қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан фразалық байлаулы мағынадағы сөздер өзіне лайықты белгілі контексті талап етіп тұрады.

Фразеологизмдердің бір бүтін единица ретінде қолданылуы жағынан лексикалық единица — сөзге ұқсайды. Жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде сөйлемнің құрамына енеді. Мәселен, *бала, балалы, балалық, балалау, бала-шаға, балажан, балажандық, балалы-шағалы* тәрізді сөздер сөйлемнің құрамына енгенде бұлар түбір морфемаға жіктелмейді, әрқайсысы бір бүтін единица ретінде жұмсалады. Фразеологизмдерді де дәл осы сияқты құбылыс деп тану керек. Бұлар бірнеше сөздің тіркесінен құралғанымен, тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан дербес мағыналық бөлшектерге бөлінбейді, сөйлегенде тұтас күйінде қаз қалпын бұзбай қолданылады. Мысалы: *жер аяғы кеңіді, жерге қаратты, жерден алып, жерге салды, жер-жебіріне жетті, жерден жеті қоян тапқандай, жер-көкті басына көшірді, жер ортасына келген адам, жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты, жер-көкке сыйғызбады* т. б. Бұлар құрылым-құрылысы жағынан каншалықты күрделілігіне қарамастан, сөйлем ішінде әрқайсысы жеке сөздермен бірдей болып тенесіп тұрады. Мәселен, *қыздың жиган жүгіндей* деген фраза әсем, көркем, көрікті деген синонимдердің біреуімен парапар, *ит терісін басына қаптады* деген ұрысты, балағаттады, сөкті дегендердің орнын басып, сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарып тұрады.

Сөз бен фразеологизмдердің арасында да бірінен біріне ауысып жататын өтпелі қарым-қатынастық байланыстар болады. Тұрақты тіркестер мен күрделі сөздер о баста сөз бен сөздің тіркесуі арқылы пайда болса, фразеологизмдердің кейбіреулері кей жағдайда кос сөз бен біріккен сөзге айналып кеткен. Мәселен, *түйетабан, мысыққұйрық, атқұлақ, кәріқыз, отағасы, ақсақал, жандайшап, атқамінер, атамекен, аткөпір, ауызекі, ауызба-ауыз, қырып-жою, өліп-өшу, күйіп-пісу, сүйіп-құшу, ат-сайман, атарман, шабарман, жатпай-тұрмай, әлі-тіріліп* сияқты біріккен сөздер мен кос сөздер идиоматану, лексикалану, грамматикалану заңымен даму өзгеру процестерін басынан өткізген. Қазіргі кезде бұлар лексика-грамматикалық жағынан біртұтас, ритм ырғағы жағынан бірыңғай болып, фразеологизмдерден күрделі сөзге айналып кеткен.

Олай болса, күрделі сөздерді жалаң сөз бен тұрақты тіркестерді өзара байланыстырып тұратын дәнекер деп есептеуге болады. Күрделі сөздер жалаң сөзбен де, фразеологизмдермен де екі жақты байланыста болады. Өйткені есім фразеологизмдер мен күрделі сөздер бір үлгімен (модельмен) жасалады. Мысалы: *жел аяқ, жел бау, жел буаз, жел бұйда, жел көз, жел қайық, жел қуық, жел құйын, жел құяң, жел өкпе, жел сөз, жел диірмен* т. б.

Осылардың бәрі де бір үлгімен жасалғанымен, мән-мағыналары бірдей емес. Бұлардың біреулері күрделі сөзге (*жел бау, жел қайық, жел диірмен*), енді біреулері фразеологизмдерге (*жел аяқ, жел буаз, жел құйын, жел сөз, жел өкпе*) жатады. Ал қайсыбіреулерінің (*жел бұйда, жел көз, жел құяң* т. б.) қайда жататыны күмәнді болып тұрады. Бұларды түр-түрпатына қарап бәрін бір категорияға жатқызу ғылыми жағынан ағаттық болады. Демек, күрделі сөздер мен фразеологизмдерді өзара жіктеп бөлу үшін, бұлардың әрқайсысына тән өзіндік белгілерін жете тани білу керек.

Фразеологизмдердің өзіндік екінші белгісі — мағына тұтастығы. Фразеологизм біткеннің бәрінде де белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрасытырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, оларға тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Мәселен, *жерден жеті қоян тапқандай* дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Бұл мағынада *жер, жеті, қоян, табу* деген төрт сөздің бір де біреуімен байланыспайды, бірақ сол төрт сөздің қаз-қатар жұптасып қолдануы арқылы пайда болады. Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданылып қана қоймайды, мағыналық жағынан да біртұтас единица ретінде көрінеді. Мы-

салы: *кір жуып, кіндік кескен жер* (атамекен, туған жер), *екі аяғын бір етікке тықты* (тықсырды, састырды), *инемен құдық қазғандай* (бейнеті көп, өте ауыр), *шаш етектен* (көп, мол), *аттың жалы, түйенің қомында* (асығыста, қарбаласта) дегендердің бәрі де құрылым-құрылысы жағынан түрлі-түрлі болғанымен, әрқайсысы мағына тұтастығымен сипатталады. Фразеологизмдердің мағына тұтастығын жеке сөзбен нақ бірдей деп санауға болмайды. Сөз түбір мағынаны, яғни лексикалық мағынаны білдіреді. Ал фразеологизмдер әрқашанда туынды мағынада жұмсалып, сөзбен баламалық қатыста емес, жанама-лық байланыста тұрады. Зерттеушілер қазіргі кезде сөз бен еркін тіркес мағынасын лексикалық мағына, ал жанама-лық қатыста болатын тұрақты тіркестердің мағынасын фразеологиялық мағына деп жіктеп бөледі. Мәселен, біреулердің басынын көлеміне қарап, *үлкен бас, кіші бас* немесе *басы үлкен, басы кіші* деуге болады. Мұндағы *үлкен* мен *кіші* дегенде ешқандай эмоциялық бояу жоқ. Сөздің дәл ұғымын көрсетіп тұрады. Осы ұғымды фразеологизмдермен де білдіруге болады. Мәселен, бастың үлкенін — *қауға бас*, кішісін — *шақша бас* десек, онда бастың соншалықты үлкен я кіші екендігін білдірумен қатар, оған күшті эмоциялық мән жамайды. Сол сияқты кісілердің аузына қарап біреуін — *дорба ауыз*, екіншісін — *оймақ ауыз* десек те, жағымды-жағымсыз көзқарас пайда болады. Олай болса, жеке сөздің лексикалық мағынасы мен тұрақты тіркестің фразеологиялық мағынасы бір-біріне теңбе-тең балама болмайды. Жеке сөз де кейде ауыс мағынада қолданылып, бейнелі мәнге ие болады. Мысалы: *Жылқының жылқысы бар, қазанаты бір бөлек. Жігіттің жігіті бар, азаматы бір бөлек* (мақал). Осындағы *азамат* деген сөз қатардағы жәй жігіт емес, адамгершілігі мол, парасатты ерекше кісі дегенді бейнелеп көрсетіп тұр. Жеке сөздердегі бұл сияқты бейнелілік мағына соқпа-соқпада елең етіп, бір көрініп қалатын сирек құбылыс деп танылады. Ал фразеологизм біткеннің бәріне тән басты белгі — туынды мағынада жұмсалып, әрдайым бейнелі мән тудыруы. Фразеологизмдердің мағынасында жағымды немесе жағымсыз бір экспрессивті ренк болады. Сөз бен тұрақты тіркестердің айрықша көзге түсетін бір ерекшелігі осында.

Тіркес тиынақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиынақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасқан. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастыруға я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге кетпейді. Мәселен, *мұрнын көкке көтерді* дегеннің орнына *қалын*

*көкке көтерді* десек, мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді. Ал *көк* сөзін оның синонимі *аспан* сөзімен ауыстырсак (*мұрнын аспанға көтерді*), мағына тұтастығы онша бұзылмағанымен стильдік мәні солғындап, үйлесімі кемиді, құлаққа жағымды тимейді. *Көтерді* деген етістікті *көтермеді*, *көтеріп тұр*, *көтермекші* деп түрлендіріп, өзгерте беруге көнбейді. Тек өзінің сіресіп қалыптасқан қалпында қолдануды талап етеді. Сол сияқты *бармағын тістеді* деудің орнына *саусағын тістеді* десек, фразеологиялық мағынасынан ажырап, басқаша мән алады. Сондай-ақ, *санын соқты* деген тұрақты тіркестің құрамындағы *сан* деген сөздің орнына *тізе* немесе *бас* деген сөздер қолданылмайды. Қолданыла қалған күнде тұрақтыдан еркін тіркеске ауысады.

Кейде тұрақты тіркестің құрамындағы бір сөздің әр түрлі тұлғасынан әлденеше фразеологизмдер жасата беруі де мүмкін. Мысалы, *жамбасы жерге тигенше* (өле-өлгенше), *жамбасы жерге тиді* (өлді, жер жастанды), *жамбасы жерге тимеген* (ешкімнен жығылып көрмеген, күшті). Кей ретте жалғыз дыбыстың бір өзі-ақ тұрақты тіркестің мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Мәселен, *тіл тиді* дегеннен *сұқ тиді*, *көз тиді* дегенді түсінсек, *тілі тиді* болса, біреуді біреу балағаттап сөкті, тілдеді болып мүлдем басқаша мағынаға ауысады. Сол сияқты *іш тартты*, *ішін тартты*, *ішіне тартты* дегендердің сыртқы құрылым-құрылысы бір-біріне соншалықты жақын болғанымен, мән-мағынасында елеулі айырмасы бар. *Ауызға ілікті* мен *ауызға ілінді*, *ауыз ашты*, *ауыз ашады*, *аузын ашырмады* дегендердің бәрі де өз алдына жеке-жеке фразеологизмдер деп есептеледі. Бұл жағынан карағанда фразеологизмдердің орын тәртібінің тұрақтылығы сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипатымен бірдей деп есептеуге болады. Жоғарыдағы аталған үш түрлі белгі (тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық) арқылы фразеологизмдер тілдің өзге категорияларынан окшауланып, өзіндік бітім-бейнесімен дербес өмір сүреді.

## § 46. Фразеологизмдердің түрлері

Фразеологизмдерге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірінен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, біреуінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншілерінен өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр-түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірінен

санатады. Зерттеушілердің бір тобы тұрақты тіркестің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы сынарлардың арақатынасына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым-құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырады. Орыс тіл білімінде академик В. В. Виноградовтың классификациясын негізге алып бөледі<sup>1</sup>. Қазақ тіл білімінде де осы классификацияны бірден-бір арқау етіп келе жатырмыз.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып, негізінен үш топқа жіктеледі.

**Фразеологиялық тұтастық.** Бұл топқа фразеологизмнің құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мәселен, *мұрнынан шанышлып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен *қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады* дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. *Түйені түгімен жұтты* дегеннен ойсырата пара алып, елді қанады деген мағына туады. Бұл мағынаның жасалуына *түйе, түк, жұту* сөздерінің тікелей қатысы жоқ, соларды бірінен соң бірін тіркеп, жұбын жазбай қолдану арқылы пайда болған. *Жағына пышақ жанығандай* дегеннен тарамысына ілінген арық, жүдеу дегенді түсінеміз. Бұл мағынаны жасауға *жақ, пышақ, жану* сөздерінің тікелей қатысы болмаған. *Иегінен тағалы ат тайып жығылғандай* дегеннен сақат-мұрттан жүрдай, көсе дегенді ұғынамыз. Мұнда да мағына тұтастығының бірлігін айқын байқаймыз. *Аттың жалы, түйенің қомында* дегеннен қарбалас шақ, абыр-сабыр уақыт дегенді түсінеміз. Мұнда да тұрақты тіркестегі жеке сөздер мен фразеологиялық мағына арасында тікелей байланыстын болмағандығы байқалады. *Бір ұрты май, бір ұрты қан* дегеннен екі жүзді, залым дегенді ұғынамыз. Бұл фразеологиялық мағына тұрақты тіркестердің құрамындағы *бір, ұрт, май, қан* деген сөздердің меншікті мағынасымен мүлдем сәйкеспейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

<sup>1</sup>Виноградов В. В. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. Сб. «Труды юбилейной научной сессии ЛГУ». Л., 1964. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. Сб. «Академик А. А. Шахматов». М., 1947; Русский язык (грамматическое учение о слове), Издание второе, М., 1972.

**Фразеологиялық бірлік.** Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда, құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан келіп шығады. Мәселен, *ескі жираның аузын ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына, сөз жоқ, ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға басқадай мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалғандығы бірден көзге шалынады. *Жатқан жыланның құйрығын басты* деген фраза біреудің қытығына тиіп, жоқ жерде бір пәлеге тап болды дегенді білдіреді. Бір қимыл-әрекетті басқа әрекетпен салыстырып қолдану арқылы фразеологизмдерге айналып кеткен. *Ит байласа тұрғысыз* дегеннен адам түгілі ит екеш ит те тұрып болмайды дегенді түсінеміз. Соңғы фразеологиялық мағынаның жасалуына еркін тіркестегі бастапқы (лексикалық) мағына тірек болғандығы айқын байқалады. *Көз көрмес, құлақ естімес жер* дегеннен аяқ жетпейтін алыс жер, қиыр шет деген фразалық мағына пайда болған. Соңғы мағына мен алғашқы мағынаның өзара байланыстылығы анық сезіліп тұрады. *Ит көйлекті бұрын таздырған* дегеннен сәл үлкендігі бар дегенді түсінеміз. Жеке сөздердің қосындысынан пайда болған жай ғана туынды мағына емес, бейнеленген туынды мағына екендігін көреміз. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктің ара жігін ажырату кей жағдайда қиынға соғады. Мәселен, *ит басына іркіт төгілді* (ағыл-тегіл молшылық) дегенді екі жақты түсініп қалуға болады. Малмен көзі шыққан егде адамдар үшін бұл тіркес фразеологиялық бірлік болса, малдан сырт жүрген, әсіресе кейінгі жастар мұны фразеологиялық тұтастық деп тануы сөзсіз. Тұрақты тіркестің алғашқы заттық мағынасы неғұрлым көмескіленіп, тасалана, күңгірттене бастаса, соғұрлым оның мағына тұтастығы да күшейе түспек. Мәселен, *қарғы бау* деген тұрақты тіркестің үш түрлі мағынасы бар: 1) иттің мойнына тағатын бау, 2) қалыңмалдың алдын ала берілетін жоралғысы, 3) тамыр-таныстықпен қалап-сұрап алған зат үшін берілетін төлем ақы. *Қарғы бау* тәрізді тұрақты тіркестерді жасалу үлгісіне қарап (*тамақ бау, балақ бау, аяқ бау*, т. б.), күрделі сөздің тобына да жатқызуға болады. Алайда, мұның соңғы екі мағынасы тұрақты тіркес екендігін, оның ішінде фразеологиялық тұтастыққа жататындығын бірден танытады. Сол сияқты *мойнына мініп алды* деген фразаның да екі мағынасы бар: 1) басынды, иықтады, 2) біреудің арқасында

күн көрді, масыл болды. Фразеологиялық соңғы мағына алғашқы заттық мағынадан келіп шыққандығына қарамастан, фразеологиялық тіркестің кай түріне жатқызуға келгенде кереғар пікірлер болуы мүмкін. Мұндағы басты себеп — тұрақты тіркестің мағыналарының тым көнеленіп, ескіре, күнгірттенге бастауымен тығыз байланысты. Демек, тұрақты тіркестің мағына тұтастығы кейде кім қалай түсінуімен байланысты шешіледі.

**Фразеологиялық тізбек.** Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шығады. Яғни тұрақты тіркес сынарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күнгірт тарта бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық қалпындағы сөздің тіркесуінен жасалып, сол тізбек күйінде қолданылады. Мысалы, *бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем иек, ала қол, қара бет, жел аяқ, қарсақ жон, қолаң шаш, мысық мұрт, алтын айдар, жуан жұдырық, қозы жауырын, ақ саусақ, балды бармақ, кең қолтық, көк езу, салты ерін, кер азу, қалам қас, ай қабақ, теке сақал, торсық шеке, жез таңдай, бір ұрт, қызыл тіл, күміс көмей, қамыс құлақ, шөп желке, қу жақ, қызыл кеңірдек, біз тұмсық, бір төбе, зор кеуде, шер кокрек, аршын төс, қабырға ағайын, көк жұлын, жүйке тамыр, аш бүйір, еркек кіндік, салқын қанды* т. б.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті (тура) мағынадағы сөз сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалып қабілеті болса, фразеологиялық туынды мағынадағы сөз бірді-екілі сөзбен ғана шектеліп қолданады. Мәселен, *көк бет, қысыр сөз, қасқа жол* деген фразеологиялық тізбектердің құрамындағы *бет* (*жалпақ бет, дөңгелек бет, сопақ бет*), *сөз* (*аз сөз, көп сөз, дұрыс сөз, бұрыс сөз*), *жол* (*үлкен жол, қара жол, соқпақ жол*) деген қыруар сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы *көк* сөзі *бет* сөзімен, *сөз* — *қысыр* сөзімен, *жол* — *қасқа* сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық тізбектің сынарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болмағанымен, солғын тартып сезіліп тұрады. Мысалы: *көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ақшалы, көзі тірісінде, көз шалым жер, көз барда, көзімдей көр, көзі жоғалды, көзі ілінді, көзі жетті* т. б. Фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздің қолдану шенбері шектеулі болады. Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан екі топқа бөлінеді: 1) Құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер. Мысалы: *шақша бас, қарақат көз, ашық ауыз, ала қол, бүйрек бет, қамыт аяқ, құба жон, қалқан құлақ, мұрты шағылмаған, жауырын құрлы көрмеді, саусақпен*

санарлықтай, кең шықты, ат жақты, иығы босады, алақанның аясындай, бармақ қазы, езуі жиылмады, тісін басты, қас қарайды, кірпік қаққанша, сақалды басымен, қу тілді, кеңірдектен келді, тұмсығы батпады, еңбегі қатпаған, төбесі тесік, өр көкірек, арқасы бар, бүйірі шықты, мұрынның қанындай т. б.

2) Құрылым-құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер.

Мысалы: бір қолын екі ете алмады, екі иығынан дем алды, үш ұйықтапса, ойда жоқ, ел бетін көрместей болды, табанын жерге тигізбеді, аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты, ішкен асы бойына тарамады, көзіне көк шыбын үймелетті, көрер таңды көзімен атырды, ашса алақанында, жұмса жұмырғында, ішкен асын жерге қойды, аяқ-қолын бауырына алды, басы ауырып, балтыры сыздады, бұтын бүт, қолын қол қылды, қасынан бір елі тастамады, жеңген иттің желкесінен алды, көңілі су сепкендей басылды, қашпаған қара қашардың уызына қарайтын, қой үстінде боз торғай жұмыртқалады т. б.

#### § 47. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы

Сөйлеу кезінде тыннан жасалынбай, даяр калпында қолдану жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды. Мақалдар негізінен екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынан сол пікірді түйіндеп қорытындылайды. Я болмаса, екі нәрсені бір-біріне қарсы қойып салыстырады. Мысалы: *Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа. Сұлу — сұлу емес, сүйген сұлу. Суық ширатады, жылы жасытады. Аяғы жаман төрді бүлғайды. Балық аулай алмаған суды лайлайды. Атың барда жер таны, шауып жүріп, Асың барда ел таны беріп жүріп* т. б. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі. Сондықтан да бұрыннан келе жатқан даяр материал болғандығына қарамастан, жұрт мақалдарды айтуға да, сонымен қабат тындауға да соншалықты құмартып тұрады. Мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде қамтымайтын саласы жоқ. Соның бәрін аз сөзбен көп мағыналы етіп білдіреді. Халық: *«Түз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді. Мақал — сөздің ата-сы. Сөздің көркі — мақал. Мақалсыз сөз — татымсыз аспен тең. Мақал сөздің тұздығы, — деп тұжырымдайды. Мақал-мәтелдердің фразеологизмдерге жуықтайтын жері тек тілдегі даяр тұрған материал болғандығында ғана емес, мақал-мәтелдердің көпшілігінде кейде тұжырымды оймен қатар*

бейнелі ишарат жатады. Мәселен, *Құс қанатымен ұшады, құрығымен қонады* дегенде біз құстың ұшып-қонуын ойламаймыз, ең алдымен, адам тураты, күнделікті өмір-тіршілік туралы ойтаймыз. Құсты ұшырып-қондырып тұратын оның қанаты мен құйрығы болса, сол сияқты адам да бірі мен бірі селбесіп, бір-бірінің тілін тауып, бірлесіп, қол ұстасып өмір сүрмесе болмайды деген ойға келеміз. Сол сияқты *ит тойған жеріне, ер туған жеріне. Кісі елінде сұлтан болғанда, өз елінде ұлтан бол* дегендегі *ит* пен *ер*, *кісі елі* мен *өзі елі* бір-біріне карама-қарсы шендестіріп қолдану арқылы тұжырымды оймен бірге астарлы мән-мағына пайда болады. Мақал-мәтелдер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатты ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданылады. Фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орныкқан, орны бекем болады. Бұлардың компоненттерін де өзара алмастыруға немесе басқадай сөзбен өзгертуге келмейді. Сонымен қатар сыртқы түр-түрпаты жағынан, яғни өздерінің семантикасы мен құрылым-құрылысы жағынан мақал-мәтелдердің фразеологизмдерден елеулі өзгешеліктері болады. Фразеологизмдердің мағыналары астарлы бейнелеу мәнде келеді. Ал мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдер қаншалықты ауыс мағынада айтылғанымен, құрамындағы сөздер өзінің байырғы лексикалық мағыналарынан қол үзіп, онша тасаланбайды. Сөз саны жағынан мақал-мәтелдерге қарағанда фразеологизмдер өте шектеулі болады. Көпшілігінде екі, я үш-төрт сынарлы болады. Мысалы: *қол бала, қолы ұзын, қолы тар, қол артты, қол болды, қолы алдына сыймады, қолы жіпсіз байланды, қол-аяғы балғадай, қолдан-қолға түсірмеді, қолын қанға батырды, аспанға қолы жеткендей, екі қолын төбесіне қойды, екі өкпесін қолына алып жүгірді, қолын жылы суга малды, біреудің қолымен от көседі* т. б. Мақал мен мәтелдер мән-мағынасымен қатар құрылым-құрылысы жағынан да сан түрлі болатындығы белгілі. Өзінің құрамы жағынан фразеологизмдерге мақалдан гөрі мәтелдер бір табан жақын келеді. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел белгілі бір ұғымды жанамалап, мензеп, тұспалдап атайды. Мысалы: *борік кигеннің намысы бір; сау-сақ ілікпей, ине ілікпейді; палуанға оң, терісі бірдей; ит аунаған жерде жүк қалады; қорыққан бұрын жұдырықтар; кісідегінің кілті аспанда; алаған қолым береген; сұлуынан жылуы; қормегенге көсеу таң; жығылсаң нардан жығыл; сүйгенін шұнағым дейді; қоңіл жүйрік пе; көк дөнен жүйрік пе, соқыр атқа қотыр ат үйір; бұралқы ит үргенімен жағар; ит үреді, керуен көшеді; есебін тапқан екі асайды* т. б.

Макал-мәтелдерде ұғымнан гөрі нақтылы ойды түйіндеп айту басым болады. Сондықтан бұлардың сыртқы құрылым-құрылысы сөйлемге ұқсайды. Ал фразеологизмдер керісінше, нақтылы бір ұғымды астарлап айтып, сыртқы тұлғасы жағынан жеке сөзге теңесіп тұрады. Макал-мәтелдер мен фразеологизмдер талай замандар бойына жасалып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Алайда, бұлардың жасалып, қалыптасу мерзімінде үлкен кереғарлық бар. Макал мен мәтел әр заманның өзіне лайық туып көбейе береді. Кенестік дәуірде пайда болған макал-мәтелдердің өзі каншама.

Мысалы: *табы бірдің — ары бір; еңбексіз елге сыймас; есепсіз колхоз — есіксіз үй; егін ексең тыңға ек, онан өнер өнім көп; еңбегі жоқтың өнбегі жоқ; опасызда Отан жоқ; жолдас қадірін жорықта білерсің, дос қадірін соғыста білерсің; сынның өзі ащы болғаныммен, жемісі тәтті*, т. б. Фразеологизмдер макал-мәтелдер тәрізді күнбе-күн көбейіп, тез дамып отырмайды. Тұрақты тіркес болу үшін, белгілі бір жағдай қажет. Әсіресе идиомның шеңберіне енген сөз идиомалану, лексикатану, грамматикатану заңымен даму-өзгеру процестерін басынан өткізу үшін талай уақытты (заманды) қажет етеді. Сол себептен болса керек, фразеологизмдер, әсіресе идиомдар бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көне бермейді. Ал макал-мәтелдер тілден тілге сөзбе-сөз де, емін-еркін де аударыла береді.

#### § 48. Фразеологизмдер және оларға ұйытқы сөздер

Тұрақты сөз тіркестері мен күрделі сөздер сөздікте берілгенде, бірінші сөздің әліппелік тәртібіне қарай орналас-тырылады. Фразеологизмдердің бірінші сөзі көп жағдайда ұйытқы сөз деп аталады. Әсіресе сын есімдерден (*ақ, ала, кең, көк, қара, қоңыр, қызыл, сары*), сан есімдерден (*бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он екі, қырық, мың*), бірлі-жарым етістіктерден болған ұйытқы сөздер әрқашан фразеологизмдердің бірінші сөзі болып жұмсалады. Мысалы: *ақ айыл, ақ боран, ақ маржан, ақ жауын, ақ жем, көк айыл, көк долы, көк бақа, көк дауыл, көк жал, көк майса, көк мылжың, бір шүйке, бір үзім, бір ілім, бір отар, бір үйір, бір қора, екі жүзді, екі қабат, екі ұрық, екі ұдай, екі талай, екі ұшты, қырық жамау, қырық құрау, қырық пышақ, өлгенде көрген, өлер жері, өлген тірілгенін білмеді, өлгенше жақсы көрді, өлдім-тал-дым дегенде, өлердей қорқады, өлеріне көрінді, өлмегенге өлі балық, өлмегенге қара жер, ішкен асын жерге қойды, ішкен-жегенін*

мұрнынан шығарды, ішкені алдында, ішегені артында, ішкені ірің, жегені желім, іреп сойды, жабулы қазан жабуымен, жатып ішер, жазбай таныды т. б.

Ұйытқы сөз фразеологизмдердің бірінші сөзі болып келуі басты шарт болып табылмайды. Екі компонентті зат есімнен болған фразеологизмде ұйытқы сөз бірінші болып та, соңынан екінші болып та тұра береді. Дегенмен, ұйытқы сөз фразеологизмдердің бірінші (басқы) компоненті болып қолданылуы өте жиі ұшырасатындығын жоққа шығаруға болмайды. Мұны мына төмендегі фразеологизмдердің құрылым-құрылысынан айқын көруге болады. Мысалы: *тіс* сөзіне қатысты фразеологизмдер. Есім фразеологизмдер: а) *сүт тіс, күрек тіс, қасқа тіс, маңдай тіс, ақыл тіс, ұры тіс, азу тіс, қой тіс, жылқы тіс, сиыр тіс, бұзау тіс, ит тіс, сойдақ тіс, сары тіс, ұрғашы тіс, еркек тіс (тараққа қатысты)* т. б., ә) *тіс қаққан, тіске басар, тіс тимеген, тісі шыққан, тісі қаладай, тісі меруерттей* т. б. Етістік фразеологизмдер: *тіс жарды, тіс жармады, тісі батпады, тісін басты, тісін батырды, тісінен шығармады, тісін қайрады, тісі шықты, тісі-тісіне тимеді, тісің барда ысқыр, тіске сыздық етті, тісінің сыздығына сақтады* т. б.

*Бел* сөзіне қатысты фразеологизмдер. Есім фразеологизмдер: а) *құмырсқа бел, күзен бел, таспа бел, қақпан бел, күдері бел, қынай (қындама) бел, бураң бел, қыз бел, асқар бел, аш бел*, т. б; ә) *бел бала, бел құда, бел орақ, белі жоқ, бел күрек, белді ата, бел орта, бел ортасында* т. б. Етістік фразеологизмдер: *бел алды, бел байлады (буды), бел бермеді, бел (і) кетті, бел көрді, бел қайысты, бел қылды, бел шешпеді, бел бүкпеді, белі бүгілді, белі көтерілді, бел болды, бел жазды, бел суытты, белі ауырмайды, бел асты, белі шойырды, белге көтерме болды, бел қызығын көрді, бесіктен белі шықпай жатып* т. б.

Тілдегі кез келген сөз фразеологизмдерге ұйытқы сөз бола алмайды. Халықтың өзімен қоса жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы сөздер ғана ұйытқы сөз бола алады. Сөздің сапа жағынан қаншалықты дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі — оның көп мағыналық сипат болып, туынды мағынада жұмсалып, әлденеше фразеологизмдерді тудыруға себеп болуында. Осы ретте қазақ тіліндегі фразеологизмдерді жасаудағы анатомиялық атаулардың, дене мүшелерінің қызметі айрықша екендігін атай кеткен жөн. Әсіресе *көз, қан, бет, ауыз, қол, бас, аяқ, жүрек, тіл, құлақ, қабақ, төбе, кеуде, көкірек* тәрізді адамның дене мүшелері сөзге арқау, ойға тірек-таяныш болып, тіліміздегі фразеологизмдердің бай қорын жасауда ерекше қызмет атқарады.

## § 49. Фразеологизмдердің сөз табына қатысы

Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де, екі немесе одан көп сөздердің жымдасып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да білдіруге болады. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н. М. Шанский фразеологиялық оралым тілде жеке сөздің қызметін атқарады<sup>1</sup> дейді. Тұрақты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай, мағынаның тұтастығы мен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөздің орнына жүреді. Мәселен, *араға от жақты* деген идиомның мағынасы араздастыру, жауластыру деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым ондағы жеке сөздерден туып тұрған жоқ, сондағы үш сөздің жалпы жиынтығынан шығып тұр. Фразеологизмдер мағына жағынан бір ұғымды білдіріп, бір сөздің орнына жүргендіктен, сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін аткарып тұрады. Олай болса, әрбір тұрақты тіркес белгілі бір сөз табына бағынышты, телінді болады деген сөз. Мәселен, *күлі көкке ұшты* деген күйреді деген сөздің орнына жүреді. Бұл идиом лексика-грамматикалық мағынасы жағынан етістікке ұқсайды. Сол себептен бұл сөйлем ішінде баяндауыштың қызметін атқарады. *Тайға таңба басқандай* деген фразаның мағынасы айқын, анық деген сындық ұғымды білдіреді. Сондықтан бұл сөйлемде анықтауыштың қызметін атқарады. *Көзді ашып жұмғанша* дегеннен тез, жылдам деген мағынаны түсінеміз. Бұл мағына үстеуге қатысты болғандықтан, сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады. Сол сияқты *дүниенің төрт бұрышы* деген бүкіл әлем, жер шары дегенді білдіреді. Мағынасы жағынан зат есімге жатады. Сөйлем ішінде, сөз жоқ, бастауыштың қызметінде жұмсалады.

Тұрақты тіркестердің белгілі сөз табына қатыстылығын әрбір тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Алайда, тіркестегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдердің тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейді. Мәселен, *арасынан қыл өтпейді* деген идиомның сыртқы грамматикалық сипатына қарасақ, етістікке жататын сияқты. Ал, мұның беретін ұғымы тату-тәтті, дос деген сын есімге қатысты болып тұр. Сол сияқты *жердің түбі* дегенді грамматикалық сипаты жағынан зат есім деуге болады. Ал мағынасы қашық, алыс дегенді білдіріп, үстеулік қызметте жұмсалады. Сондай-ақ, *су аяғы құрдым* деген де зат есімге жақын келгенімен, мағынасы

<sup>1</sup> Шанский Н. М. Лексикология современного русского языка. М., 1972, стр. 167.

аяксыз калу, құру дегенді білдіріп, етістікке қатысты болып тұр. Олай болса, фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтау үшін, негізгі сөз бен жалпы тіркестен тұатын фразеологиялық мағынаны салыстырып отыру қажет. Мәселеге бір жақты емес, жан-жақты қарау керек.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынан негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады:

1. Етістік мағыналы фразеологизмдер.
2. Сындық мағыналы фразеологизмдер.
3. Заттық мағыналы фразеологизмдер.
4. Үстеу мағыналы фразеологизмдер.

✓ Етістік мағыналы фразеологизмдер: *көзінің еті өсті* — көкірек керді, менменсіді; *қолды балды* — ұрланды, жоғалды; *басына іс түсті* істі болды, шатылды; *екі аяғын бір етікке тықты* — тықсырды, қуырды; *көз жаздырды* — адастырды, айырылып қалды; *пысқырып та қарамады* — менсінбеді, көзіне ілмеді; *оның жеді* — өкінді, санын соқты; *аяғынан тік тұрғызды* — түгелдей дүрліктірді, әбігер етті; *қолды-аяққа тұрмады* — сабырсызданды, шыдамы кетті; *көз байланды* — қас қарайды, кешкірді; *шыр бітті* — семірді, қон бітті; *өкпесі өшті* — шаршады, титықтады; *қаламы ұшталды* — жазуға қалыптасты, төселді; *шаң берді* — бой көрсетті, көрінді; *насырға шапты* — асқынды, қырсықты; *монтаң қақты* — телмен қақты, жаутандады; *жік-жаппар болды* — жалынды, жатбарынды, өтініп сұранды; *оқпаны толмады* — азырканды, місе тұтпады; *аузының суы құрыды* — танданды, танырқалды; *екі көзі төрт болды* — зарықты, сарыла күтті; *ат құйрығын кесті* — араздасты, қастасты; *ат ізін салмады* — қатыспады, көріспеді; *көзін жоғалтты* — құртты, жойды; *қолқа салды* — сұрады, қалады; *жіпке тізді* — есепке алды, жинады т. б.

✓ Сындық мағыналы фразеологизмдер: *аспанмен тілдескен* — биік, ұзын; *қара қылды қақ жарған* — әділ, турашыл; *қағанағы қарқ, сағанағы сарқ* — мәре-сәре, мәз-мейрам; *қаламы жүйірік* — жазғыш, қаламы төселген; *ит тұмсығы өтпейтін* — қатын, бітік, ну; *үріп ауызға салғандай* — сүйкімді, әдемі; *қой аузынан шөп алмас* — момын, жуас; *тонның ішкі бауындай* — ең жақын, әкей-үкей; *он саусағынан өнер тамған* — шебер, ісмер; *тілінен бал тамған* — шешен, тілмар; *көзі қырағы* — көреген, жіті; *көзден бір-бір ұшады* — зәру, қат; *қара бет* — арсыз, бетсіз; *екі жүзді* — опасыз, тұрақсыз; *жүрек жұтқан* — батыл, өжет, ер; *аяқ алып жүргісіз* — көп, қалың; *аты шулы* — атакты, әйгілі; *аузын буган өгіздей* — үндемейтін, мылқау; *қалы ашық* — мырза; жомарт; *еті тірі* — пысық, ширақ; *іске татыр* — жарамды, іліп алар; *кеспеге қарасы жоқ* — семіз, майлы; *тас бауыр* — мейірімсіз т. б.

✓ Заттық мағыналы фразеологизмдер: *кіндік кесіп, кір жуған жер* — туған ел, отан; *бір ауыздылық* — ынтымақ, бірлік; *аяқ алысы* — бет-алысы, бағыты; *суық қол* — ұры-қара, жау-жала; *бас араздық* — өшпенділік, қастық; *ауыз бастырық* — пара, акы; *бой күйездік* — жалқаулық, енжарлық; *ел агасы* — басшы, басқарушы; *ұзын етек* — әйел, катын; *қан ішер* — бас кесер, жендет; *қара көлеңке* — апақ-сапақ, бейуақыт; *қара халық* — бұқара, көпшілік; *қара мал* — сиыр, ірі қара; *құлақ естімес, көз көрмес* — алыс жер, қиыр шет; *қара шаңырақ* — үлкен үй, шыққан ұя; *қара орман* — жиған-терген, дүние-мүлік, бар дәулет; *о дүние* — ақырет, махшар, *от басы* — үй іші, ошақ басы; *ұзын құлақ* — өсек, сыбыс; *шикі өкпе* — перзент, бала; *шынжыр балақ, шұбар төс* — бай, манап, шонжар, т. б.

✓ Үстеу мағыналы фразеологизмдер: *сақадай сай* — дайын, әзір; *атқан оқтай* — түп-түзу, тура; *салған жерден* — бірден, ә дегеннен; *ат үсті* — үстіртін, жеңіл-желпі; *шу дегенде* — о баста, әуелде; *ит өлген жер* — алыс, қашық; *жұлып алғанша* — тез, жылдам; *ақ қар, көк мұзда* — қыс ішінде, қыстыгүні; *демнің арасында* — айтқанша, лезде; *көз ұшында* — алыста, қашықта; *құлдың сәріде* — ертемен, азанда; *о баста* — басында, алғашқыда; *айдың күні аманында* — тыныштықта, жайшылықта; *қараптан қарап жүріп* — бостан-босқа, тектен-текке; *аттың жалы, түйенің қамында* — асығыста, қарбаласта; *табан аузында* — жалма-жан, қапелімде; *тиіп қашты* — үстіртін, сокпа-сокпада; *бір төбе* — ерекше, айрықша; *қаннен қаперсіз* — жайбарақат, бейкам; *көз алдында* — бетпе-бет, жүзбе-жүз; *аяқ астынан* — кенеттен, жок жерде т. б.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығы жағынан ең көбі — етістік фразеологизмдер. Онан кейінгілері — сындық және заттық мағынадағы фразеологизмдер. Бұл үшеуінен азырағы үстеу мағынасындағы фразеологизмдер. Жеке сөз бен тұрақты тіркес мағына жағынан бір ұғымды білдіріп, бірінің орнына бірі жүргенімен, бұлардың білдіретін мән-мағыналары бірдей, тепе-тең емес. Тұрақты тіркестен туатын ұғым жеке сөзбен салыстырғанда анағұрлым күшті, әсіре мағынада айтылады. Сонымен қатар жағымды-жағымсыз экспрессивтік мәні болады. Жеке сөз нақтылы дәл ұғымды көрсетсе, фразеологизмдер дара ұғымды күрделендіріп, оның үстіне бейнелеп суреттеп, көз алдына келтіреді. Мәселен, жарыстан озып келген атты *жүйрік* ат десек, бұл сөздер нақтылы шын нәрсені сол қалпында дәл білдіріп тұрады. Ал сол жүйрік атты асырып мақтағымыз келсе, *бәйге, жүйрік* деген сөздер мүлдем жетімсіз болады да, оның орнына *аузымен құс тістеген, алдына қара салмайды* деген фразеологизмдерді қолданамыз.

Бұлар жүйріктің жүйрігі, асқан жүйрік деген өсіңкі ұғымды білдіреді. Олай болса, фразеологизмдер жеке сөздің орнына жұмсалса, оны дәл баламалық демей, жанамалық түрдегі қолданыс деп қарау керек.

## § 50. Фразеологизмдердің көп мағыналығы

Омонимия мен көп мағыналық (полисемия) құбылыстары негізінен жеке сөздердің арасында жиі ұшырасады. Ал фразеологизмдерге бұл құбылыс онша тән емес. Дегенмен, бұлардың арасында да ара-тұра кездесіп қалады. Әсіресе омонимия құбылысы фразеологизмдерден сирек байқатады. Мысалы: 1. *Ат қойды* — атой салып шаба жөнелді. 2. *Ат қойды* — балаға есім, ныспы берді. *Жүзі қайтты* — кесу, шабу құралдарының өткір жағы жапырылып, майырылып калуы. 2. *Жүзі қайтты* — тауы шағылып, беттей алмады. 1. *Аузы берік* ораза ұстаған, аузы ораза. 2. *Аузы берік* — сыр сақтағыш, құпияға берік. Омонимия болу үшін сөздердің түп төркіні бөлек болуы қажет екені белгілі.

Тілдегі жеке сөздер тәрізді тұрақты тіркестердің де кейбіреулері көп мағыналы болып кездеседі. Алайда, фразеологизмдердің бәрі бірдей емес, идиомдық түрлері әрдайым дара мағыналы болады да, фразалық тіркестердің қайсыбіреулері көп мағыналы болатындығы байқалады. Мысалы: *бой бермеді*: а) айтқанға көнбеді, жеңістік бермеді, ә) ырық бермеді, күші жетпеді. *Көзі шықты*: а) соқыр болды, ә) көзі қанды, маманданды. *Жылқы бағумен көзі шықты*. *Дымы құрыды*: а) дінкеледі, шаршады, ә) лажы қалмады, не істерін білмеді. *Жайын ауыз*: а) аузы үлкен, дорба ауыз, ә) обыр, комағай. *Көңілде болды*: а) тату-тәтті, дос, ә) ашына-жай, көңілі жақын. *Жігіт ағасы*: а) ер жетті, есейді, ә) ақылшы, басшы. *Қара су*: а) ақпайтын көлшік су, ә) жай ғана (қайнаған) судың өзі. *Өлі ет*: а) бірер күн тұрып қалған ескі ет, ә) тірі денедегі тканьдары шіріген жансыз ет. *Ат үсті*: а) жол-жөнекей, жолшыбай, ә) жеңіл-желпі, үстіртін. *Сыңар езу*: а) бір жағына бұра тартып жүретін жылқы, ат, ә) өз ыркы болмаса көнбейтін бір бет адам. *Жүзіннің көзінен өткендей*: а) сұлу, әдемі, мүсінді, ә) еті тірі пысық, жылпос. *Аузымен құс тістеген*: а) жүйрік, ұшқыр, ә) сөзге шешен, ділмар адам. *Аузы-мұрнынан шығып отыр*: а) екіқабат әйелдің ай-күніне жетуі, ә) лық толы, отыруға орын жоқ. *Тұғырдан тайды (түсті)*: а) қартайған бүркіттің тұғырда отыра алмайтындай халге жетуі, ә) баладан қалған, тоқтаған әйел, б) бұрынғы дәуреннен қалды, қайраты қайтты т. б.

Фразеологизмдерден туатын көп мағыналық екі түрлі жолмен жасалады. Оның бірі — жалғаса туады, екіншісі — жарыса туады. Мәселен, *ат үсті* деген тұрақты тіркестің ең алғашқы мағынасы, сөз жоқ, ат үстінде жүрумен байланысты шыққан. Содан соң осы ұғымға жалғастырып қолдану арқылы үстірт, үстіртін мағынасы пайда болған. Сол сияқты қартайған бүркіттің тұғырда орнығып отыра алмауын адамға ауыстырып, бейнелеп қолдану арқылы соңғы мағыналары жарыса шыққандығын аңғару қиын емес. Жеке сөздің көп мағыналығы мен фразалық тіркестердің көп мағыналығының дамуында бірыңғай жалпы ортақ заңдылықтар бар. Фразеологизмдердің де көп мағыналығы негізгі заттық мағынадан өрбиді. Туынды мағына да сол алғашқы лексикалық мағынаны ауыстырып қолданудан келіп шығады. Мәселен, *иі қанды (жетті)* деген тұрақты тіркестің ең алғашқы мағынасы илеген заттын (терінің) илеуін жеткізу, әбден жұмсарту, жұмсақ қалыпқа келтіру болса, одан соң бір нәрсені әбден жетілдіріп шындап кемеліне келтіру ұғымы келіп шықты. Соңғы фразеологиялық туынды мағына, сөз жоқ, алғашқы мағынаның негізінде жалғаса пайда болды. Кей жағдайда жалғаспалы мағына мен жарыспалы мағына бір-біріне ұласып, үсті-үстіне туынды мағына жамай беруі мүмкін. Мәселен, *зәрі қайтты* дегеннен: а) уы қайтты, тарады, ө) жыли бастады, б) ашуы басылды деген үш түрлі мағына туындаған. Бойдағы удың таралуын табиғат құбылысына, одан кейін адамның мінез-құлқына бейнелеп қолдану арқылы туынды мағыналар бір-біріне ұласып отырғандығы айтылған ойға айқын дәлел бола алады.

## § 51. Фразеологиялық синонимдер

Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдер деп аталады. Қазақ тілі лексикалық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық синонимдерге де соншалықты бай. Бірақ олар өздерінің стильдік, мағыналық ерекшеліктерін сақтап отырады. Мәселен, *аза бойы қаза болды, аза бойы тік тұрды, азар да безер болды, ат-тонын ала қашты* дегенде мән-мағынасы жағынан бір-біріне жақын келгенімен, іштей өзіндік сәл ерекшеліктері бар. Сол сияқты *алғаны ас балмады, алғаны көзінен шықты, жегені желім болды, жегені желкесінен шықты, ішкен-жегені мұрнынан шықты* дегендер де белгілі бір ұғымды сегіз

сакка жүгіртіп, жан-жақты сипаттап тұрғанымен, стильдік мәні жағынан бірдей деуге келмейді. Фразеологиялық синонимдер де ұғымы жағынан бірінен-бірі сатылап өсіп, күшейе түсіп отырады. Мәселен, *көз (кірпік) ілмеді, көз шырымын алмады, түн баласына кірпік қақпады, түн ұйқысын төрт бөлді, көрер танды көзімен атырды* дегенде әрбір фразеологиялық синонимнің алдыңғысынан соңғылары қарқындай береді. Біреуден біреудің артықшылығын айтқымыз келсе: *нар келмейді, тең емес, ширегіне келмейді, астар болмайды, бақайынан келмейді* дейміз. Біреудің бір нәрсеге қатай құмартқандығын айтқымыз келсе: *айызы қанды, аузынан суы ақты, аузынан сілекейі шұбырды, аузының суы құрыды, көзін жұмып, аузын ашып қапты* дейміз. Ал біреудің қатай қорыққандығын айтқанда: *жүрегі (зәресі, үрейі) ұшты, құты қашты, иманы кетті, көзі шарасынан шықты, көзі алақандай болды, иманы қасым болды, иманы қалмады, жүрегі тас төбесінен шықты, зәресі зәр түбіне кетті* дегендер қолданылады. Мұның барлығы етістік фразеологиялық синонимдердің соншалықты байлығын көрсетеді.

Фразеологиялық синонимдер сындық және үстеулік мағынада да кездеседі. Мәселен, біреудің асқан сұлулығын бейнелеп айтқымыз келсе: *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, туған айдай, үріп ауызға салғандай, ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін, еліктің баласындай, қыздың баласындай, ай мен күндей* дейміз. Біреудің әкесіне ұқсастығын айтқанда: *әкесінен айнымайды, айна қатесі жоқ, әкесінің аузынан түскендей, әкесінің терісін сойып қаптап қойғандай* дегендер қолданылады. Біреудің байлығын сөз қылғанда: *төрт түлігі сай, төрт құбылысы түгел, бес енесі бестен, не ішем, не жейім демейді, ішкені алдында, іштегені артында, үріп ішіп, шайқап төгіп отыр* дейміз. Ал біреудің бейкамдығын, жайбарақаттығын бейнелесек: *қаннен қанерсіз, үш ұйықтаса ойда жоқ, үш ұйықтаса түсіне енбеген* дегендер қолданылады. Қатты ауырып жатқан адамды көргенде: *әл үстінде, өлім халінде, өлім аузында, өлі мен тірінің арасында, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* дегендер жұмсалады. Осылардың бәрі біздің ана тіліміздің шексіз байлығын танытады. Бұл тілдің соншалықты орамдылығы мен икемділігін көрсетеді. Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасауда жиі қолданылады. Сондықтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді. Бұлардың өздеріне лайықты орын тепкен мекені — көркем әдебиет. Көркем шығармада белгілі оқиға жай баяндалмайды. Жазушы болған оқиғаны өзінің ой елегінен өткізіп, оны түрлі-түсті бояумен әшекейлейді. Сондай бейнелі сөз қазынасы — тілдегі фразеологизмдер екендігі сөзсіз.

Тілдегі лексикалық синонимдер мен фразеологиялық си-

нонимдер екеуі екі түрлі аталғанымен, түптеп келгенде, бір мақсатқа қызмет етеді. Ол мақсат — ойлаған ойды жеткізе, жан-жақты баяндау болып табылады. Сондықтан бұл екеуі үнемі бірлікте өзара тығыз қарым-қатынаста, тұтас бір бүтін нәрсенің екі жағы деп қаралуға тиіс.

Фразеологиялық синонимдер тәрізді тілдегі мақал-мәтелдер де бір-біріне синоним болып жұмсалады. Бір ойды білдіру үшін мағыналас, мәндес бірнеше мақал-мәтелдер қолданылады. Мысалы: *біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы; қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы; мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек* т.б. Бұл мақалдар үш түрлі құрылымда келгенімен, айтайын деген негізгі ой біреу ғана. *Иш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ; көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр* дегендер ерегескенмен қолдан келер ештеңе жоқ деген дәрменсіздікті білдіреді. *Жер жерінде, жекен суында; қараған өз жерінде түрілдейді* дегендер әр нәрсе өз жерінде қадірлі дегенді мензейді. *Аш пәле, аш пәледен қаш пәле; аш құлақтан тыныш құлақ* дегендер мазанды алдыра бергенше, құтылып тын дегенді аңғартады. *Құда да тыныш, құдағи да тыныш; сен тимесең, мен тимен бадьирақ көз* дегендер адамға тыныштық керек, пәлесінен аулақ дегенді білдіреді. *Еңкейсем — күбіні сындырам, шалқайсам — айранды төгем; отырсам опақ, тұрсам сопақ* дегендер біреуге қатайда жакпау, көңілден шыкпау дегенді білдіреді. Көптеген мақал-мәтелдер құрылым-құрылысы жағынан бір үлгімен (модель) жасалып, бір-біріне әрдайым синоним болып жұмсала береді. Мысалы, *ат тұяғын тай басады — нар ізін нарша басады; тай тулап үйінінен кетпес — түйе тулап жүктен құтылмас; біреу қалың беріп қатын алады, — біреу қисайып жатып қол салады; түйені Түймебай бағады; сүтті Сүйкенбай ішеді; қойшы көп болса, қойды қасқыр жейді — түйе көп болса, жүк сыймайды* т.б.

Мақал-мәтелдердің өзді-өзіне синоним болуы фразеологиялық синонимдерге ұқсас. Айырмасы тек мағынасында. Фразеологиялық синонимдер жеке сөздің орнына жүріп, соның білдіретін ұғымын білдірсе, мақал-мәтелдер тұтас сөйлемдік қызметте жұмсалып, әрқайсысы аяқталған түгесінді ойды білдіреді. Мақал-мәтелдердің синонимдік қатынасы айтайын деген ой-пікірдің сарындас, үндес келіп, бір жерден шығуында.

## § 52. Фразеологиялық антонимдер

Фразеологизмдер мән-мағынасы жағынан бір-біріне үйлес келіп, өзара бір-бірімен синоним болып жұмсалатындығы

сияқты бұлар мән-мағынасы жағынан қарама-қарсы болып қолданылады. Тұрақты тіркестердің арасындағы осындай кереғар құбылыстарды фразеологиялық антонимдер деп атауға болады. Қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдер негізінен екі түрлі болып кездеседі. Мұның бірінші түрі тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерді баскадай сөздермен алмастыру арқылы жасалады. Мысалы: *аты шықты — аты өшті, ат ізін салмады — ат ізін құрғатпады, ашық мінез — тұйық мінез, әлі кірді — әлі кетті, бақ қонды — бағы тайды, беделі артты — беделі түсті, бетінен оты шықты — беті бұлк етпеді, бұл дүние — о дүние, ер жүрек — қоян жүрек, есіне түсті — есінен шықты, жүрек жұтқан — су жүрек, жолыңа гүл бітсін — жолыңа жуа шықсын, май қап — тас қап, көзі тірі — көзі жоқ, қисыны келді — қисыны кетті, есік көрген — бесік көрген, мінер жақ — қамшылар жақ, сертке жетті — серттен тайды, соққы жеді — соққы берді, сыр алдырды — сыр бермеді, үміт етті — үмітін үзді, іске алғысыз — іске татыр, оң бата — теріс бата, ақ жүрек — қара жүрек, аузы берік — аузы ашық, аузы жеңіл — аузы берік, жас ет — сұр ет, күні туды — күні өтті, еңбегі жанды — еңбегі еш кетті, көзінің оты өшсін — көзіңнің оты жансын* т.б.

Фразеологиялық антонимдердің екінші түрі құрылым-құрылысы жағынан мүлдем басқа сөздерден жасалады. Мысалы: *соры сорпайдай қайнады — көзі ашылды, шөл қанды — қаны кепті, өркенің өскір — желкең қиылғыр, сабыр етті — дегбірі қалмады, салт басты — үйлі-баранды, оң жақ (босаға) — жат есік, еңкейген шал — еңбектеген бала, әлі сүйек — еті тірі, аузыңа май — жағың қарыссын, айы оңынан туды — жолы болмады, еңбегі қатпаған — тісі шыққан, өркенің өссін — жүрімің үзілгір, ақ ниет — арам ой, араны ашылды — тәбеті тартпады, ау баста — ақыр соңында, жанын салды — бой тартты, қоңіл бөлді — мән бермеді, мойны босады — қолы тимеді, отпен кіріп, күлмен шықты — бұта басын сындырмады, таң атты — күн батты, ұйқысы қанды — көз ілмеді, іш тартты — іргесін аулақ салды, қырғи қабақ — арасынан қыл өтпеді, ауыз жаласты — ат кекілін кесісті, аузы аузына жұқпады — аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсті, бауыр басты — жат бауыр болды, әлі аруақ — тірі жан, қара қазан — қолы ашық, ала қол — қара қылды қақ жарған* т.б. Қазақ тілі фразеологиялық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық антонимдерге де соншалықты кедей еместігі байқалады. Мұның былай болуы тілдегі сан алуан стильдік сөз қолданыстарымен тығыз байланыстылығында деп түсінген жөн.

## § 53. Фразеологиялық варианттар

Фразеологизмнің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, құрылым-құрылысы жағынан үксас (үйлес) келген түрлері фразеологиялық варианттар деп аталады. Фразеологиялық варианттар екі түрлі болады: а) фонетикалық вариант, ә) лексикалық вариант. **Фонетикалық вариантқа** тұрақты сөз тіркесінің құрамына енген кейбір сөздердің бірде жуан, бірде жінішке, кейде толық, кейде қысқарып айтылуы жатады. Мәселен, *ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ* дегенді *әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ* деп те айта береді. Мұндағы *ай* мен *әй*, *ажа* мен *әже* бір-біріне фонетикалық вариант болып есептеледі. Бұлардың екі түрлі болып өзгеріп отыруынан тұрақты тіркестің мағына бірлігіне тигізер ешбір зиян жоқ. Сол сияқты *адыра (адырам) қал, әдіре (әдірем) қал* деп те айтыла береді. Мұнда бірде жуан, бірде жінішке, кейде толық (*адырам-әдірем*), кейде ықшамдалып, қысқарып (*адыра-әдіре*) айтылып тұрғанымен, тұрақты тіркестің мағынасын өзгертуге ешқандай себеп бола алмайды. Стилдік жағынан да пәлендей тигізер ықпалы жоқ. Сондықтан да бұлар әр басқа фразеологизм емес, бір тұрақты тіркестің екі түрде түрленіп айтылуы деп есептеледі. Фонетикалық варианттар бір сөздің өз ішінде де түрлі-түрлі болып өзгеріп отыруы мүмкін. Мәселен, *ұнжырғасы түсті* деген фразеологизм *ұнжорға, ұнжорға, енжорға, өнжорға* болып та ауызекі тілде айтыла береді. Бірақ бұдан тұрақты тіркестің мағынасы ойсырамайды. Сондай-ақ, *пешенеден белгілі* дегенді *бешенеден, бес ененен белгілі* деп те айта береді. Осындай жарыспалы түрлердің мынасы дұрыс, анасы қате деп үзілді-кесілді тұжырым жасаудың өзі кейде қатеге ұрындырады. Қашанда өте жиі айтылатын, халықтық тұлғасы дұрыс деп есептеледі.

**Лексикалық варианттар** фразеологизмдердің арасынан өте жиі ұшырасады. Мысалы: *ағам жаңғем сай — апам жездем сай, аға өлсе, іні мұра — аға өлсе, жеңге мұра, адыра қалды — қараң қалды, ажар білдірді — қабақ білдірді, азуы алты қарыс — азуы кере қарыс, ай дала — жапан дала, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар — ай десе аузы жоқ, күн десе көзі жоқ, айтып-айтпай немене — айтып-айтпай не керек, айт-үйт жоқ — ай-шай жоқ — ай жоқ, шай жоқ, ақылы ауысты — есі ауысты, ала кеуім — ала көлеңке, алақанын жайды — қолын жайды, албасты басты — әбілет басты — қара басты, алдына қара салмады — алдына жан салмады, амал жоқ — амал нешік, ант атқан — ант ұрған, артына түсті — соңына түсті, аспанмен таласқан — аспанмен тілдескен. атарға оғы жоқ — атарға оғы болмады, ант кекілін*

кетті — ат құйрығын үзді, аттың жалы, түіенің қомында — аттың жалы, атанның қомында, аузы-мұрнынан келді — аузы-мұрнынан шықты, аяғынан тік қойды — аяғынан тік тұрғызды, аяқ астынан — табан астынан, даңғыл жол — сара жол, егде тартты — мосқал тартты, екі ұдай болды — екі жар болды — екі жақ болды, жас өспірім — жас ұлан — жас түлек т.б.

Кей жағдайда фразеологизмнің құрамындағы әрбір сөзден әр түрлі варианттар өрбиді. Мысалы: көңілге қуат (медет, медеу) қылды (тұтты, етті), көңілден кір (дақ, дық, кірбің, қаяу, қылау) арылды (ашылды, кетті), көңіл ауды (бөлінді, кетті, құлады), көңіл көншіді (жайланды, тынды, орнықты, демдеді), көңілін жыртты (жықты, қайтарды, қалдырды), көңілі өсті (сергіді, тасыды, шалқыды), кірерге жер (тесік) таппады, қабағы салыңқы (жабыңқы, түйліңкі, қатулы, қатыңқы), маңдайының соры бес батпан (бес елі, кере қарыс), мұртай (қалмақтай, жұлынды) түсті (үшты) т.б.

Лексикалық варианттардың бір-бірінен сәл болса да ерекшелігі байқалады. Сондықтан бұларды фразеологизмдердің синонимдік тәсілімен түрленуі деп те атауға болады. Варианттарда (фонетикалық, лексикалық) қалайда ең кемі бір сыңары ортақтаса қолданылса, синонимдес фразеологизмдерде ешбір компонент қайталанбайды. Қайталанған күнде құрылым-құрылысымен қатар мағынасын да сәл өзгертіп, стильдік мән алады. Мәселен, *аза бойы қаза болды* — *аза бойы тік тұрды*, *ала ауыз* — *алты бақан ала ауыз* дегендердің мән-мағыналары нақ бірдей деуге болмайды. Соңғыларының айтарлықтай семантикалық алшақтығы болмағанымен, стильдік мәні алғашқыдан гөрі күштірек, салмақтылау сезіледі.

## § 54. Фразеологизмдердің шығу арналары

Тілдегі фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер себеп болған. Солардың бастылары:

1. Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған. Мысалы, *жауыр болды* (әбден мезі қылды, ығыры шықты) деген тұрақты тіркестің негізінде көп мініліп арқасы жара болған аттың бейнесі елестейді. Басында атқа байланысты шыққанымен қазіргі кезде ол мағынасы ұмытылып, қайта жасалынып адамға байланысты айтылады. *Арс етті* (беттен алды, қарсы келді) деген фразеологизмнің негізінде иттің қарсылық білдіріп, айбат шегуі жатыр. Кейіннен бұл мағына адамға қатысты айтылатын болған. *От ала келген кісідей* деп, асығыс-үсігіс, мұрнына су жетпей жүрген кісіге айтылады. Бұл тұрақты тіркестің о

бастағы *от ала келу* мағынасы ұмытылып, қазір адамның өзіне тікелей қолданылып кеткен. Сол сияқты *ағынан жарылды, айдап салды, астынан су шыққандай, асығы алышынан түсті, ас ішіп, аяқ босатар, ата сақалы аузына біткен, ат басына күн туды, атқа мінер, ат-тонын ала қашты, ауыз жаласты, ауыздықпен алысты, жеп еті, ішіп сорпасы жоқ, жілігі татымайды, аяғынан келді, аяғынан тік тұрды, аяғының ұшынан басты, аяқ-қолын жерге тигізбеді, бал ашты, беті бері қарады, дәмін татты, ет жемесе де сорпа ішкендей болды, еттен өтіп, сүйекке жетті, етігімен су кешті, жағасын ұстады, жайып салды, жанбай жатып сонді, аузынан ақ май ағызды, жас иіс, жастығын ала жатты, жатып ішер, жау жетті, ел көшті, жауырды жаба тоқиды, желі оңынан тұрды, жең ұшынан жалғасты, жерге түкірді, жер шұқыды, жол көрсетті, жібі бос, жібі тұзу, жіпке тізді, иі жұмсақ, иі қанды, исі мұрнына кірмеді, көрі қойдың жағындай жасы қалды, қаймағы бұзылмаған, қамшы салдырмайды, орнын сипап қалды, оңін айналдырды, өті жарылды, көшсе көш басында, отырса от басында, санын соқты, сорпаға шығар, су татиды* деген фразеологизмдердің жасалуына да, сөз жоқ, адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы себеп болғандығын танып білуге болады.

2. Біркыдыру фразеологизмдер өлшемдік ұғымдардың негізінде пайда болған. Мысалы: а) уақыт, мерзім өлшемдері: *күн шыға, сәске түсте, тападай тал түсте, шаңқай түсте, түс ауа, күн бата, күн ұясына кіргенде, ел орынға отыра, көз байлана, қас қарая, ымырт жабыла, қызыл іңірде, іңір қаранғысында, ел жата, түн ортасында, таңға жақын, жылқы жусар кезде, тауық шақырғанда, таң ата, құлқын сәріде, таң аппақ атқанда, ала жаздай, қыс бойы, ақ қар көк мұзда, мал балалап жатқанда, ел қосқа шыққанда, көктің көлінде, ел жайлауға көшерде, күзем алып жатқанда, ел күзекте отырғанда, соғым сойып жатқанда* т. б.;

ә) көлем өлшемдері: *бір топ (ошар) жан, бір тайпа ел, бір қора қой, бір үйір жылқы, бір қоспақ (келе) түйе, бір табын сиыр, бір көген қазы, бір желі құлын, бір айдам жер, бір мая шоп, бір ұрттам су, бір жағым от, бір тең жүк, бір сабақ жіп, бір шүйке жүн, бір киер киім, бір жалқы, бір түйір дән, бір түп көде, бір қанат ши, бір шумақ жіп, бір кесек киіз, бір жаңым құрт, бір білем май, бір асым ет, бір шайлық сүт, бір тілім нан, бір қайна-тым шай, бір шағым қант, бір саба қымыз, бір атым насыбай, бір қарын май, бір қап астық, бір шана шоп, бір шайнек шай, сыңсыған қалың орман, мыңғырған мал, жер қайысқан қал, жайқалған егін, шаш етекпен, қыран құлкі, мидай дала* т. б.

б) ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдері: *бармақ қазы,*

*бір елі, үш елі, сала құлаш жіп, тұтам емшек, қол сазым жер, таяқ тастам жер, бір табан жақын, ат шаптырым, айлық жол, кісі бойы, оқ бойы, ат кекілінен, бір кез, бір шақырым, иек асты, түстік жер, бір көш жер, көз көрім жер, арқан бойы, тұла бойы, он бойы, есік пен төрдей, аспан мен жердей, жырта (кере) қарыс, бір сүйем, сынық сүйем, бір құшақ т. б.*

Қазақ халқы революцияға дейін көшіп-қонып көшпенділік дәуірді ұзақ уақыт басынан өткізгендігі белгілі. Олар жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзекте бірден-бірге көшіп-қонып жүргенде, уақыт мерзімін, ұзындық пен көлемді қалай өлшеп білген деген заңды сұрау туады. Сол заманда біздің халқымыздың уақытты сағатпен, көлем мен салмақты таразымен, ұзындық пен кеңістікті метрмен өлшеуге әлі онша дағдыланбаған, үйренбеген кезі еді. Бәлкім, сол кезенге бұл өлшемдердің көшпенділік тұрмысқа соншалықты қажеті де болмаған шығар. Қалай дегенмен, сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі өлшемдік ұғымды білдіретін қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы танып білуге болады. Өткен заманда қазақтар уақытты сағатпен нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат деген уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген. Мәселен, *секунд* ұғымын *қас қағым, кірпік (қабақ) қаққаниша, көзді ашып-жұмғанша, демнің арасында, табан аузында* деген дене мүшелерінің кимыл-қозғалысы арқылы білдірген. *Секунд* деп айтпағанмен, секунд ұғымын айнытпай дәл түсініскен. *Минут* пен *сағатты бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым* сияқты нақтылы мөлшерлі уақытпен білдірген. Осы фразеологиялық тіркестер сағат болмағанымен, сағаттың орнына жүрген. *Тәулік* пен *жыл* ішіндегі мерзімдерді нақтылап дәл айыру үшін қазақтар *Ай, Күн, Шолпан, Жеті қарақшы, Үрке, Темірқазық, Есекқырған* тәрізді толып жатқан аспан денелерін молынан пайдаланған. Олардың күнбе-күнгі (тәулік бойындағы) айлық, жылдық кимыл-қозғалыстарын қадағалап бақылап отырған.

Уақыт-мезгіл өлшемдерінде *қас, кірпік, қабақ, көз, ауыз, дем* сияқты адамның дене мөлшерінің кимыл-қозғалысы пайдаланылса, ұзындық пен қалыңдықты өлшеуге *елі, сүйем, қарыс, табан, адым, тұтам, құшақ* тәрізді атаулар қатысқан. Мәселен, жылқының қазысын өлшегенде *пышақ сырты, қыл елі, жарты елі, шынашақ, бір елі, бармақ елі, екі елі, үш елі, төрт елі, сынық сүйем, табан сере* деп талдайды. Бұл өлшемдер ел арасында әлі күнге сақталған. Тігінші, үйші, етікші, ұста, ағаш ұстасы дегендердің бәрі де метрлік өлшем тұрмыс тәжірибесінде әлі ене қоймаған кезде, негізінен жоғарыда аталған өлшемдерді қолданған. Бірақ әрқайсысы әр түрлі өлшемге пайдаланылған.

Мәселен, еңдей матадан киім пішкенде *құлаш, қарыс, сүйем, елі жұмсалған*. Жіпке *қарыс, тұтам, құлаш, сала құлаш*, ал шашылып-төгілетін және жұмыр нәрсеге *тұтам* мен *құшақ* қолданылған.

3. Бірсыпыра фразеологизмдер діни ұғымдар мен ескі әдет-ғұрыптарға байланысты жасалған. Мысалы: *ант су ішті, аруақ (құдай, дәм) атсын, бата қылды (оқыды), бір тарының қауызына сыйғызды, дін мұсылман ағайын, діні қатты, жазмыштан озмыш жоқ, жан берді (тапсырды), жан таласты, жетісін берді, қырқын берді, заман ақыр, қыл көпір, зәмзәм суы, зікір салды, иманды адам, иман жүзді, иманы жолдас болсын, кәусар суын ішті, кешу айттысты, пірге қол тапсырды, құран сөзіндей, құрбан шалды, махшар күні, маңдайға жазды, мойнына бүршақ салып тіледі, намазы қаза болды, неке суын ішті, некесін қиды, талақ етті, пайғамбардың жасына келген, періштенің құлағына шалынсын, пітір берді, дем салды, атастырып қойды, бесік құда* т. б.

4. Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына аңыздар мен түрлі ұғымдар, өткен тарихи оқиғалар негіз болған. Мысалы: *қайда барса да Қорқыттың көрі, Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы, ердің құны, нардың нұлы, есте жоқ ескі мезгілде, жазған құлда шаршау жоқ, жар салды, сауын айтты, жыланы қайтты, ер кезегі үшке дейін, ер қаруы бес қару, күл төбенің басында күнде жиын, жеті атасынан қара көк, шынжыр балақ, шұбар төс, қара нар, қалы кілем, ат-шапан айып, ақ сүтін көкке сауды, теріс батасын берді, жерұйық, қой үстінде боз торғай жұмыртқалады, қой тұяқ жамбы, құба қалмақ заманы, кедейдің жеті қаңтары бар, кедейдің аузы асқа тисе, мұрны қанайды, мал құлағы саңырау, қара жер хабар бермесін, сүт көп, көмір аз, отқа май құйды, жырттысын жыртты, сойылын соқты, шашбауын көтерді, қол шоқпар болды, қол жаулық* т. б.

Тілдегі фразеологизмдердің бәрінде о баста конкретті тура мағынасы болған. Профессор Ғ. Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, осы күнгі *жүрек жұтқан, қан ішер, қатарға қосылды, санатқа ілді, ит терісін басына қаптады* деген фразеологизмдердің бәрі о баста тура мағынада қолданылған. Бұлар талай заманның белгісін сақтап, кейіннен басқа мағынаға ауысып кеткендігін айтады<sup>1</sup>. *Бет моншағы үзілді (түсті), бет пердесін сытырды (ашты, жүлді)* деген тұрақты тіркестер де басында тура нақты мағынаны білдірген. Кейіннен қатты ұялып, біреуге тіктеп қарай алмау, біреудің айыбын бетіне басып маскаралау мағынасында фразеологизмге айналып кеткен. Әр заманнан тілде белгі қала-

<sup>1</sup> Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. Алматы, 1966, 13—16 беттер.

ды. Соған қарай отырып, тіл фактісі арқылы көненің сырын ашуға болады. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі *ит шана*, *ит арба* деген тіркестерге қарап көне заманда итті көлік ретінде пайдаланған шығар деп жорамалдауға болады. Мұны *ит өлген жер*, *ит арқасы қиян* дегендер де дәлелдей түседі. Фразеологиялық мағынаның түп-төркіні лексикалық мағынамен астасып, іштей өзектесіп жатады. Фразеологизмдердің пайда болу жолдары, шығу арналары бұл айтылғандармен шектелмеуге тиіс. Олардың жасалуы мен түп-төркінін әлі де зерттеу келешектің ісі.

## § 55. Фразеологизмдердің сөздіктерде берілуі

Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жеке сөздермен ғана емес, фразеологизмдермен де түсіндіріледі. Сондықтан лексикология мен фразеологизмдер әрдайым өзара тығыз бірлікте қаратады. Фразеологизмдер сөздікте берілгенде ұйытқы сөздің ұясына топтастырылады. Әрбір ұядағы тұрақты тіркестер іштей әліппе тәртібімен орналастырылады. Олардың әрқайсысына тілдегі қолданылуының нақтылы дәлел ретінде бірлі-жарым мысал беріледі. Қазақ тілінің сөздіктерінде фразеологизмдерді беруде бір ізділік жоқ, ала-құла. Қазақ тілінің екі тілді аударма сөздіктерінде фразеологизмдер бірінші сөздің ұясына ғана беріліп, негізгі ұйытқы көп жағдайда ескерілмей жүргендігі мәлім. Мәселен, *бота көз*, *мол қол*, *шот маңдай*, *ай қабақ*, *қызыл ерін*, *қызыл тіл* тәрізді фразеологизмдер бірінші сөзге ғана алынып, негізгі ұйытқы сөздерді (*көз*, *қол*, *маңдай*, *қабақ*, *тіл*) екінші сынарда болғандықтан, ұяға ілінбей, тектен-текке сырылып қалып отыр. Емте сөздікте сөздің тек қалай жазылуын ғана нысана етіп, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің құрылым-құрылысына, яғни ұя мен ұйытқы сөзге қойылатын жүйелі принциптің жоқ екендігі анықталып отыр. Көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» фразеологизмдер біраз жөнге келтірілді. Мұнда тұрақты тіркестің құрамында қанша сөз болса, сонша рет қайталанып атынады. Сөз тіркестерін қайталап алудағы негізгі мақсат — әрбір сөздің фразеологизмдерді жасаудағы өнімді-өнімсіз қызметін айқындап, әрқайсысын өз ұясына жинап-теріп бір жерде көрсету болады. Бірінші сөздің ыркымен кете берсек, ұйытқы сөздің мәнді қызметі жан-жақты ашылмай, сынар жақ болып қалатындығы ескеріледі. Мәселен, *жұмған аузын аштады* дегендегі ұйытқы сөз — *ауыз* болғанымен, ол сөз бірінші емес, екінші тұрғандықтан, өз ұясынан (*ауыз*) қалып қоятыны

анғарылады. Алайда, аталған түсіндірме сөздікте тіліміздегі фразеологизмдердің бәрі бірдей белгілі ұяға жиналып-терілген деуге мүлдем болмайды. Бірде бар, бірде жоқ болып отыратын жайттар жиі кездеседі. Мәселен, *көз ақы, қол ақы, табан ақы, ауыз ақы, сүт ақы, жамбас ақы* дегендердің *ақы* деген сөзге алғашқы үшеуі алынған да, соңғы үшеуі атаусыз қалған. *Аш* деген сөзге *ауыз ашарды* алған да, *тіл ашарды* тастап кеткен. *Ауыр* деген сөзге *аузы ауыр, аяғы ауыр, сүйегі ауыр* алынған да, *қолы ауыр, еті ауыр* дегендер қалып қойған. *Қолы ауыр* деген фраза «Фразеологиялық сөздікте» де *қол* деген сөздің ұясына ілінбей қалғандығы осы айтылғандарға айғақ бола алады.

Фразеологизмдерді сөздіктерде сұрыптап беруде толып жатқан кем-кетік, кемшіліктер бар екендігі анықталып отыр. Мұның өзі бұл саланы жан-жақты зерттеп жүйеге келтіруде әлі ескеретін жайттар бар екенін аңғартады.

## КАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫ

---

### § 56. Сөздіктің түрлері

Тілдегі сөздер мен фразеологизмдерді жинап-теріп, олардың сөздігін жасаумен және оның теориясымен шұғылданатын тіл білімінің саласын — лексикография дейді. Яғни сөздік жасаудың әдістемесі мен техникасын үйрететін ғылым деген сөз. Лексикография теориясы сан алуан сөздік жасаудың мол тәжірибелерін ғылыми тұрғыдан қорытындылаудың негізінде, лексикологиялық зерттеулер мен солардың жетістіктеріне сүйене отырып жасалады. Демек, лексикография мен лексикология бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болатын егіз ғылым салалары. Сөздіктердің сапасы осы ғылымдардың қаншалықты және қандай дәрежеде зерттелуіне байланысты. Зерттеу жұмыстары неғұрлым жоғары әрі жемісті болса, шығарылған сөздіктер де соғұрлым сапалы болмақ. Бүгінгі таңда сөздіктің практикалық мәнімен қоса, оның ғылыми сапасына да ерекше назар аударылады. Сондықтан сөздік кез келген мекемеде емес, осы мамандықты жете меңгерген ғылыми маман кадрлардың шоғырланған жерінде жасалады.

Біздер орыс сөздіктерінен лексикографиялық еңбектердің тек әдістемесі мен құрылысын ғана үйреніп отырғанымыз жоқ. Қазан революциясы тудырған барлық жаңа ұғымдарды осы тілден кейде сөзбе-сөз тікелей қабылдасaq, кейде өз сөзімізбен

аударып алдық. Сол арқылы қазақ тілінің сөз байлығы шексіз молайып, жан-жақты кемелденді. Қазіргі кезде өз ана тілімізде қандайлық мәдени-рухани тілектерді, пікірлерді білдіру керек болса, соның бәрін де нақтылы, әрі емінеркін дәл жүзеге асыруға болатындай дәрежеге жеттік. Соның нәтижесінде тіліміздегі сөз байлығын жиып-теріп, хатқа түсіріп, іштей саралап, алуан түрлі сөздіктер жасауға мүмкіндік туды. Қазақ тіл біліміндегі сөздіктердің құрылысы мен әдістемесі жылдан-жылға жаксарып келеді. Тіліміздегі сөздерді стильдік арақатынасына қарай іштей саралай отырып, оларды белгілі бір нормаға келтіру бірінші орынға қойыла бастады. Бірақ сөздік жасауда қиындық, одан туған олқылықтар аз болған жоқ. Ең алдымен сөздердің жазылуында бірізділік сақталмай келеді. Әсіресе біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің арақатынасы жөнінде бірыңғай көзқарас болмады. Лұғат (словник) жасалмай тұрып, сөздік құрастыруға болмайтындығын ескерсек, бір сөздің кейде бірге, кейде бөлек жазылуы сөздік жасауға үлкен қиындықтар келтіретіндігін түсіну қиын емес.

Көркем шығармаларда орын алған диалектизмдер мен жарыспа (вариант) сөздерді орынды-орынсыз кез келген сөздікке ендіруге жол берілді. Әдеби тілдің сөздігіне алынатын грамматикалық тұлғалар да күні бүгінге дейін сараланып болды деуге келмейді. Сөз мағыналарының түр-түрін жіктеп бөліп, оларға дәл түсінік беру, сөздердің қолданылу жүйесін айқындап, стильдік белгі қою, фразалық тіркестерді жай тіркестерден ажыратып көрсету т. б. — сөздік жасау ісіндегі жауапты мәселелер болып табылады.

Қазақ лексикографиясы қазақ тіл білімінің өзге салалары тәрізді негізінен соңғы елу-алпыс жыл ішінде туып қалыптасты. Ұлт мәдениетінің дамып, ғылым мен техниканың өркендеуі, әдеби тілдің қалыптасуы сөздіктердің әр түрін шығаруға жағдай жасады. Революцияға дейін бізде не бары екі тілді шағын сөздіктер ғана болса, онан бергі кезеңде 10—15 түрлі сөздік түрлері пайда болды. Солардың ішінде ең көп шыққан түрі — екі тілді аударма сөздіктер.

Лингвистикалық сөздіктердің түрлері өте-мөте көп. Олар әр алуан мақсат-мүддеге лайықталып жасалады. Лингвистикалық сөздіктер бір тілдік, екі тілдік және көп тілдік болып бөлінеді. Түсіндірме сөздік бір тілдің өз сөзімен түсіндіріледі. Ал екі немесе көп тілдік сөздіктер өзге тілдердің сөздерімен түсіндіріледі. Бір тілдік лингвистикалық сөздіктер академиялық нормативті сөздік және анықтағыш сөздік болып іштей екі салаға жіктеледі.

## § 57. Аударма сөздіктер

Қазақ халқының сөз байлығын ең алғаш жинап-теріп жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі өткен ғасырдың екінші жартысынан бері ғана басталды. Орыстың атакты ғалымдары академик В. В. Радловтың «Түкі тілдерінің сөздігін жасаудағы тәжірибе» (1888—1911) атты төрт томдық сөздігі мен профессор Н. И. Ильминскийдің «Қазақ тілін зерттеудегі материалдар» (1861) деген арнаулы еңбегі ана тіліміздегі сөздерді жинақтап, сөздік етіп шығарудың үлгілерін көрсетті. Революциядан бұрын барлығы отызға жуық екі тілдік (орысша-қазақша немесе қазақша-орысша) аударма шағын сөздіктер жарық көрді. Бұлардың азды-көпті тәжірибелері революциядан кейінгі сөздіктердің бел алып дамуына белгілі дәрежеде себін тигізді. Қазақ лексикографиясының шын мәнінде ғылыми тұрғыдан тексеріліп, етек алып жан-жақты дамуы кенестік дәуірде екі тілді аударма сөздіктерден басталады.

Орыс тілі — озық мәдениет пен ғылымның, прогрестің тілі. Бұрынғы Кенес Одағындағы халықтар бір-бірімен орыс тілі арқылы пікірлесіп, өзара тіл табысты. Орыс тілі интернационалдық қарым-қатынастың құралына айналды. Кенес Одағындағы үлкенді-кішілі барлық халық революциядан кейінгі жылдардың өзінде-ақ орыс тілін үйрену, білу мақсатымен ең әуелі орысша ұлт тілдерінің сөздігін, сонынан ұлт тілдері мен орысша сөздіктерді жасауға жаппай жұмылды. Қазақстанда да екі тілді сөздік жасау мәселесі кең жолға қойылды. 1945 жылға дейін бастауыш және орта мектептерге арналған екі тілдік шағын нормативті сөздіктер жасаумен ғана шектеліп келген болсақ, 1946 жылы екі том «Орысша-қазақша сөздік», ал 1954 жылы бір томдық үлкен «Орысша-қазақша сөздік» (50.000 сөз қамтиды, редакциясын басқарған проф. Н. Т. Сауранбаев, бұл сөздік 1978, 1981 жылдары екі том болып қайта басылды, редакциясын басқарған Ғ. Мұсабаев, Н. Сауранбаев), 1954 жылы Х. Махмудов пен Ғ. Мұсабаевтың шағын «Қазақша-орысша сөздігі» басылып шықты, ал толық «Қазақша-орысша сөздік» таяу жылдарда жарық көрмек. Аталған сөздіктер орыс және қазақ тілдерін үйрену үшін, олардағы сөз байлығы мен сөз шеберлігін менгеріп алу үшін баға жетпес үлкен құрал болып табылады. Әсіресе қазақ тілінің сөздік құрамын дамыту үшін құнды материал, бай қазына болғандығы сөзсіз.

Қазақ тілінің сөз байлығы өзге тілдермен де салғастырылып аударылғандары болды. Мәселен, шағын түрде болса да «Ағылшын-қазақ сөздігі» (1960), «Монғолша-қазақша сөздік» (1954, 1977), «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» (1969, 1984),

«Парсыша-казакша түсіндірме сөздік» (1974), «Қазақша-ағылшынша сөйлесу» (1966), «Қазақша-немісше сөйлесу» (1968) шықты. Қазак тілінің басқадай сөздіктерін жасауға да екі тілді аударма сөздіктердің мол тәжірибелері бірден-бір негіз болды. Қазак тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты соңғы жылдарда оны үйренушілерге арналып, бірқатар орысша-казакша (және керісінше) шағын сөйлесу сөздіктері жарық көрді.

## § 58. Терминологиялық сөздіктер

Белгілі бір тілдегі ғылым мен техника саласындағы арнаулы атаулардың сөздігін терминологиялық сөздік деп атайды. Терминдер топталып бір сөздік түрінде де, белгілі бір ғылым саласына байланысты жеке-жеке кітап болып та шыға береді. Мәселен, 1931 жылы шыққан «Атаулар сөздігі», 1936 жылы шыққан «Қазак тілінің терминдері», 1948, 1950 жылы шыққан «Терминология сөздігі» ғылым мен техниканың жеке бір саласына ғана арналмаған сөздіктер еді. Бұларда революциядан бергі кезеңде тілімізге енген термин сөздерді барынша жинақтап, жұртшылыққа ұсыну мақсаты көзделді. Елуінші жылдардан бергі кезеңде экономика мен мәдениеттің, техника мен ғылымның дамуына байланысты әрбір ғылым, техника саласының терминдерін өз алдына жеке сөздік етіп басып шығару мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады. Осындай мақсаттың жаршысы ретінде С. Арзымбетовтың «Орысша-казакша ауыл шаруашылық терминдерінің сөздігі» (1952, 1955) жарық көрді. Сонан бергі кезеңде ғылымның өзге салаларының терминдері де кезекпе-кезек басылып шыға бастады. Қазір отызға жуық осындай үлкенді-кішілі терминологиялық сөздіктер жарық көріп отыр. Бұған лингвистика, әдебиеттану, музыка, металлургия өнеркәсібі, тау-кен ісі, физикалық география, математика, физика, астрономия, геология, юриспруденция, педагогика, психология, медицина, іс жүргізу, экономика, философия, спорт-физкультура, құрылыс және құрылыс материалдары, ботаника және топырақтану, темір жол қатынасы, биология, химия, археология, механика мен машиналар, мат дәрігерлік, әлеуметтік-экономикалық, анатомиялық, өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы, қоғамдық-саяси терминдер т. б. енгізілген.

Қазак тілінің терминологиялық сөздіктерін жасауға өз ісіне жетік деген маман кадрлар қатыстырылды. Алайда, жарық көрген ірілі-ұсақты терминологиялық сөздіктерде ана тілінің өзіне тән сөзжасам тәсілдерін әрдайым сарқа пайдаланып келе

жатыр деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Сөздік жасаушылар тілдің әрқайсысына тән заңдылықтар мен ерекшеліктерді терең зерттеп, осыған дейін орын алып келген олқылықтар мен алақұлалықтардан арылу жолын іздестіруде. Бұл салада істелетін іс аз емес.

## § 59. Орфографиялық сөздіктер

Емле (орфография) бір тілдегі сөздердің дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Ал дұрыс жазудағы негізгі мақсат — ойды жазба түрде айқын етіп, дәл жеткізу. Сол үшін емле ережелері де жалпыға бірдей әрі тұрақты, анық болуға тиіс. Сондықтан емле ережелерін тұрақтандыру — сауатты жазудың бірден-бір кепілі деп танылады. Қазақ тілінің емле ережелері революциядан бергі кезеңде туып қалыптасты. Олар дүркін-дүркін өзгеріп, жанарып отырды. Соның негізінде әр кезде ірілі-уақты «Орфографиялық сөздіктер» жарық көріп отырды. Алғашқы сөздіктер негізінен мектеп көлемінен аса алмады. Неғұрлым көлемді «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» 1963 жылы жарық көрді. Ең соңғы емле сөздігі 1988 жылы басылып шықты, оған 49.000 сөз кірген. Бұл сөздік қазақ тілі емлесінің негізгі ережелеріне 1983 жылы 25 тамызда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы енгізген өзгерістер мен толықтырулар негізінде жасалды. Онда сөздердің жазылуы морфологиялық және фонетикалық принциптерге негізделген. Сөздіктің алға қойған мақсаты — сөздерді қалай жазса дұрыс болатындығын көрсету. Соңғы сөздіктің де жарық көргеніне 8 жыл болды. Содан бергі өмір талабы да бұны місе тұтпай ескірте бастады. Күн тәртібінде қазіргі кезде емле сөздігін қайта жасау міндеті тұр.

1960 жылы Г. Жөркешеваның «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі» басылып шықты. Бұл еңбектің «Кіріспе бөлімінде» бірге жазылатын сөздер мен бөлек жазылатын сөздердің емле ережелері берілген. Кейбір кіріккен сөздердің түп-төркіні ашылған. Мұнда 5000-ға жуық біріккен және күрделі сөздердің тізімі көрсетілген.

Р. Сыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» 1960 және 1974 жылдары екі рет басылды. Бұл еңбектің баспа қызметкерлері мен мұғалімдер үшін елеулі мәні болды.

Демек, қазақ тіл білімі орфографиялық сөздіктер шығарудан да кенде емес екендігін аңғарамыз. Алайда, мәселе сөздіктің санында емес, сапасында деп білсек, бұл салада істелуге керекті әлі де қыруар жұмыстар бар екендігін айта кеткіміз келеді.

## § 60. Түсіндірме сөздіктер

Түсіндірме сөздіктің алға қоятын мақсаты — бір тілдің белгілі дәуірдегі жалпыхалықтық сипат алған сөздеріне мағыналық, стильдік әрі грамматикалық жан-жақты сипаттамалар беріп, тілдің қазіргі даму тұрғысындағы сөздік құрамның сан мөлшерін біршама анықтау. Сөздердің мағыналық нормаларын, стильдік түрлі қолданыстарын саралап көрсету. Сонымен қатар сөздердің жазылуы мен айтылуындағы нормалардың ең дұрыс деген қалпын айқындай отырып, соған нақтылы түсінік беруді қарастырады. Сондықтан түсіндірме сөздік кейде нормативті сөздік деп аталады. Нормативті түсіндірме сөздік бір томдық және көп томдық болып жасалады. Көлемінің үлкендігіне қарай көп томдық түсіндірме сөздікті кейде академиялық сөздік деп атайды. Орыс тілінде үш түрлі (17 том үлкен сөздік, төрт том орташа сөздік, бір том кіші сөздік) түсіндірме сөздік басылып шықты. Академик В. В. Виноградов: «Ұлт тілінің түсіндірме сөздіктері сөйлеу мәдениетінің ең күшті құралы ғана емес, сонымен бірге оның мәдениетінің жемісі», — деп бағалайды<sup>1</sup>. Демек, әрбір тілдің түсіндірме сөздігі әсіресе ғылым мен техниканың кемелденіп жетілген кезінде соншалықты қажет екендігін аңғарамыз. Бұл кезеңде бүкіл баспасөз, мектеп, радио, теледидар барлығы да жүйеленген нормативті сөздіктермен ғана жұмыс істеуді талап етеді.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» ең алғаш рет екі том болып, 1959 және 1961 жылдары басылып шықты. Оның жалпы редакциясын проф. І. Кенесбаев басқарды. Бұл сөздік жұртшылықтың күнделікті кәдесіне жарап, азды-көпті мәнді қызмет атқарды. Бұған жиырма мыңдай ең жиі қолданылатын сөздер енген еді. Содан бергі өмір талабы бұл сөздікті толықтырып, жанартып қайта жасауды талап етті. Қай елдің даму тарихын алып қарасак та, әдеби тілдің нормативті сөздігі бір мәртебе емес, әлденеше рет жасалған. Олар бірден-бірге кемелденіп толығады, сараланып өңделеді. Ешбір елде жүйелі толық сөздік бірден жасалмаған. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Тіл білімі институты 1967 жылдан бастап «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» көп том (он том) етіп шығару жұмысына бел шешіп, кіріскен еді. «Сабакты ине сәтімен» дегендей, сөздік 1974—1986 жылдар арасында он том болып, жарық көрді. Оның жалпы редакциясын басқарған проф. А. Ысқаков. Сөздікке 67 мыңдай атау сөздер, 24,5 мыңдай фразеологиялық тіркестер,

<sup>1</sup>Виноградов В. В. Теория и практика русской лексикографии. //«Вопросы языкознания», № 6, 1956, стр. 80.

барлығы 91,5 мыңдай лексикалық тұлға қамтылып, жалпы саны 103,5 мыңдай мағыналық анықтама берілген. Бұл сөздіктің алға қойған мақсаты — қазақ тілінің сөз қорындағы сөздерді мүмкін болғанынша түгел қамтып, хатқа түсіру, есебін алу. Тіліміздегі сөздердің мән-мағыналарын дәл анықтай отырып, олардың әдеби нормаларын белгілеу. Реестрге алынған сөздердің қай сөз табына қатысты екендігін көрсететін грамматикалық белгілер қойылған. Сөздікте сөздердің қолдану аясы мен шегін, сондай-ақ, эмоционалды-экспрессивтік реңін сипаттайтын белгілер де берілген. Стыльдік белгілер негізінен төрт топқа жіктеледі: 1. Әдеби тіл шеңберінен тыс қолданылу шегін көрсететін белгілер: қарапайым сөз (*қарап.*), тұрпайы сөз (*тұрп.*), сөйлеу тіліне тән сөз (*сөйл.*), диалектілік лексика (*диал.*) т. б. 2. Әдеби тілдің белгілі бір саласында ғана жұмсалатынын көрсететін стильдік белгілер: кәсіби-лексика (*кәсіб.*), кітаби лексика (*кітап.*), діни сөз (*діни*), мифологиялық сөз (*миф.*), көнерген сөз (*көне.*), тарихи сөз (*тар.*), жана сөз (*жаңа*), поэтикалық сөз (*поэт.*) т. б. 3. Ғылымның белгілі бір саласында ғана арнайы жұмсалатындығын көрсететін белгілер: биология (*биол.*), химия (*хим.*), музыка (*муз.*), медицина (*мед.*), спорт (*спорт*), авиация (*авиаци.*) т. б. 4. Сөздердің әр түрлі стильдік бояуын көрсететін белгілер: экспрессивті сөз (*экспр.*), эмоционалды сөз (*эмоц.*), сыпайы сөз (*сын.*) т. б. Сонымен бірге сөздікте азын-аулақ болса да қай сөз қай тілден келгендігін көрсететін этимологиялық белгілер де қойылған. Мысалы: араб сөзі (*ар.*), иран (парсы) сөзі (*ир.*), монғол сөзі (*монғ.*), орыс сөзі (*ор.*) т. б.

Аталған неше алуан белгілер бұрынды-сонды шыққан түркі халықтарының сөздіктерінің бәрінен де көп екендігін ескерсек, бұл сөздіктің бағасы мен құнын біршама арттыра түспек.

Әрбір сөздің мағыналарына қысқа түрде тұжырымды анықтама берілген. Сөздің негізгі заттық мағынасы алдымен беріледі де, онан соң қосымша және ауыспалы мағыналары келтіріледі. Сөз мағыналарының бәрі де әдебиеттерден алынған мысалдар арқылы ашылып, мысалдардың қай шығармадан алынғаны, авторының аты-жөні көрсетіліп отырған.

Реестр сөздің анықтамасы, оған берілген грамматикалық белгі және шығу төркіні (қай тілдің сөзі екендігі) мен қай стильге жататындығы туралы белгілер, бұларға келтірілген түрлі мысалдар, бір сөзбен айтқанда, сөздік мақала деп аталады. Әрбір сөздің мағынасы мен реңкін айқындауға берілген нақтылы мысалдар, келтірілген иллюстрациялық материалдар сөздің қолдану аясын, стильдік мәнін мүмкіндігінше толық және айқын етіп дәлелдеуді көздейді. Сол себептен олар атау сөзге қойылған

грамматикалық, стильдік белгілерге сай, сөздің табиғатын, сипатын жан-жақты түсіндіріп, анық ашып беретіндей болуы және мазмұны жағынан ұстамды да тұжырымды болып келуі қадағаланады. Фразеологиялар сөздікте сөз мағыналары талданған соң, жаңа жолдан қойылған мынадай белгіден ♦ кейін келеді. Бұл белгі бір-ақ рет қойылады. Сөздің әр мағынасын ашу үшін 3—4 мысал, ал фразеологияға 2—3 мысал алу жеткілікті деп есептеледі. Келтірілген цитаттар мүмкін болғанына әр автордан және әр дәуір мен түрлі жанрларды қамтитындай болу жағы көзделінеді. Цитат табылмаған кейбір сөздерге ойдан мысал атынып, соңынан жакшаның ішіне (*ауызекі тіл*) деген белгі қойылады. Мысалға осы сөздіктегі **әке** деген сөзді алып қарайық.

**1. Әке зат. 1. Балалы болған ер адам.**

Абайдың өз әкесі — Құнанбай, атасы — Өскенбай, арғы атасы — Ырғызбай (М. Әуезов, Әр жыл.). Алманың шешесі Отан соғысының алдында, *әкесі* Отан соғысында майданда қайтты. (Ғ. Мұстафин, Миллионер). Ол кезде *әкем* менің алпыс жаста. Байғұстың баласы жоқ менен басқа (К. Әзірбаев, Өлең.).

2. *Малдың т. б. жан-жануарлардың еркегі, аталық мал.* Қозылардың *әкесін*, енесін тұқымдық қасиеті жағынан дұрыс сынау өте қиын болады (М. Ермеков, Қазақст. биязы). Құлагер *әкең* тұлпар, шешен сұңқар, Соғып ең дөненінде сегіз арқар (Ақан сері, Шығ.). 3. **Ауыс.** *Бір нәрсенің ең зоры, үлкені.* Орыс-ноғайдың бірі болсаң, ең болмаса қазақ болсаң да жүзі бөлек Жетісудан болсаң — тоңғанның *әкесін* сонда көрер едің (І. Жансүгіров, Шығ.). Қуырдақтың *әкесін* түйе сойғанда көрерсің (мақал). Ұрғанның *әкесін* көрсетермін, — дейді ол кіжініп («Қаз. әдеб.».).

4. **Сөйл.** *Өзінен жасы кіші адамға айтылатын қарағым, шырағым деген мағынадағы сөз.* Ау, мынасы несі, тағы арабша ма? — деп, Дәуғара сүстія түсті де, — латыншасы болмаса, арабшасына шоркак ем, оқып бересің бе, *әкем*? (Б. Майлин, Танд.). *Әкемау!* — деп Марийка таңырқай сыңк етті. — Сен өзің Костя емессің бе? (М. Бубеннов, Ақ қайын). ♦ *Әкеңнің құны бар ма?* Не ақын бар, жұмысың не? Әтінек бай, қылжақтамай ақымды бер, Шашубайда *әкеңнің құны бар ма?* (Шашубай). Мені осынша кедей қылғандай не *әкеңнің құны бар* еді сенің, — деп Тайман шалқасынан жатқан Мырқалды көк қарынның тұсынан тартып-тартып жіберді (Ә. Әбішев, Замана перзент). *Әкесі базардан келгендей. Мәз-мейрам, мәре-сәре.* Ұлдай да *әкесі базардан келгендей* арсалақтап қуаныпты (С. Талжанов, Ұлдай кегі). *Әкесінің аузынан түскендей.* Айнымай тарту, ұқсау. Құмарды көргенде марқұм Рысмағанбетті көргендей боламын, *әкесінің*

*аузынан түскендей* (ауызекі тіл). *Әкесі өлгендей* балды. Жаман киналды, қатты кейіді. Сәрсенбайдың қолындағы сағатын ойнап тартып алып, екі күндей бермей қойып едім, *әкесі өлгендей* болып, қабағын түйіп жүрді (ауызекі тіл). *Әкесін таныта істеді*. Жамсата істеді, кирата істеді. Бар матым осының жолында. Дүние күйіп кетсе де *әкесін таныта істедер!* — деп кіжініп қалған еді (І. Жансүгіров, Шығ.). *Әкесін танытты*. Сазайын берді. Бұл қылықтары үшін олардың *әкесін танытып*, көкелерін көзіне көрсетті (ауызекі тіл). *Әкесі өлгенді де естірмеді*. Жағымсыз, ең ауыр хабарды естірту, айту. Арғы-бергіні қазбай-ак қой! *Әкесі өлгенді де естірмеді*. Не десен о де, көрпемді жалғыз сиырыма тиеп аламын да, кетемін қазір (С. Омаров, Қайырлы жаз). *Өкіл әке*. Әке орнына қамқоршы болатын адам. Қызыма ат қойған *өкіл әке* болған адамның атын білмей қалдық (С. Бакбергенов, Қайран шешем). Өмірде әр түрлі адамдар бола береді. *Өкіл әке* басын алып қашады, жатырлас іні сүйеніш болуға жарамайды («Лен. жас.»).

## § 61. Диалектологиялық сөздіктер

Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде қыруар жергілікті ерекшеліктер бар. Бұлардың көпшілігі фонетика мен грамматикадан гөрі лексика саласында жиірек ұшырасады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының барлық түрінде жергілікті ерекшеліктер табылады. Әсіресе зат есім, етістік, сын есім диалектілік сөздерге өте-мөте бай, Ауызекі тілдегі сөз айырмашылықтарын жинап-теріп, жеке сөздік етіп шығару жалпы халық тілінің сөз байлығын жете білуге үлкен жәрдем етеді, тіл тарихын салыстырып зерттеуге себін тигізеді. Ара-тұра әдеби тілдің сөз қорын көбейтуге де белгілі мөлшерде қолғабыс жасайтындығы даусыз. Тіліміздегі диалектілік ерекшеліктер негізінен ескі көне тайпа тілдерінің қалдықтары болса, екінші жағынан, басқа тілдерден ауысқан кірме элементтер екендігі дәлелденген. 1937 жылдан бастап, қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау қолға алынды. Сол экспедициялық материалдардың негізінде Ж. Досқараевтың «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері» атты тұңғыш сөздігі 1955 жылы басылып шықты. Сөздіктің алға қойған мақсаты: «Жұртшылықты халық тіліндегі лексикалық ерекшеліктермен таныстыру, олардың әр алуан мағыналарын түсіндіру, ол ерекшеліктердің әдеби тілмен, кейбір басқа тілдермен қатынасын тіл фактілері бойынша салыстырып көрсету» (3-бет) еді. Кітапқа 1521 қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері ендірілген.

Сөздікте әр сөздің мағыналары бірде әдеби тілдегі балама-

ларымен, бірде сипаттама түрде түсіндіріліп, сол мағыналардың әрқайсысына тиісті мысалдар келтірілген. Мүмкіндігіне қарай әрбір жергілікті диалектизмнің өзге түркі тілдеріндегі, атап айтқанда: қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, татар және монғол тілдерінің ескілі-жаңалы материалдарымен салыстырылып көрсетілуі еңбектің ғылыми құндылығын едәуір арттыра түскен. Кітапқа жеке сөздермен қатар жергілікті халықтың ауызекі тіліндегі бірқыдыру сөз тіркестері де қамтылып, оларға да тиісті түсініктер берілген. Мысалы: *жамбар тарту, ауыздап жіберу, бала құшақтау, бір шек болу, еркектеп кету, марқау кету, орам болу, сұрам беру, тоқ ету, қайырма беріс* т. б. Сонымен бірге жалпы халыққа өте-мөте танымал белгілі сөздердің де орынсыз еніп кеткендігі де байқалады. Мысалы: *аламан, ауу* (егін туралы), *бейбас, дарбаза, долы* (қатты дауыл), *жасауыл, желек, зығыр, кездік, кесел, миластыру, сіміру* т. б. Жеке сөздердің шығу төркінін (этимологиясын) әр түрлі жолмен анықтап, оларды құжаттауда бірізділік жөнді сақталмаған, біреуі толық, енді біреуі соншалықты қысқа түсіндірілгендері бар.

«Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» екінші рет профессор С. Аманжолов 1959 жылы шығарды. Бұған 4000-нан астам жергілікті тіл ерекшеліктері енген. Автор қазақ тіл мамандарының әр жылдардағы жазып алған экспедициялық материалдарын молынан пайдаланған, сонымен қоса аудандық және облыстық газеттерді, халықтық ауыз әдебиеті мұралары мен көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларынан бай материалдар жинаған.

Мұнда әрбір реестрге алынған сөзге екі тілде (қазақша-орысша) толық түсінік беріліп отырған. Мүмкіндігіне қарай алынған диалектілік сөз Қазақстанның қай жерінде кездесетіндігі және қандай әдебиеттен алынғандығы көрсетілген. С. Аманжоловтың бұл еңбегін тұнғыш рет жазылған екі тілді (аударма) диалектологиялық сөздік деп атауға болады.

Ж. Досқараев пен С. Аманжоловтың сөздіктерінің біреуінде кездескен сөз екіншісінен де табытып отырады. Алайда, қайталаған сөздерге берілген түсінік көп ретте бірін-бірі толықтырып отырғанымен, кей жағдайда өзара алатықтар да тудырып отыратындығы аңғарылады. Мәселен, *албар* деген сөз Досқараевтың сөздігінде *қора* (ашық қора) деп түсіндірілсе, Аманжоловтың сөздігінде *ат қора* (конюшня) делінген. *Зерен* Досқараевта — *зерлі аяқ*, Аманжоловта — *көздей*, тостағанның ең кішкенесі. *Сарамдасу* — танысу, білісу, жөн сұрасу (Д); шұрқырасу (А.). *Сүгіт* — сөгіс, ұрыс, сөгу, ұрысу (Д); өсек, ғайбат (А.) т. б. Бірлі-жарым ұсақ-түйек кемшіліктері болғанымен, түптеп келгенде, бұл екі сөздік қазақ диалектоло-

гиясын дамытуға үлкен үлес қосты. Онан кейін де жылма-жыл диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, қыруар материалдар жиналды. 1969 жылы «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» жарық көрді<sup>1</sup>. Мұнда бұрынды-сонды жиналып-терілген ауызекі сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерді іріктеп екшей отырып, 6000-ға жуық сөз қамтылған. Сөздікте С. Аманжолов пен Ж. Досқараевтың сөздіктерінің материалдары да пайдаланылған. Сөздіктің жалпы құрылысы — реестрге алынған сөздерді түсіндіру принципі мен мысалдарды беру тәртібі жағынан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» жақын. Бұл сөздікте негізінен өз республикамыздағы тіл ерекшеліктерімен бірге Түрікмен, Орынбор, Қошағаш қазақтарының тіл ерекшеліктері де қамтылған.

Ал өзге елдерде тұратын қазақтардың тіл ерекшеліктері ол кезде жөнді зерттелінбегендіктен, аталған сөздіктен тиісті орын ала аламаған. Еңбекте ана тіліміздегі жергілікті сөз айырмашылықтарының басын қосып, салыстырып зерттеу арқылы сөздерге талдау жасалған. Сонымен қатар кейбір олқылықтары да жоқ емес. Сөздікті жасаушылар сөздікке тек қана диалектизмдерге жататын сөздерді тандап алудың орнына кей ретте таза әдеби тілдің сөздерін талғаусыз ендіре бергендігі байқалады. Мысалы: *астау, әнтек, бапкер, баспа, баялыш, биялай, боздақ, буазу, булық, дембе-дем, елі, жадағай, жарысқазан, жасымық, жаяужүрек, кәделеу, кергі, қазанат, қодыра, қоз, мор, морлау, нөл, самал, оттық, сақпаныш, маймақ, саяқ, саумалау, сулық, сарымсақ, қотару, қыдырмашы, қыршу, майқандау, айыр-ма, алмалау, түйетабан, үреген, түктеу, уық қап, ұрт* т. б. Кей жағдайда сөздерге түсінік беріледі де, сол анықтаманы дәлелдерлік мысал келтірілмейді. Мәселен, оған *азандық, айланпас, бейпіл* тәрізді сөздерді жатқызуға болады. Сөз мағыналарын дәлдеп дұрыс түсіндіре алмаушылық та кездеседі. Мәселен, *аржа* деген сөзге жанқа, жіңішке жұқа жәшік деп түсінік берген. Мұны жұқа тактайша, фанера деп анықтау жөн еді. *Кекіл (кекіл темір)* Орын: Ад., Бор. Есікке құлып салатын жер. Оны құлып салатын, құлып өткізетін ілгек темір деу жөн. Осындай азын-аулақ кемшіліктеріне қарамастан, бұл сөздік бүгінгі күндегі қазақ диалектизмдері жөніндегі бірден-бір толық анықтауыш болып есептеледі.

---

<sup>1</sup> Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. Құрастырушылар: Ж. Досқараев, К. Айтазин, Ш. Бектұров, Ж. Болатов, Ғ. Калиев, О. Нақысбеков, Ә. Нұрмағанбетов, С. Омарбеков, Ш. Сарыбаев.

## § 62. Синонимдік сөздіктер

Әр халықтың тіліндегі мәндес сөздерді жинақтап, жеке сөздік етіп шығару тәжірибесі озық мәдениетті елдердің көбінде бар. Мысалы, орыс тілінде синонимдер сөздігін шығарумен екі ғасырдан астам уақыт дүркін-дүркін айналысып келе жатыр. Соның нәтижесінде үлкенді-кішілі әр алуан сөздіктер жарық көрді. Бұлардың әрқайсысының құрылысы да, көлемі де, жасау принципі де түрліше, бір-бірінен өзгеше. «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі» тұңғыш рет 1962 жылы шықты. (авторы Ә. Болғанбаев). Бұған төрт мыңнан астам (1400 синонимдік қатар) сөз кірді. Сөздіктің соңында жұртшылықтың пайдалануына жеңілдік келтіру мақсатымен, екі түрлі көрсеткіш (әліппелік көрсеткіш пен синонимдік қатарлардың көрсеткіші) берілді.

Мәндес сөздер белгілі бір синонимдік қатарға топтастырылады. Белгілі бір ұғымның шегін ажыратпас бұрын, ең алдымен, тілдегі әрбір сөздің өзіне тән мән-мағыналары анықталып, оларға әр түрлі әдебиеттерден мысал келтіріліп отырады. Әрбір синонимдік топтағы сөздердің қатары белгілі заңдылыққа негізделіп, қайсысы бұрын, қайсысы кейін тұруы керектігі анықталады! Синонимдік қатарға негіз болатын доминант (тірек) сөзді іріктеп шығару оп-онай іс емес. Доминант (тірек) сөз мағына жағынан тиянақты, ашық-айқын, стильдік рені жағынан бейтарап, сонымен бірге көп мағыналы емес, дара мағыналы сөз болуға тиіс. Бұлар синонимдік қатардың алдында тұрады, басқалары мағыналық жақындығына қарай, ілгерілі-кейінді бірінен кейін бірі тізіліп тұра береді. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы әр түрлі синонимдік қатарда жұмсалса, онда бір сөз неше мәртебе қолданылса, сонша рет сөздікке алынады. Мәселен, аталған сөздікте *дүние* деген сөз төрт түрлі сөзбен (әлем, өмір, жаратылыс, зат) синонимдік қатынасқа түскендіктен, төрт рет алынған.

Синонимдер сөздігін жасауға кіріспес бұрын оның мақсаты мен міндетін белгілеп алу қажет. Осыған орай ендірілетін сөздердің түрлері анықталады. Синонимдер сөздігі негізінен әдеби тілдің шеңберіндегі сөздерді қамтуға тиіс. Сонымен бірге өткен дәуірдің елесі ретінде архаизмдер кіреді, кәсіби сөздер мен кейбір диалектизмдер де алынады. Терминдердің де сан алуан стильдік-мағыналық мән беретін синонимге өте-мөте жақын жүргендері сөздікке ендіріледі. Мәселен, *право* деген орыс сөзі қазақтың *ерік, қақы, құқы* сөздерінің синонимдік қатарына кіріп, ғылыми стильде қолданылып келеді. Сол сияқты *образ — бейне, тұлға* сөздерінің синонимдік қатарын, *герой — кейіпкер, қаһарман* сөздерінің синонимдік қатарын толықтырып,

ерекше стильдік мәнде қолданылып жүргендіктен, бұлар да сөздікке енген. Әдетте, терминологияны жасаушылар «синонимдер терминологияның жауы» деп теріс түсініп, оның біреуіне ғана жармасып, қалғандарынан ертелі-кеш құтылуға әрекет жасайды. Мұның басты себебі кейбір термин жасаушылардың терминдердің өзге сөздермен мағыналас, үйлес келіп, белгілі бір ұғымды жан-жақты түсіндіру қабілетін жете түсіне алмағандығынан туған еді. «Синонимдер сөздігіне» синонимдік қарым-қатынаста жұмсалатын фразеологизмдердің бәрі бірдей талғаусыз ене бермейді. Мәселен, *айқын*, *анық* деген ұғымда *«бесенеден белгілі»*, *«тайға таңба басқандай»*, *«соқырға таяқ ұстатқандай»* деген идиомдар айтылады. *Күйреді* деген ұғымда *«тас-талқаны шықты»*, *«күлі көкке ұшты»*, *«аяғы аспаннан келді»*, *«жермен жексен болды»*, *«тамырына балта шабылды»* деуге болады. Алайда, бұлардың бірде-біреуі сөздікке кірмеді. Тек екі сөзден құралып, бір сөздің орнына жүретін *ығыр болу*, *мезі болу*, *тісін қайрау*, *сөз таластыру*, *із-түзі білінбеу*, *ысырап болу* тәрізді некен-саяқ фразеологиялық тіркестер ғана ендірілді.

Орыс тілінің синонимдер сөздігінде синонимдік қатардың құрамындағы әрбір сөздің мағынасы талданып, қолдану аясы мен стильдік қызметі түсіндірілген. «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігінде» бұл міндет түрлі заңды себептермен іс жүзінде атқарылмады. Бұл мәселенің түбегейлі шешілуі әрбір ұлт тілінің даму тарихымен тығыз байланысты. Әр халықтың жазба әдеби тілі неғұрлым ерте басталып, сол дәстүр үзілмей үнемі жалғаса берсе, сол тілдің әдеби тілі де соншалықты сараланып, жүйеге түспек. Ал кешеуілдеп кенже дамыған әдеби тілдің олпы-солпы кемшілік жағы, жүйесіздігі қашанда байқалып тұрады. Осы айтылғандардың алғашқысына орыс тілін, кейінгісіне қазақ тілін жатқызуымызға болады. Қазақ тіліндегі синонимдерді стильдік салаға жіктеп бөлу жұмысының өте-мөте тапшылығынан, тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей әлі күнге сараланып жетілмегендіктен, бұл міндет кейінге қалдырылды. Сөздікте синоним қатарларының жүйеленген тізімі беріліп, солардың мағыналарын ашарлық мысал келтірумен ғана шектелген:

**Аласа, тапал, қысқа, кішкене, төпелтек, мықыр, қортық, тырбық, жатаған.** Мысалдар: *Ортасында аласа бойлы, ақырын сөйлейтін бір кісі бар* (Әбдіқадыров). *Менің астымда жортақылау, тапал тор ат* (Майлин). *Аралық қылшық түбіттен ұзын, көбінесе қылшықтан қысқа келеді* (Ермеков). **Кішкене қара жігіт**, бұл вагоншы *Егентай* (Ерубаев). *Мойнымды қанша созып тырмысқанмен, мына төпелтек бойым терезеге жетер емес* (Сокпақбаев). *Бораштың мықыр саусақтары қайланың*

*сабын бойлап, перне басқан домбырашының қолындай билеуде* (Мұстафин). *Бибажарды айттырып отырған Дүйсенбайдың баласы да Бибажарға тең емес, бір қортық көрінеді* (Сейфуллин). *Ботагөз қорған тастың текшеленген жіктеріне өскен тырбық қарағайлардың бірінен соң біріне жармасып төбесіне шықты* (Мұқанов). *Жатаған келген жарау аттар, сүліктей созылып, керіле құлаштап барады* (Мүсірепов).

1975 жылы «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» деген атпен бұл сөздік екінші рет басылды. Мұнда қолдағы материалдардың тандаулылары іріктеліп, 5000-нан астам синоним берілді. Демек, бұл еңбек бұрынғы шыққан сөздіктің толығып кеңейген, өңделіп түзетілген, жаксарған жаңа варианты деп танылады. Мәселен, сөздіктің бірінші басылымында *өлу* деген сөздің синонимдік қатарында бар болғаны бес-ақ сөз кірген болса, соңғы басылымында 27 сөз енгендігі бұған айқын дәлел бола алады:

*Өлу, қайту, үзілу, өту, дүние салу, көз жұму, қаза болу, қайтыс болу, қазаға ұшырау, қаза табу, жүріп кету, жан тапсыру, дүниеден өту, дүниеден көшу, дәмі таусылу, демі біту, күні біту, уақыты жету, келмеске кету, жан беру, жан тәсілім қылу, қайтпас сапар шегу, қайтпас сапарға кету, жер жастану, опат болу, мерт болу, дәм-тұзы түгесілу.*

Тіліміздегі синоним байлығы әлі күнге жиналып-теріліп біткен жоқ. Оның жиналғанынан жиналмағаны көп, зерттеліп жүйеленгенінен тексеріліп сараланбағаны басым. Мұндай ізгі жұмыстар көптің күшімен ғана жүзеге асыруға болатындығын сөздік жасау тәжірибесі айқын көрсетеді.

### § 63. Абай тілінің сөздігі

Белгілі бір акын-жазушының шығармаларының тіліне арналған сөздікті арнаулы сөздік деп атайды. Әрбір ұлы жазушы өз заманының куәсі, айнасы. Олар өздері өмір сүрген дәуірінің саяси-әлеуметтік және қоғамдық өміріне қалай болса солай, немқұрайды қарап отыра алмайды. Жақсысына сүйініп, жаманшылығы мен кемістігіне күйініп, өзінің әділ сын-бағасын айтып отырады. Ұлы акын-жазушылар әр түрлі көркем бейнелер арқылы бүкіл бір заманның тарихи картинасын суреттеп, кейінгі ұрпақтың өмір бақи есінен кетпейтіндей етіп көз алдына елестетеді. Олардың қалдырып кеткен асыл мұралары ешқашан ескірмейді, тозбайды, мұқалмайды. Қайта жаңа заман идеясымен әрқашан жаңғырып, құндылығы мен бағасы бұрынғыдан арта береді. Дәл осындай ізгі қасиет Пушкин мен Абай тәрізді ұлы жазушылардың шығармаларына тән

нәрсе. Орыстың ұлттық әдеби тілінің негізін салуда А. С. Пушкин қандай зор қызмет атқарған болса, қазақтың жаңа бағыттағы жазба әдеби тілінің ірге тасын қалауда кемеңгер Абай да сондай ұлы еңбек сіңірді. Орыс халқы өзінің сүйікті перзенті, данышпан ақыны А. С. Пушкин шығармаларының төрт томдық сөздігін (1956-1961) жасап жарыққа шығарған болатын. Бұл сөздік орыстың ұлттық әдебиетінің тарихы жөнінде, әсіресе оның лексикасының өткен тарихы бойынша өте маңызды рухани құрал деп есептеледі. Осындай өнегелі іске сүйене отырып, Тіл білімі институты 1968 жылы Абай Құнанбаев шығармаларының сөздігін (көлемі 80 баспа табак) жасап, бастырып шығарды.

Жеке акын-жазушылардың шығармаларының сөздігін жасау тәжірибесі бүкіл түркі тілдерінің бұрынды-соңды даму тарихында болмаған. Мұның қиындығы мен өзінше жаңатығы осында жатыр.

Абай сөздігін жасаудың мақсаты мен маңызы неде? — деп жалпы сұрақ қоюға болады. Ұлы акын қараңғылық пен зорлық-зомбылық үстемдік еткен, рушылдық пен жікшілдікке негізделген феодалдық бытыранқылық дәуірде тіршілік еткеніне карамастан, ол өз ортасынан үздік шығып, халқына, кейінгі ұрпаққа «өлмейтұғын өнегелі сөз қалдырды». Абай нағандық пен күрестің ең өткір құралы — тіл деп түсінді. Сондықтан ол «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ. Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деген болатын.

Ұлы акынның саяси-әлеуметтік көзқарасы, демократтық идеялық мақсаты шығармасының бүтін өн бойынан, тіл ұстартуынан айқын сезіліп тұрады. Кемеңгер акын адамзат қоғамындағы тілдің атқаратын қызметі мен мәнін, оның халыққа тигізетін ықпалының өте күшті екендігін жақсы түсінген. Сондықтан да ол қазақ тіліндегі мәңсіз, басы артық қосалқы сөздерден поэзияны тазарта отырып, «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» жағымды сөздердің неше алуан үлгісін тауып, өнегесін көрсетті.

Ол үшін ұлы акын қазақтың байырғы тума төл сөздерін өңдеп-түзеп, жана мазмұн беріп, өз кәдесіне жарата білді. Мәселен, *талаптың тұлпары, көңіл құсы, тентек өмір, жабыраңқы сөз, тіл ұстарту* т. б. теңеу сөздерді Абайдың қазақтың төл сөздерін жаңартып, жаңадан сөз жасағандығынын айғағы деп қарау керек. Акын қазақтың ауызекі сөйлеу тілін, ауыз әдебиеті тілі мен жазба әдебиет нұскаларын пайдалана отырып, қазақтың болашақ ұлттық әдеби тіліне жөн-бағыт сілтеп, сара жол салды. Қазақ тілінің барлық сөздік қорын, лексика-фразеологиялық байлығын, мақал-мәтелдерін мейлінше емін-еркін әрі шебер түрде пайдалана отырып, жетпегенін араб,

парсы және орыс тілдерінен алып толықтырды да кәдесіне жарата білді. Абай шығармаларында кездескен сөз байлығының барлығы да түгелдей сөздікке ендірілді. Мұнымен қоса ақынның өзі қолданған жалқы есімдері — кісі аттары мен жер-су атаулары, халық пен ру аттары да қоса қамтылды. Шығарманың тексінде кездеспеген, тек белгілі бір өлеңнің тақырыбына алынған кісі аттары, мәселен, *Әсет*, *Көжекбай*, *Баймағанбет*, *Күлембай* сияқты есімдер сөздікке жеке реестр болып алынбады.

Абай шығармасында қолданылған араб, парсы және орыс сөздері негізінен екі салаға бөлініп қаралады. Оның бірінші түрі қазақ тілінің лексикасына біржола еніп, ана тіліміздегі төл сөздердей етене болып кеткен жалпы халыққа таныс сөздер. Ал екіншісі — Абай шығармаларында ғана ұшырасатын, бірақ қазақ тілінің сөздік құрамынан белгілі орын таба алмаған бейтаныс, бөгде сөздер. Бұлардың тізімі әліппе тәртібімен косымша ретінде сөздіктің соңында көрсетіледі. Абай — халық тілінің бай да нәрлі құнарын тек шебер пайдаланушы ғана емес әрі неше алуан жаңа сөздер, жаңа мағыналар тудырып отырған жанашыл ақын. Ақынның шабытты, сөтті шақтарында өзінің ұшқыр қаламынан туған мақал-мәтелдік сипат алған, толып жатқан қанатты ғажия сөздері бар. Бұлар қазір халық сүйіп айтатын афоризмге айналып кетті. Ақын өз шығармасында жай қарапайым сөзге жан бітіріп, неше қилы қозғалысқа түсірді. Сонымен қатар кеменгер ақын тілдегі сан қилы тропалық тәсілдерді, аллегория мен шендестіруді, сарказм мен иронияны, эпитет пен тенеуді әр түрлі ойнақылықпен құбылтып отырған. Әсіресе метафораны кең түрде еркін пайдаланған. Мысалы: «Сөзімде жаз бар шыбынсыз» дегендегі *жаз* деген сөз, «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?» дегендегі *жайлау* сөзі, «Қажыды көңілім көп шауып» дегенде *шабу* сөзі, «Қаранғы, саңырау ойды қайғы жанған» дегенде *саңырау* деген сөз, «Үміттің аты елеріп» дегенде *ат* сөзі Абайдың өзіндік метафоралық сөз қолданыстарына жатады. Сөздікте мұндай контекстік мағыналарға «ақын бұл жерде мынадай мағынада қолданып отыр» деп кең түсінік беріледі. Сөздің белгілі бір контекстегі бейнелі мағынасы сөздің эстетикалық мағынасы деп аталады. Мұндай мағыналарды саралау міндетін ақын-жазушы тіліне арналған арнайы сөздік қана атқара алмақ.

Абай сөздігін жасау мақсаты ұлы ақын өз шығармаларын жазуда қазақ тілінің сөз байлығын қалай пайдаланды, қанша сөз және оларды қандай мағынада қолданғандығының бетін ашу екендігі даусыз. Сөздікте осы мақсат біршама нақтылы жүзеге асканы байқалады. Абай шығармаларында атты мыңға

жуық жеке-дара сөз қолданғандығы анықталды. Бұл еңбектің ұлы акынның асыл мұрасындағы «іші алтын, сырты күміс сөз жаксысын» терең білгісі, үйренгісі келген барлық қауымға пайдасы тиері сөзсіз. Абай сөздігі қазақ тілінің өткені мен қазіргісін салыстыра отырып тексерген жеке зерттеу еңбек болмағанымен, салыстырып зерттеу үшін сұрыпталып тексерілген, бір дәуірдің белгілі жүйеге түскен дайын материалы деп есептеледі. Сөздік қазақ тілінің лексикасында Абай өмір сүрген заманда қандай сөздер мен тұлғалар болғандығын және олар қандай мағынада қолданылғандығын, ол кездегі сөздердің айтылу нұсқаларын анықтау үшін аса маңызды құрал болып табылады.

Сонымен қатар сөздік кемеңгер акынның қаламынан туған шығармалар тіліне тән өзіндік ерекшеліктерді Абайдан бұрынды-сонды қазақтың өзге акын-жазушыларының тілімен салыстыра отырып, даралап бөліп көрсету үшін де өте бағалы еңбек деп танылады. «Абай тілі сөздігі» акын шығармаларындағы сөздердің анықтағышы болғандықтан, реестрге алынған сөзден кейін оның неше рет қолданылғандығы (саны) көрсетілген. Бір сөз қанша мағынада жұмсалса, оған сонша анықтама берілді. Алдымен ең негізгі (заттық) мағынасы, онан кейін қосымша және өзіндік сөз қолданысы көрсетілген. Соңынан белгі қойылып, тұрақты сөз тіркестері келтіріледі. Әрбір мағына мен сөз тіркестерінде берілген анықтамадан кейін оның неше рет қайталанғандығы жақшаның ішінде көрсетілген.

Сөз Абайда қандай грамматикалық тұлғаларда қолданылғандығын көрсету үшін, сөздік мақаланың ең соңынан  $\odot$  белгі қойылған да, содан кейін олар бірінен соң бірі тізіліп, әр грамматикалық тұлға қай томда, кітаптың қай бетінде кездесетіндігі көрсетілген. Грамматикалық тұлғалар қазақ тіл біліміндегі қалыптасқан жүйеге негізделіп құрылған. Мәселен, *есту* деген сөзді алып қарайық:

*ЕСТУ* (24). 1. Құлақ салу, тындау, сезіну (17). *Сенбісің ақын бұлбұл, жаңа көрдім, Атыңа жұрт мақтаған құмар едім. Бір сайрап берсең, қалқам, өзім естіп. Рас па екен жұрттың сөзі, сынар едім* II,127). *Көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады* (II,216). 2. Хабарлану, білу (6). *Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады* (II,175). Бұл сөзбен Халифаға Масғұт барды. *Хабардан естіген соң хан да аңғарды. Айтқан кезі жақындап келген шақта, Ерте-рек таза судан құйып алды* (I,268).  $\odot$  *Сөгіс есту — сөз есту, айыбы бетіне басылу* (I). *Ақыл айтар тугандар. Бұл сөзімді*

ойлаңдар. Кателечке көбейді, Сөгіс естін, тозды ажар (1,82).

• *Есту*: II, 170; *естуші*: II, 158; *естімегі*: II, 198; *естін*: 1,82, 120, 268, II, 115, 121, 127, 175, 213, 216, 217; *естіген*: I, 268, II, 216, 221, *естігенің*: II, 164; *естігенде*: II, 186; *естігенім*: II, 215, *естігеніңді*: II, 187.

## § 64. Этимологиялық сөздік

Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Тілдің даму барысында сөздер түр-тұрпаты мен мән-мағынасы жағынан қандайлық өзгерістерге ұшырағандығы айқындалады. Яғни сөздің о бастағы түрі мен мәнін туыстас тілдердің материалдарымен салыстыра отырып ашып, қазіргі калпына дейін қандай даму процестерін өткендігі көрсетіледі. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» 1966 жылы жарық көрді. Мұнда 333 сөздің арғы түп-төркіні, алғашқы мағынасы түсіндірілген. Шығу тегі шет тілдік сөздердің қай тілден ауысқандығы, қандай тұлғада айтылғандығы көрсетілген. Мәселен, *такелаж* деген орыс сөзі өзгере келе *каталажка*, ал қазақ тілінде әуелі *каталашка*, одан кейін *кәтелешке* болып кеткендігі түсіндірілген.

Сөздікте рәсімге алынған сөзден кейін әдеби шығармалардың түрлі нұсқаларынан мысалдар келтірілген. Сонымен қатар біраз сөздерге түсініктеме беріліп отырған. Сөздік мақалаларда әр автордың өзді-өзінің берген талдауларынан басқа, жеке сөздің этимологиясы жайында бұрынды-сонды айтылған зерттеушілердің пікірлері қоса қамтылған. Сөздіктен бірнеше мақаланы келтірейік:

**Артель.** Содан кейін *артель* ұйымдасты да, мен мүшесінің біреуі болып кірдім (С. Мұқанов). Бұл сөз тілімізге орыс тілінен енгенімен, оның төркіні түркі тілдерімен байланысты. А. Г. Преображенский, Н. В. Горяевтардың талдауы бойынша, *артель* сөзі татар тіліндегі *ортақ* және *ел* деген дербес сөздерден құралып, «бірлестік, ортақтық» деген мағынаны білдіретін болған (Преображенский. Этим. сл. рус. яз., 8; Горяев. Ср. Этим. сл. рус. яз., 6). Басқа пікірлерге қарағанда, *артель* сөзінің түбірі түркі тілдеріндегі *орта*, *орталай* деген сөздермен байланысты (Будагов. Ср. сл. тур.-тат. нар., 123). Сөйтіп кезінде түркі тілдерінен орыс тіліне ауысқан *артель* сөзі қазір өзгерілген түрінде, жаңа мағынада түркі тілдеріне кері ауысып, қолданылып жүр (Н. Қ.).

**Барымта.** Мұндай даудың арты әдетте барымтаға соғады (С. Мұқанов). Кейбір тілдердің фактілері бізді бұл сөздің эти-

мологиясын ашуға жақындата түседі; туваша *барымдаа* — 1) негіз; 2) себеп. *Монғолиша* — баримт: 1) негіз, себеп, аргумент; 2) факт, жағдай; 3) есеп. Тіліміздегі *барымта* зат есімінің шығу төркіні «себеп, негіз, дәлел, есеп» мағыналарына келіп ұштасады, өйткені *барымта* себепсіз, негізсіз, дәлелсіз болмайды. Біздіңше, түркі тілдеріндегі *барымта* сөзі монғолдың «негіз, себеп, дәлел» мағынасындағы *баримт* сөзінен шыққан болуы керек. *Баримт* түркі тілдерінің артикуляциялық базасына сай *барымта* болып өзгерген және оның мағынасында абстрактылау пайда болған тәрізді. *Барымта* сөзінен *барымталау*, *барымталасу* сияқты туынды етістіктер жасалған (Ж. Б.).

**Монша.** *Біз шақтыдан қас қсая ш ігип едік, моншаға түсіп шыққанымызша түн болып кетіпті* (Ә. Әбішев). *Монша* сөзі орыс тілінің *мыться* деген сөзінен ауысып, татар тіліне *мунча* (Радлов. Опыт. сл. I-IV) болып енген. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сай *мунча* сөзі *монша* болып өзгерген. У дыбысы *о*-ға, ч дыбысы *ш*-ға ауысқан. Сөйтіп, *монша* қазақ тіліне көршілес татар тілі арқылы орыс тілінен ауысқан сөз (Б. С.).

Этимологиялық сөздік — білім салаларының өзара ұштасып қабысуын талап ететін өте жауапты да қиын жұмыс. Туған халқының ежелгі тарихын емін-еркін білумен қатар тарихи фонетиканы, грамматиканы, лексиканы да жете білуді талап етеді. Аталған сөздік жайында оның алғы сөзінде «біздің ұсынып отырған бұл еңбегіміз белгілі бір қатаң тәртіппен күн ілгері алынған лұғат (реестр сөздер тізімі) бойынша жасалған аздықөпті толық сөздіктен гөрі, әзірге сол сөздікті жасауға дайындалған материалдар» (8-бет) деп көрсетілгендей, сөздіктің негізгі мақсаты сөз төркінін іздеушілерге ой салып, бағыт-бағдар сілтеу екендігі даусыз.

Тіліміздегі түбір тұлғасы онша мәлім емес сөздердің этимологиясын жан-жақты анықтап, толық сөздік шығару -- болашақтың ісі.

## § 65. Фразеологиялық сөздік

Фразеологиялық сөздік тілдегі сан алуан тұрақты сөз тіркестерін қамтиды. Қазақ тілі неше қилы фразеологиялық сөз тіркестеріне өте бай. Бұлар аз сөзбен көп мағынаны жеткізуде айрықша қызмет атқарады. Көркем образ жасауда тұрақты сөз тіркестерінің алатын орны ерекше. Мәдениеті ғарыштап дамыған елдердің көпшілігінде фразеологиялық сөздіктер бар. Қазақ тілінің тұңғыш фразеологиялық сөздігі 1977 жылы проф. І. Кенесбаевтың авторлығымен жарыққа

шықты. Сөздікте он мыңнан астам фразеологиялық тіркес камтылған. Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы көрсетілген. Қазақ фразеологизмдерінің синонимдері мен варианттары да, мүмкін болғанынша жинақталып берілген. Кей жағдайда жекелеген фразеологизмдердің пайда болу жайы да сөз болып отырады.

Сөздікке негіз болған Тіл білімі институтының картотека қорындағы қыруар материалдар екені даусыз. Сонымен қатар автордың ұзақ жылдар бойы тірнектеп жиган материалдары молынан пайдаланылған. Сөздіктің кіріспесінде оның құрылысы мен жасату принциптері жайында кен түсінік берілген. Сөздікте фразеологизмдермен қоса «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» деген көлемді теориялық мақала берілген. Сонымен бірге «Ен-танба туралы», «Ай санау дәстүрлері туралы», «Жыл қайыру жайлы» қосымша материалдар да бар. Сөздіктің соңында «Шартты қысқартулар» тізімі мен индекс ретінде «Сөз тізбе» берілген. «Сөз тізбеде» фразеологизмдердің тууына ұйытқы болған сөздердің тізімі және олардың қатысымен жасалған фразеологизмдердің сөздіктің қай беттерінде екені нақты көрсетілген.

Сөздіктің құрылымы мен құрылысын, жасату принципін мынадай мысалдардан көруге болады.

**Бас иді.** 1. Ризалық білдірді, көрсетілген құрметке ілтипат білдірді. *Әнші әнін аяқтап, залдағыларға бас иді* (Қ. Ж.). 2. Мойынсұнды, көңлі, алдына тізе бүкті, бағынды. *Бірлігі бар, арманы бар, ойы бар. Бұл Корея бас иетін ел емес* (Ж. С.). Өрісі қатты тарылды. *Ел қорғайтын елдердің, Аяғына барып бас иіп, Алдияр деп жалынды* (Жамбыл).

**Бір сөзді.** Екі айтпайтын, айтқанын бұлжытпай орындайтын. *Жайнақұлы Баймағамбет елдің кісісі, кедей. Оңшақты ауыз сөзді орысша білетін, оқымаған, қажырлы, бір сөзді, пысық адам* (С. С.).

**Қол тума.** 1. Өз қолында өскен, асыранды. *Бұл түйе — қолхоздың өсірген қол тумасы* (АТ). 2. Өз қолымен орнатқан, жасаған. *Күй атасының бұл қол тумасы да тыңдаушыларын бір серпілтіп тастады* (Қ. Қ.).

**Орған қолдай.** Мынау деген мықты, жарамды. Сонымен *Құнанбай жүріп кетті. Көлігін, жылы шаңасын, жол азығын, қос аттарын шетінен орған қолдай қып сайлап алды* (М. Ә.). *Орған қолдай төрт ұлы болды -- шетінен қасқыр* (Б. М.).

**Ақ түйенің қарны жарылды.** Қарық боп қалды, ит басына іркіт төгілді. *Сол күннен бастап Итбай ауылында ақ түйенің қарны жарылды* (С. М.). *Тіпті көнбей жатса, «Шырағым-ау, Баймұқаным келіп, ақ түйенің қарны жарылып жатқанда,*

*дастарқанымының бедерін көрмей кетесің бе?» — деп өкпе айтады (Л. Ж.).*

## § 66. Орфоэпиялық сөздіктер

Сауаттылық сөздерді белгілі ережелерге сәйкес дұрыс жазумен ғана көрінбейді, оларды дұрыс айтып, дұрыс оқумен де бағаланады. Өйткені сөз біткеннің бәрі бірдей қалай жазылса, солай оқыла бермейді, көп ретте оларды қалыптасқан орфоэпиялық жүйеге келтіріп сөйлеуді талап етеді. Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасының қалыптасуына негіз болған оның бай ауыз әдебиеті екендігі сөзсіз. Бүгінгі әдеби тілдің айтылу нормасы сахна өнеріне, мектептерде, біреумен біреу ауызекі сөйлеген сөзде, күнделікті радио мен теледидар хабарларында, сонымен қатар көпшілікке оқылатын лекцияларда айқын байқалады. Сөздің қалай жазылуы мен қалай айтылуы бір-біріне ықпал етіп отырады. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі болады. Сөзді сөйлегенде сөйлеу тілінің қалыптасқан жүйесіне сатып айтпаса, тындаушыға онша әсер етпейді, оны ешқандай қызықтырмайды. Мәселен, *олім аузынан қалды* дегенді *әлүм аузынан алды* деп, *өгіз аяң* дегенді *өгүз аяң*, *өзен бойы* дегенді *өзем бойы*, *өкіл күйеу* дегенді *оқұл гүйеу*, *өкпесі өшу* дегенді *өкпесі өшуу*, *өкінбеу* дегенді *өкүмбеу* деп айтпаса, сөйлеу тілінің қалыпты нормасы бұзылар еді. Сол сияқты *көз жұму*, *көз көрген*, *көз сүйек*, *көз тию*, *көз шұқу*, *ақ жүрек*, *ақ ізен*, *ала қоңіл* тәрізді тұрақты тіркестерді *көжжұму*, *көз гөрген*, *көс сүйек*, *көз тйу*, *көз шұқуу*, *аг жүрөк*, *агйзен*, *алагөңіл* дегенде ғана құлаққа жағымды тиеді.

Демек, сөздерді сауатты жазумен қатар сауатты айта білу қажеттігі келіп туады. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу нормаларын көрсететін практикалық құрал ретінде Қ. Ниеталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» 1977 жылы жарық көрді. Сөздікке тәжірибеде жиірек бұзылып айтылып жүрген 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері енген. Автор емле ережесі бойынша жазылған сөздерді қалыптасқан әдеби тіл орфоэпиясының нормасына сәйкес оқып, айтуды негізгі принцип етіп ұсынған. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу заңдылықтары үндестік заңдылықтарына негізделетіндігі айтылған. Яғни сөйлеу процесінде сөз бен сөздің, дыбыс пен дыбыстың, түбір мен қосымшаның, буын мен буынның аралығында болатын құбылыстар сөздікке арқау болған.

Сөздікке жазылуы мен айтылуының арасында айырмашылығы бар деген түбір мен туынды сөздер, сөз тіркестері мен қосымша жалғағанда өзгеріске ұшырайтын тұлғалар алынған.

Сөздер екі қатарға тізілген. Бірінші қатарда қазақ әдеби тілінің емле ережесі бойынша жазылуы, екіншісінде әдеби норма бойынша айтылуы көрсетілген. Мысалы:

|                        |                        |
|------------------------|------------------------|
| <i>азық-түлік</i>      | <i>азық-түлүк</i>      |
| <i>ала-құла</i>        | <i>ала-ғұла</i>        |
| <i>алма-кезек</i>      | <i>алма-гезек</i>      |
| <i>әкетай-көкетай</i>  | <i>әкетай-көкөтай</i>  |
| <i>бозғылттану</i>     | <i>бозғұлттану</i>     |
| <i>бәленту</i>         | <i>балонту</i>         |
| <i>вагонға</i>         | <i>вагоңға</i>         |
| <i>дүрбелең</i>        | <i>дүрбөлөң</i>        |
| <i>дүрсе қоя берді</i> | <i>дүрсө гоя берді</i> |
| <i>егіс жер</i>        | <i>егіш шер</i>        |
| <i>жұлысу</i>          | <i>жұлұсу</i>          |
| <i>құнсыз</i>          | <i>құнсұз</i>          |

1981 жылы М. Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» басылып шықты. Мұнда күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын бес мыңға жуық сөз қамтылған.

Аталған сөздіктің бір ерекшелігі сөз басында келетін *о, ө* дыбыстарының алдынан *у* (*уалжа, уорнек*), *е* дыбысының алдынан *и* (*иегіз, иекі*), *р, л* дыбыстарының алдынан *ы, і* (*ырибайсыз, ылаж, ілазат*) дыбыстарының бірі қосылып айтылатындығы жақша ішіне алынып берілген. Мұның өзі алдыңғы шыққан сөздікті жаңартып толықтыра түсетіндігін көрсетеді.

Автор бұл еңбегінде сөйлеген кезде сөз ішіндегі, сөз аралығындағы іргелес, шектес (көршілес) дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап үндесу заңдылықтарын: қатаң дыбыстардың ұяндануын, езулік дыбыстардың еріндікке айналуын, жіктік жалғауының ықшамдалып айтылуын, қатар келген дауысты дыбыстардың сусып түсіп қалуын, ортанғы буындағы қысаң дыбыстардың (*ы, і*) айтылмай қатуын т. б. жүйелеп дәлелдей түскен. Айта кететін бір жәйт, қазақ тілінің орфоэпиясын зерттеушілер орыс тілі арқылы енген қыруар кірме сөздердің жазылуы мен айтылуын нақ орыс тіліндегідей деп бір жақты пікір айтып жүр. Тереңірек үңіле карасақ, бұлардың ішінде де өзгеріп айтылатындары табылатындығы сөзсіз. Мәселен, көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *әгент, әдіріс, әдиял, әптек, бөшке, нөмір, учаске, көңки, көмпеске, калөш, көрәсін, көртішке, кінәз* тәрізді қыруар орыс сөздерінің сөйлеу тіліндегі варианттары қоса қамтылып берілуі бұл айтылғандарға толық айғақ болады. Олай болса, кірме сөздердің орфоэпиясы әлі күнге ғылыми тұрғыдан терең зерттелді деуге болмайды.

Осы аталғандардан басқа Қазақстанның жер-су атаулары

мен кісі аттарының қысқаша сөздіктері (алғашқысы орысша, соңғысы екі тілде) басылып шықты. Сол сияқты «Қазақ тілінің кері алфавиттік сөздігі» (1971), «Құманша-қазақша жиілік сөздік» (1978), М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» (1979), «Қазақ тексінің статистикасы» (1973) атты сөздіктер жарық көрді. Өскелең өмір талабына сай әлі де сан қилы лингвистикалық сөздіктер жасала бермек.

## **§ 67. Қазақ лексикографиясының алдағы міндеттері**

Қазақ лексикографиясы соңғы жарты ғасыр ішінде тек сан жағынан ғана көбейіп өсіп қойған жоқ, сөздіктің түр-түрі де молайып, сапа жағынан да жақсарды. Қыркыншы жылдары шыққан сөздіктерге қарағанда соңғы жылдары жарық көрген сөздіктер тек көлем жағынан ғана емес, сапасы жағынан да анағұрлым ілгеріледі. Өңделіп қайта шығып жатқан аударма, терминологиялық, орфографиялық, түсіндірме, синоним сөздіктерінің қай-қайсысы болса да, соңғы басылымдары алғашқыларынан көш ілгері екендігі ешқандай күмән келтірмесе керек. Тіл мамандары лексикология мен лексикография теориясын зерттеп, оны үнемі жетілдірумен келеді.

Сөздік жасаудағы қол жеткен табыстарымызбен қатар, алдағы уақытта шұғыл кірісіп, жүзеге асыруға болатын әр түрлі міндеттер бар екендігін айта кеткен жөн. Біздегі шығып жатқан үлкенді-кішілі сөздіктер зейін қойып, арнайы зерттелінбегендіктен, олардың жетістігі мен кемшілігі сараланбай, тиісті теориялық қорытындылар жасалмай келеді. Осы кезге дейінгі істеліп келе жатқан лексикографиялық зерттеу жұмыстары жеке мақалалар мен шағын рецензиялар көлемінен аспай келеді. Соның салдарынан сөздік жасауда неше атуан алалықтарға жол беріліп келеді. Сөздік жасаудың принциптері жүйеленіп, бір ізге салынбағандықтан, бір мәселені іс жүзінде әркім әр түрлі жолмен шешіп жүргені байқалады. Әсіресе біріккен сөздер мен бөлек жазылатын күрделі сөздер жайында, сөз варианттары жайында ала-құлалық көп деп айтуға болады.

Қазақ лексикологиясы мен лексикографиясын жан-жақты әрі тыңғылықты зерттемей тұрып, сапалы ғылыми сөздіктер шығару мүмкін емес. Қазіргі кезде лексикография әр халықтың күнделікті сөйлеу мәдениетін, оның қалыптасқан әдеби нормаларын жылма-жыл жұртшылыққа насихаттап, білім берудің дағдылы бір түріне айналып отыр. Осымен байланысты жұртшылықтың сөздікке деген талғам-тілегі күннен-күнге арта түсуде.

Қазақ лексикографиясын бұдан әрі кемелдендіріп дамыту-

да тіл мамандарының алдында мынадай келелі міндеттер тұр:

1. Қазақ халқының сөз байлығының бәрі бірдей әлі күнге хатқа түсіп, жиналып біткен жоқ. Әсіресе түрлі кәсіп пен мамандыққа, әдет-ғұрып пен салтқа, тұрмысқа қатысты байырғы халықтық сөздер сарқа жиналмай келеді. Тіл білімі институтының картотека қорында (қазір бес миллиондай) әлі де қамтылмай қалған мағына, еленбей назардан тыс қалып отырған сөз қолданыстары мен фразеологиялық оралымдар бар екендігі сөзсіз. Бұларды күнделікті баспасөзден жинап аламыз деп, қол қусырып отыруға болмайды. Байырғы ата-бабамыз қолданған сөздерді көзін тауып, жинап алудың қамына бәріміз де жаппай кірісуіміз керек. «Сөз байлығы елде, кен байлығы жерде» деген дана халқымыз. Тілді жеке адамдар емес, жалпы қауым болып жасаған. Сондықтан қауым болып жасаған игілік, байлықты көпшілік болып жұмылып, жинасуға бір кісідей ат салысуымыз қажет. Әсіресе оқытушылар мен студент жастар ел арасындағы ескі көз, көрі құлақ адамдармен көп сөйлесіп, сөз маржанын тергіштеп, сөздік жасаушыларға жеткізіп беруі керек. Ендігі лексикографиялық жұмыстардың даму қарқыны жиналған материалдардың саны мен сапасына қатысты болмақ.

2. Сауаттылық — тыңғылықты зерттеу жұмыстарының нәтижесі, биік мәдениет көрсеткіші. Жазуымызда бір ізділіктің сақталмай отыруы бұл салада зерттеу жұмысының жоқтығынан деуге болады. Емле ережелерін жетілдіріп, «Орфографиялық сөздіктің» өңделіп толықтырылған жана нұсқасын дүркін-дүркін шығарып тұруға тиістіміз.

3. Қазақша-орысша аударма сөздіктің толық түрі әлі жасалмай отыр. Қазақ тіл мамандары бұл салада өз дәрежесіне лайық еңбек ете алмай, өзге республикалардан қалып қойды. Бұл мәселе жайында республикалық баспасөз бетінде талай рет орынды сын айтылды. Біздіңше, бұл сөздіктің жасалуын жеделдетіп, оны жұртшылықтың қолына тез жеткізу жағын ойлау қажет.

4. Көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» жайында қыруар жұмыстар істеліп, оның негізінен сәтті аяқталғаны белгілі. Енді осы үлкен еңбектің негізінде бір томдық «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігін» шығаруды тездету керек.

5. Әр кезеңде жарық көрген салалық терминологиялық сөздіктерді жинақтап, сұрыптап, Терминкомның қабылдаған соңғы материалдарымен толықтырып, үлкен «Қазақ тілінің терминологиялық сөздігін» шығаруды ойластыру қажет.

6. Үлкен «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» мен «Синонимдер сөздігін» шығаруды да жеделдеткен мақұл.

7. Шығып жатқан үлкенді-кішілі сөздіктерді жан-жақты зерттеп, олардан теориялық қорытындылар шығару ең кезек күттірмейтін келелі мәселе деп есептелуі керек.

Лексикографиялық жұмыс — практикалық та, теориялық та мәні зор, ауыр да абыройлы іс. Бұл салада істелуге тиісті жұмыстар әлі де ұшан-теңіз. Ең алдымен Республика тәуелсіздік алған жылдарда лексикада болған өзгерістер лексикографиядан көрініс табуға тиіс.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*Айдыров Г., Құрышжанов Ә., Таманов М.* Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, Алматы, 1971.

*Айтбаев Ә.* Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы, Алматы, 1988.

*Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959.

*Аханов К.* Тіл білімінің негіздері, Алматы, 1973.

*Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері), Алматы, 1992.

*Балақаев М.* Қазақ тілінің мәдениеті, Алматы, 1971.

*Балақаев М., Жанпейісов Е., Таманов М., Манасбаев Б.* Қазақ тілінің стилстикасы, Алматы, 1974.

*Барлыбаев Р.* Қазақ тілінде сөз мағынасының кенесі мен тарылуы, Алматы, 1968; Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика, Алматы, 1978.

*Баскаков Н. А.* Введение и изучение тюркских языков, М., 1962.

*Балғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі синонимдер, Алматы, 1970; Қазақ тілінің лексикологиясы, Алматы, 1988.

*Валиханов Ч. Ч.* Собрание сочинений в пяти томах, Алма-Ата. Т. I 1984; Т. 2, 1985.

*Жанпейісов Е.* Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауэзова), Алма-Ата, 1989.

*Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы, Алматы, 1971.

*Жубанов Х.* Исследования по казахскому языку, Алма-Ата, 1966.

*Ильминский Н. И.* Материалы к изучению киргизского наречия Казань, 1861. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, IV, лексика, М., 1962.

Историческое развитие лексики тюркских языков, М., 1961.

*Кайдыров А. Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке, Алма-Ата, 1986.

*Кажобеков Е.* Семантика тюркского слова (Автореф. докт. дисс.), Алма-Ата, 1988.

*Катафинский В. В.* Грамматика киргизского языка, Фонетика, этимология и синтаксис, Оренбург, 1897.

*Кенесбаев Л., Мусабиев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика Алматы, 1975.

*Кононов А. Н.* История изучения тюркских языков в России, Дооктябрьский период. Изд. второе. М. 1982.

Қазіргі қазақ тілі (лабораториялық жұмыстар), Алматы, 1992.

*Кайдыров Ә., Оразов М.* Түркологияға кіріспе. Алматы, I, 1985.

*Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі өсімді атаулары, Алматы, 1988.

*Қалиев Г.* Қазақ сөздеріндегі диалектілік сөз тудыру. Алматы, 1985.

*Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Қасымова Б., Талегенов О., Шалабаев Б.* Қазіргі қазақ тілінің жаттығулар жинағы, Алматы, 1997.

Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы, Алматы, 1972.

Қордыбаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары, Алматы, 1987.

Матов С. Е. К истории казахского языка (Известия АН, отделение языка и литературы, 1941, №3; Памятники древнетюркской письменности. М.--Л., 1951.

Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка, Часть I, СПб, 1894; Часть 2, СПб, 1897.

Мусаев К. М. Лексикология тюркских языков М., 1984.

Нурмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы, 1985.

Проблемы этимологии тюркских языков, Алма-Ата, 1990.

Рустемов Л. З. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері, Алматы, 1962, Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982.

Сағандықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері, Алматы, 1994.

Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы, Алматы, 1989.

Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілі білімінің проблемалары. Алматы, 1982.

Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Алматы, 1996.

Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы), Алматы, 1968; Сөздер сөйлейді, Алматы, 1980; Ахмет Байтұрсынұв. Алматы, 1990; Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар), Алматы, 1993.

Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы, Алматы, 1966.

Юнусалиев Б. М. Киргизская лексикология, Часть I. (Развитие корневых слов), Фрунзе, 1959.

Языки народов СССР, Том второй, Тюркские языки, М., 1966.

## СӨЗДІКТЕР

Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.

Әбдірахманов А. Топонимика және этимология, Алматы, 1975.

Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. Ұланбатыр, 1977.

Батқанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі, Алматы, 1962, 1975.

Будягов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, Т. I, II, СПб, 1869, 1871.

Древнетюркский словарь Ленинград, 1969.

Ибатов А. Күтбтың «Хусроу уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғ.). Алматы, 1974; Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі, Алматы, 1988.

Кеңесбаев Н. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Алматы, 1977.

Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар, Алматы, 1985.

Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі, Алматы, 1969.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, Алматы, 1966.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған

Г. Кеңесбаев. I том, 1959; II том, 1961.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған А. Ысқаков. I — 10 том, 1974 — 1986.

Қожахметова Х. К., Жайсақова Р. Е., Қожахметова Ш. О. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. Казахско-русский фразеологический словарь. Алматы, 1988.

Махмуд Калигарий. Туркий сузлар девони (Девони луготит турк). I—III т., Тошкент, 1960, 1961, 1963.

Махмудов Х., Мусабаев Г. Казахско-русский словарь. Алма-Ата, 1954, 1987.

Монғолша-қазақша сөздік. Ұланбатыр, 1954. Құрастырушылар: С. Хабишай, Ә. Мініс.

Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі, Алматы, 1984.

Оңдасынов Н. Д. Арабша-қазақша сөздік. Алматы, 1969, 1984, 1989; Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974.

Орысша-казакша сөздік. Русско-казахский словарь, I т., Алматы, 1978. Жалпы редакциясын басқарған Ғ. Мұсабаев; II т., Алматы. Жалпы редакциясын басқарған Ғ. Мұсабаев, Н. Т. Сауранбаев.

Радиоғ В. В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I-IV, СПб, 1888--1911, Изд. 2, фототип. М., 1963.

Русско-казахский словарь. Под общей редакцией Н. Т. Сауранбаева. М., 1954.

Русско-казахский фразеологический словарь (составители Копыленко М.М. и др.), Изд. 2, Алма-Ата, 1989.

Рустемов Л. З. Араб--иран кірме сөздерінің казакша-орысша түсіндірме сөздігі. Казахско-русский толковый словарь арабо-иранских заимствованных слов. Алматы, 1989.

Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. I-III т., М., 1974, 1978, 1980.

## ҚОСЫМША І

### АНА ТІЛІ — АНАМ ТІЛІ

Әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Ананың сүтіне уызынан жарыған адам қашанда отаншыл, ұлтжанды болмақ. Әкімнің өз тіліне деген құрметі өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу керек. Алаштың біртуар ақылман Абайы: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі есті болады» деп тегін айтпаған.

Қазақ тілінің таңғажайып қасиеттері жайында пікір айтушылар көптеп саналады. Олардың арасында өз ғалымдарымыз және акын-жазушыларымызбен қатар өзге жұрт өкілдері де баршылық. Әсіресе, ірі түркітанушылар мен саяхатшылардың ана тілімізге үлкен құрметпен қарап, ауыздарының суы құрып тамсана жазғандары мәлім. Мұндай игілікті іске ат салысу — ұлтжанды азаматтарымыздың ортақ парызы. Дуалы ауыздардан шыққан мұндай сөздерді мектептерде, көпшілік орындарда көрнекті құрал, плакат ретінде пайдаланар болсақ та артық емес. Біз төменде алаш азаматтарының және әлемге әйгілі өзге де жұрт өкілдерінің қазақ тілі жайлы айтқан кейбір пікірлерін жинақтап, оқырмандар назарына ұсынып отырмыз. Зерделеп оқып, жаттап алыңыздар. Мінеки, естілерден қалған есті сөздер.

**Ыбырай Алтынсарин:** «Қазақтың тілі соншалық мол. Ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалық жатық әм анық болар еді, егерде біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе».

**Халел Досмұхамедұлы:** «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі — бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек».

**Міржақып Дулатов:** «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да тұу басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдарда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр... Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша

болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл құралы» екенін ұмытпасқа керек»

**Ахмет Байтұрсын:**

Кенің бай, келімің мол туған тілім,

Дыбыстың теріп сөз ғып буған гүлін.

Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен.

Мен қосып, құтыла алсам, қусам білім.

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:** «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті», «Дүниедегі ең асыл тіл — араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі ғұһары — қазақ тілі».

**Мағжан Жұмабаев:** «Тіл — адам жанының тілмәші. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт — тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы біресе желсіз түндей тымық, біресе күйіндай екпінді тарихы, сары далада үделе көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлейміз деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізгі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік»

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

**Қожаберген жырау:** Асан қайғы, Жиренше,

Сөйлеп өткен қазақ тіл.

Әз Жәнібек, Қойлыбай,

Сыйлап өткен ғажап тіл.

Ата-анамыз әддилеп,

Уатқан бізді баба тіл.

Сол туған тіл атауы,  
Ежелгі біздің қазақ тіл.  
Осы тілді жек көрген  
Дүниеден қатар құр.  
Бағаласаң, шынымен,  
Баба тілің асыл-дүр.

**Мұхтар Әуезов:** «Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен кем де, кедей де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты».

**Жүсіпбек Аймауытов:** «Ана тілі — халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі».

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білім болса да, рухани ой тәрбиесінде сынаржак азамат болады».

**Ғабит Мүсірепов:** «Ана тілін құрметтемеу ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек». Тілден биік асқар жоқ.

**Сәбит Мұқанов:**

Әркімге туған тілі — туған шеше.  
Оған бала міндетті сан мың есе.

**Ғабит Мұстафин:** «Ана тілін білмейтін адам бір жолы жоқ шолақ адам сияқты».

**Сәрсен Аманжолов:** «Ана тілін ананың баласындай сүй».

**Бауыржан Момышұлы:** «Осы күнде ана тілімізді білмейтін оқымыстыларымыз аз емес. Бұл біз үшін жетістік пе? Өз басым жетістік деп айта алмаймын. Себебі анасын сыйламағандардан қандай мейірім күтуге болады?».

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту».

«Тіл байлығы — елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасын, жауынгерлік дәстүрінің қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері»

**В. В. Радлов** орыс ғалымы: «Қазақтардың тілі жатық та шешен әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде таң қалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен, сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі».

**П. М. Мелиоранский** орыс ғалымы; «Қазақ тілін зерттеу-

шілердің бәрі де бір ауыздан қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл деп куәландырып отыр».

**С. Е. Малов** орыс ғалымы: «Қазақ тілі өзінің бейнелілігі, суреттілігі жағынан басқа түрік немесе түркі тілдерінен әрдайым бөлекшеленіп тұрады. Қазақ — өзінің ауызекі көркем тілімен, ашықты әсем фольклорымен бұрын да, қазір де данқы шығып жүрген халық. Қазақ тілі бұрын да, кейбір реттерде бүгінде де сомдалған және біртұтас тіл деп танылып келеді».

**А. Жарри де Манси** француз ғалымы: «Қазақ тілі — түркі тілдері ішіндегі ең таза тілдердің бірі».

**А. Саади** татар ғалымы: «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы калпында сақталып қалған бір тіл болса, ол — қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек».

**Хасан Туфан** татар акыны: «Сырлы тіл, жырлы тіл, нұрлы тіл — қазақ тілін ғасырлар бойында қастерлеп сақтағандарыңыз үшін, қазақ бауырлар, сіздерге бек зор рақмет».

**Дудек Гржебичек** чех ғалымы: «Сіздердің (қазақтардың) тіліңіз синонимге өте бай ғой».

**Герольд Бельгер** неміс жазушысы: «Қазақтың қазіргі әдеби тілі жолында тосқауыл, бөгет кездеспей, сары далада қанат жайып, сарқырап аққан алапат тасқын сияқтанады. Қазақ тілінің дәстүрі әрі бай, әрі ұлттық топыраққа тамыры терең бойлап кеткен».

**Н. Ондасынов:** «Қазақ тілі — аса бай тіл, икемді тіл. Орамын, бұрамын тауып, қисынын, орайын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ағаш, текемет оюға болады-ау. Бұл тілден май тамады десе де сияр. Халықтың тіліне, жырына құлақ салсаң небір алуан-шекер балдай татитын нәріне, әрінке әсте тоймайсың. Ғашықпын қазақ тіліне! Осындай «майса» сұлу тілді қалай өгейсітуге болады».

**М. Әлімбаев:** «Менін анам жақсы десем, бұдан өзгенін анасы жаман деген ұғым тұмақ емес, бұл өзгенің шамына тимейтін сөз болса керек».

Қазіргі қазақ тілі — не бары керемет философиялық толғаныстарды да, күрделі терең ойларды да, қылдан нәзік, жібектен биязы, аяулы сезім-тебіреністерін де емін-еркін әсерлі жеткізетін көсілмелі, кең құлашты көркем тіл, «толқынын жүрегіннің хаттай танытар» ғажап тілдердің бірі. Бұған барша қазақ баласы мақтана алады».

**М. Макатаев:**

Батар, кетер келмеске күнім менің,  
Қалар, бірақ, киелі тілім менің.

Қасіретті шақтардан түнілгенде,  
Қасиетті тілімнен түнілмедім.

**С. Мәуленов:**

Сол тіліммен дүниені атадым,  
Таптым бүкіл тіршіліктің атауын.  
Жатты онда аманаты ананың,  
Жатты онда аманаты атаның.

**Ә. Сәрсенбаев:**

Сактар болсаң халқынды — тілді сакта,  
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа!  
Тілден өзге жиһаздың бәрін түгел,  
Базарлайсың калтанда ақшаң житса.

**А. Токмағанбетов:**

Дей алмас кайдан әкелді,  
Бар тілден үйрен білімді.  
Ұмытсаң-дағы бөтенді.  
Ұмытпа ана тілінді.

**Ж. Молдағали:**

Білмесін-білсін түсімнен,  
Ұқпасын-ұқсын түрімнен,  
Танысын дүние ісімнен,  
Танысын туған тілімнен

**Д. Әбіл:**

Туған тілде сыры терең жаным бар,  
Туған тілде әнім менен сәнім бар.  
Туған тілім тіл болудан калса егер,  
Жүрегімді суырып-ақ алындар.

**Ө. Тәжібай:**

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сөз ойдағы,  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

**К. Жұмаділов:** «Қазақ тілі — өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылу, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоныр желіндей еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы — домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі шырқап салар әніндей. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өленге бергісіз келісім, іштей үйлескен ырғақ болады. Сөз бен сөз, дыбыс пен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып жатады. Тыңдаушысын бірден ұйытып әкететін осы үндестік пен әсем ырғақ құлақ түбіне хрустальдай сынғырлап, қазақ тілін сұлу да сикырлы етіп көрсетеді. Кейде қазақ болып туғаның үшін және

әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегенін үшін өзінді бақытты сезінесін».

**К. Мырзалы:**

Ақын көзі жұмылмас,  
Жырдың көзі жұмылмай.  
Елдің туы жығылмас,  
Тілдің туы жығылмай.

**Ғ. Қайырбек:**

Ана тілім, күшім менің, қуатым,  
Жырым сендік жүрегімнен туатын.  
Тауысар ма ырысыңды, қорыңды,  
Тізерлесіп қатар жазса мың ақын.

**Т. Әбдірахман:**

О, адамдар, қадіріне жетіндер,  
Ана тілің — анаң, сыйлап өтіндер.  
Туған тілін танымаған көрсоқыр,  
Болып өтер, ертең мәңгі өкінер.

**Т. Молдағали:**

Жігіт бірде кедейленер, байыр да,  
Ақ атымды, қанатымды қайырма,  
Айырылсам да қымбатымнан талай бір,  
О, тағдырым, тек тілімнен айырма!

## КОСЫМША II

Абайды кім қалай танып келді? XX ғасып Абайды тану, одан оқып үйрену ғасыры болды. Абай — туған елін, жерін, тілін, дінін жанындай жақсы көрген нағыз ұлтжанды дана ақын.

Бүгінгі көз жеткен айқын мәселе — Абай қазақта қолына қалам алып, ғылым мен білімнің ауыр азабын аркалап, өз халқын өркениетті елдердің қатарына қосқан бірден-бір бірегей дана көш басшымыз болғандығы; Абайдың ой-пікірлері бір халықтың шеңберінен асып жығылатындығы. Абай шығармалары жалпы адамзатқа ортақ құндылықты дәріптегені мәлім болып отыр. Сондықтан Абай мұрасы үзілмес ұрпақтың сарқылмас қазынасы болып қала бермек. Біз Абайды ұлттық жазба әдебиетіміздің атасы деп танысақ, абайтануды жете білу көкірегінде көзі бар қазақ біткеннің міндеті екендігі даусыз. Әсіресе, филологтардың үлкен борышы болмақ. Сол себептен Абай есіміне арнап айтылған пікірлермен жұртты хабардар етуді де парыз деп білеміз. Біз солардың бірқыдыруын оқырмандарға ұсынып отырмыз. Кейінгі зерттеушілер соларды саралап, есесін толтырып, ертелі-кеш жетілдіре беретіндігіне сенімдіміз.

**Әлихан Бөкейханов:** «Өлендерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Онын жылдың төрт мезгіліне арнаған көктем, жаз, күз, қыс тамаша жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді».

**Ахмет Байтұрсынов:** «Қазақтың бас ақыны — Абай, шын аты Ибраһим Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, манызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік артық. Абай сөздері дүниеде қалғаны — қазаққа зор бақ. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек».

**Шәкәрім Құдайбердіұлы:** «Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хакма, философ кісі еді. Қор елде туды да қорлықпен өтті».

**Міржакып Дулатов:** «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі. Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттылығы да сол. Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірақ ең жоғары ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай (Ибраһим) ғылымсыз қара халық арасында, сахаралы қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып шығып, тілі оқушыларын оятатын. Өлендері оны бүкіл тарапқа мәшһүр етті. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтжанды, елін-жерін сүйген кісі еді. Зәредей шүбә етпейміз. Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зират етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар».

**Нәзір Төреқұлов:** «Еуропаға еліктеу, менінше, онша қорқынышты емес. Өйткені Еуропа мәдениетінің бір асылы — дух критигизма — рух сыны; бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді және көзімізді ашып,

катемізді көрсетер Абай әдебиетіміздің атасы, бұл жолдың қорқынышсыз, біз үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін араб, ғалам жолы да ашық еді».

**Халел Досмұхамбедұлы:** «Шатақ тілден сақтаған: 1) көшпелі салтымыз, 2) бай ауызша айтып жүрген ел әдебиеті, 3) Ыбырай Алтынсарыұлы әм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиет тіліне жол салған жігіттеріміз. Қазақ тіліндегі кейбір сөздер әр жерде әр түрлі мәнге алынады. Оның үстіне Семейде, Ақмолада я жалпы Арқада сөйленетін кейбір сөздер Түркістан қазақтарына жат. Түркістанда сөйленетін сөздердің бірқатарын арқалықтар түсінбейді. Абай Семейде туып, Семейде өскендіктен, өлеңіндегі кейбір сөздері өзге жақтың қазақтарына түсініксіз».

**Мұхтар Әуезов:** «Қазақ әдебиетіне Абай кіргізген жаңалықтар көп. Абай — қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы; терең сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп қалыбын молайтқан — Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан. Әдебиетке, өлең-жырға бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген. Жаргонды қолдануы (шағатайшылап өлең жазуды айтып отыр), әрине, табыс емес еді. Бірақ соның бала шақта болып келіп, ақыры оны Абайдың жеңіп, басқа сапаға ауысқаны, халықтық қорға өзінің ақындық тілін терең тамырымен байланыстырғаны — Абайды зерттеудің қызықты мәселесінің бірі».

**Ілияс Жансүгіров:** «Тегінде Абай өлеңнің, жырдың ұйқасымына өте сақтық қылатын ақын. Өлең-жырлардың иықтарында қыл сыймайтын қию бар. Басқалардай пікір үйлесетін жанамалау сөзді әкеле салмайды. Өлеңмен Абай салған суреттер мінсіз, көрікті, тұрманы түгел келеді».

**Смағұл Сәдуақасов:** «Абайдың тілі ғажайып көркем. Бұл тұрғыдан оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ».

**Жүсіпбек Аймауытов:** «Ақылды дана, рақымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты жезге салмақ болған, бұзықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген, сөздің сыртын сылап, ішін түрлеген, өлеңмен өрнек шығарған ақындық сыншылдық бірдей дамыған Абай еді. Өнер тап, оқы харекет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолындағы Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан)».

**Кұдайберген Жұбанов:** «Абайды көрші елдердегі замандас-

тары, бастастарымен салыстырғанда Мырза Фаталиден басқа ешкім шендесе алмай шығады. Ұлы тіліне, әдебиетіне сіңірген ақындық күшін алғанда Абай бөрінен де озат шығады. Өйткені ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазылғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ... Абайдың осы алды жоққа жуықтығы, салған жолының сонылығы — еленбеген ерекшелігінің бірі. Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, ақымыз кететін түгі жоқ».

**Санд Амердин** Үнді ақыны: «Абай — Тагор, Гетемен қатар тұрған ұлы ақын. Абай — ақындардың ғұламасы».

**Ғабит Мүсірепов:** «Абай тек қана поэзия тілін түзеп берген жоқ, жалпы тіліміздің оралымдылығын, бейнелеу шеберлігін сөйлем құрылысындағы әр сөздің өз орнын, сөйлемдегі ой салмағын қайда, қалай қалауын да үйретіп кетті. Абай — бізге ұлы мектеп».

**Нұқ Рамазанов:** «Басқа қазақ ақындарындай ұйқас үшін өленді жамау-жамау қосалқы сөздермен былғау Абайда болмаған. Оның өленінде бірде-бір басы артық сөз жоқ. Әрбір сөз өз орнында тұрып, терең мағына білдіреді».

**Бернияз Күлеев:** «Абай деген соң-ақ қазақтың азын-аулақ әдебиетімен таныс кісі Абайдың әм қадірін білмей қалмайды. Әдебиеттен аулақ кісіге өкпе жоқ. Бірақ Абайды білген кісілер «Абайды» Абай деп таныса да, көбі құмарын тарқатып, Абайдың барлық өлендерін әлі оқи алмай жүр».

**Ғафу Қайырбеков:** «Абай бір өзі — бүкіл халықтың есіміне атау. Абайдың ұлылығы — халықтың ұлылығы. Абайда тіпті сан ұлылық бас қосқан десе де болады... Көп зерттеушілер Абайдың ақындық жаңалығын байырғы қазақ енгізген сыртқы түр-формадан іздейді. Ол жаңалық дегені көп мәселенің бір элементі ғана. Абайдың қазақ өленіне кіргізген жаңалығының басты көзі оның айтайын деген ойының жаңалығында. Сол ойға лайық өлендік материалды сұрыптау әдісінің жаңалығы — өлендік көркем бейнелі сөздің жаңалығы, одан соң өленнің алуан түрінің ырғақ, ұйқас, буынның, үнділіктің, саздың жаңалығы. Сайып келгенде, ең үлкен мәселе — тілдің, Абай тілінің жаңалығы. Ол деген сөз — таза әдебиет тілі пайда болды деген сөз. Осыдан келіп, Абай әдеби тілдің негізін салды деген белгілі қағида туады. Абай — қазақ тілінің ұлы құдіретін танытқан кісі».

**Рәбиға Сыздықова:** «Абай дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес, ол осы тілдің ұзын-сонар көшін жаңа бағытқа салған, тілдің даму тарихының жаңа

сапалы кезеңін бастаған суреткер. Абай қазақтың байырғы әдеби тілін ұлттық жазба тілге айналдырып, соның іргетасын қалады, оның даму бағыттары мен принциптерін ұсынды. Абай қазақтың ауызша тараған көркем сөзін ұлттық жазба дүние дәрежесіне жеткізді, поэтикалық тіліне жаңа сапа енгізді. Бұл Абайды жанашыл әрі классик қаламгер деп танытты».

**Мағжан Жұмабаев:**

Шын хакім, сөзін асыл — баға жетпес,  
Бір сөзін мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қаридин хакім болған сендей жанның,  
Әлемнің құлағынан сөні кетпес.

**Сұлтанмахмұт Торайғыров:**

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!  
«Ер — Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа.  
Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа,  
Ақындықтың қуаты есінді алып,  
Бас алмастан оқырсың қайта-қайта.

**Көкбай Жанатаев:**

Абайдан сабақ алдым бала жастан,  
Адам жоқ ойға терең одан асқан.  
Алды пейіш, артына ырыс болсын,  
Мен оның шәкірті едім ізін басқан.

**Қасым Аманжолов:**

Абай десе Абайсың,  
Абайладың жан-жақты.  
Риза еттің, жарайсың,  
Қалың елің — қазақты.

**Мұқағали Мақатаев:**

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем бір кісіден.  
«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»  
Абай жазған бір сәуле сөнбеу үшін.

## АБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИІК НЫСАНАСЫ

Жүрегіннің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.  
Соктықпалы, сокпақсыз жерде өстім.  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Өсер ұрпак, келер дәурен, туар тарих қауымына акын арнап кеткен мұнды, сырлы бір сәлем, наз сәлем осы еді. Шөл ғасырлардың қу медиен, құла түзінен болар заманға, жарқын заманға қарай жалғыз аяқ жол тартқан акын болатын.

Сахараны басқан кара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таның белден атады, күнің сонау жақтан шығады» деп кеткен акын еді.

Рас, қытымыр заманы мен надан қауымға ол акын жұмбақ болды. Жұмбақ па біз үшін сол ардақты акын бұл күнде? Жок, жұмбақ емес. Ол уақытта заман бұлты бетін бүркеп тұрғанмен, айдың аты ай еді. Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, айқын жүзді айдай игі бір нұры дейміз Абайды. Соктықпалы сокпақсыз дүлей мыңның қарсылығына жалғыз алысқан Абай да емес бүгінгі күн.

Моласындай баксының,  
Жалғыз қалдым тап шыным, —

деп күніреніп өтсе, бүгін халқы алып Отанын тапқанда, акын асыл халқын тапты...

«Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!». Кінә емес, қадір тұтады біздің дәурен, біздің ұрпак. Мындар, миллиондар жүрегі қадір тұтады. Айғағы оның дәл осы күндер. Қазақ әдебиетінің ұлы бір мереке, мейрамы болып отырған осы күн.

Алпысқа шығар жасында ұлы акын қайтыс болды. Өлгеніне қырық жыл толды. Бірақ біз үшін Абай өлген жан ба?

Өлді деуге сия ма ойландаршы,  
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған, —

демеп пе еді? Өлген жан емес. Акын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, сөзіне заман-дәурен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек заман үшін де тарих

аспанындағы бір тұрақты нұры болып шырқау бармақ. Ол болашақ күндерде де Абай әрі бұрынғы, әрі аржағындағы келешектің өлмес, өшпес тұрғыласы, күн шуағы айықпас күнгей биігі болып тұрмақ.

Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың әбулхаят суын ішкен өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ. Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпарындай сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аспандап өте бермек. Өзінің қадір білмес ғасырынан бізге жеткенде Абай солай жетіп отырған жоқ па? Өміріндегі қам-қайғысын халқының бағына бағыстаған барлық дана ақынның өзіне өзі жазған «Тағдыры» сол.

Осындай ақынның бір мүшел қайырған жүз жылына тұтас келген біздің мереке нені еске алады? Кеннен шыққан асылды, алтынды, қоспасынан айырып қорытып алғандай, ақынды да заман ортасымен қоса алып, сол дәуірінен иығы асқан өмір арманын, еңбек қасиетін қорытып алады.

Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге сыймайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талан-тартысынан туған ақындық, даналық қалып-қасиетінен туған бірнеше өрен-өрен белдер бар. Бар өмірін айту орнына біз сол өзгеше кезеңдерін бөліп атап көрмекпіз.

Бұл ерекше қалпында Абайдың ақындығы да, бас тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтын елеулі үлгілі жемісі де түгел танылады. Абайдың Абайлық бітім кескінін, тарихтық тұлғасын танытқан ерекшеліктері бар.

Осындай қасиеттері Абайдың жас жігіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан болып айқындатып шығып отырады. Жекелеп санасак жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі: «Әкеннің ұлы болмай, халықтың ұлы боламын» деген тартысында «Әкесінің баласы адамның дұшпаны, адам баласы — бауырын» деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын. Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі ақылы көптігінен түспейді, бөрілік табиғатынан деп білген Абай, жасында әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс табу үшін қол үзген, сол үшін кеткен. Ол кетуі — үстем тап әкімдерімен кетісуі еді. Бұл бірінші үлкен ерекшелігі еді. Осыны ісінде де, еңбегінде де арман етті.

Екінші ерекшелігі: жуан бел надан, содыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты, халықтың мұнын тапты. Сол халықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ

тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші елдер — өнерлі орыс халқынан іздеді. Ұлы орыс халқының ғасырлық қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос, көмек тапты. Сонымен бірінші ерекшелігіне екінші қасиет қосты. Абайды танудың, толықтырудың айнымас айқын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі: қос қанатты биікті мензеген ақындығын, бұрынғы қазақ ақындарының ешқайсысы шығармаған әлеуметтік ұлы тартыс, тарихтық тартыс құралына айналдырды.

Төртінші ерекшелігі: өз үшін, елі үшін ізденді, ізденді де тапты және бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын болып әсер ақынды тәрбиеледі. Қазақтың жана әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап тұрғызып, сол әдебиетке басшы, халыққа қамқор, қайраткер болды.

Санай берсек, Абай басынан, өмір, еңбек соқпағынан тағы талай ерекшеліктер аталар еді. Бірақ өмірбаянын тұрғы-тұрғы биігінен қарап, жинап түйемін дегенде, дәл осы аталған төрт күнгей анық Абайдың төрт тірек дінгегі сияқты.

Өмірінің, еңбегінің дәл ізімен болжасак, осы ерекшеліктері айқын-айқын танылады.

Құнанбайдың еркінен шығып, өз өмірін өз ақылы бойынша билегенде Абай ен алдымен орыс тілі, орыс мәдениетіне ұмтылады. Абай Россиядан айдалып келген орыс революционерлеріне кездеседі. Олар орыс халқының революцияшыл интеллигенциясының ішінен шыққан қадірлі, асыл жандар еді. Абайдың айдалып келген революцияшыл достары айдау жылдарының өзін үлкен үгітшілік-ағартушылық жолына арнады.

Осы арада Абайға қатты көмектесіп жүріп, Абайдың шығыс тарихына, халық қазынасына, жол-жорасына, әдет-салт, кәсібіне қанықты, білгір адамның өздері де көп білім дерек нәр алды.

Абай болса осы кезеңнен соң ақындықтың кең өрісіне шыққан кезінде:

Ескі бише отырман бос мақалап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел,  
Келтейін сендерге де енді аяндап, —

деп тың жол бастады. Ескіге сын, надандық түнегіне үкім айттам деді. Орыс халқының ұлы шыншыл даналары Пушкиндер, Салтыков-Шедриндер қалай айтса, соларша қамынды жеп,

алдынды мензеп айтамын деді.

Сонда ғана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Мұның біріншісі — қазақ халқының, есте жок ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін, әрі жана тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді.

Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да құр ғана үйренуші, еліктеуші боп барған жок. Қайдан алсын, нені алсын — баршасын да өзінің үлкен ойлы, терен толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білді.

(Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959, 206—209-беттер).

# МАЗМҰНЫ

|                                                                                                  |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Алғы сөз .....                                                                                   | 3   |
| <b>Кіріспе.</b> .....                                                                            | 5   |
| § 1. «Қазіргі қазақ тілі» курсының салалары және мақсаты мен міндеттері. ....                    | —   |
| § 2. Қазақ тілінің шыққан тегі мен даму кезеңдеріне, типологиялық белгілеріне қысқаша шолу. .... | 7   |
| Қазақ тілі -- ұлт тілі, ұлттық әдеби тіл және мемлекеттік тіл. ....                              | 14  |
| § 3. Қазақтың ұлттық тілінің сипаттамасы. ....                                                   | —   |
| § 4. Ұлттық тілдің тармақтары. ....                                                              | 18  |
| § 5. Ұлттық әдеби тілдің сипаттамасы. ....                                                       | 25  |
| § 6. Қазақ тілі -- мемлекеттік тіл. ....                                                         | 31  |
| § 7. Қазақ тіл білімінің зерттелу тарихына шолу. ....                                            | 35  |
| § 8. Орта ғасырлардағы араб ғалымдарының зерттеулеріне шолу. ....                                | 36  |
| § 9. Ресей және Батыс Еуропа түркітанушыларының зерттеулеріне шолу. ....                         | 39  |
| § 10. Қазақ тіл білімінің Кеңес дәуірінде зерттелуіне шолу. ....                                 | 52  |
| <b>Қазақ тілінің лексикологиясы.</b> .....                                                       | 64  |
| § 11. Лексикологиялық мақсаты мен зерттеу объектісі. ....                                        | —   |
| § 12. Тіл білімінің лексикологиямен шектес салалары. ....                                        | 65  |
| <b>Лексика.</b> .....                                                                            | 67  |
| <b>I. Қазіргі қазақ тілі лексикасының семасиологиялық сипаты.</b> .....                          | —   |
| § 13. Сөз — лексикалық единица. ....                                                             | —   |
| § 14. Ұтым және сөз. ....                                                                        | 69  |
| § 15. Сөз және мағына. ....                                                                      | 72  |
| § 16. Сөздің лексикалық мағынасының негізгі типтері. ....                                        | 75  |
| § 17. Сөз мағынасының дамуы. ....                                                                | 89  |
| § 18. Сөздің көп мағыналылығы. ....                                                              | 98  |
| § 19. Омонимдер. ....                                                                            | 100 |
| § 20. Синонимдер. ....                                                                           | 108 |
| § 21. Сөз варианттары. ....                                                                      | 118 |
| § 22. Антонимдер. ....                                                                           | 121 |
| § 23. Табу және эвфемизмдер мен дисфемизмдер. ....                                               | 124 |
| <b>II. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы және шығу арналары</b> .....                       | 128 |
| § 24. Қазақ тілінің сөздік құрамы. ....                                                          | —   |
| § 25. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры. ....                                                    | 130 |
| § 26. Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның арақатынасы. ....                                   | 132 |
| § 27. Түркі тілдеріне ортақ сөздер. ....                                                         | 133 |
| § 28. Қазақтың байырғы төл сөздері. ....                                                         | 134 |
| § 29. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер. ....                                                    | 138 |
| § 30. Араб-парсы тілдерінен енген сөздер. ....                                                   | 140 |
| § 31. Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы. ....                                       | 146 |
| § 32. Орыс тілінен енген сөздер. ....                                                            | 148 |
| <b>III. Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу сипаты.</b> .....                                   | 156 |
| § 33. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері. ....                                       | —   |
| § 34. Жалпылама лексика. ....                                                                    | 157 |
| § 35. Диалектілік лексика және оның тілде алатын орны. ....                                      | 158 |
| § 36. Арнаулы лексика және оның қызметі. ....                                                    | 161 |
| § 37. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері. ....                                      | 165 |
| § 38. Стильаралық бейтарап лексика. ....                                                         | 167 |
| § 39. Сөйлеу тілінің лексикасы. ....                                                             | 168 |
| § 40. Кітаби лексика. ....                                                                       | 173 |
| § 41. Экспрессивтік-эмоционалды лексика. ....                                                    | 178 |
| § 42. Сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері. ....                                     | 179 |
| § 43. Көнерген сөздер. ....                                                                      | 180 |
| § 44. Неологизмдер. ....                                                                         | 183 |
| <b>Қазақ тілінің фразеологиясы.</b> .....                                                        | 186 |

|                                                        |            |
|--------------------------------------------------------|------------|
| § 45. Фразеология және оның өзіндік белгілері. ....    | 186        |
| § 46. Фразеологизмдердің түрлері. ....                 | 191        |
| § 47. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы. .... | 195        |
| § 48. Фразеологизмдер және оларға ұйтық сөздер. ....   | 197        |
| § 49. Фразеологизмдердің сөз табына қатысы. ....       | 199        |
| § 50. Фразеологизмдердің көп мағыналылығы. ....        | 202        |
| § 51. Фразеологиялық синонимдер. ....                  | 203        |
| § 52. Фразеологиялық антонимдер. ....                  | 205        |
| § 53. Фразеологиялық варианттар. ....                  | 207        |
| § 54. Фразеологизмдердің шығу арналары. ....           | 209        |
| § 55. Фразеологизмдердің сөздіктерде берілуі. ....     | 212        |
| <b>Қазақ тілінің лексикографиясы. ....</b>             | <b>213</b> |
| § 56. Сөздіктің түрлері. ....                          | —          |
| § 57. Аударма сөздіктер. ....                          | 215        |
| § 58. Терминологиялық сөздіктер. ....                  | 216        |
| § 59. Орфографиялық сөздіктер. .... 2                  | 217        |
| § 60. Түсіндірме сөздіктер. ....                       | 218        |
| § 61. Диалектологиялық сөздіктер. ....                 | 221        |
| § 62. Синонимдік сөздіктер. ....                       | 224        |
| § 63. Абай тілінің сөздігі. ....                       | 226        |
| § 64. Этимологиялық сөздік. ....                       | 230        |
| § 65. Фразеологиялық сөздік. ....                      | 231        |
| § 66. Орфоэпиялық сөздіктер. .... 2                    | 233        |
| § 67. Қазақ лексикографиясының алдағы міндеттері. .... | 235        |
| Әдебиеттер. ....                                       | 237        |
| Сөздіктер. ....                                        | 238        |
| Қосымша I. ....                                        | 240        |
| Қосымша II. ....                                       | 245        |

УЧЕБНОЕ ИЗДАНИЕ

**БОЛҒАНБАЙҰЛЫ Асет,  
КАЛИҰЛЫ Ғабдолла**

## **ЛЕКСИКОЛОГИЯ И ФРАЗЕОЛОГИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

*На казахском языке*

Редакторы *Майко Әсембайқызы*  
Көркемдеуші редакторы *А. Таменов*  
Техникалық редакторы *Ф. И. Овчиникова*  
Корректоры *А. Әмірбекова*

ИБ № 274

Теруге 03.02.97 жіберілді. Басуға 27.06.97 қол қойылды. Пішімі 84х108/32. Офсеттік басылыс. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 13,44. Есептік баспа табағы 14,87. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 3312. Бағасы келісімді.

«Санат» мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А».

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Республикалық «Дәуір» газет-журнал баспасы, 480044, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 2/4.